**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** МКҚК «Астана» бөбекжай бақшасы
**Топ:** «Балдәурен» ересек
**Балалардың жасы**: 4--жасар балалар
**Жоспардың құрылу кезеңі**: 01.09.2023 жыл

| **Күн тәртібінің кезеңдері** | **Дүйсенбі**<br>**28.08.2023** | **Сейсенбі**<br>**29.08.2023** | **Сәрсенбі**<br>**30.08.2023** | **Бейсенбі**<br>**31.08.2023** | **Жұма**<br>**01.09.2023** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | | | | | Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге баулу. |
| **Ата-аналармен әңгімелесу,**<br>**кеңес беру** | | | | | Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. |
| **Балалардың дербес әрекеті**<br>**(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)** | | | | | Балабақшадағы арнайы жабдықтарды дұрыс пайдалану, қадірлеу, қайта орнына қою, бір-біріне көмек көрсетуге тәрбиелеу. Үлкендердің еңбегінің қажеттілігі жөнінде түсінік беріп отырамыз. Балалардың алдына мақсат қоя білуді, оған жету үшін еңбектену мәдениетін қалыптастыру.<br>**Міндеті**. Балаларды үй өсімдіктердің жағдайына қарай, оларға күтім жасау үшін қандай әрекеттер қажет екенін |

<table>
<tr><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td>анықтауды үйрету (суару, тазарту, қопсыту, үстіңгі киім), тиісті еңбек операцияларын дұрыс орындау, балаларға әрқайсының мақсаты туралы айтуды ұсыну.<br><br>(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)<br>Саусақ ойыны «Бақшадағы қызанақ пен қияр».<br>Міндеті. Бақша туралы түсінік бере отырып, қызанақ пен қиярдың көгөніс екенін ажыратуды үйрету.<br>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)</td></tr>
<tr><td>Таңертенгі жаттығу</td><td colspan="5">Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқшаны қолмен ұстау.<br>1. Таяқшаны алға созу.<br>2. Оң қолды төмен түсіріп, сол қолдағы таяқшаны тігінен ұстап, жоғары көтеру.<br>3. Таяқшаны алдыға созып ұстау.<br>4. Сол қолды төмен түсіріп, таяқшаны оң қолға ауыстырып, таяқшаны жоғары көтеру.<br>5. Таяқшаны алдыға созып ұстау.<br>6. Бастапқы қалыпқа келу.<br>Бастапқы қалып: аяқтың арасын ашып тұру, екі қолды шынтақтан бүгіп, таяқшаны кеуде тұсына ұстау.<br>1-2 алға иілу, еденге қолды тигізу.<br>3-4 бастапқы қалыпқа оралу.<br>Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқша еденде жатады.<br>1. Оң аяқпен таяқшаны аттап, алға бір адым жасау.<br>2. Сол аяқты оның қасына алып келу.<br>3. Оң аяқпен таяқшадан аттап, артқа бір адым жасау.<br>4. Сол аяқпен артқа бір адым жасау.<br>Бастапқы қалып: тізерлеп тұру, таяқшаның екі шетінен ұстап, жауырынға қойып тұру.<br>1. Таяқшаны жоғары көтеру.</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 2. Оңға иілу.<br>3. Түзу тұру, таяқшаны жоғары көтеру.<br>4. Бастапқы қалып. Сол жақпен дәл солай орындалады. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстыру. Қасық пен шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Ас ішкенде сөйлемеу. Астан соң беті-қолды жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)**<br>Дос бол сабын, сумен сен,<br>Жиі-жиі жуын сен:<br>Таңертең де, кеш те де,<br>Жуын тамақ алдында,<br>Жуын тамақ соңында,<br>Жуын ұйықтар мезгілде,<br>Су мен сабын - бір жолдас,<br>Жоймас олар кір қоймас! | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | | | | | «Ақ тілек» шаттық шеңбері.<br>Адал жақсы ниетпен,<br>Бар адамға бақ тілеп,<br>Жарып шыққан жүректен,<br>Сөздің бәрі - Ақ тілек.<br>Барлығы шеңбер құрып тұрады, мәтінді бірге қайталады.<br>Балабақшаның ережелері жайлы әңгімелесу.<br>(сөйлеуді дамыту) |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | | Бақша күтушісінің  пайдаланатын құралдарын таныстыру. **(қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Балалардың қалауы бойынша кітап көруге, бақша күтушісінің  құрал саймандарын мүсіндеп жасауға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | үйрету **(мүсіндеу)** |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | | | | | **1.Бақылау**<br>Бұлтты бақылау. Міндеті:<br>Бұлттың түзілуі және олардың түрлерін:шарпы, будақ, қабатты бұлттарды ажырату.<br>**2.Жеке жұмыс.**<br>Аспанға ұшар бу болып<br>Жерге қайтар су болып. (Бұлт)<br>**3.Еңбек.**<br>Ауладағы гүлдерді суару.<br>Міндеті: Балаларды қоршаған әлемге қамқорлықпен қарауға, табиғат әсемдігін сезіне білуге тәрбелеу.<br>**4.Қимылды ойын**: «Кімге қандай құрал керек?» Міндеті:<br>Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу мақсатында ойнату. Шапшаңдыққа баулу.<br>**5.Дербес ойын әрекеті.**<br>1.Әткіншек тебу. |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. | | | | |
| **Түскі ас** | Дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру: асхана құралдарын дұрыс қолдану (ас қасық пен шай қасықты, шанышқыны); майлықты ұқыпты пайдалану; нанды үгітпей жеу, асты ауызды жауып шайнау, тамақ ішіп отырғанда сөйлемеу; әдепті болуға тәрбиелеу (ас үшін алғыс білдіру, тазалық пен тиянақтылық қажеттілігі.) | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Біздерде бар қасықтар<br>Сиқырлы екен құралдар.<br>Қолға қасық аламыз.<br>Дәмді астан аламыз.<br>Осы сөздерден кейін, балалар таңғы астарын ішеді. Тамақтану кезінде тәрбиеші балалардың орындықта дұрыс отыруын қадағалайды. Бала орындықта дұрыс отырмаса, оның қасына келіп түзу отыру керектігін айтуға болады. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Жағымды әуенмен балаларды ұйықтату. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | | | | | Ұйқы ашар жаттығу: Қолдың және аяқ бұлшық еттеріне арналған жаттығуларды орындау.<br>Майтабанның алдын алу.<br>( 2 минут)<br>Арқанын қалпын сақтауға арналған жаттығулар. ( 2 минут) |
| **Бесін ас** | Алдына қойған асқа назар аударту; тамақтану мәдениетіне баулу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | | | | | Мүсіндеуден ойын-жаттығу.<br>"Асқар ата келді".<br>Міндеті:Балаларды сәндік қолданбалы өнермен таныстыруды жалғастыру, түрлі әдістерді қолданып, ыдыс-аяқ жасауды және бұйымның сыртын дымқыл шуберекпен өңдей отырып, пішіннің бетін тегістеуді үйрету.<br>Сурет салудан ойын-жаттығу.<br>"Балабақша".<br>Міндеті: Балаларды екі параллель |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | сызықтың ұштарын көлденең қосып, төртбұрышты пішінді, үшбұрышты шатырды салып, балабақшаның қарапайым ғимарат бейнесіне біріктіруді үйрету.<br>Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу.<br>"Күз келді бақшама".<br>Міндеті: Балабақша маңайында ауа райын бақылау, күзгі құбылыстарды байқау, бір-бірінен ажыратуды үйрету.<br>Дидактикалық ойын: "Күз құбылыстарын ата". |
| **Балалармен жеке жұмыс** | | | | | Балалармен бақылау жүргізілуде |
| **Серуенге дайындық** | Сыртқы киімдерін ауыстырып киюді қадағалау. | | | | |
| **Серуен** | | | | | **1.Бақылау**<br>Бұлтты бақылауды жалғастыру<br>Міндеті:<br>Бұлттың түзілуі және олардың түрлерін:шарпы, будақ, қабатты бұлттарды ажырату.<br>**2.Жеке жұмыс.**<br>«Отбасы мүшелері»<br>Міндеті: Отбасы мүшелерін дұрыс атай білуге үйрету.<br>**3.Еңбек.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | «Таза алаң»<br>Міндеті: Ойын алаңындағы ағаш бұтақтарын жинау.<br>Бастаған ісін аяғына дейін тиянақты орындауға үйрету.<br>**4.Қимылдық ойын:** «Көрші».<br>Міндеті: Балалардың ептілікке, кеңістікті бағдарлай білуге үйрете отырып, батылдық сияқты қабілеттерін одан әрі дамыту.<br>**5.Дербес ойын әрекеті.**<br>1.Орта доп |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | | | | | Баланың қандай дағдыларды меңгере алмай жатқаны туралы әңгімелесу |

Циклограмманы тексерген әдіскер:

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** МКҚК «Астана» бөбекжай бақшасы
**Топ:** «Балдәурен» ересек
**Балалардың жасы**: 4-жасар балалар
**Жоспардың құрылу кезеңі**: 04.09.-08.09.2023 жыл

| **Күн тәртібінің кезеңдері** | **Дүйсенбі 04.09.2023** | **Сейсенбі 05.09.2023** | **Сәрсенбі 06.09.2023** | **Бейсенбі 07.09.2023** | **Жұма 08.09.2023** |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | Балаларды көтеріңкі көңіл күймен, қуыршақпен қарсы алу | Балаларды көтеріңкі көңіл күймен,денсаулығын тексеріп қарсы алу | Баланы алақан соғу арқылы қарсы алу | Балақай сені бүгін көңілді күн күтіп тұр деп топқа кіргізу | Қызыл жүрекшемен қарсы алу |
| **Ата-аналармен әңгімелесу,** **кеңес беру** | Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу. | Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау | Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау | Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстатйыны жайлы әңгімелесу | Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу |
| **Балалардың дербес әрекеті** **(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау** | **"Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау".** Міндеттері. Өсімдіктерді таза ұстау әдістері туралы бұрын | **"Бөлме өсімдіктеріндегі топырақты қопсыту"**. Міндеттері. Балаларға бөлме өсімдіктеріне | **"Өсімдіктерді тамақтандыру".** Міндеттері. Балаларға өсімдіктердің қорек көзі топырақ екенін түсіндіру, өсімдіктерге қоректік заттарды бере | **"Асхана бойынша кезекшілік".** Міндеттері. Балаларға кезекші міндеттерін өз бетінше және адал орындауды үйрету. | **"Ұйымдастырылған іс-әрекетіне дайындық".** Міндеттері. Кезекшінің міндеттерін өз бетінше және адал |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **және тағы басқа әрекеттер)** | алған білімдерін нақтылау, балаларға сыртқы түріне, құрылымына назар аудара отырып, өсімдіктен шаңды кетіру әдісін таңдауды үйрету. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | күтім жасауды үйрету; балаларға өсімдіктердің топырағын не үшін қопсыту керектігі туралы білім беру; қопсыту әдістері мен оған қажетті заттарды пайдалану ережелерін бекіту. Еңбек дағдыларын, ұқыптылықты дамыту. Экологиялық мәдениетті, айналадағы табиғатқа ұқыпты қарауға тәрбиелеу. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | отырып, топырақтың құнары таусылатынын, өсімдіктерді қоректендіру керектігі туралы айту. Өсімдіктерді қоректендіру жолдарын түсіндіру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | Қолды мұқият жуу, кезекшінің киімін кию, үстелді дұрыс қою. Тамақтанғаннан кейін ыдыстарды тазалау. Еңбек дағдыларын дамыту, үстелді жабдықтауда тәртіпсіздікті көре білу. Адал ниетпен еңбектену керектігін түсіндіру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | орындау:тәрбиеші ұйымдастырылған іс-әрекетіне дайындаған материалдар мен оқу құралдарын үстелдерге қою және орнына жинау. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** |

<table>
<tr><td>Таңертеңгі жаттығу</td><td colspan="5">Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқшаны қолмен ұстау.<br>1. Таяқшаны алға созу.<br>2. Оң қолды төмен түсіріп, сол қолдағы таяқшаны тігінен ұстап, жоғары көтеру.<br>3. Таяқшаны алдыға созып ұстау.<br>4. Сол қолды төмен түсіріп, таяқшаны оң қолға ауыстырып, таяқшаны жоғары көтеру.<br>5. Таяқшаны алдыға созып ұстау.<br>6. Бастапқы қалыпқа келу.<br>Бастапқы қалып: аяқтың арасын ашып тұру, екі қолды шынтақтан бүгіп, таяқшаны кеуде тұсына ұстау.<br>1-2 алға иілу, еденге қолды тигізу.<br>3-4 бастапқы қалыпқа оралу.<br>Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқша еденде жатады.<br>1. Оң аяқпен таяқшаны аттап, алға бір адым жасау.<br>2. Сол аяқты оның қасына алып келу.<br>3. Оң аяқпен таяқшадан аттап, артқа бір адым жасау.<br>4. Сол аяқпен артқа бір адым жасау.<br>Бастапқы қалып: тізерлеп тұру, таяқшаның екі шетінен ұстап, жауырынға қойып тұру.<br>1. Таяқшаны жоғары көтеру.<br>2. Оңға иілу.<br>3. Түзу тұру, таяқшаны жоғары көтеру.<br>4. Бастапқы қалып. Сол жақпен дәл солай орындалады. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)</td></tr>
<tr><td>Таңғы ас</td><td colspan="5">Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Ас ішкенде сөйлемеу. Астан соң беті-қолды жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)<br>Біз ақылды баламыз,<br>Айтқан тілді аламыз.<br>Тамақ ішер алдында<br>Тып-тыныш отырамыз!</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастырылған</td><td>Аспанда күн ыстық.<br>Жерде бізге кім</td><td>Атамнан басталар,<br>Әжеммен</td><td>Сәлем! Сәлем! Сәлем!<br>Қалың қалай?<br>Сәлем! Арайлап таң</td><td>«Амансың ба, Алтын күн!»<br>Амансың ба, Алтын</td><td>«Қайырлы таң!»<br>Қайырлы таң,<br>құсқа да, аңға да,</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **іс-әрекетке дайындық** | ыстық?<br>Әке мен шешеміз<br>Бәрінен тым ыстық!<br>Жасасын туыстық,<br>Достық пен тыныштық.<br>Күз мезгілі және ерекшеліктері жайлы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | қосталар.<br>Отбасым мыналар:<br>Ең жақын адамдар.<br>Әкем мен анам бар,<br>Бір туған ағам бар,<br>Бір туған апам бар ...<br>Бәрін жақсы көремін.<br>Еркелеймін, еремін!<br>Отбасы мүшелері және отбасымен өткізген демалыс туралы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | атты,<br>Алтын сәуле таратты.<br>Жарқырайды күніміз,<br>Жарқырайды даламыз,<br>Біз бақытты баламыз.<br>(Барлығы жарты шеңбер жасап отырады, қайталайды).<br>Әкесі мен анасы қандай жұмыс істейді, олар немен айналысатындары, үйде балаларын қалай еркелететіндері, оларға не үйрететіндері туралы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | күн!<br>Амансың ба, Жер - Ана!<br>Амансың ба, достарым!<br>Сендерді көрсем қуанам!<br>Балалар кілемге дөңгелене жайғасады, бәрі бірге қайталайды.<br>Аталары мен әжелері немен айналысатынын, олар қалай еркелететіні туралы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Қайырлы таң, жайдары жанға да.<br>Қайырлы таң алға ассын,<br>Кешке дейін жалғассын!<br>Бауыры мен апайы, інісі мен қарындастары бір-біріне қалай қолғанат болатындары жайлы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | **1.Музыка**<br>Саз жетекшісінің жоспары бойынша<br>**2.Дене шынықтыру**<br>Ден тәрбие нұсқаушысының жоспары бойынша<br>**(Көркем әдебиет)**<br>«Бағдаршам» ойыны<br>Мақсаты: Заттарды бір қатарға, реті бойынша бір бағытта солдан, оңға қарай орналастырады.<br><br>**(Математика негіздері)**<br>«Бағдаршам»<br>Мақсаты: Желімді қылқаламға жағып пішіндерді жабыстырады<br>**(Жапсыру)**<br>Балалардан | **1.Дене шынықтыру**<br>**Маман жоспары бойынша**<br>Балалардан үйдегі және көшедегі қауіпсіздік туралы не білетіндерін сұрау,қауіпсізді к ережелерімен таныстыру<br>**(Қоршаған ортамен танысу)**<br>«Бағдаршам» өлеңі Әдібай Табылдиев<br>Мақсаты: Ересектердің сөзін тыңдайды және өлеңді түсінеді.<br>**(Сөйлеуді дамыту)**<br><br>«Бағдаршам» ойыны<br>Мақсаты: Сызықтарды, | **1.Қазақ тілі**<br>"Мен және менің балабақшам. Ойыншықтар".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға сәлемдесу мен қоштасу ережелері туралы түсінік беру, ересектермен және құрдастарымен сыпайы қарым-қатынас жасаудың негізгі қағидаларымен таныстыру.<br>«Машина» өлеңі Ә.Табылдиев тың<br>Міндеті: Қысқа өлеңді саналы эмоционалды түрде жатқа айтады.<br><br>Ойын: «Айсұлу адасып кетті»<br>(тілдің дыбысталу мәдениеті)<br>Мақсаты: Тілдік қарым -қатынас мәдениетін дұрыс қолданады.<br>**(Сөйлеуді дамыту)**<br><br>«Қала жолдары» ойыны | **1.Дене шынықтыру**<br>Ден тәрбие нұсқаушысының жоспары бойынша<br>**3.Музыка**<br>Саз жетекшісінің жоспары бойынша<br>Әр көліктерді түстеріне қарай жинақтап орналастыру<br>**(Математика негіздері)**<br>Жол белгілерімен, жол қиылысындағы жолдар туралы әңгімелесу<br>(Қоршаған ортамен танысу)<br>Бағдаршам көздерін ретімен орналастыру ойыны,<br><br>Ұзын және қысқа жолдарды ажырату<br>(Матемтика негіздері)<br>Иә немесе жоқ ойыны (Балалар | Сұрақтар ілмегі<br>Жүргіншілер қай жолмен жүру керек?<br>- Жиек жолмен жүреміз.<br><br>- Жиек жол болмағанда ше?<br>- Жер асты жолымен.<br>- Жолдың қай жағымен жүру керек?<br>Оң қол жақпен жүреміз.<br>- Қоғамдық көліктерге қай жерден отырамыз?<br>- Аялдамадан отырамыз.<br><br>**(Қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Ойын: «Белгілерді жинап, ата»<br>(пазлдар, балалар жол белгілерінің қиылған |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | үйдегі және көшедегі қауіпсіздік туралы не білетіндерін сұрау,қауіпсіздік ережелерімен таныстыру **(Қоршаған ортамен танысу**) «Бағдаршам» ойыны Міндеті: Сызықтарды, дақтарды, бояуларды ретімен қолдана біледі (Сурет салу) Әр түрлі түстегі, пішіндегі бөлшектерді сәйкестендіріп бағдаршам құрастырады. **(Құрастыру**) | дақтарды, бояуларды ретімен қолдана біледі (Сурет салу) Әр түрлі түстегі, пішіндегі бөлшектерді сәйкестендіріп бағдаршам құрастырады. **(Құрастыру**) | Мақсаты: Түзу, көлденең, тік, толқын тәрізді сызықтарды жүргізеді. Сурет салу) «Ауладағы қауіпсіздік» Мақсаты: Табиғатта өзін ұстай білу ережелерімен таныстыру **(Қоршаған ортамен таныстыру**) | жауап береді) А) Балалар көлік жүретін жолда доп ойнай ала ма? Ә) Қызыл шам жолдан өтуге мүмкіндік бере ме? С) Жолды зебрамен кесіп өте аламыз ба? D) Жолдан қара мысық жүгіріп өтсе, оның артынан тас лақтыра аласың ба? д) Жолды кесіп өткенде жан-жағына қарау керек пе? Е) Біз көліктермен велосипедпен жүреміз бе? **(Көркем әдебиет**) | кескіндерін бүктеп, атайды **(Құрастыру**) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **1.Бақылау:**<br>«Солып қалған гүлдерді бақылау»<br>Міндеті: Жазғы гүлдер мен күзгі гүлдердің ерекшеліктері, айырмашылықтары туралы әңгімелеу.<br>**2.Жеке жұмыс:**<br>Тақпақ жаттау.<br>Арасында гүлдің,<br>Ойнап бүгін жүрдім<br>Қызыл, жасыл, сары,<br>Әп – әдемі бәрі.<br>**3.Еңбек:**<br>Қурап қалған гүлдердің тұқымдарын жинау.<br>**4.Қимылды ойындар:** «Абай бол», «Қайда шылдырлайды?»<br>Міндеті: | **1.Бақылау:**<br>Жерге түскен жапырақтарды бақылау.<br>Міндеті: Балаларға жапырақтар неліктен жерге түскендігі туралы әңгімелеп айту.<br>**2.Жеке жұмыс:**<br>Балаларға жұмбақ жасыру.<br>Жазда тұрып жоғары,<br>Күзде жерге қонады. (Жапырақ)<br>Аспай піскен,<br>Қайнамай піскен.(Жеміс)<br>**3.Еңбек:**<br>Құм салғыштың ішіне түскен жапырақтардан тазалау.<br>**4.Қимылды ойындар:** «Ақ | **1.Бақылау:**<br>Күзгі ауа – райындағы өзгерістерді бақылау.<br>Міндеті: Күзгі ауа – райын жазғы ауа – райымен салыстыру, күздегі өзгерістерді айтқызу.<br>**2.Жеке жұмыс:**<br>«Жел» туралы тақпақ айтқызу.<br>Жел тынымсыз гуілдеп<br>Болып кетті тым бұзық<br>Шуылдайды тал терек<br>Жапырағын жұлғызып<br>**3.Еңбек:**<br>Құм салғыштың айналасындағы құмдарды күрекшемен жинату.<br>**4.Қимылды ойындар:**<br>«Ұшты – ұшты»<br>Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс – әрекеттері.<br>5.Дербес ойын әрекеті.<br>Серуенге алып шыққан материалдармен ойындар | **1.Бақылау:**<br>«Тұманды бақылау»<br>Міндеті: Табиғат құбылыстарын атату. Соның ішінде бүгінгі ауа райының өзгерісі тұманды бақылату.<br>**2.Жеке жұмыс:**<br>Танысқан дыбыстар бойынша сөздер ойлату.<br>**3.Еңбек:**<br>Жапырақтардан әртүрлі бейнелер құрастыру.<br>**4.Қимылды ойындар:** «Кетіп қалған кім?», «Қояндар мен қасқырлар»<br>Міндеті:Рөлдерде ойнай білуге үйрету.<br>Байқампаздыққа, кеңістікті бағдарлауға үйрету.<br>**5.Дербес ойын әрекеті.** | **1.Бақылау:**<br>«Күзгі саябаққа серуен»<br>Міндеті :Саябақ ішіндегі күзгі өзгерістерге көңіл бөлдіріп бақылау, әңгімелеу.<br>**2.Жеке жұмыс:**<br>Тақпақ жаттату.<br>«Күзгі жапырақтар» туралы оқу (Қ. Шарғытбаев)<br>Алтын, сары, қызыл, көк<br>Алуан- алуан жапырақ<br>Күзгі бақта күлімдеп,<br>Көз тартады атырап.<br>**3.Еңбек:**<br>Саябақтағы әр түрлі ағаштардың жапырақтарын жинау. Әр ағаштың жапырағын ажыратып үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балаларды ептілікке үйрету. Есту қабілеттерін дамыту. Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс – әрекеттері. **5.Дербес ойын әрекеті.** Серуенге алып шыққан материалдармен ойындар | серек, көк серек» **5.Дербес ойын әрекеті.** 1.Өткеншек тебу 2.Қуаласпақ | | Еркін ойындар. | **4.Қимылды ойындар:** «Құстар мен мысық», «Аққу – қаздар» Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс – әрекеттері. **5.Дербес ойын әрекеті**. 1.Орта доп 2.Өткеншек тебу |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуді дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Түскі ас** | Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Ас ішкенде сөйлемеу. Астан соң беті-қолды жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)**<br>Біз ақылды баламыз,<br>Айтқан тілді аламыз.<br>Тамақ ішер алдында<br>Тып-тыныш отырамыз! | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | "Екі дос" ертегісін жағымды үнмен айта отырып, балаларды ұйықтату. **(көркем әдебиет)** | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | Ұйқы ашар жаттығу: Ортопедиялық жол бойымен жүргізу, Жалпақ табандылықты | Ұйқы ашар жаттығу: Қолдың және аяқ бұлшық еттеріне арналған жаттығуларды | Ұйқы ашар жаттығу Түйіршікті және жұмсақ жолақшалармен жүру | Ұйқы ашар жаттығу: 1. Төсекте жатып жасайтын жаттығулар (2-3 минут) | Ұйқы ашар жаттығу: Созылу. ( 3- 4 рет) 1. Белсенді нүктелерге массаж жасау. Тымау |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | болдырмау.<br>Майтабанның алдын алу. ( 2 минут) Анайы жолдармен жүру, дымқыл жолмен жүру. | орындау.<br>Майтабанның алдын алу.<br>( 2 минут)<br>Арқанын қалпын сақтауға арналған жаттығулар.<br>( 2 минут) | | 2. Майтабанның алдын алу.<br>3. ( 2 минут)<br>4. Арқанын қалпын сақтауға арналған жаттығулар.<br>( 2 минут) | ауруларын алдын алу. «Ауырма» (Нүктелі массаж). Массажды балалар өз бетімен орындайды.<br>2.Майтабанның алдын алу.<br>( 2 минут) Арнайы жолдармен жүру, дымқыл жолмен жүру. |
| **Бесін ас** | Дастарқандағы асқа назар аудару; үстел басында отыру әдебі мен тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке жұмыс; әдептілік ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу.**<br>"Шкафқа не жиналғанын санайық".<br>Міндеттері. Балаларға әртүрлі түстен, өлшемнен тұратын | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу.**<br>"Атай".<br>Міндеттері. Балаларды "Атай" өлеңімен таныстыра отырып, өлеңді мұқият | **Сурет салудан ойын-жаттығу.**<br>"Әжем пісірген піспе нанды безендірейік"<br>Міндеттері. Балалардың қарындашпен піспенанның дөңгелек пішінді сұлбасын қызғалдақ оюы арқылы | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу.**<br>"Отбасы шежіресі".<br>Міндеттері. Балалардың отбасы туралы білімдерін кеңейту; өз отбасы туралы шағын әңгімелеп беру | **Жапсырудан ойын-жаттығу.**<br>"Менің әжем".<br>Міндеттері. Балаларды көлемі үлкен шеңберден әженің басын, жартысы қиылған шеңберден әженің денесін қағаз |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | заттардың жиыны туралы түсініктерін қалыптастыру.<br>**Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу.**<br>"Ата-әжемнің әндері. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: [а], [ә] дыбыстары.<br>Міндеттері. Балаларды ауылдағы еңбек туралы тақпақпен таныстыру; дауысты дыбыстардың сөздердің құрамында жіңішке және жуан болу қасиеттерін түсіндіру, [А], [Ә] дауысты дыбыстары жөнінде ұғымдар | тыңдауды үйрету.<br>**Дайын суретті бояу тапсырмасы.**<br>Мақсат-міндеттер. Отбасы тақырыбында суретті бояу. **(сурет)**<br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>«Қуыршақты тамақтандыр».<br>міндеттері.<br>Ірі құрылыс материалдарымен, құрастырмақтармен ойындар. **(құрастыру, сөйлеуді дамыту)**<br>**"Көзді жұмып, тепе-теңдікті** | безендіруге үйрету; оюды төрт жаққа қаратып, салу тәсілін игерту.<br>**Логикалық ойын. "Саны тең гүлдерді табайық".**<br>Міндеттері. Кейіпкерлердің санын гүлдердің санымен сәйкестендіруді үйрету. **(математика негіздері)**<br>**Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу.**<br>"Тазы".<br>Міндеттері. Үй жануарларының өмір сүру ерекшеліктеріне сай бір-бірінен ажыратуды үйрету.<br>**Дидактикалық ойын. "Иттің тамағын тап".**<br>Міндеттері. Иттің қорегін тауып атау. | қабілетін қалыптастыру.<br>**Дидактикалық ойын. "Туыстық атауларды ажырат".**<br>Міндеттері. Отбасындағы туыстық атауларды танып, бір-бірінен ажыратуды үйрету. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**<br>**«Кімнің заттары?» ойыны.**<br>міндеттері. Жақын адамдарына тиесілі заттарды тауып айту.<br>Боямақтар, пазлдар, мозаикалар және тағы басқалар. **(сөйлеуді дамыту)**<br>**Сюжетті-рөлдік ойын.** | бетіне орналастырып, көлемі орташа шеңберлерді тең ортасынан екіге бүктеп, әженің шашын жапсыруды үйрету.<br>**Құрастыру**<br>"Мен және менің отбасым".<br>Міндеттер: балаларды қағаздан отбасы мүшелері: әке мен ананы құрастыру амалдарымен таныстыру; жарты шеңберді бұру арқылы геометриялық дене: конусты жасауға үйрету; қағаздың сипаттары және түрлері туралы білімдерін толықтырып, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қалыптастыру.<br>Артикуляциялық жаттығулар. [А], [Ә] дауысты дыбыстары.<br>**Үстел үсті театры.**<br>Міндеттер. «Менің балабақшам» және тағы басқа тақырыптарда сюжеттік суреттерді қарастыру. **(сөйлеуді дамыту)** | **сақтау" дамытушылық жаттығу.**<br>Міндеттері. Балаларды жұмылу көзбен, тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру; вестибуляр аппараттарын, көру қабілеттерін дамыту.<br>Барысы. Орындарынан тұру, қолдарын екі жаққа созу; екі аяқпен кезек-кезек тепе-теңдікті сақтай отырып, тұру.<br>Жаттығудың алғашқы үлгісін педагог өзі көрсетеді. Тепе-теңдік ұзақтығын | **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**<br>**«Қуыршақты жуындырамыз» ойын жаттығулары**.<br>Міндеттері. Альбомдар мен сюжетті суреттерді қарастыру; ірі құрылыс материалдарымен ойындар. **(құрастыру, сөйлеуді дамыту)** | "Балабақша".<br>Міндеттер: балалардың балабақшадағы негізгі қызмет түрлері мен жұмыс атқаратын мамандар жайлы жалпы түсініктерін бекіту; өзара өнімді қарым-қатынас орнату қабілеттерін дамыту.<br>Керекті құрал-жабдықтар.<br>Балабақшада жұмыс атқаратын медбикеге, тәрбиешіге, тәрбиешінің көмекшісіне, аспазға, аула сыпырушыға қажетті құрал-жабдықтар.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | балалардың қағаздан құрастыру іскерліктерін жетілдіру.<br>**Дидактикалық ойын. "Отбасы ағашы".**<br>Міндеттері. отбасы мүшелері жайлы толық сөйлем құрау іскерліктерін дамыту, сөздік қорларын молайту.<br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>"Ойыншықтарды жөндеу шеберханасы".<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ойыншықтар туралы білімдерін бекіту, шығармашылық ойлауын, өзара өнімді қарым-қатынас орнату |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | реттеу қажет. **(дене шынықтыру)** | | | біліктіліктерін дамыту, **(сөйлеуді дамыту, шығармашылық дағдылар)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Балалармен бақылау жүргізілуде | Балалармен бақылау жүргізілуде | Балалармен бақылау жүргізілуде | Балалармен бақылау жүргізілуде | Балалармен бақылау жүргізілуде |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін түймелеп, аяқ киімнің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **1.Бақылау** Өткінші жаңбырды бақылау. **Міндеті:** Өткінші жаңбыр туралы түсінік беру. **2.Жеке жұмыс.** «Еңбекпен ел көгерер, Жаңбырмен жер көгерер». **3.Еңбек.** Ағаш түптерін қопсыту. | **1.Бақылау** Алтын күзді бақылау. **Міндеті:** Күзгі алаңның назар аударып, күздің алғашқы белгілерін анықтау. **2.Жеке жұмыс.** «Отбасы мүшелері» **Міндеті:** Отбасы мүшелерін дұрыс атай білуге үйрету. **3.Еңбек.** | **1.Бақылау** Ауа-райын бақылау **Міндеті:** Ауарайын бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау. **2.Жеке жұмыс**. Е.Өтетілеуов «Күшік». Үреді үйшікте Аулада күшіктер Біреуі оның қап-қара, Біреуі сары ала Біреуі қардай ақ, Біреуі сұр жолақ | **1.Бақылау** Жәндіктерді бақылау. **Міндеті:** Күзде жәндіктер қысқа қалай дайындалады? Мінекей, құмырсқаларды қарандаршы, өз азықтарын жинап еңбектеніп жатыр. **2.Жеке жұмыс.** Тыйым сөздерді жаттату. **Міндеті:** «Суға түкірме», «Нанды баспа», «Дастархан | **1.Бақылау** Күнді бақылау. **Міндеті:** Күн көзінің жарығын күннен тараған сәуле ( жарық) оның бүкіл табиғат үшін пайдалы да қажеттілігін ашу. **2.Жеке жұмыс:** Е.Өтетілеуұлы «Бағдаршам» Сақта көше тәртібін Бағдаршамның ал |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Міндеті:** Ағаш түптерін қопсыту арқылы балаларға өсімдіктерге тыңайтқыш заттар топырақ арқылы баратындығын түсіндіру.<br>**4.Қимылды ойындар:**<br>«Допты қуып жет»,<br>«Кім тезірек?»<br>**Міндеті:** Балаларды тез жүгіруге үйрету, шапшаңдыққа, ептілікке тәрбиелеу.<br>**5.Дербес ойын әрекеті**.<br>Серуенге алып шыққан материалдармен ойындар | «Таза алаң»<br>**Міндеті:** Ойын алаңындағы ағаш бұтақтарын жинау.<br>Балаларды еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**4.Қимылдық ойын:**<br>«Көрші».<br>**Міндеті:** Балалардың ептілікке, сезімталдық, кеңістікті бағдарлай білуге үйретеу<br>**5.Дербес ойын әрекеті**. 1.Орта доп<br>2.Қуаласпақ | Бәрібір, бәрінің жұмысы біреу-ақ: Үреді абалап.<br>**Міндеті:** Ү дыбысының айтылуына жаттықтыру. Тақпақты мәнерлеп айтуға үйрету. **3.Еңбек.**<br>**«**Таза алаң».<br>**Міндеті:**<br>Аула сыпырушыға көмектесу. Тазалыққа, кішіпейілдікке үйрету.<br>**4.Қимылдық ойын:**<br>«Тымпи-тымпи».<br>**Міндеті:** Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру.<br>**5.Дербес ойын әрекеті**.<br>1. Әткеншек тебу.<br>Допты қуалау**.** | басында кекірме» т.б сөздердің мағынасын айтып түсіндіру.<br>**3.Еңбек.**<br>Біздің алаң.<br>**Міндеті:** Ауладағы жапырақтарды жинау. Балалардың еңбекке ынтасын арттырып , өздігінен еңбек ете білуге үйрету.<br>**4.Қимылды ойын:**<br>«Итеріспек»<br>**Міндеті:** Шапшаңдыққа баулу.*)*<br>**5.Дербес ойын әрекеті**.<br>1. Тығылыспақ.<br>2. Тартқышқа тартылу.<br>.Допты қуалау. | «тілін»<br>Біліпт алдым мен де: Жасыл жанса, демде Алға кетем лезде. Сары жанса, сабыр Сақтай тұрам әзір.<br>Жанса қызыл шоқтай, Қаламын кілт тоқтай<br>**Міндеттері:** Бағдаршаммен таныстыру.<br>**3.Еңбек**: Гүл шоғы.<br>**Міндеті:** Алаңдағы<br>жапырақтарды жинап, олардан әдемі гүл шоғын жасау.<br>(***еңбек іс-әрекеті)***<br>**4.Қимылдық ойын:**<br>«Үрпек төбет»<br>**Міндеті:** Тез жүгіре |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | білуге үйрету.<br>**5.Дербес ойын әрекеті**.<br>1.Төбешіктентөбе шікке секір.<br>2.Күн мен түн |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Ата-аналарға кеңес: «Үйде ойын бұрышын ұйымдастыру». | Дербес еркін ойын әреттері | Кеңес: «Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы». | Дербес еркін ойын әрекеттері | Ата-аналарға тапсырма беру, жақсы демалуға тілек білдіру |

Циклограмманы тексерген әдіскер:

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** МКҚК «Астана» бөбекжай бақшасы
**Топ:** «Балдәурен» ересек
**Балалардың жасы**: 4-жасар балалар
**Жоспардың құрылу кезеңі**: 11.09.-15.09.2023 жыл

| **Күн тәртібінің кезеңдері** | **Дүйсенбі 11.09.2023** | **Сейсенбі 12.09.2023** | **Сәрсенбі 13.09.2023** | **Бейсенбі 14.09.2023** | **Жұма 15.09.2023** |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | Балаларды әсем әуенмен,көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу. | Қызыл жүрекшемен көңілді тілек айтып қарсы алу. | Үш түрлі смайликпен қарсы алу. | Балаларды әсем әуенмен,көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу. | Қызыл жүрекшемен көңілді тілек айтып қарсы алу. |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз. | Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. | Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру. | Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту. | «Дұрыс тамақтануға баулу». |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, | Балаларды балабақшадағы еңбек жұмыстарына араластыру, ойын | Ұйымдастырылған іс-әрекеті уақытында оқу құралдарын тарату, оларды | "Кір сүлгілерді ауыстыру".Міндеті:. Еңбекке тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы | "Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп»(тәрбиешінің көмекшісімен | "Орындықтарды жуу". Міндеті. Балаларды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер) | бұрышындағы кезекшілікті атқаруды үйрету. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Үстел үсті ойыны<br>«Мозаика».<br>Міндеттері. Балаларға берілген суреттердің бөлігін тауып, дұрыс орналастыруды үйрету. Тапқырлықты дамыту.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | орнына жинау, тамақ ішерде тәрелкелер мен қасықтарды қою, ішіп болған соң жинасу сияқты жұмыстарды үйрету.<br>"Ұйымдастырыл ған іс-әрекетке арналған жабдықтар мен материалдарды дайындаймыз".<br>Міндеті. Тапсырылған іс үшін жауапкершілікті сезінуді дамыту, балаларға білім беру қызметіне арналған материалдар мен жабдықтарды ұқыпты ұстауды | мұқият орындауға ұмтылу. Сүлгіні жеке ұяшыққа іліп қоюды үйрету. Еңбек етуге, ересектерге көмектесуге ниеттерін тәрбиелеу. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>**«Мозаика»**Міндеті: Балаларға әртүрлі заттарды, геометриялық пішіндер құрастыруды үйрету, олардың түстерімен таныстыру, балалардың ой-қиялын дамыту, еңбексүйгіштікке тәрбиеле**у.**<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | бірге).Міндеті:Бала ларға жеке киім шкафтарында тәртіп сақтауды үйрету: шкафты киім мен аяқ киімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеу. Еңбекқорлықты, тәртіп сақтауды, ұжымда тату-тәтті еңбек етуді үйрету. (**қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**<br>«Сөзді аяқта» дидактикалық ойыны.<br>Міндеттері. Тілдерін дамыту.<br>(қазақ тілі, сөйлеуді дамыту) | тәрбиешінің көмекшісіне көмектесуге, бөлмедегі орындықтарды таза ұстауды үйрету: оларды дымқыл шүберекпен сүртіп, орындарына қоюды үйрету. Еңбек дағдыларын дамыту, жұмыс кезінде мәдени-гигиеналық талаптарды сақтау қабілетін қалыптастыру. Ересектерге көмектесуге ынталануды, олардың жұмысын құрметтеуге тәрбиелеу. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Таңертенгі жаттығу | 1. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, қол белде.<br>1.1. Балалар қолдарын алдарына созып, алақандарын ашып: "Міне!" дейді<br>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 5-6 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, қол көкірек тұсында.<br>2.1. Аяқтарын сәл бүгіп, қолдарын иек тұсына көтеріп "Міне!" дейді.<br>3. Бастапқы қалып: жерге отыру, аяқтарын алшақ қояды, дене бос, қол иек тұсында (жаттығу 5-6 рет қайталанады).<br>3.1. Жерге отырған қалыпта қолдарын шапалақтайды.<br>3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 5 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене тік, қол көкірек тұсында.<br>4.1. Бір орында тұрып секіру, қолдарын көкірек тұсында ұстау.<br>4.2. Бастапқы қалып алақандарын ашу "Міне!" дейді (жаттығу 5 рет қайталанады). **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| Таңғы ас | Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу.<br>Ойын жаттығуы. "Сабын қолғаптары". **(сөйлеуді дамыту, мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**<br>Мақсат-міндеттері. Балаға қолдарының сыртқы және ішкі жағынан сабындауды үйрету.<br>Бұл бөлімде ойын жаттығуларын немесе мәдени-гигиеналық дағдыларды дамытуға, үстелге қою дағдыларын және үстелдегі мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған ойындарды жоспарлаңыз. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | Біз балдырған тең басқан,<br>Дос құшағын елге ашқан.<br>Тілегіміз тыныштық,<br>Ашық болсын кең аспан.<br>Мықты болсын іргеміз,<br>Бәріміз де | «Қайырлы таң!»<br>Қайырлы таң, құсқа да, аңға да,<br>Қайырлы таң, жайдары жанға да.<br>Қайырлы таң алға ассын,<br>Кешке дейін жалғассын! | Біз балдырған тең басқан,<br>Дос құшағын елге ашқан.<br>Тілегіміз тыныштық,<br>Ашық болсын кең аспан.<br>Мықты болсын іргеміз,<br>Бәріміз де біргеміз.<br>Жансыз табиғат туралы әңгімелесу. | Қайырлы таң, ашық аспан!<br>Қайырлы таң, кең далам!<br>Қайырлы таң, күннің нұры!<br>Қайырлы таң, балабақшам!<br>Бәрі бірге айтады.<br>Күз мезгілінің алғашқы айындағы | Достар бері, келіңдер,<br>Қолдарыңды беріңдер.<br>Шаттық толы шеңберге<br>Қуанышпен еніңдер.<br>(Г.Абдрахманов)<br>Шеңберде қол ұстасып тұрып, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | біргеміз. Жанды және жансыз табиғат туралы әңгімелесу. **(қазақ тілі, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | Жанды табиғат туралы әңгімелесу. **(қазақ тілі, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **(қазақ тілі, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | ерекшеліктері, табиғат жайлы әңгімелесу. **(қазақ тілі, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | өлең жолдарын бірге айтады. Жанды және жансыз табиғат жайлы әңгімелесу. **(қазақ тілі, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | **1.Музыка** Саз жетекшісінің жоспары бойынша **2.Дене шынықтыру** Ден тәрбие нұсқаушысының жоспары бойынша Менің ата анамның ойыншығы тақырыбында әңгімелесу. Олар қандай ойыншықпен және қалай ойнағаны туралы сұрау. Балалардың ойын тыңдау. (**сөйлеуді дамыту)** | **1.Дене шынықтыру** Ден тәрбие нұсқаушысының жоспары бойынша Топтағы сүйікті ойыншықтарын атау, алып келу. Ойыншықтары не үшін сүйікті екенін айту, суретін салу немесе мүсінін жасауды ұсыну. (**сөйлеуді дамыту, сурет салу, мүсіндеу)** Кітаптарда ойыншығының суреті барма қарау. Ертегіде ойыншығы | **1. Қазақ тілі** Байланыстыра сөйлеу тілін дамыту: сурет бойынша әңгіме құрастыруға үйрету, сөздік қорын байыту. Ойын арқылы қарым-қатынас дағдыларын дамыту. Есту, көру, сөйлеу қабілеттерін арттыру. Қазақ тілінде таза, дұрыс сөйлеп үйрету. 4-5 сөзден тұратын сөйлем айту; сөйлем сөздерін бір-бірімен үйлестіру; құрдастарымен және ересектермен диалог жүргізу; тақырыпты сипаттай білу; антонимдерді түсіну | **1.Дене шынықтыру** Ден тәрбие нұсқаушысының жоспары бойынша **3.Музыка** Саз жетекшісінің жоспары бойынша<br><br>Дидактикалық ойын «Ойыншық неден жасалған» Ойыншықтарды биіктігіне қарай топтастыру санау,жұптастыру «Бестемше» ойын құралы негізінде ұлттық ойыншығымен таныстыру. Қосу кемейту амалдарын үйрету | «Арқан созу»<br><br>Аяқты алшақ, қолымызды кеуде тұсына қоямыз, 1- оң қолымызды жоғары, 2- сол қолды төменге қарай созу. 3-4 қимылды керісінше жасау.<br><br>/6 рет қайталау/<br><br>**(Дене шынықтыру)**<br><br>«Менің отбасым» отбасы мүшелерін атау( **көркем әдебиет)**<br><br>(мен бақытты |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Сол ойыншықтардың суретін салу. (**сурет салу)**<br><br>Қуыршақ туралы тақпақ жаттау (**көркем әдебиет)**<br>**«**5 ке дейінгі сиқырды сандар» Тура жіне кері санау<br>**(математика негіздері)** | туралы айтыла ма анықтау.<br>**(көркем әдебиет)**<br>Дидактикалық ойын «Кім екенін тап» көздерін жұмып, қолдарымен қоржындағы ойыншықты тауып, атау.<br>Ретімен, кері қарай санау<br>**«математика негіздері)** | (ақ-қара, үлкен-кішкентай).<br>(Балабақша, үй, есік, терезе, дүкен, емхана, сабын, су, кір, таза, билейік, ән айтамыз)<br>Бөбекжайда жұмыс істейтін мамандықтармен таныстыру;<br>«Ғажайып ойыншық жасау шеберханасымен» балаларды таныстыру.<br>Балалар қалаған табиғи заттарды алып өз ойыншығын жасайды.<br>(**құрастыру)**<br>Ойыншық жасау үшін қажетті заттар тізімін дайындау. (**қоршаған ортамен танысу)**<br>Ол ойыншықпен қалай ойнауға болатынын әңгімелеу. (**сөйлеуді дамыту)**<br>Ол ойыншықтың қандай болып шығатынын ойланып суретін салу. **(сурет** | **(математика негіздері)**<br>«Асық» ойыны<br>**(дене шынықтыру)**<br>Орамалдан бөпе жасау.<br>( **құрастыру)**<br>«Сүйікті ойыншығым»<br>(**жапсыру)** | баламын<br><br>(**сурет салу**) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **салу**<br>Менің ата анамның ойыншығы тақырыбында әңгімелесу. Олар қандай ойыншықпен және қалай ойнағаны туралы сұрау. Балалардың ойын тыңдау. (**сөйлеуді дамыту)**<br>Сол ойыншықтардың суретін салу. (**сурет салу)**<br><br>Қуыршақ туралы тақпақ жаттау (**көркем әдебиет)**<br>«5 ке дейінгі сиқырды сандар»<br>Тура жіне кері санау **(математика негіздері)** | | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | | | | |
| **Серуен** | **1.Бақылау:**<br>«Қоңыр күзді бақылау, салыстыру»<br>Міндеті: Қоңыр | **1.Бақылау:**<br>«Өзге топ балаларының іс – әрекеті»<br>Міндеті: | **1.Бақылау:**<br>Жерге түскен жапырақтарды бақылау.<br>Міндеті: Балаларға | **1.Бақылау.**<br>Желдің соғуын бақылау.<br>Жұмбақ.<br>Қанаты жоқ – | **1.Бақылау**<br>Бұлтты бақылау.<br>Міндеті:<br>Бұлттың түзілуі және олардың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | күзгі табиғатты бақылау, алғашқы күзбен салыстыру,<br>**2. Жеке жұмыс:**<br>Күз мезгіліне байланысты көркем сөз жаттату.<br>«Күз»<br>Қара бұлт қабағын түйеді<br>Бұталар боз қырау киеді,<br>Осы ма, осы ма, күз деген<br>Бақшаға баратын бізбенен<br>**3.Еңбек:**<br>Құмсалғыштағы құмды күрекшелермен көтеру.<br>**4.Қимылды ойындар:**<br>«Үрпек төбет», «Жасырынбақ»<br>Міндеті: Шапшаңдыққа баулу.<br>Балалардың өз еріктерімен | Балалардың назарын өзге топ балаларының іс – әрекетіне аударту.<br>**2.Жеке жұмыс:**<br>Жұмбақ жасыру:<br>Ағайынды бес құрдас<br>Бірдей болып еш тұрмас<br>(Саусақ)<br>Есігі – біреу<br>Бөлмесі бесеу<br>(Қолғап)<br>Адамның сәні<br>Онсыз жоқ мәні<br>(Киім)<br>Таңертең тұрдым<br>Екі жолды қудым (Шалбар)<br>**3.Еңбек:**<br>Ауладағы ағаштардың сынығын, жапырақтарды жинау.<br>**4.Қимылды ойындар:** «Жай | жапырақтар неліктен жерге түскендігі туралы әңгімелеп айту. Олардың түстерін атау.<br>Еңбек: Құм салғыштың ішіне түскен жапырақтардан тазалау.<br>**2.Жеке жұмыс:**<br>Балаларға жұмбақ жасыру.<br>Жазда тұрып жоғары,<br>Күзде жерге қонады.<br>(Жапырақ)<br>Аспай піскен,<br>Қайнамай піскен.(Жеміс)<br>**3.Еңбек.**<br>«Таза алаң»<br>**Мақсаты:** Ойын алаңындағы ағаш бұтақтарын жинау.<br>**4.Қимылды ойындар:**<br>«Ақ серек, көк серек»<br>**5.Дербес ойын әрекеті**.<br>Серуенге алып шыққан материалдармен ойындар | ұшады,<br>Аяғы жоқ – қашады.<br>(Жел.)<br>Міндеті**:** балалардың бақылау дағдыларын қалыптастыру; желдің соғуын анықтау;<br>2. **Жеке жұмыс:**<br>Тақпақ. «Жел»<br>Жел улейді у-у-у.<br>Құйын келіп билейді зу-зу-зу<br>Қатты-қатты жел соқтыгу-гу-гу,<br>Жапырақтар қол соқты ду-ду-ду.<br>**3.Еңбек:**<br>тәрбиешіге көмек. Үлкендерге қызмет көрсету. Ауланы тазартуға қатыстыру, жапырақтарды жинау.<br>**4.Қимылды ойын:**<br>«Желбезекпен жүгіру».<br>Желбезекті қолға алып жарысу, кім | түрлерін:шарпы, будақ, қабатты бұлттарды ажырату.<br>**2.Жеке жұмыс.**<br>Аспанға ұшар бу болып<br>Жерге қайтар су болып. (Бұлт)<br>**3.Еңбек.**<br>Ауладағы гүлдерді суару.<br>Міндеті:<br>Балаларды қоршаған әлемге қамқорлықпен карауға, табиғат әсемдігін сезіне білуге тәрбелеу.<br>**4.Қимылды ойын:**<br>«Кімге қандай құрал керек?»<br>Міндеті:<br>Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу мақсатында ойнату.<br>Шапшаңдыққа баулу.<br>**5.Дербес ойын әрекеті.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жасалатын іс – әрекеттері.<br>**5.Дербес ойын әрекеті**.<br>1.Төбешіктен төбешікке секір. | жүгіріп өт», «Аюлар мен аралар»<br>Міндеті: Ойын ережесін бұзбай ойнауға үйрету.<br>**5.Дербес ойын әрекеті**.<br>Әткеншек тебу.<br>Допты қуалау**.** | | бірінші мәреге жетеді, сол жеңімпаз болады.<br>**5. Дербес ойын әрекеті.**<br>1. «Желмен жарысайық»<br>Міндеті: Қолайлы жағдайларды жасау, алаң ішінде іс-қимылдарды дамыту. Көтеріңкі көңіл күйде болу. | 1.Әткіншек тебу. |
| Серуеннен оралу | Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешіну, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу. **(дербес әрекет, сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| Түскі ас | Алдына қойған асқа назар аудару; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. Қасық пен шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Тамақ ішіп отырғанда сөйлемеу. Тамақтанғаннан кейін беті-қолды жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың,<br>Тазалықтың досы,<br>Су дегенің осы. | | | | |
| Күндізгі ұйқы | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету.<br>Аудио<br>Қ. Абдильдинаның әні<br>«Айым болып тудың ба»<br>**(музыка)** | | | | |
| Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру | Ұйқы ашар жаттығу Жалпақ табандылықтың | Ұйқы ашар жаттығу<br>«Денсаулық» | Ұйқы ашар жаттығу Ояну жаттығу.<br>Қайырлы таң, | Ұйқы ашар жаттығу «Күн оянады» - арқада жатып. | Ұйқы ашар жаттығу Тыныс |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| шаралары | алдын алу мақсатында ортопедиялық жол бойымен жүру. Білімді кеңейту және мәдени-гигеналық дағдыларды орындау. | жолымен жүру. Арнайы жолдармен, Жалаң аяқ жүреміз.<br><br>Табанға біз нүктелі, Массаж жасау білеміз. | көздерім! (балалар қастарын, көздер сипайды) Қайырлы таң, құлақтарым! (құлақтарын сипау) Қайырлы таң, беттеріміз! (беттерін сипау) Қайырлы таң, қолдарымыз! (қолдарын сипау) Қайырлы таң, аяқтарымыз! (аяқтарын сипау) | Шынтаққа көтерілу, басты оңға – солға бұру.<br>«Күн оянады» - арқада жатып. Тізені қолмен құшақтау, оңға солға бұралу.<br><br>«Күншуақты жаттығу» - арқада жатып. Алдымен қолды, содан соң аяқты жоғары – төмен көтереді. | алу жаттығу.<br><br>Қолға шарды аламыз, Қатты, қатты үрлейміз. Уф-ф-ф, Уф-ф-ф...<br><br>Қатты үрленген шарым Жарылып қалды, пах. |
| Бесін ас | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. Қасық пен шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Тамақ ішіп отырғанда сөйлемеу. Тамақтанғаннан кейін беті-қолды жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың,<br>Тазалықтың досы,<br>Су дегенің осы. | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу.**<br><br>"Менің мекенім тақырыбына әңгімелесу".<br><br>Міндеттері. | **Сурет салудан ойын-жаттығу.**<br><br>**"Арқасын жиырған мысық".**<br><br>Міндеттері. Балаларға | **Мүсіндеуден ойын-жаттығу.**<br><br>"Сұр қоян".<br><br>Міндеттері. Балаларға бөлшектерді біріктіру арқылы сұр қоянды | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу.**<br><br>"Санауды үйренемін. Тәулік бөліктері".<br><br>Міндеттері. | **Құрастырудан ойын-жаттығу.**<br><br>"Ханзада бақа".<br><br>Міндеттері. Балаларды ағайынды Гриммнің "Бақа |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| және тағы басқа әрекеттер) | Балалардың ұғымдарында мекенжай туралы түсініктерін қалыптастыру. Қазақстандағы ауыл мен қала елді мекендер мен табиғаттың ерекшеліктері жөнінде жалпы ұғымдар беру.<br>**Дидактикалық ойын. «Көрші-көрші».**<br>Үстел ойындары: лото, домино.<br>**(математика негіздері)**<br>**Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу.**<br>"Жабайы жидектер".<br>Міндеттері. Жабайы | арқасын жиырған мысықтың бейнесін бормен салу амалдарын үйрету; қағаздың ортасына мысықтың денесі мен аяқтарын доғалы сызық негізінде салып, бір жағына дөңгелек басын, екінші жағына ұзын құйрықты салу тәртібін қалыптастыру.<br>**Ойын-жаттығу. "Бірдей мысықты тап".**<br>Міндеттері. Байқампаздықты, сөйлеуді, зейінді, ойлау қабілетін | мүсіндеуді үйрету<br>**Математика негіздері**<br>"Цирк әртістері".Міндеттер: балаларды 2 саны және цифрымен таныстыру; 2 санының жасалу жолын көрсету; 1 және 2 цифрының бейнесін айыра білуге үйрету; 2 санын дұрыс жазуға жаттықтыру.<br>**«Пішінді құрастыр».**<br>Міндеттері. Түстер мен пішіндер арқылы құрастырып үйрету. Есте сақтау, көру, ажырату қабілеттерін дамыту. **(математика негіздері, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, қоршаған ортамен танысу)** | Балалардың тәулік бөліктері жөнінде,"таңертең", "күндіз", "кеш", "түн" туралы түсініктерін тиянақтау, заттардың саны, заттарды белгілейтін сандар туралы ұғымдарды қалыптастыру.<br>**Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу.**<br>"Ормандағы оқиға".<br>Міндеттері. Балаларды ормандағы оқиға желісінің мазмұнымен таныстыру; әңгімедегі көркем сөздерді шынайы айтуға жаттықтыру.<br>**Дидактикалық ойын: "Қандай ағаш екенін тап!"** | ханзада" ертегісінің басты кейіпкері бақаны қағаздан құрастыруды үйрету.<br>**«Жұбын тап».**<br>Міндеттері. Геометриялық пішіндерді қайталау, оларды салыстыруға жаттықтыру.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: әртүрлі ретте орналастырылған пішіндер.<br>Ойын барысы: балаларға геометриялық пішіндер беріледі, балалар тура сондай түсті пішінді табады. **(математика негіздері, сөйлеуді дамыту, қазақ** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жидектердің пайдасы мен зияны туралы түсініктерін пысықтау.<br>**"Қарақаттан не жасайды?" жаттығуы.**<br>Міндеті. Жидектердің қасиеттері туралы түсініктерін кеңейту. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | дамыту.<br>**Дидактикалық ойын «Тап та, атын ата».**<br>Міндеттері. Түсті қабылдауын және қолдың ұсақ моторикасын дамыту. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, қоршаған ортамен танысу)** | | Мақсат-міндеттері. Ағаштардың қасиеттері туралы білімдерін кеңейту. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**<br>**«Суреттер құрастыру».**<br>Міндеттері. Балаларға ұсақ суреттерден бір мазмұнды сурет құрастыруды үйрету, әңгіме құрастыра білу, тіл байлығын, ой-өрісін дамыту, әртүрлі мазмұнды суреттер құрастыруға деген балалардың қызығушылығын арттыру. **(құрастыру, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, қоршаған ортамен** | **тілі, құрастыру, жапсыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **танысу)** | |
| Балалармен жеке жұмыс | Балалармен бақылау жүргізілуде | Балалармен бақылау жүргізілуде | Балалармен бақылау жүргізілуде | Балалармен бақылау жүргізілуде | Балалармен бақылау жүргізілуде |
| Серуенге дайындық | Алдымен топтағы аяққиімдерін ауыстырып, орнына қойып, киімдерді ретімен киюді үйрету. Ауыстырған киімдерін орнына бүктеп қойғандарын қадағалау, ойын арқылы жылдамдыққа үйрету. **(сөйлеуді дамыту, дербес әрекет, мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| Серуен | **1.Бақылау.**<br>Желдің соғуын бақылау.<br>Жұмбақ.<br>Қанаты жоқ – ұшады,<br>Аяғы жоқ – қашады. (Жел.)<br>Міндеті: балалардың бақылау дағдыларын қалыптастыру; желдің соғуын анықтау;<br>2. **Жеке жұмыс:**<br>Тақпақ. «Жел»<br>Жел улейді у-у-у.<br>Құйын келіп билейді зу-зу-зу<br>Қатты-қатты жел соқтыгу-гу-гу, | 1.**Бақылау**<br>Бұлтты бақылау.<br>Міндеті:<br>Бұлттың түзілуі және олардың түрлерін:шарпы, будақ, қабатты бұлттарды ажырату.<br>2.**Жеке жұмыс.**<br>Аспанға ұшар бу болып<br>Жерге қайтар су болып.<br>(Бұлт)<br>3.**Еңбек.**<br>Ауладағы гүлдерді суару.<br>Міндеті:<br>Балаларды қоршаған әлемге қамқорлықпен қарауға, табиғат | 1.**Бақылау** Өткінші жаңбырды бақылау.<br>Міндеті: Өткінші жаңбыр туралы түсінік беру.<br>2.**Жеке жұмыс.**<br>«Еңбекпен ел көгерер,<br>Жаңбырмен жер көгерер».<br>3.**Еңбек.**<br>Ағаш түптерін қопсыту.<br>Міндеті: Ағаш түптерін қопсыту арқылы балаларға өсімдіктерге тыңайтқыш заттар топырақ арқылы баратындығын түсіндіру.<br>**4.Қимылды ойындар:**<br>«Допты қуып жет»,<br>«Кім тезірек?»<br>Міндеті: Балаларды тез | 1**.Бақылау**<br>Алтын күзді бақылау.<br>Міндеті: Күзгі алаңның назар аударып, күздің алғашқы белгілерін анықтау.<br>2.**Жеке жұмыс.**<br>«Отбасы мүшелері»<br>Міндеті: Отбасы мүшелерін дұрыс атай білуге үйрету.<br>3.**Еңбек.**<br>«Таза алаң»<br>Міндеті: Ойын алаңындағы ағаш бұтақтарын жинау.<br>Балаларды еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу.<br>4.**Қимылдық ойын:** | 1.**Бақылау**<br>Ауа-райын бақылау<br>Міндеті: Ауарайын бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау.<br>**2.Жеке жұмыс.**<br>Е.Өтетілеуов «Күшік».<br>Үреді үйшікте<br>Аулада күшіктер<br>Біреуі оның қап-қара,<br>Біреуі сары ала<br>Біреуі қардай ақ,<br>Біреуі сұр жолақ<br>Бәрібір, бәрінің жұмысы біреу-ақ:<br>Үреді абалап.<br>Міндеті: Ү |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жапырақтар қол соқты ду-ду-ду.<br>3.**Еңбек:** тәрбиешіге көмек. Үлкендерге қызмет көрсету. Ауланы тазартуға қатыстыру, жапырақтарды жинау.<br>4.**Қимылды ойын:** «Желбезекпен жүгіру». Желбезекті қолға алып жарысу, кім бірінші мәреге жетеді, сол жеңімпаз болады.<br>5. **Дербес ойын әрекеті.**<br>1. «Желмен жарысайық» Міндеті: Қолайлы жағдайларды жасау, алаң ішінде іс-қимылдарды | әсемдігін сезіне білуге тәрбелеу.<br>4.**Қимылды** ойын: «Кімге қандай құрал керек?» Міндеті: Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу мақсатында ойнату. Шапшаңдыққа баулу.<br>5.**Дербес ойын әрекеті.**<br>1.Әткіншек тебу. | жүгіруге үйрету, шапшаңдыққа, ептілікке тәрбиелеу.<br>5.**Дербес ойын әрекеті.** Серуенге алып шыққан материалдармен ойындар | «Көрші». Міндеті: Балалардың ептілікке, сезімталдық, кеңістікті бағдарлай білуге үйретеу<br>5.**Дербес ойын** әрекеті. 1.Ортада доп<br>2.Қуаласпақ | дыбысының айтылуына жаттықтыру. Тақпақты мәнерлеп айтуға үйрету. **3.Еңбек.** «Таза алаң». Міндеті: Аула сыпырушыға көмектесу. Тазалыққа, кішіпейілдікке үйрету.<br>4.**Қимылдық ойын: «**Тымпи-тымпи». Міндеті: Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру.<br>5.**Дербес ойын әрекеті.** Әткеншек тебу. Допты қуалау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дамыту. | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Баланың бүгінгі жетістігі, бала денсаулығы мен тамағы жөнінде әңгімелесу. | Бала тәрбиесіне көңіл бөлуді ескерту. | Ата-анамен баланың тәртібі, тазалығы мен үлгерімі туралы әңгімелесу. | Кеңес:«Тұмаудың алдын алу жолдары» | Ата-аналарға тапсырма беру, жақсы демалуға тілек білдіру. |

Циклограмманы тексерген әдіскер:

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** МКҚК «Астана» бөбекжай бақшасы
**Топ:** «Балдәурен» ересек
**Балалардың жасы**: 4-жасар балалар
**Жоспардың құрылу кезеңі**: 18.09.-22.09.2023 жыл

| **Күн тәртібінің кезеңдері** | **Дүйсенбі 18.09.2023** | **Сейсенбі 19.09.2023** | **Сәрсенбі 20.09.2023** | **Бейсенбі 21.09.2023** | **Жұма 22.09.2023** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды әсем әуенмен,көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу | Қызыл жүрекшемен көңілді тілек айтып қарсы алу | Үш түрлі смайликпен қарсы алу | Қонаққа келген қоянның ойыншығымен қарсы алу | Достар әнімен қарсы алу |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу. | Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау | Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау | Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстатйыны жайлы әңгімелесу | Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау** | **"Ойыннан кейін топта тәртіп орнату".** Міндеттері. Балалардың тәртіпке деген саналы ұмтылысын, | **"Ойыншықтардағы тәртіп".** Міндеттері. Жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; | **"Оқу құралдары қойылатын шкафта тәртіпті сақтау".** Міндеттері. Балаларға өз беттерімен | **"Біз топ бөлмесінде және жатын бөлмеде терезе алды тақтайын дымқыл шүберекпен сүртеміз".** | **"Біз орындықтарды орнына қоямыз".** Міндеттері. Еңбек дағдыларын дамытуды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **және тағы басқа әрекеттер)** | ойыннан кейін ойыншықтарды жинастыру әдетін қалыптастыру. Жұмыс жоспарын құру, алдағы қызмет үшін қажетті материалдарды таңдау қабілетін жетілдіру. **(сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)** | ойыншықтарды тәртіпте ұстау, оларды жуу, кептіру, сүрту және орнына жинау. Еңбекқорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; **(сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)** | шкафтарда тәртіпті сақтауға, шаңды сүртуді үйрету. **(сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)** | Міндеттері. Балаларға сумен жұмыс істегенде келесі ережелерді сақтауды үйрету, жеңдерін түру, шүберекті сулау, құрғатып сығу, кірлеген шүберекті сумен шаю. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, сөйлеуді дамыту)** | жалғастыру; тапсырманы мұқият және жылдам орындау. **(сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары, дербес әрекет)** |
| | **«Емхана» сюжетті-рөлдік ойын.** Міндеті: Балаларды үлкендердің еңбегімен таныстыру. Балаларды дәрігер, медбике рөлін ойнауды үйрету. **(сөйлеуді** | **Құрылыс ойындары «Аспалы көпір».** Міндеті: Балалардың қиялын, зейінін, ойлау қабілетін дамыту. **(құрастыру, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | **«Кім зейінді?»**<br>Міндеті: Белгілі геометриялық пішіндерден әртүрлі заттарды құрастыру.<br>Көрнекілік: сіріңке қорабында геометриялық пішіндер. | **Дидактикалық ойыны. «Төлдерін тап».**<br>Міндеті: Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы түсініктерін тиянақтау. | **Дидактикалық ойын. "Жамауын тап".** Міндеті: Балаларды суреттің жетпей тұрған бөлігін тауып, үстіне орналастыруды үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **дамыту, еңбек дағдылары, қазақ тілі)** | | | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | 1. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, қол белде.<br>1.1. Балалар қолдарын алдарына созып, алақандарын ашып: "Мінеі" дейді.<br>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 5-6 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол кеуде тұсында.<br>2.1. Аяқтарын сәл бүгіп, қолдарын иек тұсына көтеріп "Міне!" дейді.<br>3. Бастапқы қалып: жерге отыру, аяқ арасы алшақ, дене бос, қол иек тұсында (жаттығу 5-6 рет қайталанады).<br>3.1. Жерге отырған қалыпта қол шапалақтау.<br>3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 5 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене тік, қол кеуде тұсында.<br>4.1. Бір орында тұрып секіру, қолдарын кеуде тұсында ұстау, жұдырық түю.<br>4.2. Бастапқы қалып: алақандарын ашу "Міне!" дейді (жаттығу 5 рет қайталанады). **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | Балалардың беті-қолдарын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстыру. Қасық пен шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу.<br>Тазалықты сақтау үшін сумен дос болу керек.<br>Сылдырлайды мөлдір су.<br>Мөлдір суға әрдайым<br>Беті-қолды тазалап жу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, дербес әрекет)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Сәлем, күнім!<br>Сәлем, жер!<br>Сәлем, досым!<br>Сәлем, ел!<br>"Сәлем" деймін әрқашан,<br>Арайлы, балабақшам!<br>Жанды және | «Достық» шеңбері.<br>Біз қандаймыз, қандаймыз,<br>Шұғылалы таңдаймыз,<br>Жарқыраған күндейміз,<br>Табиғатты | «Қайырлы таң!»<br>Қайырлы таң, құсқа да, аңға да!<br>Қайырлы таң, жайдары жанға да!<br>Қайырлы таң, алға ассын!<br>Кешке дейін | «Армысың шапағатты, Күн-Ана!»<br>Армысың шапағатты, Күн-Ана!<br>Армысың қайырымды, Аспан-Ана! | Бақшамызға барғанда,<br>Жолыққан бар жандарға<br>Ертемен ақ пейілмен<br>"Қайырлы таң!"-деймін мен.<br>Күндіз де елді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жансыз табиғатты пысықтау. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)** | қорғаймыз. Балалар шеңберге тұрады, бір-біріне жылы сөздер айтады. Қазақстан Республикасының алғашқы Елбасы және қазіргі президенті жайлы әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу** | жалғассын! (Жарты шеңбер құрып отыр. Бәрі бірге айтады.) ҚР Мемлекеттік Рәміздері туралы әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)** | Армысың мейірімді, Жер-Ана! Құт дарыт, бар әлемді жарылқа! "Қазақ тілін мақтан тұтамын" атты тақырыбында әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі, көркем әдебиет)** | елеймін: Үйге кешке келемін, Не дерімді білемін «Кеш жарық!» - деп кіремін. Шеңбер бойымен тұру, бір-біріне күлімдеп қарау. Тілдер мерекесі жайлы әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі, көркем әдебиет)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі**<br>**бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **1.Музыка** Саз жетекшісінің жоспары бойынша **2.Дене шынықтыру** Ден тәрбие нұсқаушысының жоспары бойынша | **1.Дене шынықтыру** Ден тәрбие нұсқаушысының жоспары бойынша Серуенді бақша ауласын аралап, күзгі табиғатты тамашалап бақылаумен | 1.Қазақ тілі Байланыстыра сөйлеу тілін дамыту: сурет бойынша әңгіме құрастыруға үйрету, сөздік қорын байыту. Ойын арқылы қарым-қатынас дағдыларын дамыту. Есту, | Бақша ауласына серуен жасау, құстарды бақылау, бақша ауласында өмір сүретін жануарларды бақылау. Өздері не білетін | **1.Дене шынықтыру** Ден тәрбие нұсқаушысының жоспары бойынша **3.Музыка** Саз жетекшісінің жоспары бойынша Балалардан |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Балалардан күз туралы қандай ертегі немесе тақпақ білетінін сұрау. **(сөйлеуді дамыту)** Ендеше тақпақ жаттайық және өзіміздің күз туралы ертегі кітабымызды жасайық. **(жапсыру)** Балалардың таңдауы бойынша екі орталыққа бөлу. Балалар жұмыстарын аяқтаған соң сергіту сәті. Балалардың жасаған кітапшаларын тамашалап, тақпақтарын тыңдау. Сосын барлығына күз туралы ән | бастау. Ағаштардың биік аласа қасиеттерін атап, түскен бұтақтар мен жапырақтар, дәндерді жинап, түсін түрін атап,санап ,топқа алып келу. **(қоршаған ортамен танысу,математика негіздері)** Балалармен бірге жапырақты бояп таңбалап қағаз бетіне басу әдісімен **сурет салу** Жапырақтар мен шағын бұтақтардан икебано жасап безендіру заттарын жасап, топты безендіру. **(жапсыру)** Кітаптардан | көру, сөйлеу қабілеттерін арттыру. Қазақ тілінде таза, дұрыс сөйлеп үйрету. 4-5 сөзден тұратын сөйлем айту; сөйлем сөздерін бір-бірімен үйлестіру; «Нан қайдан келеді?» Күнделікті қандай тағамдарды қолданамыз. Олардың пайдасы қандай? Соның бірі нан қалай қайдан келді? Балалардың пікірін тыңдау. Ал нанның дастарханға қалай келетінін білу үшін Ендеше кітаптардан | айтқызу. Құстарға жем, су беру. **(қоршаған ортамен таныстыру)** Құстардың суретін салу. **(сурет салу)** Құрастыру материалдарынан үйшік жасау. **(құрастыру)** | еңбек пен демалыс жайында сұрау. Күзде қалай демаламыз, жазда қалай демаламыз айырмашылықтарын білуін сұрау. **(сөйлеуді дамыту)** Ауылшаруашылық мамандықтарымен таныстыру. Олардың пайдаланатын құралдарын таныстыру. **(қоршаған ортамен таныстыру)** Балалардың қалауы бойынша кітап көруге, мамандардың құрал саймандарын мүсіндеп жасауға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жаттатып, би билеуін ұйымдастыру. **(музыка)** | күзгі табиғат туралы суреттер қарап, ертегі тыңдау. **(сөйлеуді дамыту)** | жауабын іздейік. **(сөйлеуді дамыту)** Балалардың таңдауына мүмкіндік беріп нанның суретін салуға болады. **(сурет салу)** Нанды қамырдан жасауға болады деп іс әрекеттермен айналысуын қарастыру. **(мүсіндеу)** | | үйрету**(мүсіндеу)** және бидайдай тұқымдарын егуді жасап көруді ұсыну. Сергіту сәтін жасау арқылы орталықтардағы орындарын ауыстырып жұмысты жалғастыру. |
| Серуенге дайындық | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| Серуен | **1.Бақылау** Желді бақылау Міндеті: Мақсаты: Желдің бағытын қапалық арқылы анықтау. **2.Жеке жұмыс.** Жұмбақ. | **1.Бақылау** Аула сыпырушы еңбегімен танысу Міндеті: Мақсаты: аула сыпырушының қыс кезіндегіеңбег, | **1.Бақылау** Шыбын-шіркейлердің жойылуын бақылау. Міндеті: Ауа райының салқындауына | **1.Бақылау** Жәндіктерді бақылау. Міндеті: Күзде жәндіктер қысқа қалай дайындалады? Мінекей, | **1.Бақылау** Алтын күзді бақылау. Міндеті: Күзгі алаңның назар аударып, күздің алғашқы белгілерін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ақ сандығым ашылды Ішінен жібек шашылды. (күннің көзі) Міндеті: Жұмбақ жаттата отырып, балалардың тіл байлығын байыту, дыбыстардың дұрыс айтуын қадағалау. Ойлау қабілетін арттыру. 3.**Еңбек.** Қар тоқтатуға дайындық. Жөндеу. Міндеті: Тәрбиешімен балалардың бірігіп еңбектенуіне тәрбиелеу. Еңбек мазмұнын ұлғайту, әр баланың еңбекке жүйелі қатысуын қамтамасыз ету. 4.**Қимылдық ойын:** «Шаңғы жарысы» | оның жұмысы туралы балалардыңтүсінігін толықтыру. Балғындардың еңбегін бағалап, құрметтеуге тәрбиелеу. **2.Жеке жұмыс**. Қолынакиіп қолғапты, Ауланы ағай сыпырды. Тазалап қарды мұздарды, Бәрімізге ол жол ашты. **3.Еңбек.** Аула сыпырушыға балабақшаның ауласын сыпруға көмектесу. Міндеті: ересек адамдарға қолдан келгенше көмек беруге деген балалардың ынтасын қолдап, еңбекке баулу. **4.Қимылдық ойын:** | байланысты жәндіктердің жоғалуы. **2.Жеке жұмыс.** Е.Өтетілеуов «Күшік». Үреді үйшікте Аулада күшіктер Біреуі оның қап-қара, Біреуі сары ала Біреуі қардай ақ, Біреуі сұр жолақ Бәрібір, бәрінің жұмысы біреу-ақ: Үреді абалап. Міндеті: Ү дыбысының айтылуына жаттықтыру. Тақпақты мәнерлеп айтуға үйрету. **3.Еңбек.** «Таза алаң». Міндеті: Аула сыпырушыға көмектесу. Тазалыққа, кішіпейілдікке үйрету. | құмырсқаларды қарандаршы, өз азықтарын жинап еңбектеніп жатыр. **2.Жеке жұмыс.** Тыйым сөздерді жаттату. Міндеті: «Суға түкірме», «Нанды баспа», «Дастархан басында кекірме» т.б сөздердің мағынасын айтып түсіндіру. **3.Еңбек.** Біздің алаң. Міндеті: Ауладағы жапырақтарды жинау. Балалардың еңбекке ынтасын арттырып , өздігінен еңбек ете білуге үйрету. **4.Қимылды ойын:** | анықтау. Қай ағаштың жапырақтары ерте өзгеріске ұшырайтынын, түрін, түсін ажырату. **2.Жеке жұмыс.** «Отбасы мүшелері» Міндеті: Отбасы мүшелерін дұрыс атай білуге үйрету. **3.Еңбек.** «Таза алаң» Міндеті: Ойын алаңындағы ағаш бұтақтарын жинау. Балаларды еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу. Бастаған ісін аяғына дейін тиянақты орындауға үйрету. 4.**Қимылдық ойын:** «Көрші». Міндеті: Балалардың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Міндеті: Дыбысқа деген іс-әрекетті бекіту (шанада отырып, аяқпен итеру; ішінен жатып, қолмен итеру).<br>5.**Дербес ойын әрекеті.** Еркін ойындар | «Сауыққойлар» (қысқы спорт ойындары.)<br>Міндеті: Балалардыептілікке, шапшаңдыққа баулу.<br>5.**Дербес ойын әрекеті.** Балалардың өзіндік ұжымын дамыту негізінде қарымқатынастың жақсы формаларымен топтамаларын пайдалану. | Үлкендердің еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу.<br>4.**Қимылдық ойын:** «Тымпи-тымпи».<br>Міндеті: Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру<br>5.**Дербес ойын әрекеті.** Өткеншек тебу. Допты қуалау. | «Итеріспек»<br>Міндеті: Шапшаңдыққа баулу.<br>5.**Дербес ойын әрекеті.** Тығылыспақ. Тартқышқа тартылу.<br>3.Допты қуалау. | ептілікке, сезімталдық, кеңістікті бағдарлай білуге үйрете отырып, батылдық сияқты қабілеттерін одан әрі дамыту.<br>5.**Дербес ойын әрекеті.**<br>1.Орта доп<br>2.Қуаласпақ |
| Серуеннен оралу | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| Түскі ас | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| Күндізгі ұйқы | Баяу ырғақты музыка әуенімен балаларды ұйықтату. | | | | |
| Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары | Ұйқы ашар жаттығу «Күн оянады» - арқада жатып. Шынтаққа көтерілу, басты | Ұйқы ашар жаттығу Тыныс алу жаттығу. Қолға шарды аламыз, Қатты, | Ұйқы ашар жаттығу «Денсаулық» жолымен жүру. Арнайы | Ұйқы ашар жаттығу Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында | Ұйқы ашар жаттығу Ояну жаттығу. Қайырлы таң, көздерім! |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | оңға –солға бұру. «Күн оянады» - арқада жатып. Тізені қолмен құшақтау, оңға солға бұралу. «Күншуақты жаттығу» | қатты үрлейміз. Уф-ф-ф, Уф-ф-ф... Қатты үрленген шарым Жарылып қалды, пах. | жолдармен, Жалаң аяқ жүреміз. Табанға біз нүктелі, Массаж жасау білеміз. | ортопедиялық жол бойымен жүру. Білімді кеңейту және мәдени-гигеналық дағдыларды орындау. | (балалар қастарын, көздер сипайды) Қайырлы таң, құлақтарым! (құлақтарын сипау) Қайырлы таң, беттеріміз! (беттерін сипау) |
| Бесін ас | Алдына қойған асқа назар аудару; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу** Тақырыбы: "Туыстар. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: [ы], [і] дыбыстары". Міндеті: Балаларға туыс адамның отбасындағы орны туралы түсіндіру; [Ы], [І] дауысты дыбыстары | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу.** "Астанаға саяхат". М Балаларды Астана қаласының әсем ғимараттарымен таныстыра отырып, қала туралы әңгімелеп беруді үйрету. **Қимылды ойындар «Ұшты-ұшты».** | **Жапсырудан ойын-жаттығу.** "Көк тудың желбірегені". Міндеті: Балаларды көк түсті қағаз бетіне қыран және күннің қимаүлгілерін жапсырып, тудың бейнесін құрастыруды; күн мен күн шуақтарының үстіне тарыны, қыранның үстіне | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу.** "Менің көшемде не бар?" Міндеті: Балалардың екі және үш сандары жөніндегі ұғымдарының негіздерін қалыптастыру, "оң қол", "сол қол" ұғымдарын тиянақтау. **(сөйлеуді дамыту,** | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** "Ормандағы оқиға". Міндеті:Балаларды ормандағы оқиға желісінің мазмұнымен таныстыру; әңгімедегі көркем сөздерді шынайы айтуға жаттықтыру. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жөнінде ұғымдарын қалыптастыру; дауысты дыбыстардың сөздердің құрамында жіңішке және жуан болу мысалдарын көрсету. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)** **Үстел-үсті ойындары. "Пазылдар".** Міндеттері. Зейін, ойлау және визуалды есте сақтау қабілеттерін дамыту. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі, көркем** | Міндеттері. Шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ойынға қатысушылар бастаушының сөзін қалт жібермей, тыңдап отырулары керек. Ұшатын құс немесе зат туралы айтылса, қолдарын жоғары көтереді де, ұшпайтын зат айтылса тырп етпей отырады. Қателескен бала айып тартып тақпақ айтады немесе ән салады. **(қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі, көркем әдебиет, дене шынықтыру)** | қарақұмықты желімнің көмегімен жапсыруды үйрету. **Дидактикалық ойын. «Жануарларды ң төлдерін тауып, оларды бір-бірлеп атап бер".** Міндеттері. Үй жануарларын бір-бірінен және төлдерін ажырата білуді, оларға күтім және қамқорлық танытуға тәрбиелеу. Ойын ережесі: ойыншық үй жануарлары үстелдің үстінде тұру керек. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен** | **математика негіздері, қоршаған ортамен танысу) Құрастыру** "Көрнекті ғимарат". міндеттер: балаларды құрылыс материалдары: тақтайша, текше, кірпіш, цилиндр, призма, пирамида, арканы пайдаланып екіқабатты ғимаратты құрастыруға үйрету;. | **ортамен танысу, қазақ тілі, көркем әдебиет) Дидактикалық ойын. «Киім дүкені»** міндеттері. Ойын барысында рөлдерді ойнауды үйрету. Сатушы әртүрлі киім түрлері туралы әңгімелейді. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** |

| Балалармен жеке жұмыс | Балалармен бақылау жүргізілуде | Балалармен бақылау жүргізілуде | Балалармен бақылау жүргізілуде | Балалармен бақылау жүргізілуде | Балалармен бақылау жүргізілуде |
|---|---|---|---|---|---|
| Серуенге дайындық | Алдымен, топтағы аяқкиімдерін ауыстырып, аяқкиімді орнына қойып, киімдерді рет-ретімен киюді үйрету. Ауыстырған киімдерін бүктеп, орындарына қойғандарын қадағалау. **(дербес әрекет, сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)** | | | | |
| Серуен | **1.Бақылау** Құмырысқалар ды бақылау Міндеті:Құмырс қалардың тіршілік ету әрекеті, мекен ететін жерлері, өзара қарымқатынаста ры туралы оқушылардың білімдерін анықтау. **2.Жеке жұмыс.** Екі басы жұдырықтай, Ортасы қылдырықтай (Құмырсқа) **3.Еңбек.** Жапырақтарды жинау Мақсаты: еңбекке деген | **1. Бақылау** Күзгі жапырақтарды бақылау. Міндеті Мезгілге байланысты жапырақ түстерінің өзгеруін қадағалау.. **2.Жеке жұмыс.** «Күзгі жапырақ» тақпақ Қыстың жақын қалғанын, Жапырақтар сезгендей. Желмен ұшып барады, Жерге қонып үлгермей **3.Еңбек.** Жапырақтардан гүл шоғын жасау | **1.Бақылау** Жаңбырды бақылау. Міндеті: Жаңбырды бақылай отырып, оның бұлттан жауатындығы және түрлерін айтып түсіндіру. **2.Жеке жұмыс.** Ал керемет бұл қандай? Төгіледі төбеден. Көк теңізден құйғандай Көл-көсір су не деген? (Жаңбыр) **3.Еңбек.** Ағаш түптерін қопсыту. Мақсаты:Балала рды еңбек | 1.**Бақылау** Бұлтты бақылау. Міндеті: Бұлттың түзілуі және олардың түрлерін:шарпы, будақ, қабатты бұлттарды ажырату. **2.Жеке жұмыс**. Аспанға ұшар бу болып Жерге қайтар су болып. (Бұлт) **3.Еңбек.** Ауладағы гүлдерді суару. Мақсаты: Балаларды қоршаған әлемге қамқорлықпен қарауға, табиғат әсемдігін сезіне білуге тәрбелеу. | **1.Бақылау** Алтын күзді бақылау. Міндеті: Күзгі алаңның назар аударып, күздің алғашқы белгілерін анықтау. Қай ағаштың жапырақтары ерте өзгеріске ұшырайтынын, түрін, түсін ажырату. **2.Жеке жұмыс.** «Отбасы мүшелері» Мақсаты: Отбасы мүшелерін дұрыс атай білуге үйрету. **3.Еңбек.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қабілеттерін арттыру.<br>**4.Қимылдық ойын:** «Батыл, еңбекқор құмырсқалар»,<br>Міндеті: Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа баулу.<br>**5.Дербес ойын әрекеті.**<br>1.Төбешіктентөб ешікке секір.<br>2.Күн мен түн | Міндеті: Қол икемділігін дамыта отырып, әсемділікті, әдемілікті сезіне білуге талпындыру.<br>**4.Қимылдық ойын:** «Монданақ».<br>Мақсаты: Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа баулу.<br>**5.Дербес ойын әрекеті.**<br>1.Орта доп | сүйгештікке тәрбиелеу, өздеріне берілген тапсырманы тиянақты орындауын қадағалау.<br>**4.Қимылдық ойын**: «Сұр қоян».<br>Міндеті: Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа баулу. **5.Дербес ойын әрекеті.**<br>1.Сазбалшықтан «қала» құрастырайық. | **4.Қимылды ойын: «**Кімге қандай құрал керек?»<br>Мақсаты: Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу мақсатында ойнату. Шапшаңдыққа баулу.<br>**5.Дербес ойын әрекеті.**<br>Серуенге алып шыққан материалдармен ойындар | «Таза алаң» Міндеті: Ойын алаңындағы ағаш бұтақтарын жинау. Балаларды еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**4.Қимылдық ойын**: «Көрші».<br>Мақсаты: Балалардың ептілікке, сезімталдық, үйрету.<br>**5.Дербес ойын әрекеті.**<br>2.Қуаласпақ |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | «Бала қауіпсіздігі басты назарда» ата-аналармен кеңестер жүргізу. | Балалардың тәртібі жайлы әңгімелесу. | «Бала неге тіл алмайды?» тақырыбында әңгімелесу. | «Отбасында отансүйгіштікке тәрбиелеу» туралы ата-аналармен әңгімелесу. | Ата-аналар жиналысы: «Отбасы — тәрбие бастауы». |

Циклограмманы тексерген әдіскер:

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** МКҚК «Астана» бөбекжай бақшасы
**Топ:** «Балдәурен» ересек топ
**Балалардың жасы**: 4-жасар балалар
**Жоспардың құрылу кезеңі**: 25.09.-29.09.2023 жыл

| **Күн тәртібінің кезеңдері** | **Дүйсенбі 26.09.2022** | **Сейсенбі 27.09.2022** | **Сәрсенбі 28.09.2022** | **Бейсенбі 29.09.2022** | **Жұма 30.09.2022** |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | Балаларды арнайы жасалған күлімдеген күн стикерімен қарсы алу, ыстық мейірімге баулу. | Амандасу дағдысын пысықтау. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге баулу. | Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге баулу. | Далада қандай ауа райы болып тұрғанын сұрау. Тоңды ма сұрау | Амандасу дағдысын пысықтау. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге баулу. |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру | Бала тәрбиесі жөнінде ата-аналарға кеңес беру | Бала тәрбиесі жөнінде ата-аналарға кеңес беру | Бала тәрбиесі жөнінде ата-аналарға кеңес беру | Бала тәрбиесі жөнінде ата-аналарға кеңес беру | Бала тәрбиесі жөнінде ата-аналарға кеңес беру |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды | **"Кітап бұрышындағы еңбек".** | **"Біздің шкафта тәртіп бар".** Міндеттері. | **"Асханада кезекшілік атқару".** Міндеттері. Балаларға | **"Кір сүлгілерді ауыстыру".** Міндеттері. Еңбекке | **"Шешіну бөлмесінің шкафындағы** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер) | (кітаптарды қалпына келтіру).<br>Міндеттері. Балаларды жөндеуді қажет ететін кітаптарды таңдауды және оларды мұқият желімдеуді үйрету (желім мен қайшыны дұрыс пайдалану, майлықтарды пайдалану). Кітаптарға ұқыпты қарау, бірге жұмыс істеу, тәртіп сақтауға тәрбиелеу. **(сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)**<br>**Құрылыс ойындары**<br>"Жануарларға арналған | Балаларға сыртқа киімдерін қоятын шкафта тәртіп сақтауды үйрету. **(дербес әрекет, сөйлеуді дамыту)**<br>**Дидактикалық ойын. «Қасқырдан құтқар».**<br>Мақсат-міндеттері. Тіл байлықтарын арттыру, есте сақтау қабілеттерін жетілдіру. | кезекші міндеттерін өз бетінше және адал орындауды үйрету. Қолды мұқият жуу, кезекшінің киімін кию, үстелді дұрыс қою. Тамақтанғаннан кейін ыдыстарды тазалау. Еңбек дағдыларын дамыту, үстелді жабдықтаудағы ретсіздікті көре білу. **(еңбек дағдылары, сөйлеуді дамыту)**<br>**«Ғажайып қоржын» дидактикалық ойыны.**<br>Міндеттері. Заттардың атауларын жалпылауды, заттарды бір-бірінен ажыратуды үйрету. | тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу. Сүлгіні жеке ұяшыққа іліп қоюды және ұқыптылыққа үйрену. Еңбекке баулу. **(сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)**<br>**Дидактикалық ойын. "Ғажайып нүктелер".**<br>«Ғажайып нүктелер» арқылы қарлығаштың суретін салады.<br>Нүктелерді өзара қосып, қарлығаштың суретін шығарады. **(сурет салу, сөйлеуді дамыту)** | **тәртіп".**<br>**(тәрбиешінің көмекшісімен бірге)**<br>Міндеттері. Балаларға жеке киім шкафтарында тәртіпті сақтауға үйрету: шкафты киім мен аяқкиімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді ұқыпты түрде бүктеп жинау. Еңбекқорлыққа, тәртіпті көре білуге тәрбиелеу. Ұжымда тату-тәтті еңбек етуді үйрету. **(сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)**<br>**Суреттерді бояу**<br>Суреттерді бояу, беттерін де бояу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | балабақша", "Қуыршақтарға арналған үй".<br><br>Мақсат-міндеттері. Ағаштардан үй құрылысын жасауды үйрету. Тиянақтылыққа дағдыландыру.<br><br>**(құрастыру)** | | | | Міндеттері. Балалардың қуанышты эмоцияларын ояту. **(сурет салу, сөйлеуді дамыту, жапсыру)** |
| Таңертеңгі жаттығу | 1. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, қол төменде.<br>1.1. Балалар қолдарын алдарына созып, алақандарын ашып-жұмады;<br>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 5-6 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, қол кеуде тұсында.<br>2.1. Оң аяқтарын артқа қойып, екі қолдарын да артқа созады.<br>2.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қол төменде.<br>3.1. Орындарында тұрып, бастарын оңға және солға бұрады.<br>3.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 5 рет қайталанады). **(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| Таңғы ас | Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық пен шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу.<br>Ас ішуге тұрайық,<br>Қолымызды жуайық.<br>Сабын мен суды аямай,<br>Тазалықты сақтайық. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)** | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке | «Қылқалам ханшасы». | «Тілек тілеу». Барлығымыз | Сәлем, саған, ыстық жерім! | Қайырлы таң, Алтын күн! | Күн жылуын аямасын, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| дайындық | Жер-Ана, саған мың алғыс,<br>Сыйлайсың бізге қуаныш.<br>Жазда, күзде, қыста да,<br>Көркемсің көктем тұста да!<br>Шеңберге жиналып тұрады, бір-біріне жылы сөздер айтады.<br><br>ҚР Президенті, ҚР Рәміздері жайлы әңгімелесу. ҚР Әнұранын шырқау.<br>(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу, музыка) | табиғатты сүйеміз,<br>Үлкендердің сөзін ойға түйеміз.<br>Денсаулықты әрқашан да сақтаймыз,<br>Бейбіт өмір баршамызға тілейміз!<br>(Шеңбер құрып тұрады, тақпақты қайталайды).<br>(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)<br>Күз ерекшеліктері жайлы әңгімелесу. | Сәлем, саған, туыс елім!<br>Ыстық маған ошақ үйім,<br>Домбыраның қоңыр күйі!<br>(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)<br>Бір-біріне жылулық сыйлап, достық, топтың ережесі туралы әңгімелесу. | Қайырлы таң, Жер-Ана!<br>Аман болсын, достарым,<br>Аман болсын, ата-анам!<br>(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу, сурет салу)<br>Алтын күз жайлы әңгімелесу. | Шуағымен аяласын.<br>Достық деген бәйтеректі,<br>Барлық бала саяласын.<br>(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)<br>Жапырақтар туралы әңгімелесу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **1.Музыка** Саз жетекшісінің жоспары бойынша **2.Дене шынықтыру** Ден тәрбие нұсқаушысының жоспары бойынша<br><br>Топқа әже қонаққа келеді? Балалардан қонаққа кім келгенін сұрау. Сәлемдесу өз әжелерінің есімін атау, әже қандай адамі туралы әңгімелеп беруін сұрау негізінде сөйлеуін қалыптастыру. **сөйлеуді дамыту** Ойыншық туралы жаттаған тақпағын айтып, әжеден сыйлық алып қуану | **2.Дене шынықтыру** Ден тәрбие нұсқаушысының жоспары бойынша Дос болу сезімін дамыту үшін топқа қонақ боп келген Жанель құыршақты таныстыру. Ол өзімен ертіп келген достарын таныстыру. Достарының есімдерін. сұрап, балаларға өз есімдерін айтқызу арқылы танысу дос болу жолдарын таныту. Достармен қандай ойын ойнайтынын сұрап ойын ойнау негізінде достық сезімдерін | **1.Қазақ тілі**Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру. Балаларға топты аралатып, топтағы заттарды көрсету. Оларды атап, не үшін қолданылатынын әңгімелеуді дамыту. Топтағы заттарды салыстыру негізінде үлкен кіші, ұзын қысқа деген сөздерді түсініп, қолдануды үйрету. Заттарды пайдаланып көру қабылеттерін дамыту**сөйлеуді дамыту,Қоршаған ортамен таныстыру,математика негіздері** | **1Дене шынықтыру** Ден тәрбие нұсқаушысының жоспары бойынша **1.Музыка** Саз жетекшісінің жоспары бойынша Топқа кір қожалақ қуыршақ көмек сұрап келеді. Балалардан қуыршаққа қалай көмектесуге болатынын сұрау арқылы олардың бастамасы бойынша іс әрекет жасау. Балалардан қуыршаққа не болғаны туралы сұрап,ойларын дамыту. Дыбыстарды дұрыс айтып, байланыстыра сөйлеуін үйрету. **сөйлеуді дамыту** Қуыршақтың сүйікті ойыншығы доп екен. Бізде | Балалардан бізге тамақ әкеліп, бізді күтіп қарайтын апайымыздың есімі кім? Ол бізге қалай қамқорлық танытады. Біз апайымызға қалай қамқорлық таныта аламыз деп балалардың байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамыту. **сөйлеуді дамыту** Апайымызбен бірге кітаптар қарайық. Кітаптан көргенімізді апайымызға айтып берейік деп қызығушылығын жетілдіру **көркем әдебиет** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сезіміне бөленуіне жағдай жасау **көркем әдебиет** Әженің қоржынынан шыққан заттарды санау, топтастыру, салыстыру бойынша санау қабылеттерін дамыту **математика негіз** | дамыту **сөйлеуді дамыту** Аружанның достарына қалаулары бойынша сурет салып беру, арқылы немесе мүсін жасау арқылы жеке қарандашты , ермек сазды қолдану қабылеттерін **қалыптастыру Сурет салу Мүсіндеу** | | доппен ойнай аламыз ба деп доппен ойындар ойнату.Сосын доптың суретін салып, мүсінін жасауын , тақтаға жапсыруын ұйымдастыру. Қол қимылын дамытуға жағдай жасау **Сурет салу,Мүсіндеу,Жапсыру** | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(сөйлеуді дамыту, мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **1.Бақылау** Аулаға ұшып келетін құстарды бақылау. Міндеті:құстарды | **1.Бақылау** Күзгі жапырақтарды бақылау.Міндеті : | **1.Бақылау** Жаңбырды бақылау. Міндеті: Жаңбырды бақылай отырып, оның бұлттан жауатындығы | **1.Бақылау** Бұлтты бақылау. Міндеті: Бұлттың түзілуі және олардың | **1.Бақылау** Желді бақылау. Міндеті: Желдің түрлерімен таныстыру;салқын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тануға, дене бөліктерін атауға үйрету; құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.<br>**2.Жеке жұмыс.**<br>«Бозторғай» тақпағын жаттау (С.Сейфуллин)<br>Міне торғай,<br>Үйін қорғай<br>Жер бауырлап зырлайды<br>Шырқап биік,<br>Күнге күйіп<br>Қалмай, сайрап жырлайды.<br>**3.Еңбек.**<br>Ересектің көмегімен қарапайым еңбек тапсырмалары (мысалы: жапырақтар жинау)<br>Міндеті:қарапайым тапсырмаларды орындауға үйрету.<br>**4.Қимылды ойындар:** | Мезгілге байланысты жапырақ түстерінің өзгеруін қадағалау<br>**2.Жеке жұмыс.**<br>Күз мезгіліне байланысты көркем сөз жаттату.<br>«Күз»<br>Қара бұлт қабағын түйеді<br>Бұталар боз қырау киеді,<br>Осы ма, осы ма, күз деген<br>Бақшаға баратын бізбенен<br>**3.Еңбек:**<br>Құмсалғыштағы құмды күрекшелермен көтеру.<br>**4.Қимылдық ойын:** «Орамал тастау».<br>Міндеті:Қандай жағдайда әр нәрсенің | және түрлерін айтып түсіндіру.<br>**2.Жеке жұмыс.**<br>Құстар туралы жұмбақтар жасыру<br>Құйқылжытып дала күйін,<br>Үй ішіне салады үйін<br>(Қарлығаш)<br>Күндіз соқыр не деген?<br>Түнде қандай көреген<br>(Үкі)<br>Еркін самғап ұшсын,- деп<br>Мәпелейміз, баптаймыз<br>Бейбітшілік құсы, - деп<br>Қайсы құсты мақтаймыз?<br>(Көгершін)<br>**3.Еңбек:** Құстарға жем салатын тақтай жасау.<br>**4.Қимылды ойындар:** «Қайтқан құстар», «Құстар мен мысық»<br>Мақсаты: Ойын барысын бұзбай ойнауға дағдыландыру.<br>Құс қимылдары арқылы дене бітімдерін дамыту. | түрлерін:шарпы, будақ, қабатты бұлттарды ажырату.<br>**2.Жеке жұмыс.**<br>«Бозторғай» тақпағын жаттау (С.Сейфуллин)<br>Міне торғай,<br>Үйін қорғай<br>Жер бауырлап зырлайды<br>Шырқап биік,<br>Күнге күйіп<br>Қалмай, сайрап жырлайды.<br>**3.Еңбек.**<br>Жапырақтардан гүл шоғын жасау<br>**4.Қимылдық ойын:** «Сұр қоян».<br>Міндеті: Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа баулу.<br>**5.Дербес ойын әрекеті.**<br>1.Сазбалшықтан «қала» құрастырайық.<br>2.«Тәтті тоқаштар» пісірейік. | жел, жылы жел, ұйытқып соққан жел.Желдің күштілігі ауа-райының салқындығын үдететіндігін түсіндіру.<br>**2.Жеке жұмыс:**<br>«Күзгі жапырақтар» туралы оқу (Қ. Шарғытбаев)<br>Алтын, сары, қызыл, көк<br>Алуан- алуан жапырақ<br>Күзгі бақта күлімдеп,<br>Көз тартады атырап.<br>**3.Еңбек.**<br>Біздің алаң.<br>Міндеті: Ауладағы жапырақтарды жинау. Балалардың еңбекке ынтасын арттырып , өздігінен еңбек ете білуге үйрету.<br>**4.Қимылды ойындар:** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Мені қуып жет», «Күннің көзі мен жаңбыр» Міндеті: Бір-біріне қақтығысып қалмай жүгіруге үйрету. 5.**Дербес ойын әрекеті**. Серуенге алып шыққан материалдармен ойындар | қажеттілігін білу мақсатында ойнату. **5.Дербес ойын әрекеті**. 1. «Желмен жарысайық» | **5.Дербес ойын әрекеті.** Серуенге алып шыққан материалдармен ойындар | | «Картоп тасу» Міндеті: Қимылды ойынның ережесін сақтай білуге үйрету, ойынның мазмұнын түсіне білуге баулу. 5.**Дербес ойын әрекеті.** Еркін ойындар. |
| Серуеннен оралу | Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| Түскі ас | Алдына қойған асқа назар аудару; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(сөйлеуді дамыту, мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| Күндізгі ұйқы | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау. | | | | |
| Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары | Ұйқы ашар жаттығу: «Созылу» - Төсекте аяқтары бірге, қолды денесінің қалпымен жоғарыға созып, арқасымен | Ұйқы ашар жаттығу: «Қайық» - Төсекте ішпен жатып , қолды иекке таяп қою, жартылай тұрып оңға- солға тербелу. Жүру түрлеру | Ұйқы ашар жаттығу: «Кемпірқосақ» - Төсекте арқамен жатып аяғымен ауада шеңбер жасау. Жүру түрлеру Төсектерінен тұрып, бұдыр тақтайдың үстімен, тастардың үстімен басып ұйықтайтын | Ұйқы ашар жаттығу: «Созылу» - Төсекте аяқтары бірге, қолды денесінің қалпымен жоғарыға созып, арқасымен жатып керілу. Жүру түрлеру | Ұйқы ашар жаттығу: «Созылу» - Төсекте аяқтары бірге, қолды денесінің қалпымен жоғарыға созып, арқасымен жатып керілу. «Тышқандар» - |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жатып керілу. Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жол бойымен жүру (**дене белсенділігі)** | Төсектерінен тұрып, бұдыр тақтайдың үстімен, тастардың үстімен басып ұйықтайтын бөлмеден шығу.(**дене белсенділігі)** | бөлмеден шығу.(**дене белсенділігі)** | Төсектерінен тұрып, бұдыр тақтайдың үстімен, тастардың үстімен басып ұйықтайтын бөлмеден шығу. (**дене белсенділігі)** | Массажды кілемшеде аяқ ұшымен және өкшемен айналу. (**дене белсенділігі)** |
| Бесін ас | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Сюжеттік-рөлді ойын. «Шаштараз».** Міндеттері. Балаларды шаштараз ойынымен таныстыру, шаштарын үнемі тарақпен тарап, әдеміленіп жүруді үйрету. Шаш өрудің әртүрлі үлгісін көрсету. Әсемдікке, әдемілікке | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу.** "Менің өлкем". Міндеттері. Балаларды Қабдыкәрім Ыдырысовтың «Менің өлкем» өлеңнің мазмұнымен таныстыру; өлең жолдарындағы көркем сөз атауларын шынайы айтуға жаттықтыру. | **Сурет салудан ойын-жаттығу** Тақырыбы: Ыдыстар. Міндеттері. Балаларды акварель бояуларымен таныстыруды жалғастыру, акварель бояуын суға езу, бояуды қылқаламмен араластырып қоюландыру тәсілін қалыптастыру; қылқаламмен шеңбер және жарты шеңбер пішіндерін бір-бірінің қасына салып, табақша мен шыны-аяқ | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу.** "Қыран". Міндеттері. Балаларды қыранның сыртқы бейнесімен таныстыру; қыранды тануды, оның тіршілік етуіне қызығушылықты дамыту. **Дидактикалық ойын: "Қыранды тап".** | "Барлығы қанша?" сұрағына жауап беруге үйрету. **«Балықшы».М**індеттері. Білімдерін тиянақтау, ойлау қабілетін дамыту. Көрнекіліктер: аквариум суреті, балықтар. Ойынның барысы: балалар суреттегі аквариумнан балықтарды аулап алады да, балықтың түсін айтады. **(қоршаған** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тәрбиелеу. **(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | **"Жүгіріп қағып ал" қимылды ойыны.** Балалар ойын алаңында еркін тұрады. Тәрбиеші үлкен әдемі доппен балаларға қарама-қарсы жақта тұрады (қашықтығы 1,5-2 м). Тәрбиеші «Бір лақтырамын, екі лақтырамын, үш лақтырамын, ең жылдам бала қағып алсын!» - деп допты лақтырады да, өзі қағып алып: «Қаға алмадыңдар қайта жүгіріңдер,» - дейді. Балалар өз орындарына қайта барып | суреттерін бір сюжетке біріктіруді үйрету. **Саусақ жаттығуы. "Ыдысты қалай жуамыз?"** Міндеттері. Сөйлеуді дамыту, іс-әрекетті сөзбен түсіндіруді үйрету. **Дидактикалық ойын. "Басқаша айт".** Міндеттері. Жалпылама ұғымдарды бекіту (педагог балаға допты лақтырып, жалпылауыш сөзді атайды, бала допты кері лақтырады және жалпылама ұғымға жататын сөздің нақты атауын атайды: ойыншық - қуыршақ (аю, доп, қоян, трактор), жиһаз - үстел (орындық, шкаф, сөре), киім - көйлек (жейде, шалбар, күртеше), аспап - домбыра (сырнай, сыбызғы, | Міндеті. Құстардың бірнеше бөлікке бөлінген суреттерінен қыранды білдіретін суретті табуды үйрету. Зейін, байқампаздық қабілеттерін дамыту. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** **Театрды сахналау.** "Қызыл телпек" ертегі желісін маскамен сахналау. Міндететрі. Сөйлеуді, еске сақтауды, қиялды дамыту. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)** | **ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | тұрады. Ойын жалғасады. Ойын кезінде балалардың қағып алуына мүмкіндік жасап жүреді. Қалған балалар соңынан еріп жүреді. **(дене шынықтыру)** | қобыз). **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған ортамен танысу)** | | |
| Балалармен жеке жұмыс | Балалармен бақылау жүргізілуде | Балалармен бақылау жүргізілуде | Балалармен бақылау жүргізілуде | Балалармен бақылау жүргізілуде | Балалармен бақылау жүргізілуде |
| Серуенге дайындық | Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| Серуен | **1.Бақылау** Бұлтты бақылау. Міндеті: Бұлттың түзілуі және олардың түрлерін:шарпы, будақ, қабатты бұлттарды ажырату. 2.Жеке жұмыс. Аспанға ұшар бу болып Жерге қайтар су | **1.Бақылау** Алтын күзді бақылау. Міндеті: Күзгі алаңның назар аударып, күздің алғашқы белгілерін анықтау. Қай ағаштың жапырақтары ерте өзгеріске ұшырайтынын, | **1. Бақылау** Аулаға ұшып келетін құстарды бақылау. Міндеті: құстарды тануға, дене бөліктерін атауға үйрету; құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. 2.Жеке жұмыс. Құстар туралы әңгімелесу Міндеті: Балаларға жыл құстарының | **1. Бақылау** Күзгі жапырақтарды бақылау. Міндеті: Мезгілге байланысты жапырақ түстерінің өзгеруін қадағалау.*)* 2.Жеке жұмыс. «Күзгі жапырақ» тақпақ Қыстың жақын қалғанын, | **1.Бақылау** Жаңбырды бақылау. Міндеті: Жаңбырды бақылай отырып, оның бұлттан жауатындығы және түрлерін айтып түсіндіру. Жеке жұмыс. Ал керемет бұл қандай? |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | болып.<br>(Бұлт)<br>3.Еңбек.<br>Ауладағы гүлдерді суару.<br>Міндеті: Балаларды қоршаған әлемге қамқорлықпен қарауға, табиғат әсемдігін сезіне білуге тәрбелеу.<br>4.Қимылды ойын: «Кімге қандай құрал керек?» Міндеті: Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу мақсатында ойнату. Шапшаңдыққа баулу.<br>5.Дербес ойын әрекеті.<br>1.Әткіншектебу. | түрін, түсін ажырату.<br>2.Жеке жұмыс. «Отбасы мүшелері»<br>Мақсаты: Отбасы мүшелерін дұрыс атай білуге үйрету.<br>3.Еңбек.<br>«Таза алаң»<br>Міндеті: Ойын алаңындағы ағаш бұтақтарын жинау. Бастаған ісін аяғына дейін тиянақты орындауға үйрету.<br>4.Қимылдық ойын: «Көрші».<br>Міндеті: Балалардың ептілікке, кеңістікті бағдарлай білуге үйрете отырып, батылдық сияқты қабілеттерін | тіршілігі туралы түсіндіру, құстардың түрлерімен таныстыру.<br>3.Еңбек.<br>Ересектің көмегімен қарапайым еңбек тапсырмалары (мысалы: жапырақтар жинау) Міндеті: қарапайым тапсырмаларды орындауға үйрету.<br>4.Қимылды ойындар: «Мені қуып жет», «Күннің көзі мен жаңбыр»<br>Міндеті: Бір-біріне қақтығысып қалмай жүгіруге үйрету.<br>5.Дербес ойын әрекеті. Серуенге алып шыққан материалдармен ойындар | Жапырақтар сезгендей.<br>Желмен ұшып барады, Жерге қонып үлгермей<br>3.Еңбек.<br>Жапырақтардан гүл шоғын жасау<br>Міндеті: Қол икемділігін дамыта отырып, әсемділікті, әдемілікті сезіне білуге талпындыру.<br>4.Қимылдық ойын «Монданақ».<br>Міндеті: Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа баулу. 5.Дербес ойын әрекеті.<br>1.Орта доп<br>2.Әткеншек тебу<br>3.Қуаласпақ | Төгіледі төбеден.<br>Көк теңізден құйғандай<br>Көл-көсір су не деген? (Жаңбыр)<br>3.Еңбек. Ағаш түптерін қопсыту.<br>Міндеті: Балаларды еңбек сүйгештікке тәрбиелеу, өздеріне берілген тапсырманы тиянақты орындауын қадағалау.<br>4.Қимылдық ойын «Сұр қоян».<br>Міндеті: Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа баулу. 5.Дербес ойын әрекеті.<br>1.Сазбалшықтан «қала» құрастырайық.<br>2.«Тәтті тоқаштар» пісірейік. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | одан әрі дамыту.<br>5.Дербес ойын әрекеті.<br>1.Орта доп | | | |
| Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес) | Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы. | Ата-анаға кеңес: «Балаңыз отбасында өзіне-өзі қызмет көрсете ала ма? қадағалау | Ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру. | Ата-анаға кеңес: Балабақшаның күн тәртібімен үйдегі күн тәртібін сәйкестендіру | Ата-аналарға тапсырма беру, жақсы демалуға тілек білдіру. |

Циклограмманы тексерген әдіскер:

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:**МКҚК «Астана» бөбекжай бақшасы
**Топ:** «Балдәурен» ересек
**Балалардың жасы**: 4-жасар балалар
**Жоспардың құрылу кезеңі**: 02.10-06.10.2023 жыл

| **Күн тәртібінің кезеңдері** | **Дүйсенбі 02.10.2023** | **Сейсенбі 03.10.2023** | **Сәрсенбі 04.10.2023** | **Бейсенбі 05.10.2023** | **Жұма 06.10.2023** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу олар үшін жайлы жағдай жасау. | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу олар үшін жайлы жағдай жасау. | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу олар үшін жайлы жағдай жасау. | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу олар үшін жайлы жағдай жасау. Балалардың тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуін бақылап үйрету. | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу олар үшін жайлы жағдай жасау. Балалардың тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуін бақылап үйрету. |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Балаларды қабылдау үстінде ата-аналармен баланың мінезіндегі өзгерістер туралы, ауа райының өзгеруіне байланысты | Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу. | Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау | Балаларды қабылдау үстінде ата-аналармен баланың мінезіндегі өзгерістер туралы, ауа райының өзгеруіне байланысты киінуі туралы әңгімелесу. | Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстатйыны жайлы әңгімелесу |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | киінуі туралы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Кітап бұрышындағы еңбек".** (кітаптарды қалпына келтіру). Міндеттері: балаларға жөндеуді қажет ететін кітаптарды таңдауды және оларды мұқият желімдеуді үйрету (желім мен қайшыны дұрыс пайдалану, майлықтарды пайдалану). Кітаптарға ұқыпты қарауға, жұмыс істеуге, тәртіп сақтауға тәрбиелеу. **(сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)** **Үстел үсті ойыны.** | **"Біздің шкафта тәртіп бар".**Міндеттері : балаларға сыртқы киімге арналған шкафта заттарды бүктеу кезінде ұқыптылыққа үйрету. **(сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)** **Саусақ жаттығуы.** | **"Асхана бойынша кезекшілік".** Міндеттері: балаларға кезекші міндеттерін өз бетінше және адал орындауды үйрету. Қолды мұқият жуу, кезекшінің киімін кию, үстелді дұрыс қою. Тамақтанғаннан кейін ыдыстарды тазалау. Еңбек дағдыларын дамыту, үстелді жабдығының ретсіздігін көру. **(сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)** | **"Кір сүлгілерді ауыстыру".** Міндеттері: еңбекке тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу. Сүлгіні іліп қою және ұқыптылықты үйрену. Еңбекке баулу. **(сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)** "Менің жанұям" фотосуреттерді **қарастыру.** Міндеті:Байланыстырып сөйлеу қабілетін жетілдіру, сөздік қорын молайту; туыстарға сүйіспеншілікті арттыру. Фотосуретте бейнеленген отбасы жайлы әңгімелеу. | **"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп". (тәрбиешінің көмекшісімен бірге)** Міндеті: балаларды жеке киім шкафтарында тәртіп сақтауды үйрету, шкафты киім мен аяқ киімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеу. Еңбекқорлыққа, тәртіп сақтауға дағдыландыру. Ұжымда тату-тәтті еңбек етуді үйрету. **(сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)** |
| **Таңертеңгі** | 1. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, қол төменде. | | | | |

<table>
<tr><td>жаттығу</td><td colspan="5">1.1. Балалар қолдарын алдарына созып, алақандарын ашып-жұмады.<br>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 5-6 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, қол көкірек тұсында.<br>2.1. Оң аяқтарын артқа қойып, екі қолдарын да артқа созады.<br>2.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қол төменде.<br>3.1. Орындарында тұрып, бастарын оңға бұрады.<br>3.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 5 рет қайталанады).<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</td></tr>
<tr><td>Таңғы ас</td><td colspan="5">Дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру: асхана құралдарын дұрыс қолдану (ас қасық пен шай қасық, шанышқы); майлықты ұқыпты пайдалану; нанды үгітпей жеу, асты ауызды жауып шайнау, тамақ ішіп отырғанда сөйлемеу; әдепті болуға тәрбиелеу (ас үшін алғыс білдіру, тазалық сақтау).<br>Біздерде бар қасықтар<br>Сиқырлы екен құралдар.<br>Дайын қасық, дәмді ас.<br>Еш нәрсені қалдырмас.<br>Балалар таңғы астарын ішеді. Тамақтану барысында тәрбиеші балалардың орындықта дұрыс отыруын қадағалайды. Бала орындықта түзу отырмаса, педагог оған орындықта дұрыс отыру керектігін айтады.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастыр<br>ыл<br>ған<br>іс-әрекетке<br>дайындық</td><td>«Қылқалам ханшасы».<br>Жер-Ана, саған мың алғыс,<br>Сыйлайсың бізге қуаныш.<br>Жазда, күзде, қыста да,<br>Көркемсің көктем тұста да!<br>Шеңберге тұрады, бір-біріне жылы сөздер</td><td>«Тілек тілеу».<br>Барлығымыз табиғатты сүйеміз,<br>Үлкендердің сөзін ойға түйеміз.<br>Денсаулықты әрқашан да сақтаймыз,<br>Бейбіт өмір баршамызға тілейміз!</td><td>Сәлем саған, ыстық жерім!<br>Сәлем саған, туыс елім!<br>Ыстық маған ошақ үйім,<br>Домбыраның қоңыр күйі!<br><br>Бір-біріне жылулық сыйлап, достық туралы, топтың ережесі туралы</td><td>Қайырлы таң, Алтын күн!<br>Қайырлы таң, Жер-Ана.<br>Аман болсын, достарым,<br>Аман болсын, ата-анам.<br><br>Алтын күз туралы әңгімелесу.<br>(сөйлеуді дамыту)</td><td>Күн жылуын аямасын,<br>Шуағымен аяласын.<br>Достық деген бәйтеректі,<br>Барлық бала саяласын.<br><br>Жапырақтар туралы әңгімелесу.<br>(сөйлеуді дамыту)</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | айтады.<br>ҚР Президенті, ҚР Рәміздері жайлы әңгімелесу. ҚР Әнұранын шырқау.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | (Шеңбер құрып, қайталайды).<br>Күз ерекшеліктері жайлы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | |
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | **1.Музыка**<br>Саз жетекшісінің жоспары бойынша<br>**2.Дене шынықтыру**<br>Ден тәрбие нұсқаушысының жоспары бойынша<br>«Күз туралы ертегі»айтып. Балалардан күз туралы ертегі мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруді дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br>**«Күз» тақпағын жаттату**<br>(Қабдікәрім | **1.Дене шынықтыру**<br>Ден тәрбие нұсқаушысының жоспары<br>Бүгінгі күнімізді серуеннен бастап. Бақша ауласын аралап, күзгі табиғатты тамашалап бақылау. Ағаштардан түскен бұтақтар мен жапырақтар, дәндерді жинап топқа алып келуді жетілдіру.<br>**(қоршаған ортамен танысу)** | **1.Қазақ тілі**<br>Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру.<br>Балаларға түрлі жемістер мен көкөністер араластырылып салынған себетті көрсету себеттегі жемістермен көкөністерді бөліп екі ыдысқа салу және оларды сипаттауды дамыту. «Дәмін татып біл» ойынын ойнату<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br>Балаларға таңдау | **1.Дене шынықтыру**<br>Ден тәрбие нұсқаушысының жоспары<br>**3.Музыка**<br>Саз жетекшісінің жоспары бойынша<br><br>Күздегі құстар мен жануарлардың тіршілігімен таныстыру. Бақша ауласына құстарды бақылау, олар жайлы. Өздері не білетін айтқызу. Құстарға жем, су беру. **(қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Құстардың суретін пішіндерден құрап | Күзде жануарлар не істейді, адамдар не істейді сұрау. Тіршіліктеріндегі айырмашылықтарды айта білуін қалыптастыру.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br>Бақша күтушісінің пайдаланатын құралдарын таныстыру.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Балалардың қалауы бойынша кітап көруге, бақша күтушісінің құрал саймандарын мүсіндеп жасауға үйрету **(мүсіндеу)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ыдырысов)<br>Күзім-ау, күзім-ау<br>Мінезің бұзық ау,<br>Жаңбырың сікіреп,<br>Келгенің қызық-ау.<br>**(көркем әдебиет)**<br>Күзгі жаңбыр суретін салуға ынтасын дайындау.<br>Күзгі жемістерді салатын табақты мүсіндеуді үйрету**(сурет салу, мүсіндеу)** | Балалармен бірге жанырақтарды бояу**(сурет салу)**<br>Жапырақтардан безендіру заттарын жасап, топты безендіру.<br>**(жапсыру)** | еркіндігін беру.<br>Қалаған орталықтарына барып.<br>Қалаған жеміс ,көкөніс суретін салуға және мүсіндеуге үйрету<br>**(сурет салу,. (мүсіндеу** | жапсыру<br>**(жапсыру)**<br>Құрастыру материалдарынан өқстарға үйшік жасау.<br>**(құрастыру)** | |
| Серуенге дайындық | Міндеттері:<br>- киімді дұрыс бүктеу, орнына ілу, аяқ-киімді түзу қоюды әдетке айналдыру;<br>- өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киінуді (шешіне) дағдыға енгізу;<br>- шкафқа ілінген немесе қойылған бас киім, сырт киім, аяқ қим сияқты заттарды өз орындарына ғана қою, тәртіп сақтауға тәрбиелеу;<br>- ауа райына сай киінуге үйрету, киімді, аяқ киімді таза ұстауға баулу;<br>- көмек көрсетуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| Серуен | **1.Бақылау:**<br>Күн - жылу мен жарық көзі.<br>Міндеті: күн - жылу мен жарық | **1.Бақылау:**<br>Желді бақылау.<br>Міндеті:<br>Балалардың желдің | **1.Бақылау:**<br>Суды бақылау.<br>Міндеті: балаларды сумен ұқыпты жұмыс істеуді дағдыландыру; | **1.Бақылау:**<br>Мысықты бақылау.<br>Міндеті:<br>Балалардың үй жануарлары, мысық | **1.Бақылау:**<br>Аспанды бақылау.<br>Міндеті: Балаларды аспанның ашық не бұлтты екенін |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | көзі екені жайлы түсініктерін пысықтау; талқылау, дәлелдеу біліктерін дамыту;<br>**2.Жеке жұмыс.**<br>Алманың суретін салғызу.<br>Міндеті: Шығармашылыққа баулу.<br>**3.Еңбек:**<br>кіші топ балаларына ойын аумақтарын жинауға көмектесу.<br>Мақсаты: Жасы кішіге көмектесуге ұмтылуды үйрету, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**4.Қимылды ойын:**<br>"Ақсүйек"<br>Міндеті: Балаларды ойын ережесіне сай | қасиеттерін тануға деген қызығушылықтарын арттыру;<br>"Түтікшемен үрлеп, таспаны (лента) желбіретейік" жаттығуы.<br>**2.Жеке жұмыс.**<br>Аспанға ұшар бу болып Жерге қайтар су болып.<br>(Бұлт)<br>**3.Еңбек:**<br>ойын алаңына ағаштардан құрап түскен ұсақ бұтақтарды жинау.<br>Міндеті: Аула сыпырушыға көмек көрсету, өзгелердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.<br>**4.Қимылды ойын:**<br>"Әткеншек"<br>Міндеті: | судың қасиеттері жайлы түсініктерін нақтылау; судың табиғи сұйық зат екеніне көз жеткізу; ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**2.Жеке жұмыс.**<br>Мақал мәтел айту.<br>Аққуды атпа досыңды сатпа.<br>Досы көпті жау алмайды.<br>Міндеті: Достықты бағалауға үйрету.<br>**3.Еңбек.**<br>«Таза алаң»<br>Міндеті: Ойын алаңындағы ағаш бұтақтарын жинау.<br>**4.Қимылды ойын:**<br>"Ақ серек, көк серек"<br>Міндеті Балаларды ойын шарты бойынша ойнауға, мұқият және белсенді болуға; батылдыққа, жылдамдыққа, жылдам жүгіруге баулу;<br>**5.Дербес ойын әрекеті.** "Жыланша"<br>Міндеті: Қимыл- | жайлы білімдерін нақтылау, сипаттау мәтінін құрастыра білуге машықтандыру;<br>Көркемсөз.<br>Б. Соқпақбаев "Мысық".<br>Үстінде үйдің<br>Тұр еді мысық.<br>Қасына келді<br>Бір торғай ұшып.<br>бассалмақ болып,<br>Ыршыды мысық.<br>Жалт берді торғай,<br>Пыр етіп ұшып.<br>Биіктен жерге<br>Топ ете түсіп,<br>Мысықтың қалды<br>Жамбасы ісіп.<br>**2.Жеке жұмыс.**<br>Тыйым сөздерді жаттату.<br>Міндеті: «Суға түкірме», «Нанды баспа», «Дастархан басында кекірме» т.б сөздердің мағынасын айтып түсіндіру.<br>**3.Еңбек :** ойын алаңындағы ұсақ | анықтап; бұлттарды белгілі бейнелерге ұқсайтынын байқауға машықтандыру;<br>**2.Жеке жұмыс**.<br>Жұмбақ.<br>Қабат қабат тоны бар, Шешіндірсең жылытар.<br>(пияз)<br>**3.Еңбек:** ағаштардан түскен құрғақ бұтақтарды жинау.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Құралдарды қолдануды үйрету, еңбек біліктіліктерін дамыту.<br>**4.Қимылды ойын:**<br>"Қу түлкі"<br>Міндеті: Балалардың ойын шарттарына сай ойнай білу,<br>"Үш табан"<br>Міндеті: Балаларды мергендікке, шыдамдылыққа, ұқыптылыққа, ептілікке тәрбиелеу;<br>**5.Дербес ойын әрекеті**.<br>далаға шығарылған |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ойнауға машықтандыру; зеректікке, қырағылыққа, дәлдікке дағдыландыру; **5.Дербес ойын әрекеті.** 1.Әткіншектебу. 2.Тартылғышқа тартылу. | Балаларды шеңберде ойын ережесіне сақтап, бірігіп ойнауға ынталандыру; "Шұңқырдан аттап секіріп өт" Міндеті: Балаларды ұзындыққа секіруге машықтандыру; вестибуляр аппаратын, күш-жігерін дамыту. **5.Дербес ойын әрекеті.** Шығарылған материалмен ойындар. Мақсат-міндеттері. Қимыл-қозғалыс үйлесімділігін дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; | қозғалыс үйлесімділігін дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы түрде қосылуға тәрбиелеу. | қоқыстарды жинап шығару. Міндеті. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **4.Қимылды ойын:** "Мысық пен тышқан" Міндеті: Балаларды ойын шартына сай ойнауға, рөлді дұрыс атқаруға бейімдеу; 5.Дербес ойын әрекеті. Еркін ойындар: далаға шығарылған материалдармен ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, секіртпеден секіру. | материалмен ойын ойнау. Міндеті: Қимыл-қозғалыс үйлесімділігін дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; |
| Серуеннен оралу | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| Түскі ас | Алдына қойған асқа назар аудару; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| Күндізгі ұйқы | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**«Құйыршық» ертегісін мобилді қосымшасы (qr)арқылы тыңдату. **(қатынас іс-әрекеті)** Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру\ «Қуу түлкі және ешкі» ертегісін оқып беру. **(қатынас іс-әрекеті)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(музыка)** | | | | |
| Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары | Ұйқы ашар жаттығу: Ортопедиялық жол бойымен жүргізу, Жалпақ табандылықты болдырмау. Майтабанның алдын алу. ( 2 минут) Анайы жолдармен жүру, дымқыл жолмен жүру. | Ұйқы ашар жаттығу: Қолдың және аяқ бұлшық еттеріне арналған жаттығуларды орындау. Майтабанның алдын алу. ( 2 минут) Арқанын қалпын сақтауға арналған жаттығулар. ( 2 минут) | Ұйқы ашар жаттығу: Созылу. ( 3- 4 рет) 1. Белсенді нүктелерге массаж жасау. Тымау ауруларын алдын алу. «Ауырма» (Нүктелі массаж). Массажды балалар өз бетімен орындайды. 2.Майтабанның алдын алу. ( 2 минут) Арнайы жолдармен жүру, дымқыл жолмен жүру. | Ұйқы ашар жаттығу: 1. Төсекте жатып жасайтын жаттығулар (2-3 минут) 2. Майтабанның алдын алу. ( 2 минут) 3. Арқанын қалпын сақтауға арналған жаттығулар. ( 2 минут) | Ұйқы ашар жаттығу Түйіршікті және жұмсақ жолақшалармен жүру |
| Бесін ас | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу.** "Күз туралы тақпақты | **Сурет салудан ойын-жаттығу** "Күзгі саябақтағы жапырақтардың | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу.** "Күзгі жапырақтар шоқтары". | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** "Алтын күз". Міндеттері. Балаларды "Алтын | **Құрастырудан ойын-жаттығу** "Саңырауқұлақтар әлеміне саяхат". Міндеттері. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | құрастыру". Міндеттері. Балалардың ұғымдарында тақпақ пен өлең туралы негізгі түсініктерді қалыптастыру, көркемсөз үлгісінің қара сөзден айырмашылығын түсіндіру; "күз мезгілі" ұғымына жататын табиғаттағы өзгерістер мен құбылыстарды пысықтау. Жаттамақ жаттығуы. "Күз суық, сары көйлекті". **Сюжетті-рөлдік ойын. «Шаштараз».** Міндеттері. Балаларды шаштараз ойынымен таныстыра отырып, өз | түсуі". Міндеттері. Балаларды жапырақ пішінін қою бояумен бояу және қағаз бетіне бедерін басу техникасымен таныстыру; жапырақтың бетін күздің ашық бояуларына араластырып бояп, қағаз бетіне басып, жапырақтың нақтылы ізін қалдыруға дағдыландыру. **Дамытушы жаттығу. "Бұл қандай ағаштың жапырағы?" (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сурет салу)** | Міндеттері. Балалардың ұғымында заттардың бірден төртке дейінгі сандарға сәйкес жиындары туралы түсініктерін қалыптастыру. **Дамытушы жаттығу. "Күзгі бояу".** Міндеттері. Табиғаттағы күзгі түстерді атауды, бір-бірінен ажыратуды үйрету. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу) Дидактикалық ойын. "Басқаша айт".** Мақсат-міндеттері. Жалпылауыш сөздерді бекіту (педагог балаға допты лақтырып, заттардың жалпы атауын атайды. Бала допты кері лақтырады және түр ұғымын атайды: ойыншық-қуыршақ, жиһаз-үстел).<br><br>**Қоршаған ортамен** | күз" өлеңінің мазмұнымен таныстыру, тақпақты мұқият тыңдауды үйрету. **Театрды сахналау.** "Қызыл телпек" ертегі желісін маскамен сахналау. **(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту) Мүсіндеуден ойын-жаттығу** "Саңырауқұлақтар". Міндеттері. Екі бөлшектен тұратын заттарды, оларға тән пішіндерін бере отырып, сомдау біліктерін нығайту; жұмыс кезінде қырнауышты дұрыс пайдалануды үйрету. | Балаларды жасымықтан саңырауқұлақтың қалпақшасын, қарақұмықтан саңырауқұлақтың түбірін, құрмадан саңырауқұлақтың сабағын құрастыруды үйрету. **Құрастыру** "Күзгі ағаштар". Міндеттері. Балаларды асқабақ тұқымдарын ағаш қимаүлгісінің үстіне жапсырып, күзгі ағаштардың суретін құрастыруды үйрету; балалардың құрастыру түрлерімен жұмыс істеу іскерліктерін жетілдіру; ағаш трафаретін қағаз бетіне бастырып, қайшымен қиып алу іскерліктерін дамыта отырып, қайшымен жұмыс істегенде қауіпсіздік ережелерін сақтауды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | шаштарын үнемі тарап, әдеміленіп жүруді үйрету. Шаш өрудің әртүрлі үлгісін көрсету. Әсемдікке, әдемілікке баулу. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет, қазақ тілі)** | Міндеттері. Ағаштардың атауларын жапырақтарына қарап табуды үйрету. Зейін, еске сақтау, сөйлеуді дамыту. | **танысудан ойын-жаттығу** "Алтын жапырақ". Міндеттері. Балаларды күз маусымының өзгерістерімен таныстыру. Дидактикалық ойын. "Жапырақтарды түсіне қарай топта". Мақсат-міндеттері. Заттарды түстеріне қарай топтастыруды үйрету. | | үйрету. **Дидактикалық ойын. "Қай ағаштың жапырағы?"** Міндеттері. Таныс ағаштардың жапырақтарын ажырату және атау. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** |
| Балалармен жеке жұмыс | Әлиасқар Айым мен Жалиева Айзере ересек пен бірге ән айтуға аынта білдіруге үйрету. | Сансызбай Еркеназ музыкалық фразалардың жоғары және төменгі бысталуын ажыратуға үйрету. | Тәжіғали Дінмұхаммед 3–5сөзден тұратын тіркестерді,сөйлемдерді айтуға,ақпараттар мен бөлісуге үйрету. | Наргел Инабат ағаш,шөп,гүл сөздерін дұрыс қолдануға үйрету. | Ақыл Жантөре жеке бас гигиенасының бастапқы дағдыларын меңгерту. |
| Серуенге дайындық | Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| Серуен | **1.Бақылау** «Қоңыр күзді бақылау, салыстыру» **Міндеті:** Қоңыр күзгі | **1.Бақылау** «Қайтқан құстарды бақылау» **Міндеті:** Балалармен | **1.Бақылау** «Өзге топ балаларының іс – әрекеті» **Міндеті:** Балалардың назарын өзге топ балаларының іс – | **1.Бақылау Міндеті:** **2.Жеке жұмыс.** «Күзгі жапырақтар» туралы оқу (Қ. Шарғытбаев) | **1.Бақылау** Ағаштардың желмен ұшып түсіп жатқан жапырақтарды бақылау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | табиғатты бақылау, алғашқы күзбен салыстыру,<br>**2.Жеке жұмыс.**<br>Жұмбақ жасыру:<br>Ағайынды бес құрдас<br>Бірдей болып еш тұрмас (Саусақ)<br>Есігі – біреу<br>Бөлмесі бесеу<br>(Қолғап)<br>**3.Еңбек.**<br>Құмсалғыштағы құмды күрекшелермен көтеру.<br>**4.Қимылды ойындар:**<br>«Допты қуып жет»,<br>«Кім тезірек?»<br>**Міндеті:**<br>Балаларды тез жүгіруге үйрету,<br>**5.Дербес ойын әрекеті**.<br>1. Тығылыспақ.<br>2. Тартқышқа тартылу. | қайтқан құстарды бақылау.<br>**2.Жеке жұмыс.**<br>Күз мезгіліне байланысты көркем сөз жаттату.<br>«Күз»<br>Қара бұлт қабағын түйеді<br>Бұталар боз қырау киеді,<br>Осы ма, осы ма, күз деген<br>Бақшаға баратын бізбенен<br>**3.Еңбек.**<br>Құмсалғыштағы құмды күрекшелермен көтеру.<br>**4.Қимылды ойындар:**<br>«Үрпек төбет»,<br>«Жасырынбақ»<br>**Міндеті:**<br>Шапшаңдыққа баулу.<br>**5.Дербес ойын әрекеті**. | әрекетіне аудартып, балалардың қалай ойнайтындарын, өздерін қалай ұстайтындарын бақылау.<br>**2.Жеке жұмыс.**<br>Балаларға жұмбақ жасыру.<br>Жазда тұрып жоғары,<br>Күзде жерге қонады.<br>(Жапырақ)<br>Аспай піскен,<br>Қайнамай піскен.(Жеміс)<br>**3.Еңбек.** Ауладағы ағаштардың сынығын, жапырақтарды жинау.<br>Міндеті**:** Ауладағы жапырақтарды жинау. Балалардың еңбекке ынтасын арттыру<br>**4.Қимылды ойындар:**<br>«Ақ серек, көк серек»<br>**Міндеті:** Балаларды тез жүгіруге үйрету,<br>**5.Дербес ойын әрекеті**.<br>Өткеншек тебу.<br>Допты қуалау**.** | Алтын, сары, қызыл, көк<br>Алуан- алуан жапырақ<br>Күзгі бақта күлімдеп,<br>Көз тартады атырап.<br>**3.Еңбек.**<br>Жапырақтардың ағаштардан қалай түскенін бақылап, әдемі жапырақтардың айналаға қалай сән беріп тұрғанын әңгімелету.<br>**Міндеті:**<br>Балалардың еңбекке ынтасын арттыру<br>**4.Қимылды ойындар:**<br>«Жапырақ жинау»<br>**Міндеті:**<br>Шапшаңдыққа баулу<br>**5.Дербес ойын әрекеті**.<br>1.Төбешіктентөбешікке секір.<br>2.Күн мен түн | **Міндеті:**<br>Жапырақтардың ағаштардан қалай түскенін бақылап, әдемі жапырақтардың айналаға қалай сән беріп тұрғанын әңгімелету.<br>**2.Жеке жұмыс.**<br>«Көкөністер туралы ертегі»<br>**Міндеті:**көкө ністер туралы түсіндіру.<br>**3.Еңбек.**<br>Учаскедегі күзгі жапырақтарды бір жерге жинау.<br>**Міндеті:**<br>Балаларды еңбекқорлыққа тәрбиелеу.<br>**4.Қимылды ойындар:**<br>«Қаздар, қаздар»<br>**Міндеті:**<br>Шапшаңдыққа баулу.<br>**5.Дербес ойын әрекеті**. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Серуенге алып шыққан материалдармен ойындар | | | |
| Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес) | «Жеке бас гигиенасының басты ережелері», «Достарымызды ң арасында өзімізді қалай ұстау керекпіз?» тақырыптарында әңгіме жүргізу. | «Отбасымен серуендеу» атты тақырыпта көрме ұйымдастыру. | Жоба: "Жомарт күз" атты тақырыпта көрме ұйымдастыру. | «Айына бір рет отбасы күнін өткізу». | "Баланың серуенін қалай ұйымдастырамыз" тақырыбында ата-аналарға кеңес беру. |

Циклограмманы тексерген әдіскер:

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** МКҚК «Астана» бөбекжай бақшасы
**Топ:** «Балдәурен» ересек
**Балалардың жасы**: 4-жасар балалар
**Жоспардың құрылу кезеңі**: 10.10-14.10.2023 жыл

| **Күн тәртібінің кезеңдері** | **Дүйсенбі 10.10.2023** | **Сейсенбі 11.10.2023** | **Сәрсенбі 12.10.2023** | **Бейсенбі 13.10.2023** | **Жұма 14.10.2023** |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | Балаларды көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу | Достарым әнімен қарсы алу | Қызыл жүрекшемен көңілді тілек айтып қарсы алу | Үш түрлі смайликпен қарсы алу | Қонжықтың таңғы тілегімен қарсы алу |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру | Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу. | Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау | Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау | Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстатйыны жайлы әңгімелесу | Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **"Бөлме өсімдіктерін бүріккіш пистолеттен сумен бүрку".** Міндеттері. Жаңа еңбек дағдыларын үйрету; балалардың ұғымында жапырақтарға ылғалдың | **"Орындықтар ды жуу".** Міндтеттері. Балаларға тәрбиешінің көмекшісіне көмектесуді, бөлмедегі орындықтарды таза ұстауды үйрету: оларды дымқыл шүберекпен | **"Табиғат бұрышы"** Табиғат бұрышындағы кезекшілік күнін балалар тірі объектілер үшін жауапкершілік сезінетіндей етіп ұйымдастыру керек. Балалар таңертең барлық жұмысты жасаса | Балалардың еңбекке дұрыс көзқарасын қалыптастыру, өз-өздеріне қызмет етуді үйрету, бір-біріне кедергі жасамай еңбек етуді үйрету. **"Бөлме өсімдіктерін суғару".** | **"Ұйымдастыры лған іс-әрекетке дайындық".** Міндеттері. Кезекшінің міндеттерін өз бетінше және адал орындау: тәрбиеші дайындаған материалдар мен оқу құралдарын үстелдерге қою, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қажеттілігі туралы түсініктерді бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Балаларға өсімдіктерді суару қажеттілігін өз бетінше анықтауды үйрету (топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске түсіру. **(сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)** | сүртуді, орындарына қоюды үйрету. Еңбек дағдыларын дамыту, жұмыс кезінде мәдени-гигиеналық талаптарды сақтау қабілетін қалыптастыру. Ересектерге көмектесуге ынталандыру, барлық адамның жұмысын құрметтеуге тәрбиелеу. **(сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)** | (балықтарға қорек беру, гүлдерді суару, торды тазарту және тағы басқа), кейін оларға тіршілік иелері мен өсімдіктерге назар аударудың қажеті болмай қалады, сондықтан педагог балаларға күні бойы атқаратын жұмысты реттеге көмектескені дұрыс: балықты таңертең коректендіруге, ал өсімдіктерді кейінірек суаруға болады. Педагог балалардың түсінігінде өздері жасаған жұмыстың ұжым үшін маңыздылығы туралы түсінік қалыптастырады, айналасындағыла | Міндеттері. Балалардың ұғымында өсімдіктерге жарық пен ылғалдың қажеттілігі туралы білімдерін кеңейту, ылғалды сүйетін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді және көлеңкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтарынан қалай тануға болатынын үйрету. Сумен және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту. Табиғатқа ұқыпты қарауды, | кейін орнына жинау (қажетіне қарай). **(сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | рға қамқорлық көрсете отырып, өз жұмысын уақытында істеуге ұмтылысты дамытады. **(сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)** | оған қамқорлық танытуға тәрбиелеу. **(сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)** | |
| | | | | | |
| Таңертеңгі жаттығу | Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқшаны қолмен ұстау.<br>1- таяқшаны алға созу.<br>2- оң қолды төмен түсіру, сол қолдағы таяқшаны тік ұстау, жоғары көтеру.<br>3- таяқшаны алдыға созып ұстау.<br>4- сол қолды төмен түсіру, таяқшаны оң қолға ауыстыру, таяқшаны жоғары көтеру.<br>5- таяқшаны алдыға созып ұстау.<br>6- бастапқы қалыпқа оралу.<br>Бастапқы қалып: аяқтың арасын ашып тұру, екі қолды шынтақтан бүгу, таяқшаны кеуде тұсына ұстау.<br>1-2 алға иілу, қолды еденге тигізу.<br>3-4 бастапқы қалыпқа оралу.<br>Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқша еденде жатады.<br>1- оң аяқпен таяқшадан аттау, алға бір адым жасау.<br>2 -сол аяқты оның қасына алып келу.<br>3- оң аяқпен таяқшадан аттау, артқа бір адым жасау.<br>4- сол аяқпен артқа бір адым жасау.<br>Бастапқы қалып: тізерлеп тұру, таяқшаның екі шетінен ұстау, жауырынға қойып тұру.<br>1- таяқшаны жоғары көтеру.<br>2- оңға иілу.<br>3- түзу тұру, таяқшаны жоғары көтеру. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 4- бастапқы қалып. Барлығын сол жағымен орындау.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)** | | | | |
| Таңғы ас | Балалардың беті-қолдарын жуғу, таңғы асқа отырғызу. Тамақтану мәдениетімен таныстыру. Қасық пен шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Тамақ ішіп отырғанда сөйлемеу. Тамақтанғаннан кейін беті-қолды жуу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың,<br>Тазалықтың досы,<br>Су дегенің осы.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)** | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | Көркемсөз. Тұманбай Молдағалиев «Жаңбыр».<br>Жаңбыр кеп жауады,<br>Тамшылар тамады.<br>Тырс-тырс!<br>Шаң-тозаң шайылды,<br>Шатырлар шайынды.<br>Тырс-тырс!<br>Көшелер тазарды,<br>Кір үйлер ағарды.<br>Тырс-тырс!<br>Қалалар түледі,<br>Балалар күледі.<br>Тырс-тырс! | О, керемет, қандай тамаша!<br>Таң атты ғой бүгін басқаша!<br>Жаңаша көңіл күймен қарайық!<br>Достарымызға жылулық сыйлайық!<br><br>Жомарт күз тақырыбында әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) | Қайырлы күн, шуақты күн!<br>Қайырлы күн, көк аспан!<br>Қайырлы күн, достарым!<br>Қайырлы күн, балабақшам!<br><br>Жемістер туралы әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) | «Қайырлы таң!»<br>Қайырлы таң, құсқа да, аңға да,<br>Қайырлы таң, жайдары жанға да.<br>Қайырлы таң алға ассын,<br>Кешке дейін жалғассын!<br><br>Көгөністер туралы әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) | Арайлап таң атты,<br>Алтын сәуле таратты!<br>Күлімдеп күн шықты ,<br>Жадырап нұр төкті.<br>Қайырлы күн, достарым!<br><br>Күз сыйы тақырыбында әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жаңартып ауаны, Жаңбыр кеп жауады. Тырс-тырс! Жаңбыр туралы әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) | | | | |
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | **1Музыка Маман жоспары бойынша** **2.Дене шынықтыру** Ден тәрбие нұсқаушысының жоспары бойынша<br><br>Ойын: «Айсұлу адасып кетті» (тілдің дыбысталу мәдениеті) Мақсаты: Тілдік қарым -қатынас мәдениетін дұрыс қолданады. | **1.Дене шынықтыру Маман жоспары бойынша** Балалардан үйдегі және көшедегі қауіпсіздік туралы не білетіндерін сұрау,қауіпсіздік ережелерімен таныстыру Қоршаған ортамен танысу «Бағдаршам» өлеңі Әдібай Табылдиев Мақсаты: Ересектердің сөзін тыңдайды және өлеңді | **Қазақ тілі** Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту.Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу.<br><br>Машина» өлеңі Ә.Табылдиевтың Мақсаты: Қысқа | **3.Музыка** Саз жетекшісінің жоспары бойынша **1.Дене шынықтыру** Ден тәрбие нұсқаушысының жоспары бойынша<br><br>Әр көліктерді түстеріне қарай жинақтап орналастыру Математика негіздері Жол белгілерімен, жол қиылысындағы | Сұрақтар ілмегі Жүргіншілер қай жолмен жүру керек?<br><br>- Жиек жолмен жүреміз.<br><br>- Жиек жол болмағанда ше?<br>- Жер асты жолымен.<br>- Жолдың қай жағымен жүру керек?<br>Оң қол жақпен жүреміз.<br>- Қоғамдық көліктерге қай жерден отырамыз? |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Сөйлеуді дамыту «Қала жолдары» ойыны Мақсаты: Түзу, көлденең, тік, толқын тәрізді сызықтарды жүргізеді. Сурет салу «Ауладағы қауіпсіздік» Мақсаты: Табиғатта өзін ұстай білу ережелерімен таныстыру Қоршаған ортамен таныстыру | түсінеді. Сөйлеуді дамыту «Бағдаршам» ойыны Мақсаты: Сызықтарды, дақтарды, бояуларды ретімен қолдана біледі Сурет салу Әр түрлі түстегі, пішіндегі бөлшектерді сәйкестендіріп бағдаршам құрастырады.Құр астыру | өлеңді саналы эмоционалды түрде жатқа айтады. Көркем әдебиет<br><br>«Бағдаршам» ойыны Мақсаты: Заттарды бір қатарға, реті бойынша бір бағытта солдан, оңға қарай орналастырады. Математика негіздері «Бағдаршам» Мақсаты: Желімді қылқаламға жағып пішіндерді жабыстырады Жапсыру | жолдар туралы әңгімелесу Қоршаған ортамен танысу Бағдаршам көздерін ретімен орналастыру ойыны, Сөйлеуді дамыту Ұзын және қысқа жолдарды ажырату Матемтика негіздері Иә немесе жоқ ойыны (Балалар жауап береді)<br>А) Балалар көлік жүретін жолда доп ойнай ала ма?<br>Ә) Қызыл шам жолдан өтуге мүмкіндік бере ме?<br>С) Жолды зебрамен кесіп өте аламыз ба?<br>D) Жолдан қара мысық жүгіріп өтсе, оның артынан тас | - Аялдамадан отырамыз. Қоршаған ортамен таныстыру Ойын: «Белгілерді жинап, ата» (пазлдар, балалар жол белгілерінің қиылған кескіндерін бүктеп, атайды Құрастыру |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | лақтыра аласың ба?<br>д) Жолды кесіп өткенде жан-жағына қарау керек пе? | |
| Серуенге дайындық | Міндеттері:<br>- киімді дұрыс бүктеуді, ілуді, аяқ-киімді түзу қоюды әдетке айналдыру;<br>- өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру;<br>- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, сырт киім, аяқ-қиім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіп сақтауға тәрбиелеу;<br>- ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауды үйрету;<br>- көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| Серуен | **1.Бақылау**<br>Аспанды бақылау.<br>Міндеті: табиғаттағы күзгі өзгерістерді бақылау жұмысын жалғастыру.<br>Бұлттар сұр түсті болатынына назар аударту.<br>**2.Жеке жұмыс.**<br>Аспанға ұшар бу болып<br>Жерге қайтар су болып.<br>(Бұлт) | **1.Бақылау:**<br>Жаңбырды бақылау.<br>Міндеті: Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы балалардың білімін толықтыру.<br>**2.Жеке жұмыс:**<br>Тақпақ. «Жел»<br>Жел улейді у-у-у.<br>Құйын келіп билейді зу-зу-зу<br>Қатты-қатты жел соқтыгу-гу-гу, | **1.Бақылау:**<br>"Қылқан жапырақты ағаштарды бақылау<br>Жұмбақ.<br>Қысы-жазы бір түсте. (Шырша.)<br>Бақылау: балабақша алаңында өсетін қылқанжапырақты ағаштарды танып білу<br>Табиғатқа сүйіспеншілігін арттыру.<br>**2.Жеке жұмыс.** | **1.Бақылау:**<br>Аула сыпырушының жұмысын бақылау.<br>Мақал-мәтел.<br>Еңбексіз өмір – сөнген көмір.<br>Еңбек нәтижесін атап көрсету (таза жолдар, бау-бақшаларды түскен жапырақтардан тазалау) және оның маңыздылығын түсіндіру; | **1.Бақылау:**<br>Шалшық суды бақылау<br>Көркемсөз.<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға бетіңді жу.<br>Тазалықтың досы,<br>Су дегенім осы.<br>Бақылау: жаңбырдан соң жиналатын шалшық суларға балалардың көңілін аудару.<br>**2.Жеке жұмыс.** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **3.Еңбек:** құрғақ жапырақтарды жинау, гүлзардағы гүлдердің тұқымын жинастыру. (еңбек дағдылары) Үлкен адамдардың тапсырмаларын орындауды үйрету. **4.Қимылды ойын.** «Ұшақтар». Міндеті:Дабыл бойынша қимыл жасау, алаң ішінде іс-қимылдарды орындауды бекіту. Көңілді ойнауға шақыру. **5.Дербес ойын әрекеті.** далаға шығарылған материалмен ойын ойнау. Міндеті: Қимыл- | Жапырақтар қол соқты ду-ду-ду. **3.Еңбек:** Ойыншықтарды жинау. Міндеті: Балаларда ойыншықтарды жинау және тәртіп орнату туралы түсінік қалыптастыру. (еңбек дағдылары) Ұжымдық ойындар "Бұғының үлкен үйі бар". Қимылдарды мәтінмен байланыстыру қабілетін бекіту. **4.Қимылды ойыны.** "Мысық" Міндеттері. Балалардың жүгіру дағдыларын дамыту. **5.Дербес ойын әрекеті.** | «Отбасы мүшелері» Мақсаты: Отбасы мүшелерін дұрыс атай білуге үйрету. **3.Еңбек:** құстарды тамақтандыру (еңбек дағдылары) Міндеті:Табиғат бұрышының мекендеушілерін тамақтандыру. **4.Қимылды ойын.** «Бос орын». (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Жүгіру, жүру, секіру сияқты жаттығуларды бекіту, түрлі қимыл-қозғалыстарын үйлесімді орындау. **5.Дербес ойын әрекеті.** | **2.Жеке жұмыс.** Ал керемет бұл қандай? Төгіледі төбеден. Көк теңізден құйғандай Көл-көсір су не деген? (Жаңбыр) **3.Еңбек:** аула сыпырушыға көмектесу. (еңбек дағдылары) Міндеті:Балалар ды ересектерге көмектесуге үйрету. **4.Қимылды ойын**. «Құнан шабысы» (қырғыз халқының ұлттық ойыны). Міндеті:Ойын ережесін сақтауды (белгіден соң жүру, бірін-бірі итермеу) үйрету. | Аспанға ұшар бу болып Жерге қайтар су болып. (Бұлт) **3.Еңбек:** «Балалармен бірге балабақша алаңын жылы сумен жууды бақылау». Еңбектің маңыздылығын сезінуді және үлкендерге көмектесуді үйрету. **4.Қимылды ойын.** «Бір аяқпен жолдан секіру».) Міндеті:Ойын алаңындағы ережені сақтай отырып, бір аяқпен алға жылжып секіруді үйрету. **5.Дербес ойын әрекеті.** далаға шығарылған |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қозғалыс үйлесімділігін дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; | "Жыланша" Міндеті: Қимыл-қозғалыс үйлесімділігін дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы түрде қосылуға тәрбиелеу. | 1.Әткіншек тебу.<br>2.Тартылғышқа тартылу. | Жылдамдық пен күш-жігерді дамыту.<br>**5.Дербес ойын әрекеті.** Еркін ойындар: далаға шығарылған материалдармен ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, секіртпеден секіру. | материалмен ойын ойнау. Міндеті: Қимыл-қозғалыс үйлесімділігін дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; |
| Серуеннен оралу | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| Түскі ас | Гигиеналық дағдылар<br>Мақсат-міндеттері. Үстел басында өзін дұрыс ұстай білу қабілетін бекіту; жуу ережелерін бекіту.<br>Көркемсөз<br>Сырттан келіп үнемі,<br>Қолды сабындап жуамыз,<br>Мұнтаздай тап-таза боламыз,<br>Асқа қолды созамыз.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекеті) | | | | |
| Күндізгі ұйқы | «Ақымақ қасқыр» ертегісін оқу, балаларды ұйықтату. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | | | |
| Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары | Жалпақтабандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жолдың бойымен жүру. «Қайық». | Ұйқы ашар жаттығу: «Қайық» - Төсекте ішпен жатып , қолды иекке таяп қою, жартылай тұрып | Ұйқы ашар жаттығу: «Кемпірқосақ» - Төсекте арқамен жатып аяғымен ауада шеңбер жасау. | Ұйқы ашар жаттығу: «Созылу» - Төсекте аяқтары бірге, қолды денесінің | Ұйқы ашар жаттығу: «Созылу» - Төсекте аяқтары бірге, қолды денесінің |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Төсекте ішпен жату, қолды иекке қою, жартылай тұру, оңға-солға тербелу. «Кемпірқосақ». Төсекте арқамен жату, ауада шеңберді аяқпен сызып жасау. «Тышқандар». Массажды кілемшеде аяқтың ұшы және өкшесімен айналдыру. | оңға- солға тербелу. Жүру түрлеру Төсектерінен тұрып, бұдыр тақтайдың үстімен, тастардың үстімен басып ұйықтайтын бөлмеден шығу. | Жүру түрлеру Төсектерінен тұрып, бұдыр тақтайдың үстімен, тастардың үстімен басып ұйықтайтын бөлмеден шығу. | қалпымен жоғарыға созып, арқасымен жатып керілу. Жүру түрлеру Төсектерінен тұрып, бұдыр тақтайдың үстімен, тастардың үстімен басып ұйықтайтын бөлмеден шығу. | қалпымен жоғарыға созып, арқасымен жатып керілу. «Тышқандар» - Массажды кілемшеде аяқ ұшымен және өкшемен айналу |
| Бесін ас | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекеті)** | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу.** "Көкөністер мен жемістер дауы әңгімесін мәнерлеп оқу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: [о], [ө] дыбыстары". | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** "Алма". Міндеті: Балаларды "Алма" ертегісінің мазмұнымен таныстыру, ертегіні мұқият | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу** "Кірпілерге жемістер". Міндеті:Балаларды өздерінің қарсы алдындағы кеңістіктің "оң жақ", "сол жақ", "алды", арты" | **Сурет салудан ойын-жаттығу** "Жемістер". Міндеті:Балаларға қылқалам арқылы алма мен алмұртты бейнелеуді үйрету, дөңгелек және сопақша пішіндерді | **Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу** "Жапырақтар әлемі". Міндеті:Балаларға күз туралы ұғым беру; күзгі әлем кереметтерімен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Міндеті: Балалардың "күз сыйлары", көгөністер мен жемістер, жөніндегі ұғымдарын жетілдіру, [О], [Ө] дауысты дыбыстар жөнінде ұғымдар қалыптастыру; дауысты дыбыстардың сөздердің құрамында жіңішке және жуан болуына мысалдар келтіру Артикуляциялық жаттығулар. [О], [Ө] дауысты дыбыстары. **"Өз үйіңді тап" қимылды ойын.** Ойыншылар 3-4 кішкентай, ұзыншақ келген аласа орындықтарда отырады. | тыңдауды үйрету. **Дидактикалық ойын. "Алманың бөліктерін құрастыр".** Міндеті:Түстері әртүрлі алмалардың барлық бөліктерін табуға.**Сюжетті-рөлдік ойын. «Отбасы».** Міндеті:. Отбасы мүшелерін білу, олардың отбасында атқаратын қызметін үйрету. Үлкенді сыйлауға, кішіге қамқор болуға тәрбиелеу. Бауырмалдыққа, мейірбандыққа тәрбиелеу. Өздеріне берген рөлдерді дұрыс орындап, тату ойнауға | бағыттары жөніндегі ұғымдарын қалыптастыру. "Қайда барсаң – соны табасың" дамытушы ойыны. Міндеті: Балаға өзінің қарсы алдындағы кеңістіктің жақтарын тануды үйрету. **Қимылды ойын "Ақ қоян".** Міндеті:. Балаларды жылдамдыққа, мықтылыққа баулу. Ойын мазмұны: балалар шеңбер жасап тұрады да, бір бала ортада қоян болып отырады. **(математика негіздері, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | қылқаламның ұшымен салып, ішін баланың өзі қалаған қызыл, жасыл немесе сары бояулармен, сұлбасының шетіне шықпай салу тәсілдерін игерту. **Түсті қабылдауды дамыту "Түсті таны және ата".** Міндеттері. Түстерді атауды және бір-бірінен ажыратуды үйрету. | таныстыра отырып, танымдық қызығушылықтарын арттыру. **"Жапырақтарды пішініне қарай топта" дидактикалық ойыны.** Міндеті:Ағаштардың жапырақтарын бір-бірінен айыра білуді үйрету. **Қимылды ойын "Ұшты-ұшты".** Ұшты-ұшты, сұңқар ұшты!<br>(қол көтереді)<br>Ұшты-ұшты, қарға ұшты!<br>(қол көтереді)<br>Ұшты-ұшты, арба ұшты!<br>(қол көтермейді)<br>Ұшты-ұшты, дауыл ұшты!<br>(қол көтермейді)<br>(қол көтермейді)<br>Ойында жаңылмаған |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | тәрбиелеу. **(көркем әдебиет, құрастыру, сөйлеуді дамыту, сурет** | | | ойыншы жеңіске жетеді. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** |
| Балалармен жеке жұмыс | Нұрислам және Айсұлтан қағазға және құмға сурет салудың(үздіксіз айналмалысызық тар жүргізеді) Бастапқы техникасын меңгерту. | Аяла және Гүлім құрылыс материалдарына және конструкторлар дың ірі бөлшектерінен құрастырға алуға үйрету. | Алихан және Эралыжәне белсенді сөздікте барлық сөзтаптарын қолдануға үйрету. | Алина және Гүлімжәне шынықтыру шараларын өткізу кезінде жағымды көңіл-күй танытуын қалыптастыру. | Бейбарыс және Аяла және негізгі қимылдардың түрлерін игерту. |
| Серуенге дайындық | Міндеті:<br>- киімді дұрыс бүктеуді, илуді, аяқ-киімді түзу қоюды әдетке айналдыру;<br>- өз бетінше жылдам және дұрыс киінуге (шешіне) дағдыландыру;<br>- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, сырт киім, аяқ-қиім сияқты заттардың орындарын білуге, тәртіп сақтауға тәрбиелеу;<br>- ауа райына сай киінгенін қадағалай білуді, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу;<br>- көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.<br>**(дербес әрекет)** | | | | |
| Серуен | **1.Бақылау**<br>Бұлтты бақылау.<br>Міндеті: Бұлттың түзілуі және олардың түрлерін:шарпы, будақ, қабатты бұлттарды ажырату. | **1.Бақылау**<br>Желді бақылау.<br>Міндеті: Желдің түрлерімен таныстыру;салқын жел, жылы жел, ұйытқып соққан жел. Желдің күштілігі | **1.Бақылау**<br>Жаңбырды бақылау.<br>Міндеті: Жаңбырды бақылай отырып, оның бұлттан жауатындығы және түрлерін | **1.Бақылау**<br>Аулаға ұшып келетін құстарды бақылау.<br>Міндеті: құстарды тануға, дене бөліктерін атауға үйрету; құстарға | **1.Бақылау**<br>Күзгі жапырақтарды бақылау.<br>Міндеті: Мезгілге байланысты жапырақ түстерінің |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **2.Жеке жұмыс.**<br>Аспанға ұшар бу болып<br>Жерге қайтар су болып.<br>(Бұлт)<br>**3.Еңбек**.<br>Ауладағы гүлдерді суару.<br>Міндеті:Балалар ды қоршаған әлемге қамқорлықпен қарауға, табиғат әсемдігін сезіне білуге тәрбелеу.<br>**4.Қимылды ойын:**<br>«Кімге қандай құрал керек?»<br>Міндеті:<br>Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу мақсатында ойнату.<br>Шапшаңдыққа баулу.<br>**5.Дербес ойын әрекеті.**<br>1.Әткіншектебу.<br>2.Тартылғышқа | ауа-райының салқындығын үдететіндігін түсіндіру.<br>**2.Жеке жұмыс:**<br>Тақпақ. «Жел»<br>Жел улейді у-у-у.<br>Құйын келіп билейді зузу-зу<br>Қатты-қатты жел соқтыгу-гу-гу,<br>Жапырақтар қол соқты ду-ду-ду.<br>**3.Еңбек.** «Әдемі гүлдер» Міндет: Гүлзардағы гүлдерді суару. Өсімдіктерге қамқор болу, аялау, күту.<br>**4.Қимылды ойын:** «Орамал тастау».<br>Міндеті:Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу мақсатында ойнату.Шапшаңдыққа баулу.<br>**5.Дербес ойын әрекеті.** | айтып түсіндіру.<br>**2.Жеке жұмыс.**<br>Ал керемет бұл қандай?<br>Төгіледі төбеден.<br>Көк теңізден құйғандай<br>Көл-көсір су не деген?<br>(Жаңбыр)<br>**3.Еңбек.** Ағаш түптерін қопсыту.<br>Міндеті:Балалар ды еңбек сүйгештікке тәрбиелеу, өздеріне берілген тапсырманы тиянақты орындауын қадағалау.<br>**4.Қимылдық ойын:** «Сұр қоян».<br>Міндеті:<br>Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа баулу.<br>**5.Дербес ойын әрекеті.** | қамқорлық жасауға тәрбиелеу.<br>**2.Жеке жұмыс.**<br>Құстар туралы әңгімелесу.<br>Міндеті:Балаларға жыл құстарының тіршілігі туралы түсіндіру, құстардың түрлерімен таныстыру.<br>**3.Еңбек.**<br>Ересектің көмегімен қарапайым еңбек тапсырмалары (мысалы: жапырақтар жинау)<br>Міндеті:қарапайым тапсырмалар ды орындауға үйрету.<br>**4.Қимылды ойындар:**<br>«Мені қуып жет», «Күннің көзі мен жаңбыр» | өзгеруін қадағалау.<br>**2.Жеке жұмыс.**<br>«Күзгі жапырақ» тақпақ Қыстың жақын қалғанын, Жапырақтар сезгендей.<br>Желмен ұшып барады, Жерге қонып үлгермей<br>**3.Еңбек.**<br>Жапырақтардан гүл шоғын жасау<br>Міндеті:Қол икемділігін дамыта отырып, әсемділікті, әдемілікті сезіне білуге талпындыру.<br>**4.Қимылдық ойын:**<br>«Монданақ».<br>Міндеті:<br>Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа баулу.<br>**5.Дербес ойын әрекеті.**<br>1.Орта доп |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тартылу. | 1. «Желмен жарысайық» 2. «Менің әдемі үйім» (құрастыру) | 1.Сазбалшықтан «қала» құрастырайық. 2.«Тәтті тоқаштар» пісірейік. | Міндеті: Бір-біріне қақтығысып қалмай жүгіруге үйрету.*)* **5.Дербес ойын әрекеті**. Серуенге алып шыққан материалдармен ойындар | 2.Әткеншек тебу 3.Қуаласпақ |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | «Баланың денсаулығы үшін дәрумендердің маңызы» тақырыбында кеңес беру. | Отбасында балалардың музыкалық тәрбиесі. | Психолог кеңесі. Мысалы, «Ересектердің балаларға үлгі көрсетуі, саламатты өмір салтын ұстану». | "Баланың агрессивті мінез-құлқы" атты тақырыпта ата-аналарға кеңес беру. | Ата-аналармен балаға ертегі оқудың маңыздылығы туралы әңгімелесу. |

Циклограмманы тексерген әдіскер: 

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** МКҚК «Астана» бөбекжай бақшасы
**Топ:** «Балдәурен» ересек
**Балалардың жасы**: 4-жасар балалар
**Жоспардың құрылу кезеңі**: 17.10-21.10.2023 жыл

| **Күн тәртібінің кезеңдері** | **Дүйсенбі 17.10.2023** | **Сейсенбі 18.10.2023** | **Сәрсенбі 19.10.2023** | **Бейсенбі 20.10.2023** | **Жұма 21.10.2023** |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | Балаларды көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу | Бір-бірімізге қол беріп<br>Айтамыз жақсы сөз жөн көріп<br>Қалмаймыз тек іркіле<br>Сыйлаймыз жыл күлкі | Қызыл жүрекшемен көңілді тілек айтып қарсы алу | Үш түрлі смайликпен қарсы алу | Қонжықтың таңғы тілегімен қарсы алу |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру | Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу. | Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау | Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау | Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстатйыны жайлы әңгімелесу | Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа | "Өз төсегімізді жинауды үйренеміз". Міндеттері. Балалардың өз төсегін жинастыру дағдыларын | Балаларды балабақшадағы еңбек жұмыстарына араластыру, ойын бұрышында кезекшілік | Балалардың еңбекке дұрыс көзқарасын қалыптастыру, өз-өздеріне қызмет етуді үйрету, бір-біріне кедергі | "Орындықтарды жуу". Міндеттері. Балаларды тәрбиешінің көмекшісіне жәрдемдесуге, топ бөлмесіндегі | Балабақшадағы еңбек жұмыстарына қатысу, ұжымдық еңбекке үйрету. Ертегілер мен әңгімелердің |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| әрекеттер) | қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу; еңбекке ұқыпты карауға тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын дамыту. (сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары) | атқаруды үйрету. Балаларды жұмысты бастап оны аяғына дейін жеткізуге тәрбиелеу. "Бөлме өсімдіктерін жуу". Міндеттері. Балаларға суару әдістері (тегенеде, жапырақтардың астынан) және ережелер (толтырмай, біркелкі суару) туралы түсінік беру; өсімдіктерге күтім жасау ниетін дамыту. | жасамай еңбектенуге тәрбиелеу. "Бөлме өсімдіктерін суғару". Міндеттері. Өсімдіктердің жарық пен ылғалды қажет етуі туралы балалардың білімдерін кеңейту, ылғалды сүйетін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді, көлеңкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтарынан қалай тануға болатынын үйрету. | орындықтарды таза ұстауды үйрету, оларды дымқыл шүберекпен сүртуді, орындарына қоюды үйрету. Еңбек дағдыларын дамыту, жұмыс кезінде мәдени-гигиеналық талаптарды сақтау дағдысын қалыптастыру. Ересектерге көмектесуге ынталандыру, олардың жұмысын құрметтеуге тәрбиелеу. (сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары) | кейіпкерлері арқылы «Еңбек түбі – зейнет» ұғымын түсіндіру. Үлкендердің еңбегін құрметтеуге баулу. Мысалы: «Бір уыс мақта», «Бұзау бақтым», «Қайдан келдің бауырсақ?» сияқты әңгімелер мен ертегілер арқылы балаларға барлық заттардың еңбекпен келетінін түсіндіру. "Бөлме өсімдіктерін бүріккіш пистолеттен сумен бүрку". |
| | | | | | |
| Таңертеңгі жаттығу | Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқшаны қолмен ұстау.<br>1- таяқшаны алға созу.<br>2- оң қолды төмен түсіру, сол қолдағы таяқшаны тігінен ұстау, жоғары көтеру.<br>3- таяқшаны алдыға созып ұстау. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 4- сол қолды төмен түсіру, таяқшаны оң қолға ауыстыру, таяқшаны жоғары көтеру.<br>5- таяқшаны алдыға созып ұстау.<br>6- бастапқы қалыпқа келу.<br>Бастапқы қалып: аяқтың арасын ашып тұру, екі қолды шынтақтан бүгу, таяқшаны кеуде тұсына ұстау.<br>1-2 алға иілу, еденге қолды тигізу.<br>3-4 бастапқы қалыпқа оралу.<br>Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқша еденде жатады.<br>1- оң аяқпен таяқшадан аттап, алға бір адым жасау.<br>2- сол аяқты оның қасына алып келу.<br>3- оң аяқпен таяқшаны аттап, артқа бір адым жасау.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)** | | | | |
| Таңғы ас | Балалардың беті-қолын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Ас ішу мәдениетімен таныстыру. Қасық пен шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан кейін беті-қолды жуу.<br>Ойын- жаттығу.<br>1.Ас атасы - нан.<br>2.Арпа-бидай ас екен,<br>Алтын-күміс тас екен.<br>3.Бір түйір нанның қадірін<br>Тарыққанда білерсің.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | Бидай туралы әңгімелесу.Бала ларға 1-ден 4-ке дейін санауды ұсынады. Саналғандар реттік сандарына сәйкес 4 топқа бөлінеді. **(сөйлеуді** | "Нан қалай пайда болады?" суреті бойынша әңгіме құрастыруды үйрету. **(сөйлеуді дамыту)** | Нанның қайдан келетіні туралы әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту)** | Ұннан жасалатын тағам түрлері туралы әңгімелесу. Балалар үстеріне киген киімдерінің түстеріне қарай 4 топқа бөлінеді. **(сөйлеуді** | "Ас атасы - нан" тақырыбында әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **дамыту, математика негіздері)** | | | **дамыту)** | |
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | **1.Музыка Маман жоспары бойынша**<br>**2.Дене шынықтыру Маман жоспары бойынша**<br><br>Балаларға жапырақтар салынған себетті көрсету. Бұл жапырақтар орман ағаштарынан түскен жапырақтар. Мен сендер үшін жинап алып келдім. Мына суреттерге қараңдар. Бұл суретте шырша, қайың, үйеңкі ағаштары бейнеленген. Жапырақтарына назар аударып, сәйкесінше | **1.Дене шынықтыру Маман жоспары бойынша**<br>Видео материал көру Орман дегеніміз не? «орманда кімдер мекендейді?» сұрағына балалардың жауап беруін жетілдіру. Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну **(сөйлеуді дамыту)** салынған жануарларды түстерін дұрыс таңдап бояу. **(Сурет салу)** Құрылыс заттарынан жануарларға үйшік құрастыру **(Құрастыру)** | **1.Қазақ тілі**<br>Қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің, жануарлардың, құстардың, табиғат құбылыстарының, тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру. **С**уреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде байланыстырып сөйлеу;<br>Орманда қандай құстар мекендейді? Кітаптар арқылы | **1.Дене шынықтыру Маман жоспары бойынша**<br>**3.Музыка Маман жоспары бойынша**<br><br>Саңырауқұлақпен жидектер атауларын атауда дыбыстарды дұрыс айтып, байланыстыра сөйлеуін үйрету**.**<br>Тақпақ жаттау<br>Қорбаңдаған аюдың<br>Құлпынайы көп екен.<br>Теріп - теріп аламыз,<br>Қалтамызға саламыз.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br><br>Жидектердің | Тапсырмалары бар қораптарды көрсету. Ойнап көреміз бе? деп«артығын тап» айдарында тапсырмаларды орындату.<br>Жануарлар, ағаштар, құстар және саңырауқұлақ пен жидектер суреттері арқылы жеке жұмыстар. **(математика негіздері)**<br><br>дәстүрден тыс сурет салу (саусақтарымен және алақандарымен, түрлі- түсті бояулармен) дағдыларын қалыптастыру.<br>Еркін тақырыпта шығармашылық |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қойыңдар.<br>Атауларын атап, қандай белгілері бар әңгімелейік.<br><br>Тербеледі ағаштар,<br>Алдымен жел еседі.<br>Кіп-кішкентай балалар,<br>Үп-үлкен боп өседі.<br>Тақпақ жаттау.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>Фланелеграф тақтасында ағаштарды жапсыруарқылы орман жасау. | **Сергіту сәті**<br>«Ұзан құлақ сұр қоян.» | тану, атау.<br>Олардың ерекеше белгілерін есте сақтау.<br>Тақпақ жаттау.<br>Тоқылдақтар тоқылдап<br>Ешбір тыным көрмейді<br>Ағашты қанша тессе де,<br>Жұмысы бір өнбейді.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебие**<br><br>Балаларға жапырақтар салынған себетті көрсету. Бұл жапырақтар орман ағаштарынан түскен жапырақтар. Мен сендер үшін жинап алып келдім. Мына суреттерге қараңдар. Бұл | суретін таңдауы бойынша салу<br>**(Сурет салу)** | жұмыс<br>**(Сурет салу)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | суретте шырша, қайың, үйеңкі ағаштары бейнеленген. Жапырақтарына назар аударып, сәйкесінше қойыңдар. Атауларын атап, қандай белгілері бар әңгімелейік.<br><br>Тербеледі ағаштар,<br>Алдымен жел еседі.<br>Кіп-кішкентай балалар,<br>Үп-үлкен боп өседі.<br>Тақпақ жаттау. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>Фланелеграф тақтасында ағаштарды жапсыруарқылы орман жасау. **(Жапсыру)** | | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | **1.Бақылау**<br>Бұлтты бақылау.<br>Міндеті:<br>Бұлттың түзілуі және олардың түрлерін:шарпы, будақ, қабатты бұлттарды ажырату.<br>**2.Жеке жұмыс.**<br>«Отбасы мүшелері»<br>Міндеті: Отбасы мүшелерін дұрыс атай білуге үйрету.<br>**3.Еңбек.**<br>Ауладағы гүлдерді суару.<br>Міндеті:<br>Балаларды қоршаған әлемге қамқорлықпен қарауға, табиғат әсемдігін сезіне білуге тәрбелеу.<br>**4.Қимылдық ойын:**<br>«Тығылыспақ».<br>Міндеті:<br>Балаларды ептілікке, | **1.Бақылау**<br>Ойын алаңына экскурсия.<br>Міндеттері.<br>Балаларды бағдарлау барысына, басынан аяғына дейін зейін салып, қатысуға бейімдеу;<br>**2.Жеке жұмыс.**<br>Аспанға ұшар бу болып<br>Жерге қайтар су болып.<br>(Бұлт)<br>**3.Еңбек.**<br>«Таза алаң»<br>Міндеті: Ойын алаңындағы ағаш бұтақтарын жинау. Бастаған ісін аяғына дейін тиянақты орындауға үйрету.<br>**4.Қимылдық ойын:** «Көрші».<br>Міндеті:<br>Балалардың ептілікке, | **1.Бақылау**<br>Адамдардың күзгі еңбегін бақылау Міндеті:<br>Адамдардың күзгі еңбегін бақылай отырып, еңбек сүйгіштікке, үлкендердің еңбегін құрметтей білуге дағдыландыру.<br>**2.Жеке жұмыс.**<br>Мақал мәтел айту.<br>Аққуды атпа досыңды сатпа.<br>Досы көпті жау алмайды.<br>Міндеті:<br>Достықты бағалауға үйрету.<br>**3.Еңбек.**<br>Жеміс жидектерді, алманы мүсіндеу.<br>Міндеті:<br>Жемістерді мүсіндей білуге, ажырата білуге | **1.Бақылау**<br>Бақшадағы көкөністерді бақылау.<br>Міндеті:<br>Бақшада өсетін көкөністердің аттарын атату.<br>Күз мезгілінің сыйы туралы әңгімелесу.<br>**2.Жеке жұмыс.**<br>Жұмбақ.<br>Қабат қабат тоны бар,<br>Шешіндірсең жылытар.<br>(пияз)<br>Міндеті: Ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**3.Еңбек.**<br>Көкөністерді жинау. Міндеті:<br>Бірлесіп еңбектенуге ынталандыру.<br>**4.Қимылдық ойын:**<br>«Көкөністерді жинау». Міндеті:<br>Көкөністерді | **1.Бақылау**<br>Өзге топ балаларын бақылау.<br>Міндеті:<br>Өзге топ балаларымен қарым қатынастарын нығайту. Өзге топ балаларымен бірлесіп ойнау.<br>**2.Жеке жұмыс.**<br>Алманың суретін салғызу.<br>Міндеті:<br>Шығармашылыққа баулу.<br>**3.Еңбек.**<br>Бірлесіп еңбек ету.<br>Міндеті: Бірлесіп жұмыс жасауға, шеберлікке тәрбиелеу.<br>**4.Қимылды ойын:** «Кімге қандай құрал керек?» Міндеті:<br>Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | шапшаңдыққа баулу.<br>**5.Дербес ойын әрекеті.**<br>1.Әткіншектебу.<br>2.Тартылғышқа тартылу. | кеңістікті бағдарлай білуге үйрете отырып, батылдық сияқты қабілеттерін одан әрі дамыту.<br>**5.Дербес ойын әрекеті.**<br>1.Орта доп<br>2.Қуаласпақ | үйрету.<br>**4.Қимылды ойындар:**<br>«Картоп тасу»<br>Міндеті: Қимылды ойынның ережесін сақтай білуге үйрету, ойынның мазмұнын түсіне білуге баулу.<br>**5.Дербес ойын әрекеті.**<br>Еркін ойындар. | атап, ажырата білуге үйрету.<br>**5.Дербес ойын әрекеті.**<br>1.Орта доп<br>2.Әткеншек тебу<br>3.Қуаласпақ | мақсатында ойнату. Шапшаңдыққа баулу.<br>**5.Дербес ойын әрекеті.**<br>1.Сазбалшықтан «қала» құрастырайық. |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу. | | | | |
| **Түскі ас** | Гигиеналық дағдылар<br>Мақсат-міндеттері. Қол жуу ережелерін бекіту; жарыс ойындар; тәрбиешінің тазалық туралы әңгімесі;<br>балалардың өзін-өзі бақылауы.<br>Көркемсөз<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Аппақ бетің, маңдайың.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз) | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | «Бір үзім нан» ертегісін оқып беріп, барлық баланы ұйықтату. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру** | Ұйқы ашар жаттығу: «Созылу» - | Ұйқы ашар жаттығу: «Қайық» - | Ұйқы ашар жаттығу: «Кемпірқосақ» - | Ұйқы ашар жаттығу: «Созылу» - | Ұйқы ашар жаттығу: «Созылу» - |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **шаралары** | Төсекте аяқтары бірге, қолды денесінің қалпымен жоғарыға созып, арқасымен жатып керілу. Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жол бойымен жүру (**дене белсенділігі)** | Төсекте ішпен жатып , қолды иекке таяп қою, жартылай тұрып оңға- солға тербелу. Төсектерінен тұрып, бұдыр тақтайдың үстімен, тастардың үстімен басып ұйықтайтын бөлмеден шығу.(**дене белсенділігі)** | Төсекте арқамен жатып аяғымен ауада шеңбер жасау. Төсектерінен тұрып, бұдыр тақтайдың үстімен, тастардың үстімен басып ұйықтайтын бөлмеден шығу.(**дене белсенділігі)** | Төсекте аяқтары бірге, қолды денесінің қалпымен жоғарыға созып, арқасымен жатып керілу. Жүру түрлеру Төсектерінен тұрып, бұдыр тақтайдың үстімен, тастардың үстімен басып ұйықтайтын бөлмеден шығу. (**дене белсенділігі)** | Төсекте аяқтары бірге, қолды денесінің қалпымен жоғарыға созып, арқасымен жатып керілу. «Тышқандар» - Массажды кілемшеде аяқ ұшымен және өкшемен айналу. (**дене белсенділігі)** |
| **Бесін ас** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу** "Еркежан әжей тақпағын мәнерлеп оқу". Міндеттері. Балаларға тақпақты мұқият тыңдауға, | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Бауырсақ". Міндеттері. Балаларды бауырсақ пен нан өнімдерімен таныстыра | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** "Таба нан". Міндеттері. Балаларды әңгіме мазмұнымен таныстыра отырып, нанның | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу** "Сарқытты тең бөлейік". Міндеттері. Балалардың ұғымындағы бес саны туралы ұғымдарын | **«Үйдің есігін жабайық».** Міндеттері. Заттарды өлшемі бойынша салыстыруды, жуан және жіңішке заттарды ажыратуды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мазмұны бойынша сұрақтарға, мәтін жолдарымен жауап беруге машықтандыру, байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыру. "Нан өнімдері" дүкені. Рөлді және сөздік ойын. **Құрастырудан ойын-жаттығу** "Бидай масағы". Міндеттері. Балаларға "Масақ" украин халық ертегісіндегі масақты оригами әдісі бойынша құрастыруды үйрету. **"Шарды ұста" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттері. Қимыл | отырып, нанның бидай дақылынан пайда болатыны туралы түсініктерін кеңейту. Дидактикалық ойын. "Бауырсақ қалай дайындалады?" Мақсат-міндеттері. Бидайдан нан жасау үшін қанша көп еңбек етілетінін түсіндіру, сурет бойынша әңгіме құруды үйрету, сөздік қорды кеңейту. **«Зообаққа орналастыр».** Міндеттері. Заттың көлеміне қарай салыстыруды, талдау жасауды үйрету. Жабайы аңдар мен жануарлар, | қасиеті мен бидайдың өзіндік ерекшеліктері туралы ұғымдарын қалыптастыру; әңгімені тыңдау кезінде нанның қасиетін эмоциялық сезіммен қабылдады үйрету. Дидактикалық ойын. "Нан қалай пайда болады?" Міндеттері. Сюжетті суреттерді рет-ретімен орналастыруды үйрету. **«Жеміс жинау».** Дидактикалық Міндеті Заттарды санауды және олардың екі тобын салыстыруды, өлшемі мен пішініне және | қалыптастыру; сандарды заттардың көлемі мен түрлеріне емес, жиынына ған байланысты болатынын түсіндіру. Дамытушы жаттығу. "Сарқытқа үш табақ." Міндеттері. Заттарды түріне қарай топтастыруды үйрету. **Дамытушылық жаттығу. "Не өзгерді?"** Мақсат-міндеттері. Балалардың қабылдауын, зейіндерін, еске сақтауын дамыту; байқампаздыққа, зеректікке тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар: | жаттықтыру. Ойлау қабілетін дамыту. Ойынның құрал-жабдықтары: үйдің, есіктің суреттері. Ойынның мазмұны: қағаздан қиылған, есігі жоқ үйдің суретін балаларға тарату. Жуан және жіңішке есіктерді үйдің өлшеміне сай келтіріп салуды ұсыну. **(математика негіздері, қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Сурет салудан ойын-жаттығу** "Алтын бидай алқабы". Міндеттері. Балаларға бидай алқабы көрінісін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | шапшаңдығы мен жылдамдығын дамыту. Тәрбиеші ортаға көп шарды жайып тастайды. Ойын басталғанда (тәрбиешінің көмегімен) балалар шарды тәрбиешіге ұстап береді. Кім көп шар жинаса, сол бала жеңімпаз атанады. Ойын 10-15 секунд жалғасады. **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру, көркем әдебиет, құрастыру)** | құстардың дене бітіміне қарап зообаққа орналастыру, оларға қамқоршы болуға тәрбиелеу. Сөздік қорын молайту, ауызекі сөйлеу тілін жетілдіру. Көрнекіліктер: зообақ торлары, әртүрлі жануарлар, аңдар, құстар. Ойын шарты: зообаққа әкелінген аңдар мен құстар, үй жануарларын торларға орналастыру қажет. Балалар піл мен түйені үлкен торға, қоян, тиін және тағы басқа кішкентай торға орналастыруы керек. Бала | түстеріне қарай ажыратуды үйрету. Қажетті құрал-жабдықтар. Қағаздан жасалған үш себет және үлестірмелі жеміс түрлері. Ойын мазмұны. Үстел үстінде шашырап жатқан жеміс түрлері. Тақтаға шақырылған бала жемістерді теріп, үш себетке жинайды. Бірінші себетке - алма, екінші себетке - алмұрт, үшінші себетке - әртүрлі жемістер жиналады. Әр себеттегі жемістерді алдымен бір бала санайды, кейін барлығы қосылып айтып салыстырады. | әртүрлі заттар мен ойыншықтар. Барысы. Педагог балалардың алдына таныс ойыншықтар мен заттарды ұсынады. Алдымен, заттардың саны 6 басталып, ал кейін 10-12 дейін жетуі мүмкін. Ойыншықтарды бір қатарға орналастырғанда, балалар олардың реттік нөмірін айтады. Балалар көздерін жұмады, педагог қатардағы ойыншықтардың орналасуын өзгертеді. Балалар көздерін ашады да, қай ойыншық қай жерге ығысқанын | салуды үйрету; бидай масақтарын бор және саусақтарды басу арқылы салу техникасын игерту; адамның бидай өсірудегі еңбегі туралы білімдерін тиянақтау. **Бақылау жаттығуы. "Дақылдарды таны және ата".** Міндеттері. Дәнді дақылдарды бір-бірінен ажыратуды, олардың атауларын білуді үйрету. <br><br> **Дидактикалық ойын. "Құстарды ажырат" (қыстырғыштармен ойнатылады)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | неліктен олай орналастырғанының себебін айтады. Пілдің үлкен, қоянның кішкентай екенін, сондықтан үлкен торға пілді, қоянды кіші торға орналастырғанын айтады. **(қоршаған ортамен танысу, математика негіздері, құрастыру, сөйлеуді дамыту)** | Екі себеттегі әртүрлі жемістерді салыстырады. Мысалы: «Себетте қанша алма бар? Себетте қанша алмұрт бар? - Бірінші себеттен бір алма, ал екіншісінен бір алмұрт алып қой. Осылайша, ойынды әрі қарай жалғастыр. Себеттегі алмұрт қалды ма? Неше алма қалды? Неше алмұрт қалды? Алмұрттың алмадан қаншасы кем? Қаншасы артық? Алмұрттың пішіні неге ұқсайды, алманың пішіні неге ұқсайды?» деген сұрақтар | айтады. **Сюжетті-рөлдік ойын. "Үй құрастыру".** Міндеттері. Балалардың құрылыс нысандарын тұрғызуға қатысатын мамандар жайлы білімдерін кеңейту, бекіту; еңбексүйгіштікке, жауапкершілікке тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар: құрылыс материалдары, қағаз беттері, қара қарындаштар, сызбалар, ойыншық жүк тасымалдаушылар, құрылысқа керек ойыншық саймандар (балға, бұрауыш, | Мақсат-міндеттері. Қыстап қалатын және жыл құстарын ажырата алуды үйрету. **(математика негіздері, сурет салу, құрастыру, сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | қоя отырып, ойынды әрі қарай жалғастыруға болады. **(қоршаған ортамен танысу, математика негіздері, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**Мүсіндеуден ойын-жаттығу** "Анама бәліш пісіремін". Мақсат-міндеттері. Ермексаздан бәліш жасауды үйрету; ұннан жасалатын тағамдар туралы білімдерін жаңғырту. **(көркем әдебиет, құрастыру, математика негіздері, сөйлеуді** | кемпірауыз және тағы басқа). Педагог балалармен құрылысқа қатысатын мамандар жайлы алдын ала әңгімелеседі. Балалар сәулетші, инженер-құрылысшы, тас қалаушы, жүк тиеуші, жүргізуші сияқты мамандардың қызметтік міндеттерін анықтайды. Балалар құрылысқа қатысатын мамандардың рөлін **(математика негіздері, сөйлеуді дамыту, құрастыру)** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **дамыту, мүсіндеу)** | | |
| Балалармен жеке жұмыс | Сейдазым Мейірлан ересек пен бірге ән айтуғ аынта білдіруге үйрету. | Мұхамеджан Айсұлтан және Назгүлмузыкалық фразалардың жоғары және төменгі бысталуын ажыратуға үйрету. | Шамшадин Айя және Серікбек Рахат3–5сөзден тұратын тіркестерді,сөйлемдерд і айтуға,ақпараттар мен бөлісуге үйрету. | Мүсілім және Ернұр ағаш,шөп,гүл сөздерін дұрыс қолдануға үйрету. | Алиасқар Айым және Қойшыбек Аяла жеке бас гигиенасының бастапқы дағдыларын меңгерту. |
| Серуенге дайындық | Міндеті:<br>- киімді дұрыс бүктеуді, ілуді, аяқ-киімді түзу қоюды әдетке айналдыру;<br>- өз бетінше жылдам және дұрыс киінуге (шешіне) дағдыландыру;<br>- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, сырт киім, аяқ-қиім сияқты заттардың орындарын білуге, тәртіп сақтауға тәрбиелеу;<br>- ауа райына сай киінгенін қадағалай білуді, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу;<br>- көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.<br>**(дербес әрекет)** | | | | |
| Серуен | **1.Бақылау**<br>Өзге топ балаларын бақылау.<br>Міндеті:<br>Өзге топ балаларымен қарым қатынастарын нығайту. Өзге топ балаларымен бірлесіп ойнау. | **1.Бақылау**<br>Бақшадағы көкөністерді бақылау.<br>Міндеті:<br>Бақшада өсетін көкөністердің аттарын атату. Күз мезгілінің сыйы туралы әңгімелесу. (танымдық, | **1.Бақылау**<br>Бұлтты бақылау.<br>Міндеті:<br>Бұлттың түзілуі және олардың түрлерін:шарпы, будақ, қабатты бұлттарды ажырату.<br>(танымдық, коммуникативтік іс-әрекеті) | **1.Бақылау**<br>Адамдардың күзгі еңбегін бақылау Міндеті: Адамдардың күзгі еңбегін бақылай отырып, еңбек сүйгіштікке, үлкендердің еңбегін құрметтей білуге | **1.Бақылау**<br>Алтын күзді бақылау.<br>Міндеті: Күзгі алаңның назар аударып, күздің алғашқы белгілерін анықтау. Қай ағаштың жапырақтары ерте өзгеріске |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (танымдық, коммуникативтік ісәрекеті)<br>**2.Жеке жұмыс.**<br>Мақал мәтел айту.<br>Аққуды атпа досыңды сатпа.<br>Досы көпті жау алмайды.<br>Міндеті: Достықты бағалауға үйрету.<br>(коммуникативті к ісәрекеті).<br>**3.Еңбек.**<br>Бірлесіп еңбек ету.<br>Міндеті: Бірлесіп жұмыс жасауға, шеберлікке тәрбиелеу.<br>(еңбек іс-әрекеті)<br>**4.Қимылдық ойын:**<br>«Тығылыспақ».<br>Міндеті: Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа баулу. (ойын, қозғалыс іс- | коммуникативтік ісәрекеті) 2.Жеке жұмыс. Жұмбақ.<br>Қабат қабат тоны бар,<br>Шешіндірсең жылытар.<br>(пияз)<br>Міндеті: Ойлау қабілеттерін дамыту.<br>(коммуникативті к ісәрекеті).<br>**3.Еңбек**.<br>Көкөністерді жинау. Міндеті: Бірлесіп еңбектенуге ынталандыру.<br>(еңбек іс-әрекеті)<br>**4.Қимылдық ойын:**<br>«Көкөністерді жинау». Міндеті: Көкөністерді атап, ажырата білуге үйрету.<br>(ойын, қозғалыс іс-әрекеті)<br>**5.Дербес ойын әрекеті.**<br>1.Орта доп | **2.Жеке жұмыс.**<br>Аспанға ұшар бу болып<br>Жерге қайтар су болып.<br>(Бұлт)<br>(коммуникативті к іс-әрекеті).<br>**3.Еңбек.**<br>Ауладағы гүлдерді суару.<br>Міндеті: Балаларды қоршаған әлемге қамқорлықпен карауға, табиғат әсемдігін сезіне білуге тәрбелеу.<br>(еңбек іс-әрекеті)<br>**4.Қимылды ойын**: «Кімге қандай құрал керек?» Міндеті: Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу мақсатында ойнату.<br>Шапшаңдыққа баулу. (ойын, қозғалыс ісәрекеті) | дағдыландыру.<br>(танымдық, коммуникативтік ісәрекеті)<br>**2.Жеке жұмыс.**<br>Алманың суретін салғызу.<br>Міндеті: Шығармашылық қа баулу.<br>(шығармашылық ісәрекеті).<br>**3.Еңбек.**<br>Жеміс жидектерді, алманы мүсіндеу.<br>Міндеті: Жемістерді мүсіндей білуге, ажырата білуге үйрету. (еңбек іс-әрекеті)<br>**4.Қимылды ойындар:**<br>«Картоп тасу»<br>Міндеті: Қимылды ойынның ережесін сақтай білуге үйрету, ойынның | ұшырайтынын, түрін, түсін ажырату.<br>(танымдық, коммуникативтік ісәрекеті)<br>**2.Жеке жұмыс.**<br>«Отбасы мүшелері»<br>Міндеті: Отбасы мүшелерін дұрыс атай білуге үйрету.<br>(коммуникативті к ісәрекеті).<br>**3.Еңбек.**<br>«Таза алаң»<br>Міндеті: Ойын алаңындағы ағаш бұтақтарын жинау. Бастаған ісін аяғына дейін тиянақты орындауға үйрету.<br>**4.Қимылдық ойын:** «Көрші».<br>Міндеті: Балалардың ептілікке, кеңістікті бағдарлай білуге |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | әрекеті)<br>**5.Дербес ойын әрекеті.**<br>1.Сазбалшықтан «қала» құрастырайық. | 2.Әткеншек тебу<br>3.Қуаласпақ | **5.Дербес ойын әрекеті.**<br>1.Әткіншектебу.<br>2.Тартылғышқа тартылу. | мазмұнын түсіне білуге баулу. (ойын, қозғалыс ісәрекеті)<br>**5.Дербес ойын әрекеті.**<br>Еркін ойындар. | үйрете отырып, батылдық сияқты қабілеттерін одан әрі дамыту. (ойын, қозғалыс іс-әрекеті)<br>**5.Дербес ойын әрекеті.**<br>1.Орта доп |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | "Баланы дұрыс сөйлеуге қалай үйретеміз?" Ата-аналарға кеңес беру. | «Отбасының саламатты өмір салтын сақтауға бағытталған дәстүрлері». Сұрақ-жауап. | Психолог кеңесі. «ЖРВИ кезінде қоғамдық орындарда балалар өздерін қалай ұстау керек?» | «Саламатты өмір салты ережелері», «Балаларға ыңғайлы киім таңдау» тақырыптарында әңгіме жүргізу. | Ата-аналарға кеңес беру. "Өрт қауіпсіздігі". |

Циклограмманы тексерген әдіскер:

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** МКҚК«Астана» бөбекжай бақшасы
**Топ:** «Балдәрен» ересек топ
**Балалардың жасы**: 4-жасар балалар
**Жоспардың құрылу кезеңі**: 23.10-27.10.2023 жыл

| **Күн тәртібінің кезеңдері** | **Дүйсенбі 23.10.2023** | **Сейсенбі 24.10.2023** | **Сәрсенбі 25.10.2023** | **Бейсенбі 26.10.2023** | **Жұма 27.10.2023** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды арнайы жасалған күлімдеген күн стикерімен қарсы алу, ыстық мейірімге баулу. | Амандасу дағдысын пысықтау. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыраты ны туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге баулу. | | Далада қандай ауа райы болып тұрғанын сұрау. Тоңды ма сұрау | Амандасу дағдысын пысықтау. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыраты ны туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге баулу. |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу. | Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау | | Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстатйыны жайлы әңгімелесу | Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары,** | **«Асханада кезекшілік атқару».** Міндеттері. Балаларға | **"Біз топ бөлмесінде және жатын бөлмеде терезе алды тақтайын** | | **"Күтушіге төсек салуға көмек көрсету".** Міндеттері. Балаларға өз | **"Біз орындықтарды орнына орналастырамы з".** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | кезекші міндеттерін өз бетінше және адал орындауды үйрету. Қолды мұқият жуу, кезекшінің киімін кию, үстелді дұрыс қою. Тамақтанғаннан кейін ыдыстарды тазалау. Еңбек дағдыларын дамыту, үстел жабдығындағы ретсіздікті көре білу. **(сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)** | **дымқыл шүберекпен сүртеміз".** Міндеттері. Балаларға сумен жұмыс істегенде келесі ережелерді сақтауды үйрету, жеңдерін түру, шүберекті сулау, құрғатып сығу, кірлеген шүберекті сумен шаю. **(сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)** | | төсек-орындарын ажыратуды үйрету; ересектерге қолдарынан келетін көмектерін көрсетуге ынталарын тәрбиелеу; еңбектенуге ұмтылысты, тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімін тәрбиелеу. **(сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)** | Міндеттері. Еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырманы мұқият және жылдам орындау. **(сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)** |
| | | | | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, екіге бөлінген секірмежіп төменде.<br>1-2 секірмежіпті жоғары көтеру, аяқтың ұшына тұру.<br>3-4 бастапқы қалып: аяқтың арасын сәл ашып тұру, секірмежіп төменде.<br>1- оң жаққа бір қадам жасау, секірмежіпті жоғары көтеру.<br>2 - оңға иілу.<br>3- тік тұру, секірмежіпті жоғары көтеру.<br>4- бастапқы қалып.<br>Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, секірмежіпті екі бүктеп ұстау, төмен түсіріп тұру.<br>1-2- отыру, секірмежіпті жоғары көтеру. | | | | |

<table>
<tr><td></td><td colspan="5">3-4 бастапқы қалып.<br>Бастапқы қалып: аяқтың арасын кең ашып тұру, секірмежіп иықта.<br>1- денені оңға бұру.<br>2- бастапқы қалып қа оралу.<br>Бастапқы қалып: аяқ арасын сәл ашып, секірмежіпті арт жаққа ұстап тұру. Секірмежіпті алға қарай айналдыра отырып, кішкене үзіліс жасау, екі аяқты ауыстыру, екі аяқпен бір орында секіру. (дене шынықтыру, дербес әрекет)</td></tr>
<tr><td>Таңғы ас</td><td colspan="5">Балалардың беті-қолын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық пен шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу.<br>Ойын жаттығу.<br>Нан қиқымын шашпаңдар,<br>Жерде жатса баспаңдар,<br>Теріп алып, қастерлеп<br>Торғайларға тастаңдар.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз, көркем әдебиет)</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</td><td>Арайлы таң, армысың!<br>Шуақты күн, армысың!<br>Жан досым, саған сәлем берейін,<br>Аман-есен бармысың!<br><br>Жыл құстары туралы әңгімелесу.<br>(сөйлеуді дамыту)</td><td>Арайлап таң атты,<br>Алтын сәуле таратты.<br>Жарқырайды қаламыз,<br>Жайнай түссін даламыз.<br>Қайырлы таң, достарым!<br><br>Құстар түрлерімен таныстыру, әңгімелесу.<br>(сөйлеуді</td><td></td><td>Сәлем бердім досыма!<br>Аман болсын әрқашан!<br>Асығамын қашанда!<br>Жайдарлы мінезді апайыма.<br><br>Құстар туралы қызықты деректер.<br>(сөйлеуді дамыту)</td><td>Үлкенге сіз дейміз!<br>Кішіге де сіз дейміз!<br>Бәрін, бәрін құрметтеп,<br>Бас иеміз біз.<br><br>Жыл құстарының түрлерін пысықтау.<br>(сөйлеуді дамыту)</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **дамыту)** | | | |
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | **1.Музыка**<br>Саз жетекшісінің жоспары бойынша<br>**2.Дене шынықтыру**<br>Ден тәрбие нұсқаушысының жоспары бойынша<br><br>Дәрумен және оның пайдасымен таныстыру **(Қоршаған ортамен танысу,зерттеу әрекеті)**<br>Дәрумендер туралы тақпақ жаттату **(Көркем әдебиет)**<br>Алманың суретін салу,жабыстыру, құрастыру **(Сурет салу,жапсыру,құрастыру)** | **2.Дене шынықтыру**<br>Ден тәрбие нұсқаушысының жоспары бойынша<br><br>Екі қарама-қарсы және бірдей жемістер мен көкеністерді ұзындығы, ені, биіктігі мен жуандығы бойынша салыстырады.**Математика негіздері**<br>**«Алтын дән» өлеңі К.Ахметова**<br>**Мақсаты:** Өлеңді асықпай мағанасына қарай дыбыстарды анық айтады.(**Көркем әдебиет)** | | **1.Дене шынықтыру**<br>Ден тәрбие нұсқаушысының жоспары бойынша<br>**3.Музыка**<br>Саз жетекшісінің жоспары бойынша<br><br>Жемістер мен көкеністерде қандай дәрумендер бар екені туралы әңгімелесу **(Сөйлеуді дамыту)**<br>Тамақты ішсең күнде сен<br>Белгілі бір мезгілде<br>Таңертең, түсте,түстен соң<br>Жатар алды кезінде,Балаларға тақпақ жаттау, уақытты бағдарлауға | Буклетпен жұмыс дұрыс тамақтану жайлы әңгімелесу<br>Пайдалы тағамдардың маңызымен таныстыру **(Қоршаған ортамен танысу)**<br>Жұмбақ жасыру ойыны<br>Көкеністер туралы **(Сөйлеуді дамыту)**<br>Көп аз ойыны<br>Аз және көп жемістерді топтастыру **(математика негіздері)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | үйрету. **(Көркем әдебиет,математика негіздері)** | |
| Серуенге дайындық | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| Серуен | **1.Бақылау** Сауысқанды бақылау. Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымындағы сауысқан құсы туралы түсініктерін тиянақтау; құстар әлеміне қызығушылықты арттыру; **2.Жеке жұмыс.** «Отбасы мүшелері» Міндеті: Отбасы мүшелерін дұрыс атай білуге үйрету. **3.Еңбек.** Ауладағы гүлдерді суару. Міндеті: Балаларды қоршаған әлемге | **1.Бақылау** Ойын алаңына экскурсия. Мақсат-міндеттері. Балаларды бағдарлау барысына, басынан аяғына дейін зейін салып, қатысуға бейімдеу; **2.Жеке жұмыс.** Аспанға ұшар бу болып Жерге қайтар су болып. (Бұлт) **3.Еңбек.** «Таза алаң» Міндеті: Ойын алаңындағы ағаш бұтақтарын жинау. Бастаған ісін аяғына дейін тиянақты орындауға | | **1.Бақылау** **Торғайды бақылау.** Мақсат-міндеттері. Торғайдың тіршілігі, сыртқы ерекшеліктері жайлы түсініктері мен білімдерін тиянақтау, құстарды аялау сезімін тәрбиелеу. **2.Жеке жұмыс.** Жұмбақ. Қабат қабат тоны бар, Шешіндірсең жылытар. (пияз) Міндеті: Ойлау қабілеттерін дамыту. **3.Еңбек.** | **1.Бақылау** Өзге топ балаларын бақылау. Міндеті: Өзге топ балаларымен қарым қатынастарын нығайту. Өзге топ балаларымен бірлесіп ойнау. **2.Жеке жұмыс.** Алманың суретін салғызу. Міндеті: Шығармашылыққа баулу. **3.Еңбек.** Бірлесіп еңбек ету. Міндеті: Бірлесіп жұмыс жасауға, шеберлікке тәрбиелеу. **4.Қимылды ойын:** «Кімге |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қамқорлықпен қарауға, табиғат әсемдігін сезіне білуге тәрбелеу.<br>**4.Қимылдық ойын:** «Тығылыспақ». Міндеті: Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа баулу.<br>**5.Дербес ойын әрекеті.**<br>1.Әткіншектебу.<br>2.Тартылғышқа тартылу. | үйрету.<br>**4.Қимылдық ойын:** «Көрші». Міндеті: Балалардың ептілікке, кеңістікті бағдарлай білуге үйрете отырып, батылдық сияқты қабілеттерін одан әрі дамыту.<br>**5.Дербес ойын әрекеті.**<br>1.Орта доп<br>2.Қуаласпақ | | Көкөністерді жинау. Міндеті: Бірлесіп еңбектенуге ынталандыру.<br>**4.Қимылдық ойын:** «Көкөністерді жинау». Міндеті: Көкөністерді атап, ажырата білуге үйрету.<br>**5.Дербес ойын әрекеті.**<br>1.Орта доп<br>2.Әткеншек тебу<br>3.Қуаласпақ | қандай құрал керек?» Міндеті: Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу мақсатында ойнату. Шапшаңдыққа баулу.<br>**5.Дербес ойын әрекеті.**<br>1.Сазбалшықтан «қала» құрастырайық. |
| Серуеннен оралу | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу. | | | | |
| Түскі ас | **Гигиеналық дағдылар**<br>Балаларға қолын жуар алдында жеңдерін түруді, суды жан-жағына шашыратпай бетін жууды үйрету; дәретханадан кейін және қажет болғанда қолды жууды үйрету.<br>**Көркемсөз**<br>Дос бол сабын, сумен сен,<br>Жиі-жиі жуын сен,<br>Таңертен де кешке де,<br>Жуын күндіз, кешке де,<br>Жуын күндіз, түсте де,<br>Жуын тамақ алдында,<br>Жуын тамақ соңында,<br>Жуын ұйықтар алдында, | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жуын ақ таң атқанда.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| Күндізгі ұйқы | «Айна» ертегісін оқып беру, балаларды ұйықтату. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | | | | |
| Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары | Ұйқы ашар жаттығу: «Созылу» - Төсекте аяқтары бірге, қолды денесінің қалпымен жоғарыға созып, арқасымен жатып керілу. Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жол бойымен жүру (**дене белсенділігі)** | Ұйқы ашар жаттығу: «Қайық» - Төсекте ішпен жатып , қолды иекке таяп қою, жартылай тұрып оңға- солға тербелу. Төсектерінен тұрып, бұдыр тақтайдың үстімен, тастардың үстімен басып ұйықтайтын бөлмеден шығу.(**дене белсенділігі)** | Ұйқы ашар жаттығу: «Кемпірқосақ» - Төсекте арқамен жатып аяғымен ауада шеңбер жасау. Төсектерінен тұрып, бұдыр тақтайдың үстімен, тастардың үстімен басып ұйықтайтын бөлмеден шығу.(**дене белсенділігі)** | Ұйқы ашар жаттығу: «Созылу» - Төсекте аяқтары бірге, қолды денесінің қалпымен жоғарыға созып, арқасымен жатып керілу. Жүру түрлеру Төсектерінен тұрып, бұдыр тақтайдың үстімен, тастардың үстімен басып ұйықтайтын бөлмеден шығу. (**дене белсенділігі)** | Ұйқы ашар жаттығу: «Созылу» - Төсекте аяқтары бірге, қолды денесінің қалпымен жоғарыға созып, арқасымен жатып керілу. «Тышқандар» - Массажды кілемшеде аяқ ұшымен және өкшемен айналу. (**дене белсенділігі)** |
| Бесін ас | Үстел үстіндегі асқа назар аудару; үстел басында отыру әдебі мен тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке жұмыс; әдептілік ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, | **Сурет салудан ойын-жаттығу** "Үйрек". Міндеттері. Балаларға | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу** "Көлдерге қонған | | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** "Мысық, қораз және түлкі" | **Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу** "Тыраулайды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Дымково ойыншығы өрнектерінің элементтерімен үйректің сұлбасын қылқаламның көмегімен безендіруді үйрету. **Зейінге жаттығу. "Бірдей екі үйректі тауып ал".** Міндеттері. Зейін, еске сақтау, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту. **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу** "Жыл құстары жылы жаққа ұшты. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: [ұ], [ү] дыбыстары". Мақсат-міндеттері. | үйректерді санайық". Міндеттері. Балаларға заттарды ғана емес, дыбыстарды да санауға болатынын түсіндіру. **Дамытушы жаттығуы. "Құс қайда ұшты? Көрсет."** Міндеттері. Сөйлеу тілін, кеңістікті бағдарлауды, зейінді дамыту. **Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу** "Бұлбұл". Міндеттері. Балаларды бұлбұлдың сыртқы көрінісімен таныстыру, бұлбұл туралы түсініктерін | | ертегісі. Міндеттері. Балаларды "Мысық, қораз және түлкі" орыс халық ертегісінің мазмұнымен таныстыру. **Дидактикалық ойын: "Жыл құстарын тап".** Міндеттері. Құстардың суреттерінің арасынан жыл құстарын табуды үйрету. Зейін, сөйлеу, еске сақтауды дамыту. **Жапсырудан ойын-жаттығу** "Көлшіктегі торғайлар". Міндеттері. Балаларға шаршыдан шеңберді шығарып қию арқылы торғайдың басы мен денесін | тырналар". Міндеттері. Балаларды тырнамен таныстыру, тырнаның ерекше қасиеттері туралы түсініктерін кеңейту. **"Тірек суреттер арқылы тырна туралы әңгімеле" шығармашылық ойыны.** Міндеттері. Балалардың тырна туралы білімдерін ертегі негізінде пысықтау. **"Логикалық жұптар" (табиғат құбылыстары) дидактикалық ойыны.** Міндеттері. Белгілі құбылыстар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балаларға жыл құстары туралы түсіндіру; [Ұ], [Ү] дауысты дыбыстар жөнінде ұғымдар қалыптастыру; дауысты дыбыстардың сөздердің құрамында жіңішке және жуан болып естілуін түсіндіру. **Қимылды ойын. "Қаздар! Ұшыңдар!"** Міндеттері. Балаларға ойын шартына сай қозғалуды үйрету; ойындағы мәтін бойынша диалогке қатысуға, рөлді сөздеріне сай атқаруға жаттықтыру; белсенді қарым-қатынасқа, | кеңейту. **Дидактикалық ойын. "Құстар қалай дыбыстайды?"** Міндеттері. Балаларға құстарды сыртқы бейнесі және дыбыстауы бойынша бір бірінен ажыратуды, тануды үйрету. **"Сөздер тізбегі" дидактикалық ойыны.** Міндеттері. Балалардың сөздік қорын байыту. Ой ұшқырлығын, зейіндерін дамыту; өзара жағымды қарым-қатынасты бекіту. Барысы. Педагог балаларға қандай сала бойынша сөз | | жапсыруды, дайын дайындамаларды пайдаланып торғайдың қанаттарын жапсыруды үйрету. Дидактикалық ойын. "Құстың ұясы". Мақсат-міндеттері. Геометриялық пішіндерден құстың ұясын құрастыруды үйрету. **Математика негіздері** "Алан мен Дана қонақта". Міндеттері. Балаларды 5 санының жасалуымен және 5 цифрымен таныстыру; цифрларды суреттермен сәйкестендіру; 5- | бейнеленген карточкаларды жинап, логикалық екі карточканы біріктіру; білімдерін жүйелеу; ойлау, еске сақтау қабілеттерін, сөйлеу тілдерін, қиялдарын дамыту; түрлі құбылыстарға қызығушылыққа, ізденімпаздыққа тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар. Әртүрлі табиғи құбылыстар бейнеленген суретті-карточкалар. Барысы. Балалар суреттердегі белгілі табиғат құбылыстарына мұқият қарап, составить логикалық |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | шапшаңдыққа, зеректікке тәрбиелеу. **(дене шынықтыру)** | құрайтындарын айтады. Берілген жағдайда "Отбасы" тақырыбы қарастырылады. Педагог "Отбасы" түсінігіне байланысты сөздердің бірін айтады да, келесі балаға жалғастыруды ұсынады. Егер бала белгіленген уақытта сәйкес сөз тауып айта алмаса, өз өнерін көрсетеді. **(сөйлеуді дамыту)** | | ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту. | жұптар құрайды. Логикалық жұптар тізбегі мынандай болуы мүмкін: тамшы-жаңбыр; тамшы - шатырдағы мұз тамшысы; тамшы - тұман; тамшы - кемпірқосақ; тамшы - мұз; тамшы - бұлақ; жапырақ - ағаш; жапырақ - бұтақ; жапырақ - гүл және тағы басқа. |
| Балалармен жеке жұмыс | Сейдазым Мейірлан ересек пен бірге ән айтуғ аынта білдіруге үйрету. | Мұхамеджан Айсұлтан және Назгүлмузыкалық фразалардың жоғары және төменгі бысталуын ажыратуға үйрету. | Шамшадин Айя және Серікбек Рахат3–5сөзден тұратын тіркестерді,сөйлемдерд і айтуға,ақпараттар мен бөлісуге үйрету. | Мүсілім және Ернұр ағаш,шөп,гүл сөздерін дұрыс қолдануға үйрету. | Алиасқар Айым және Қойшыбек Аяла жеке бас гигиенасының бастапқы дағдыларын меңгерту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | Міндеті:<br>- киімді дұрыс бүктеуді, ілуді, аяқ-киімді түзу қоюды әдетке айналдыру;<br>- өз бетінше жылдам және дұрыс киінуге (шешіне) дағдыландыру;<br>- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, сырт киім, аяқ-қиім сияқты заттардың орындарын білуге, тәртіп сақтауға тәрбиелеу;<br>- ауа райына сай киінгенін қадағалай білуді, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу;<br>- көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.<br>**(дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **1.Бақылау**<br>Өзге топ балаларын бақылау.<br>Міндеті:<br>Өзге топ балаларымен қарым қатынастарын нығайту. Өзге топ балаларымен бірлесіп ойнау.<br>(танымдық, коммуникативтік ісәрекеті)<br>**2.Жеке жұмыс.**<br>Мақал мәтел айту.<br>Аққуды атпа досыңды сатпа.<br>Досы көпті жау алмайды.<br>Міндеті:<br>Достықты | **1.Бақылау**<br>Бақшадағы көкөністерді бақылау.<br>Міндеті:<br>Бақшада өсетін көкөністердің аттарын атату. Күз мезгілінің сыйы туралы әңгімелесу.<br>(танымдық, коммуникативтік ісәрекеті) 2.Жеке жұмыс. Жұмбақ.<br>Қабат қабат тоны бар,<br>Шешіндірсең жылытар.<br>(пияз)<br>Міндеті: Ойлау қабілеттерін дамыту.<br>(коммуникативті | **1.Бақылау**<br>Бұлтты бақылау.<br>Міндеті:<br>Бұлттың түзілуі және олардың түрлерін:шарпы, будақ, қабатты бұлттарды ажырату.<br>(танымдық, коммуникативтік іс-әрекеті)<br>**2.Жеке жұмыс.**<br>Аспанға ұшар бу болып<br>Жерге қайтар су болып.<br>(Бұлт)<br>(коммуникативті к іс-әрекеті).<br>**3.Еңбек.**<br>Ауладағы гүлдерді суару.<br>Міндеті: | **1.Бақылау**<br>Адамдардың күзгі еңбегін бақылау Міндеті:<br>Адамдардың күзгі еңбегін бақылай отырып, еңбек сүйгіштікке, үлкендердің еңбегін құрметтей білуге даңдыландыру.<br>(танымдық, коммуникативтік ісәрекеті)<br>**2.Жеке жұмыс.**<br>Алманың суретін салғызу.<br>Міндеті:<br>Шығармашылық қа баулу.<br>(шығармашылық ісәрекеті). | **1.Бақылау**<br>Алтын күзді бақылау.<br>Міндеті: Күзгі алаңның назар аударып, күздің алғашқы белгілерін анықтау. Қай ағаштың жапырақтары ерте өзгеріске ұшырайтынын, түрін, түсін ажырату.<br>(танымдық, коммуникативтік ісәрекеті)<br>**2.Жеке жұмыс.**<br>«Отбасы мүшелері»<br>Міндеті: Отбасы мүшелерін дұрыс атай білуге |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бағалауға үйрету. (коммуникативтік ісәрекеті).<br>**3.Еңбек.**<br>Бірлесіп еңбек ету.<br>Міндеті: Бірлесіп жұмыс жасауға, шеберлікке тәрбиелеу. (еңбек іс-әрекеті)<br>**4.Қимылдық ойын:** «Тығылыспақ». Міндеті: Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа баулу. (ойын, қозғалыс іс-әрекеті)<br>**5.Дербес ойын әрекеті.**<br>1.Сазбалшықтан «қала» құрастырайық. | к ісәрекеті).<br>**3.Еңбек**.<br>Көкөністерді жинау. Міндеті: Бірлесіп еңбектенуге ынталандыру. (еңбек іс-әрекеті)<br>**4.Қимылдық ойын:** «Көкөністерді жинау». Міндеті: Көкөністерді атап, ажырата білуге үйрету. (ойын, қозғалыс іс-әрекеті)<br>**5.Дербес ойын әрекеті.**<br>1.Орта доп<br>2.Өткеншек тебу<br>3.Қуаласпақ | Балаларды қоршаған әлемге қамқорлықпен қарауға, табиғат әсемдігін сезіне білуге тәрбелеу. (еңбек іс-әрекеті)<br>**4.Қимылды ойын**: «Кімге қандай құрал керек?» Міндеті: Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу мақсатында ойнату. Шапшаңдыққа баулу. (ойын, қозғалыс ісәрекеті)<br>**5.Дербес ойын әрекеті.**<br>1.Әткіншектебу.<br>2.Тартылғышқа тартылу. | **3.Еңбек.**<br>Жеміс жидектерді, алманы мүсіндеу. Міндеті: Жемістерді мүсіндей білуге, ажырата білуге үйрету. (еңбек іс-әрекеті)<br>**4.Қимылды ойындар:** «Картоп тасу» Міндеті: Қимылды ойынның ережесін сақтай білуге үйрету, ойынның мазмұнын түсіне білуге баулу. (ойын, қозғалыс ісәрекеті)<br>**5.Дербес ойын әрекеті.**<br>Еркін ойындар. | үйрету. (коммуникативтік ісәрекеті).<br>**3.Еңбек.**<br>«Таза алаң» Міндеті: Ойын алаңындағы ағаш бұтақтарын жинау. Бастаған ісін аяғына дейін тиянақты орындауға үйрету. (еңбек іс-әрекеті)<br>**4.Қимылдық ойын:** «Көрші». Міндеті: Балалардың ептілікке, кеңістікті бағдарлай білуге үйрете отырып, батылдық сияқты қабілеттерін одан әрі дамыту. (ойын, қозғалыс іс-әрекеті)<br>**5.Дербес ойын әрекеті.**<br>1.Орта доп<br>2.Қуаласпақ |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | "Баланы дұрыс сөйлеуге қалай үйретеміз?" Ата-аналарға кеңес беру. | «Отбасының саламатты өмір салтын сақтауға бағытталған дәстүрлері». Сұрақ-жауап. | Психолог кеңесі. «ЖРВИ кезінде қоғамдық орындарда балалар өздерін қалай ұстау керек?» | «Саламатты өмір салты ережелері», «Балаларға ыңғайлы киім таңдау» тақырыптарында әңгіме жүргізу. | Ата-аналарға кеңес беру. "Өрт қауіпсіздігі". |

Циклограмманы тексерген әдіскер :

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** МКҚК «Астана» бөбекжай бақшасы
**Топ:** Балдәурен» ересек
**Балалардың жасы**: 4-жасар балалар
**Жоспардың құрылу кезеңі**: 30.10-03.11.2023 жыл

| **Күн тәртібінің кезеңдері** | **Дүйсенбі 30.10.2023** | **Сейсенбі 31.10.2023** | **Сәрсенбі 01.11.2023** | **Бейсенбі 02.11.2023** | **Жұма 03.11.2023** |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | Балаларды көтеріңкі көңіл күймен, қуыршақпен қарсы алу | Балаларды көтеріңкі көңіл күймен,денсаулығын тексеріп қарсы алу | Баланы алақан соғу арқылы қарсы алу | Балақай сені бүгін көңілді күн күтіп тұр деп топқа кіргізу | Қызыл жүрекшемен қарсы алу |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру | Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу. | Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау | Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау | Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстатйыны жайлы әңгімелесу | Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы | **"Бөлме өсімдіктеріне бүріккіш пистолеттен су бүрку".** Міндеттері. Жаңа еңбек дағдыларын үйрету; балалардың жапырақтарға | **"Кір сүлгілерді ауыстыру".** Міндеттері. Еңбекке тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу. Сүлгіні | **"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп». (тәрбиешінің көмекшісімен бірге)** Міндеттері. Балаларға жеке шкафтарында тәртіп сақтауды үйрету; шкафты киім мен аяқкиімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту | **"Орындықтарды жуу".** Міндеттері. Балаларға тәрбиешінің көмекшісіне көмектесуге, топтық бөлмедегі орындықтарды таза ұстауды үйрету: оларды дымқыл | **"Біз топ бөлмесінде және жатын бөлмесіндегі терезе алдындағы тақтайды дымқыл шүберекпен сүртеміз".** Міндеттері. Балаларға сумен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| басқа әрекеттер) | ылғалдың қажеттігі туралы түсініктерді бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Балаларға өсімдіктерді суару қажеттілігін өз бетінше анықтауды үйрету (топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске түсіру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет, сурет салу) ҚР. Гимнін орындайды.** Міндеттер. Балаларды | ілгішке іліп қоюды үйрету. **(сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары) Үстел ойыны. «Сурет бойынша жинастыр».** Міндеттері. Қолдың ұсақ моторикасын жетілдіру. **(танымдық дағдылар)** | және киімді ұқыптылықпен бүктеп, орнына жинап қою. Еңбекқорлықты, тәртіпті көре білуді, ұжымда бірлесіп еңбек етуді үйрету. **(сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары) «Бұлт неге ұқсайды?»** Міндеттері. Әртүрлі заттар мен жануарлардың сыртқы бейнесін табуды үйрету. Қиялын, шығармашылық қабылдауын дамыту. **(танымдық дағдылар, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | шүберекпен сүртуді; орындарына қоюды үйрету. Еңбек дағдыларын дамыту, жұмыс кезінде мәдени-гигиеналық талаптарды сақтау қабілетін қалыптастыру. Ересектерге көмектесуге ынталандыру, олардың жұмысын құрметтеуге тәрбиелеу. **(сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары, дербес әрекет)** | жұмыс істегенде келесі ережелерді сақтауды үйрету: жеңді түру, шүберекті сулау, құрғатып сығу, кірлегенде сумен жуып-шаю. **(сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары) «Жұбын тап».** Міндеттері. Балалардың ақыл-ойын, тілін дамыту, зейінді болуға тәрбиелеу. Ойын атрибуттары: жемістер мен өккөгөністерге байланысты текшелер. Ойынның барысы: ойынға 3-4 бала қатысуға болады. Балалар суреті бар текшелерді (доминоны) бөліп алады да, қызықты ойын бастайды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | патриоттық тәрбиені қалыптастырады. **(музыка)** | | | | |
| Таңертенгі жаттығу | Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, екіге бөлінген секірмежіп төменде.<br>1-2 секірмежіпті жоғары көтеру, аяқтың ұшымен тұру.<br>3-4 бастапқы қалып: аяқ арасын сәл ашып тұру, секірмежіп төменде.<br>1 оң жаққа бір қадам жасап, секірмежіпті жоғары көтеру.<br>2 оңға иілу.<br>3 тік тұру, секірмежіпті жоғары көтеру.<br>4 бастапқы қалып.<br>Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, секірмежіпті екі бүктеп ұстап, төмен түсіріп тұру.<br>1-2 отыру, секіртпені жоғары көтеру.<br>3-4 бастапқы қалып.<br>Бастапқы қалып: аяқтың арасын алшақ қою, секірмежіп иықта.<br>1 денені оңға бұру.<br>2 бастапқы қалып.<br>Бастапқы қалып: аяқты сәл ашып, секірмежіпті арт жаққа ұстап тұру. Секірмежіпті алға қарай айналдырып, біраз үзіліс жасап, екі аяқты ауыстыру, бір орында екі аяқты бірге қосып секіру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)** | | | | |
| Таңғы ас | Дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру: асхана құралдарын дұрыс қолдану (ас қасық пен шай қасық, шанышқы); майлықты ұқыпты пайдалану; нанды үгітпей жеу, асты ауызды жауып шайнау, тамақ ішіп отырғанда сөйлемеу; әдепті болуға тәрбиелеу (ас үшін алғыс білдіру, тазалық сақтау).<br>Біздерде бар қасықтар<br>Сиқырлы екен құралдар.<br>Дайын қасық, дәмді ас.<br>Еш нәрсені қалдырмас.<br>Балалар таңғы астарын ішеді. Тамақтану барысында тәрбиеші балалардың орындықта дұрыс отыруын қадағалайды. Бала орындықта түзу отырмаса, педагог оған орындықта дұрыс отыру керектігін айтады. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| Ұйымдастырыл | **"Көкөністер дүкені"** | **«Сәлемдесу».** Балалар екі-үш | **"Жыл мезгілдері" дидактикалық** | Күздің кереметі тақырыбындағы | "Жомарт күз" тақырыбын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ған іс-әрекетке дайындық | **тақырыбына әңгімелесу.** Міндеттері. Балалардың көгөніс дүкені жайлы түсініктерін нақтылау, сөйлеу тілін белсендіру: көгөністер мен жемістерді, сатушы мен сатып алушының әрекеттерін нақтылайтын етістіктерді, сапалық сын есімдерді атау. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | жұп құрап тұрады. Әртүрлі елдің адамдарының сәлемдесу рәсімін көрсетеді**.** **(сөйлеуді дамыту)** | **ойыны.** Міндеттері. Балалардың жыл мезгілдері жайлы білімдерін бекіту, мезгілдік өзгерістерді талқылау. Құралдары: жыл мезгілдері туралы суреттер. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | суретке қарап әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту)** | пысықтау, тақпақ айту, жұмбақтар жасыру. **(сөйлеуді дамыту)** |
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | **1.Музыка Маман жоспары бойынша**<br><br>**2.Дене шынықтыру Маман жоспары бойынша**<br><br>«Өзіңе қалай көмектесесің» | **1.Дене шынықтыру Маман жоспары**<br>Ересек адамдарға біз қалай көмектесеміз? Мысалы анамыз бен әжемізге? Балалардың | **Қазақ тілі**<br>Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзінбөлмей, кезекпен сөйлеуге баулу.<br>«Түлкі мен ешкі» ертегісін оқып беру. Кейіпкерлерге жанашырлық танытуды, ондағы | **1.Дене шынықтыру Маман жоспары бойынша**<br>**3.Музыка Маман жоспары бойынша**<br>Айналасындағы заттарды атау арқылы сөздік қорды кеңейту: | «Кішкентай бағбан» әңгімесін оқып беру. Мазмұнын түсінуге және олардың мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтауға үйрету. **(көркем әдебиет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тақырыбында әңгімелесу, суреттер қарау. Өз өзіне қызмет ету дағдыларын пысықтау. Әңгемелесу барысында дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту **(сөйлеуді дамыту)**<br><br>Өзімізге әр түрлі заттардан үй құрастырып аламыз. Балаларды топқа бөліп, қалаулары бойынша үй құрастырту. **(құрастыру)** | пікірлерін тыңдау. Суреттер бойынша толықтырып әңгімелету. Артикуляциялық аппаратты жетілдіру. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | әрекеттердің дамуын қадағалау **(көркем әдебиет)**<br><br>Топтағы жануарларды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білуді меңгерту. **(математика негіздері)**<br><br>Ересек адамдарға біз қалай көмектесеміз? Мысалы анамыз бен әжемізге? Балалардың пікірлерін тыңдау. Суреттер бойынша толықтырып әңгімелету. Артикуляциялық аппаратты жетілдіру. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіндіру**.** Күнделікті өмірде жиі қолданатын заттар туралы әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту)** Балалардың қалауы бойынша сол заттардың (**суретін салу, қағаздан қиып жапсыру**). | Ертегідегі ағаштарды биіктігі бойынша салыстыру **(математика негіздері)** |
| **Серуенге дайындық** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **1.Бақылау:**<br>**Топырақты бақылау.** | **1.Бақылау:**<br>**Желді бақылау. Міндеті:** | **1.Бақылау:**<br>**Суды бақылау. Міндеті:** балаларды | **1.Бақылау:**<br>**Бірінші қатқақты бақылау.** | **1.Бақылау:**<br>**Аспанды бақылау.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсат-міндеттері. Ауа райына байланысты топырақтың қасиеті әртүрлі болатынын көруді үйрету.<br>**Күн - жылу мен жарық көзі.**<br>**Міндеті:** күн - жылу мен жарық көзі екені жайлы түсініктерін пысықтау; талқылау, дәлелдеу біліктерін дамыту;<br>**2.Жеке жұмыс.**<br>Алманың суретін салғызу.<br>**Міндеті:** Шығармашылыққа баулу.<br>**3.Еңбек:**<br>кіші топ балаларына ойын аумақтарын жинауға көмектесу. | Балалардың желдің қасиеттерін тануға деген қызығушылықтарын арттыру;<br>**"Түтікшемен үрлеп, таспаны (лента) желбіретейік" жаттығуы.**<br>**2.Жеке жұмыс.**<br>Аспанға ұшар бу болып<br>Жерге қайтар су болып.<br>(Бұлт)<br>**3.Еңбек:**<br>ойын алаңына ағаштардан қурап түскен ұсақ бұтақтарды жинау.<br>**Мақсаты:** Аула сыпырушыға көмек көрсету, өзгелердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.<br>**4. Қимылды** | сумен ұқыпты жұмыс істеуді дағдыландыру; судың қасиеттері жайлы түсініктерін нақтылау; судың табиғи сұйық зат екеніне көз жеткізу; ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**2.Жеке жұмыс**.<br>Мақал мәтел айту.<br>Аққуды атпа досыңды сатпа.<br>Досы көпті жау алмайды.<br>**Міндеті:** Достықты бағалауға үйрету.<br>**3.Еңбек.**<br>«Таза алаң»<br>**Міндеті:** Ойын алаңындағы ағаш бұтақтарын жинау.<br>**4.Қимылдық ойын: "Ақ серек, көк серек"**<br>**Мақсаты:**. Балаларды ойын шарты бойынша ойнауға, мұқият және белсенді болуға; батылдыққа, жылдамдыққа, жылдам жүгіруге баулу; | **Міндеті:** Сыртқы белгілерге қарап, ауа райын анықтауды үйрету. Табиғатта болып жатқан өзгерістерді (қатқақты) бақылау, күзгі ауа райымен салыстыру.<br>**2.Жеке жұмыс.**<br>Тыйым сөздерді жаттату.<br>**Мақсаты:** «Суға түкірме», «Нанды баспа», «Дастархан басында кекірме» т.б сөздердің мағынасын айтып түсіндіру.<br>**3.Еңбек :** ойын алаңындағы ұсақ қоқыстарды жинап шығару.<br>**Міндеті**.<br>Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**4. Қимылды ойын. «Балалар бақшаға шықты» (поляк ұлттық ойыны).**<br>Жануардың рөлін таңдау және | **Міндеті:** Балаларды аспанның ашық не бұлтты екенін анықтап; бұлттарды белгілі бейнелерге ұқсайтынын байқауға машықтандыру;<br>**2.Жеке жұмыс.**<br>Жұмбақ.<br>Қабат қабат тоны бар, Шешіндірсең жылытар.<br>(пияз)<br>**3.Еңбек:**<br>ағаштардан түскен құрғақ бұтақтарды жинау.<br>Мақсат-міндеттері. Құралдарды қолдануды үйрету, еңбек біліктіліктерін дамыту.<br>**4. Қимылды ойын. «Ақ аюлар». (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттері. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Мақсаты:** Жасы кішіге көмектесуге ұмтылуды үйрету, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**4.Қимылдық ойын: "Ақсүйек" Міндеті:** Балаларды ойын ережесіне сай ойнауға машықтандыру; зеректікке, қырағылыққа, дәлдікке дағдыландыру;<br>**5.Дербес ойын әрекеті**. 1.Әткіншектебу. 2.Тартылғышқа тартылу. | **ойын. «Өзіне жұп табу».** Белгі бойынша ойын барысында алаңда орын ауыстыру, өз жұбын табу. Еске сақтауды, қимыл жылдамдығын жетілдіру.<br>**"Шұңқырдан аттап секіріп өт" Міндеті:** Балаларды ұзындыққа секіруге машықтандыру; вестибуляр аппаратын, күш-жігерін дамыту.<br>**5.Дербес ойын әрекеті**. **Шығарылған материалмен ойындар.** Мақсат-міндеттері. Қимыл-қозғалыс үйлесімділігін | **5.Дербес ойын әрекеті**. **"Жыланша" Міндеті:** Қимыл-қозғалыс үйлесімділігін дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы түрде қосылуға тәрбиелеу. | олардың қимыл-қозғалысын дәл келтіре білуге еліктеу.<br>**5.Дербес ойын әрекеті**. **Еркін ойындар:** далаға шығарылған материалдармен ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, секіртпеден секіру. | Ұжымдық тапсырмаларды орындауды үйрету, қарапайым өзара қарым-қатынас қабілетін қалыптастыру.<br>**5.Дербес ойын әрекеті**. **далаға шығарылған материалмен ойын ойнау. Міндеті:** Қимыл-қозғалыс үйлесімділігін дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; | | | |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Түскі ас** | Дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру: асхана құралдарын дұрыс қолдану (ас қасық, шай қасық, шанышқы); майлықты ұқыпты пайдалану; нанды үгітпей жеу, асты ауызды жауып шайнау, тамақ ішіп отырғанда сөйлемеу; әдепті болуға тәрбиелеу (ас үшін алғыс білдіру, тазалық пен тиянақтылық қажеттілігі.)<br>Біздерде бар қасықтар<br>Сиқырлы екен құралдар.<br>Қолға қасық аламыз.<br>Дәмді астан аламыз.<br>Осы сөздерден кейін балалар таңғы астарын ішеді. Тамақтану кезінде тәрбиеші балалардың орындықта дұрыс отыруын қадағалайды. Бала орындықта дұрыс отырмаса, оған түзу отыру керектігін айтуға болады. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Релаксацияға арналған жаттығу: "Менің көзім".<br>Мақсат-міндеттері. Тыныш ұйқыға қолайлы жағдай жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | Ұйқы ашар жаттығу: Ортопедиялық жол бойымен жүргізу, Жалпақ табандылықты болдырмау. Майтабанның алдын алу. ( 2 минут) Анайы жолдармен | Ұйқы ашар жаттығу: Қолдың және аяқ бұлшық еттеріне арналған жаттығуларды орындау. Майтабанның алдын алу. ( 2 минут) Арқанын | Ұйқы ашар жаттығу Түйіршікті және жұмсақ жолақшалармен жүру | Ұйқы ашар жаттығу: 1. Төсекте жатып жасайтын жаттығулар (2-3 минут) Майтабанның алдын алу. ( 2 минут) Арқанын қалпын сақтауға арналған | Ұйқы ашар жаттығу: Созылу. ( 3- 4 рет) 1. Белсенді нүктелерге массаж жасау. Тымау ауруларын алдын алу. «Ауырма» (Нүктелі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жүру, дымқыл жолмен жүру. | қалпын сақтауға арналған жаттығулар.<br>( 2 минут) | | жаттығулар.<br>( 2 минут) | массаж).<br>Массажды балалар өз бетімен орындайды.<br>2.Майтабанның алдын алу.<br>( 2 минут)<br>Арнайы жолдармен жүру, дымқыл жолмен жүру. |
| **Бесін ас** | Дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру: асхана құралдарын дұрыс қолдану (ас қасық, ша қасық, шанышқы); майлықты ұқыпты пайдалану; нанды үгітпей жеу, асты ауызды жауып шайнау, тамақ ішіп отырғанда сөйлемеу; әдепті болуға тәрбиелеу (ас үшін алғыс білдіру, тазалық пен тәртіп сақтау.)<br>Біздерде бар қасықтар<br>Сиқырлы екен құралдар.<br>Қолға қасық аламыз.<br>Дәмді астан аламыз.<br>Осы сөздерден кейін балалар таңғы астарын ішеді. Тамақтану кезінде тәрбиеші балалардың орындықта дұрыс отыруын қадағалайды. Бала орындықта дұрыс отырмаса, оған түзу отыру керектігін айтуға болады. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Балалардың қолынан қорек іздеген тиіннің суреті бойынша әңгіме құрастыру". | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Үлкен және кішкентай қарбыздар".<br>Міндеттері. Балаларды суреттің бояудың бетіне | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу**<br>"Күзгі орманның ғажайыптары".<br>Міндеттері. Балаларға түсініктер беру.<br><br>**Сюжетті-рөлдік** | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Кішкентай бағбан".<br>Міндеттері. Балаларды «Кішкентай бағбаншы» әңгімесімен таныстыра отырып, | **Мүсіндеуден ойын-жаттығу**<br>"Жемістер".<br>Міндеттері. Балаларды жемістердің негізгі пішінін, алма, алмұртқа тән ерекшеліктерді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Міндеттері. Балаларға сурет бойынша әңгіме құрастыруды түсіндіру; суретті сипаттауда, сол суреттегі оқиғаларға қатынасын білдіру үшін, өз ойын айту түсіндіріп амалдарымен таныстыру. **Қимыл-қозғалыс ойыны.** «Мысық пен тышқан». Міндеттері. Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа үйрету. Құралдар: мысық пен тышқанның маскасы. Ережесі: балаларды шеңберге тұрғызып, араларынан | шығуы деп аталатын сурет салу әдісімен таныстыру; бормен көлемдері әртүрлі дөңгелектерді салып, ішін тіке жатқан ирек сызықтармен безендіріп, қылқаламмен дөңгелек сұлбасының бойымен, үстінен жасыл бояумен бояу техникасына үйрету. **«Дауысына қарай ажырат» дидактикалық ойыны.** Міндеттері. Балалардың үй жануарларының дауыстары жөнінде білімдерін тексеру және жетілдіру. | **ойын. "Супермаркет».** Мақсат-міндеттері. Балаларды өз ойын жоспарын құрдастарының жоспарларымен үйлестіруге үйрету, ойын барысында рөлдерді өзгерту. Балаларды қоршаған ортадағы өмір туралы білімдерін ойындарда кеңінен қолдануға шақыру; диалог сөйлеуді дамыту. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі) Құрастыру** "Жолдағы серігің". Міндеттері. Балаларға құрамында: цилиндр, тақтайша, призма, кірпіш, текше бар құрылыс материалдарының жинағынан жеңіл көлікті құрастыруды үйрету; көліктің бөліктерін атау; көлік және оның түрлері | әңгімеде кездесетін көркем сөздердің мағынасын түсіндіру.<br><br>**Құрастырудан ойын-жаттығу** "Күзгі ағаш". Мақсат-міндеттері. Балаларды қағаз бетінде ағаш діңі мен ұшар басы салынған суреттің үстіне макарон өнімдерін өздері қалаған жерге орналастырып, құрастыруды үйрету. **Дидактикалық ойын. "Күзде не болады?"** Міндеттері. Күз мезгіліндегі табиғи құбылыстарды ажыратуды үйрету. **"Көгөністі танып, атауын ата" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балалардың сөздік | беруге, бөлшектерді саусақтың және кескіштің көмегімен келтіре отырып, екі қолмен мүсіндеуді үйрету. **Дидактикалық ойын. "Қайсы үлкендеу?"** Мақсат-міндеттері. Зерттелетін заттың пішіні мен көлеміне назар аудара отырып, сын-сипатын байқауды және атауды үйрету. **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Бақшадағы мол өнім". Міндеттері. Балаларға жомарт күз туралы түсінік бере отырып, күзде бақшада өсетін көгөністер және жемістер туралы білімдерін кеңейту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мысық пен тышқанды белгілеп, мысық тышқанды қуады, тышқан мысықтан қашады. Тышқан ұсталып қалса, балалар ауысып, ойын басынан бастап ойналады. **(дене шынықтыру)** | - Балалар, мен сендерге әртүрлі дауыстарды саламын, ал сендер сол дауыс қай жануардың даусы екенін табасыңдар. **(қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі)** | туралы, көлікті қандай мақсатта қолдану керектігі туралы түсініктерін дамыту. | қорын байыту; денсаулық үшін көгөністер мен жемістердің пайдасы туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру, толық жауап беруге ынталандыру. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Сағи Адина қағазға және құмға сурет салудың(үздіксіз айналмалысызықтар жүргізеді) Бастапқы техникасын меңгерту. | Әміре және Әбілмансұр құрылыс материалдарына және конструкторлардың ірі бөлшектерінен құрастырға алуға үйрету. | Мүсілім және Фатима белсенді сөздікте барлық сөзтаптарын қолдануға үйрету. | Кәусар және Мариям шынықтыру шараларын өткізу кезінде жағымды көңіл-күй танытуын қалыптастыру. | Ернұр және Аяла негізгі қимылдардың түрлерін игерту. |
| **Серуенге дайындық** | Мақсат-міндеттері:<br>- киімді дұрыс бүктеп жинауға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру;<br>- өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру;<br>- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-қиім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіп сақтауға тәрбиелеу;<br>- ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу;<br>- көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.<br>**(дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **1.Бақылау** | **1.Бақылау** | **1.Бақылау** «Өзге топ | **1.Бақылау** | **1.Бақылау** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **Топырақты бақылауды жалғастыру.** Мақсат-міндеттері. Ауа райына байланысты топырақтың касиетінің әртүрлі болатынын көруді үйрету.<br>**2.Жеке жұмыс.** Жұмбақ жасыру:<br>Ағайынды бес құрдас<br>Бірдей болып еш тұрмас (Саусақ)<br>Есігі – біреу<br>Бөлмесі бесеу<br>(Қолғап)<br>**3. Еңбек:** ұжымдық тапсырмаларды орындау, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**4.Қимылды ойындар:** «Допты қуып жет», | **Бірінші қатқақты бақылау.** Мақсат-міндеттері. Сыртқы белгілерге қарап, ауа райын анықтауды үйрету. Табиғатта болып жатқан өзгерістерді (қатқақты) бақылау, күзгі ауа райымен салыстыру.<br>**2.Жеке жұмыс.** Күз мезгіліне байланысты көркем сөз жаттату.<br>«Күз»<br>Қара бұлт<br>қабағын түйеді<br>Бұталар боз<br>қырау киеді,<br>Осы ма, осы ма,<br>күз деген<br>Бақшаға<br>баратын | балаларының іс – әрекеті»<br>**Міндеті:** Балалардың назарын өзге топ балаларының іс – әрекетіне аудартып, балалардың қалай ойнайтындарын, өздерін қалай ұстайтындарын бақылау.<br>**2.Жеке жұмыс.** Балаларға жұмбақ жасыру.<br>Жазда тұрып жоғары,<br>Күзде жерге қонады.<br>(Жапырақ)<br>Аспай піскен,<br>Қайнамай<br>піскен.(Жеміс)<br>**3.Еңбек.** Ауладағы ағаштардың сынығын, жапырақтарды жинау.<br>Міндеті**:** Ауладағы жапырақтарды жинау.<br>Балалардың еңбекке ынтасын арттыру<br>**4.Қимылды ойындар:** «Ақ серек, көк серек»<br>**Міндеті:** Балаларды тез жүгіруге үйрету, | **Міндеті:**<br>**2.Жеке жұмыс.** «Күзгі жапырақтар» туралы оқу (Қ. Шарғытбаев)<br>Алтын, сары,<br>қызыл, көк<br>Алуан- алуан<br>жапырақ<br>Күзгі бақта<br>күлімдеп,<br>Көз тартады атырап.<br>**3.Еңбек.** Жапырақтардың ағаштардан қалай түскенін бақылап, әдемі жапырақтардың айналаға қалай сән беріп тұрғанын әңгімелету.<br>**Міндеті:** Балалардың еңбекке ынтасын арттыру<br>**4.Қимылды ойындар:** «Жапырақ жинау»<br>**Міндеті:** Шапшаңдыққа | Ағаштардың желмен ұшып түсіп жатқан жапырақтарды бақылау.<br>**Міндеті:** Жапырақтардың ағаштардан қалай түскенін бақылап, әдемі жапырақтардың айналаға қалай сән беріп тұрғанын әңгімелету.<br>**2.Жеке жұмыс.** «Көкөністер туралы ертегі»<br>**Міндеті:**көкө ністер туралы түсіндіру.<br>**3.Еңбек.** Учаскедегі күзгі жапырақтарды бір жерге жинау.<br>**Міндеті:** Балаларды еңбекқорлыққа тәрбиелеу.<br>**4.Қимылды ойындар:** «Қаздар, қаздар» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Кім тезірек?»<br>**Міндеті:** Балаларды тез жүгіруге үйрету,<br>**5.Дербес ойын әрекеті**.<br>1. Тығылыспақ.<br>2. Тартқышқа тартылу. | бізбенен<br>**3.Еңбек.** Құмсалғыштағы құмды күрекшелермен көтеру.<br>**4.Қимылды ойындар:** «Үрпек төбет», «Жасырынбақ»<br>**Міндеті:** Шапшаңдыққа баулу.<br>**5.Дербес ойын әрекеті**.<br>Серуенге алып шыққан материалдармен ойындар | **5.Дербес ойын әрекеті**.<br>1. Әткеншек тебу.<br>Допты қуалау**.** | баулу<br>**5.Дербес ойын әрекеті**.<br>1.Төбешіктентөбешікке секір.<br>2.Күн мен түн | **Міндеті:** Шапшаңдыққа баулу.<br>**5.Дербес ойын әрекеті**. |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | «Жеке бас гигиенасының басты ережелері», «Достарымыздың арасында өзімізді қалай ұстау керекпіз?» тақырыптарында әңгіме жүргізу. | «Отбасымен серуендеу» атты тақырыпта көрме ұйымдастыру. | Жоба: "Жомарт күз" атты тақырыпта көрме ұйымдастыру. | «Айына бір рет отбасы күнін өткізу». | "Баланың серуенін қалай ұйымдастырамыз" тақырыбында ата-аналарға кеңес беру. |

Циклограмманы тексерген әдіскер:

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** МКҚК «Астана» бөбекжай бақшасы
**Топ:** «Балдәурен» ересек
**Балалардың жасы**: 4-жасар балалар
**Жоспардың құрылу кезеңі**: 06-10.11.2023 жыл

| **Күн тәртібінің кезеңдері** | **Дүйсенбі 06.11.2023** | **Сейсенбі 07.11.2023** | **Сәрсенбі 08.11.2023** | **Бейсенбі 09.11.2023** | **Жұма 10.11.2023** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды арнайы жасалған күлімдеген күн стикерімен қарсы алу, ыстық мейірімге баулу. | Амандасу дағдысын пысықтау. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге баулу. | Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге баулу. | Далада қандай ауа райы болып тұрғанын сұрау. Тоңды ма сұрау | Амандасу дағдысын пысықтау. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге баулу. |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Бала тәрбиесі жөнінде ата-аналарға кеңес беру | Бала тәрбиесі жөнінде ата-аналарға кеңес беру | Бала тәрбиесі жөнінде ата-аналарға кеңес беру | Бала тәрбиесі жөнінде ата-аналарға кеңес беру | Бала тәрбиесі жөнінде ата-аналарға кеңес беру |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды** | **"Кітап бұрышындағы еңбек".** (кітаптарды | **"Ойыншықтарды тәртіпте ұстау".** Міндеттері. | **"Біз топ бөлмесінде және жатын бөлмеде терезе** | **"Күтушіге төсек салуға көмектесу".** Міндеттері. | **"Ойыннан кейін топта тәртіп орнату".** Міндеттері. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | қалпына келтіру). Міндеттері. Балаларға жөндеуді қажет ететін кітаптарды таңдауды, оларды мұқият желімдеуді үйрету (желім мен қайшыны дұрыс пайдалану, майлықтарды пайдалану). Кітаптарға ұқыпты карауды, адал еңбектенуге және тәртіп сақтауға тәрбиелеу. | Жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбекқорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. | **алдындағы тақтайды дымқыл шүберекпен сүртеміз".** Міндеттері. Балаларды сумен жұмыс кезінде келесі ережелерді сақтауды үйрету, жеңді түру, шүберекті сулау және құрғатып сығу, кірлегенде сумен жуып-шаю. | Балаларды өз төсек-орындарын ажыратуды үйрету; үлкендерге қолдарынан клген көмектерін жасауға тәрбиелеу; жұмысқа ұмтылысты, тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімін тәрбиелеу. | Балалардың тәртіпке деген саналы ұмтылысын, ойыннан кейін ойыншықтарды жинастыру әдетін қалыптастыру. Жұмыс жоспарын құру, алдағы жұмыс үшін қажетті материалдарды таңдау қабілетін жетілдіру. |
| | **ҚР. Гимнін орындайды.** Міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. **(музыка)**<br><br>**Үстел үсті** | **Дидактикалық ойын. «Домино».** Міндеттері. Баланың көліктер жайлы білімдерін дамыту және пысықтау. Сәйкес көлікті | **Дидактикалық ойын. "Көңілді қыстырғыштар ".** Міндеттері. Қыстырғыштар арқылы саусақ моторикасын дамыту, шығармашылық | **Дидактикалық ойын. «Көліктер».** Міндеттері. Көлік түрлерін ажыратуды үйрету. **(сөйлеуді дамыту)** | **Үстел үсті ойыны.** «Мозаика». Міндеттері. Балаларға берілген суреттердің бөлігін табу және орналастыруды үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **ойындары. "Көліктерді топтастыр".** Мақсат-міндеттері. Көліктерді бір-бірінен ажыратып, атауларын атай білуді үйрету; Керекті құралдар: көліктер. **(танымдық дағдылар, сөйлеуді дамыту)** | табу және дұрыс атау, оның атқаратын қызметімен таныстыру. Ойын шарты: суреттері сәйкес келетін карточкаларды бір қатарға тізіп қою, кім карточкаларын бәрінен бұрын жиып қояса, сол бала жеңіп шығады. Қажетті құралдар: бірдей қос суреттер, әртүрлі көліктер бейнеленген көлемдері 5×6см карточкалар. **(танымдық дағдылар)** | қабілетін дамыту. Ұсынылған бірнеше фигуралардың ішінен дұрыс таңдау. Балалардың сөздігін кеңейтуге және белсендіруге, сондай-ақ есте сақтау мен ойлауды дамытуға ықпал ету. **(шығармашылық дағдылар, сөйлеуді дамыту)** | **"Қара да, қайтала" ойын жаттығуы.** Мақсат-міндеттері. Көру арқылы қабылдауын, қиялдарын дамыту, кеңістіктегі, жазықтықтағы геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту. Құралдары: геометриялық пішіндер жинақтамалары, шаршы пішінді парақтар. **(сөйлеуді дамыту)** | Тапқырлыққа тәрбиелеу. **(танымдық дағдылар)**<br><br>**Жапсырудан ойын-жаттығу** "Жүк көлігі". Мақсат-міндеттері. Балаларға жүк көлігінің үлгілерін қағаз бетіне орналастырып жапсыруды үйрету. Дидактикалық ойын. "Көлік жүк тасымалдауда". Мақсат-міндеттері. Геометриялық пішіндерді түсі мен көлеміне қарай ажырату біліктерін дамыту. **(математика негіздері, сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (кішкентай доптармен)**<br>1. Бастапқы қалып: дене тік, доп оң қолдарында<br>1-2 балалар қолдарын жандарына созады, жоғары көтереді, допты сол қолдарына салады.<br>3-4 қолдарын төмен түсіріп, бастапқы қалыпқа келу (жаттығу сол қолымен орындалады), 5-6 рет қайталанады.<br>2. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, доп оң қолдарында.<br>1-2 оң аяқты көтеріп, бүгілген оң аяқтың астынан допты сол қолға салады.<br>3-4 Бастапқы қалыпқа келу (дәл осы жаттығу сол жаққа 5 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, доп оң қолдарында<br>1 отыру, қолдарын алдына созып, допты сол қолдарына салу.<br>2 Бастапқы қалыпқа келу (дәл осы жаттығу сол жаққа 5 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып: тізені бүгіп, өкшемен отыру, доп оң қолдарында.<br>1-3 допты өзінен оң жаққа түзу домалату.<br>**(дене шынықтыру, дербес әрекет, мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| Таңғы ас | Балаларға ауызды жауып жеуді, асты дыбыссыз шайнауды үйретуді жалғастыру. Асты төкпей-шашпай жеу **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)**<br>Дастарқанның басында,<br>Өзіңді жақсы ұста!<br>Дұрыс отыр! Асыңды іш!<br>Денеңе көп күш жина. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | **Көлік түрлерімен таныстыру.**<br>Мақсат-міндеттері. Көлік түрлерінің таңбалауыштарын таңдатып, сол бойынша 4 топқа бөліп, әр топпен ұйымдастырылған іс-әрекетін | Жерде жүретін көлік туралы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | Суда жүзетін көлік түрлері туралы әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | Әуеде ұшатын көлік түрлері тақырыбында әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | "Көлік түрлері" тақырыбын пысықтау.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ұйымдастыру. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | | | | |
| Білім беру ұйымының кестесі<br><br>бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | **1. Музыка Маман жоспары бойынша**<br>**2. Дене шынықтыру Маман жоспары бойынша**<br><br>Ересек адамдарға біз қалай көмектесеміз? Мысалы анамыз бен әжемізге? Балалардың пікірлерін тыңдау. Суреттер бойынша толықтырып әңгімелету. Артикуляциялық аппаратты жетілдіру. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **1. Дене шынықтыру Маман жоспары бойынша**<br>«Өзіңе қалай көмектесесің» тақырыбында әңгімелесу, суреттер қарау. Өз өзіне қызмет ету дағдыларын пысықтау. Әңгемелесу барысында дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын **бекіту (сөйлеуді дамыту)**<br><br>Өзімізге әр түрлі заттардан үй құрастырып аламыз. Балаларды топқа бөліп, қалаулары | **1.Қазақ тілі**<br>Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзінбөлмей, кезекпен сөйлеуге баулу. «Түлкі мен ешкі» ертегісін оқып беру. Кейіпкерлерге жанашырлық танытуды, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау **(көркем әдебиет)**<br><br>Топтағы жануарларды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең | **1. Дене шынықтыру Маман жоспары бойынша**<br>**3. Музыка Маман жоспары бойынша**<br>Айналасындағы заттарды атау арқылы сөздік қорды кеңейту: тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіндіру. Күнделікті өмірде жиі қолданатын заттар туралы әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту)**<br>Балалардың қалауы бойынша | «Кішкентай бағбан» әңгімесін оқып беру. Мазмұнын түсінуге және олардың мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтауға үйрету. **(көркем әдебиет)**<br><br>Ертегідегі ағаштарды биктігі бойынша салыстыру **(математика негіздері)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білуді меңгерту. **(математика негіздері)** | бойынша үй құрастырту. **(құрастыру)** | немесе тең еместігін анықтай білуді меңгерту. **(математика негіздері)** | сол заттардың (**суретін салу, қағаздан қиып жапсыру**). | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **1.Бақылау:** Автобустарды бақылау. Міндеті. Қоғамдық көлік – автобус туралы білімдерін кеңейтіп, тереңдету; жеке көлік (тасымалдайтын) оларды ажырата білу. **2.Жеке жұмыс**Тақпақ. Асқаржан Сәрсеков «Күзгі көрініс». Күздің салқын самалы | **1.Бақылау:** Бірінші қатқақты бақылау. Міндеті Сыртқы белгілерге қарап, ауа райын анықтауды үйрету. **2.Жеке жұмыс**Тақпақ. Х. Тағаров «Алтын күз». Дәнге толып қызыл қырман, Қырман басы қызыл думан. Мөлдіретіп жүзімдерін, Келді алтын күзім менің. | **1.Бақылау:** Шалшық судың бетіндегі үлдір қабыршағын бақылау. Мақсат-міндеттері. Мұз бастапқыда мөлдір, жұқа шыныдай нәзік болады. **2.Жеке жұмыс** Жұмбақ. Отқа жанбайды, Суға батпайды. (Мұз.) Тәжірибе: «Шалшықты айналып өту». Жеке жұмыс. | **1.Бақылау:** Жеңіл көлікті бақылау. Міндеті. Жеңіл көліктер жайлы біліп, оларды атап көрсету; жеңіл көліктердің қосалқы бөлшектері жөнінде білімдерін кеңейту. **2.Жеке жұмыс**. Тақпақ. «Жел» Жел улейді у-у-у. Құйын келіп билейді зузу-зу Қатты-қатты жел | **1.Бақылау:** Ересек балаларды бақылау. Міндеті. Ересек балалардың (мінез-құлықтарын, ойындарын), киіміне назар аударуды, киім түрлерін, әрқайсын өз атауларымен атауды (бөрік, бөкебай, қолғап, етік, жылы шалбар және тағы басқа); киім және ауа райы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Аймалайды маңдайдан.<br>Алып қашып барады<br>Жапырақты сарғайған.<br>Жеке жұмыс.<br>Аспанға ұшар бу болып<br>Жерге қайтар су болып.<br>(Бұлт)<br>**3.Еңбек:** ұжымдық тапсырмаларды орындау.<br>Міндеті. еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>Өз бетімен ойналатын ойындар: әртүрлі ойындарды ойнауға қызығушылықты дамыту.<br>4**.Қимылды ойын**. «Такси». (дене шынықтыру)<br>Міндеттері. Екі аяқты түзу ұстап, | Молшылық күз – береке күз,<br>Береке күз – мереке күз.<br>Жеке жұмыс.<br>Ал керемет бұл қандай?<br>Төгіледі төбеден.<br>Көк теңізден құйғандай<br>Көл-көсір су не деген? (Жаңбыр)<br>**3.Еңбек:** қыстыгүні тотыларды қоректендіру үшін бұтақтарды жинау.<br>Мақсат-міндеттері. Бір-біріне көмектесуге тәрбиелеу.<br>Қимылды ойындар.<br>«Балалар бақшаға шықты»<br>Міндеті. Жануардың рөлін таңдау және олардың қимыл- | «Күзгі жапырақ» тақпақ Қыстың жақын қалғанын, Жапырақтар сезгендей. Желмен ұшып барады, Жерге қонып үлгермей<br>**3.Еңбек:** ағаштардың қасына түскен бұтақтарды жинау. Берілген жұмысты жауапкершілікпен атқару.<br>**4.Қимылды ойын.** «Өзіне жұп табу».<br>Міндеті. Белгі бойынша ойын барысында алаңда орын ауыстыру, өз жұбын табу.<br>"Мысық пен тышқан"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға ойын шартына сай ойнауды үйрету, | соқтыгу-гу-гу,<br>Жапырақтар қол соқты ду-ду-ду.<br>**3.Еңбек.**<br>Біздің алаң.<br>Мақсаты: Ауладағы жапырақтарды жинау.<br>Балалардың еңбекке ынтасын арттырып , өздігінен еңбек ете білуге үйрету.<br>**4.Қимылды ойындар**<br>"Аққу-қаздар"<br>Міндеті. Белгі сөздерді мұқият тыңдап, ойынға белсенді қатысуға, ойын шартын бұзбауға, қимылдарды үйлестіріп, жылдам жүгіруге бейімдеу;<br>"Кім қапшықты алыс лақтырады?" | арасында байланыс орнатуды үйрету.<br>**2.Жеке жұмыс**.<br>Жұмбақ.<br>Қабат қабат тоны бар,<br>Шешіндірсең жылатар.<br>(пияз)<br>**3.Еңбек:** сырғанау жолын әзірлеу.<br>Міндеті.<br>Ұжымдық тапсырмаларды орындау.<br>Үлкендерге қолдарынан келгенінше көмек көрсетуге тәрбиелеу.<br>**4.Қимылды ойындар**.<br>«Ақ аюлар».<br>Мақсат-міндеттері.<br>Ұжымдық тапсырмаларды орындауды үйрету.<br>"Шеңберден |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | аяқтың ұшымен гимнастикалық шеңберді алып (обруч), қосақтасып жүгіру. Бір-бірін итермеу, ойын ережесін сақтау. **5.Дербес іс әрекеті** Өз бетімен ойындар: әткеншек тебу. | қозғалысын дәл келтіре білуге еліктеу. "Бояулар" Міндеттері. Балаларды жүгіру бағытын өзгертіп, жылдамдықпен жүгіре білуге машықтандыру; қозғалыс жылдамдығын дамыту; достыққа тәрбиелеу. **5.Дербес іс әрекеті** Өз бетімен ойналатын ойындар: Мақсат-міндеттері. ойын таңдауда, ойға алғанын іске асыру дербестігін дамыту, белсенді болу. | рөлді дәл атқаруға бейімдеу; зректікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, жалтарып жүгіруге машықтандыру; **5.Дербес іс әрекеті** Өз бетімен ойналатын ойындар. «Зырылдауықтар мен ойын». Балаларды ойынға қызықтыру, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. | Міндеттері. Балаларды белгі бойынша әрекет ету біліктіліктерін дамыту, оң және сол қолымен қапшықты алысқа лақтыруды, жүгіруді, түсті тануды үйрету. 5.Дербес іс әрекеті **5.Дербес іс әрекеті** Еркін ойындар: Міндеті. Зымыранды қарсылас жаққа лақтыруды үйретуді жалғастыру. | шеңберге" Міндеті. күш-жігерін дамыту. Өз бетімен ойындар: ересек балалармен бірлескен ойындар. Жүргізуші рөлін өз мойнына ала білуді қалыптастыру; |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Түскі ас** | Балаларға ауызды жауып, асты дыбыссыз шайнауды үйретуді жалғастыру. Асты ұқыпты, таза жеу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)**<br>Дастарқанның басында,<br>Өзіңді жақсы ұста!<br>Дұрыс отыр! Асыңды іш!<br>Бойыңа көп жина күш. | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру.<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау.<br>**(музыка)** | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | Ұйқы ашар жаттығу «Күн оянады» - арқада жатып. Шынтаққа көтерілу, басты оңға – солға бұру. «Күн оянады» - арқада жатып. Тізені қолмен құшақтау, оңға солға бұралу. | Ұйқы ашар жаттығу Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жол бойымен жүру. Білімді кеңейту және мәдени-гигеналық дағдыларды орындау. | Ұйқы ашар жаттығу «Денсаулық» жолымен жүру. Арнайы жолдармен, Жалаң аяқ жүреміз. Табанға біз нүктелі, Массаж жасау білеміз. | Ұйқы ашар жаттығу Тыныс алу жаттығу. Қолға шарды аламыз, Қатты, қатты үрлейміз. Уф-ф-ф, Уф-ф-ф... Қатты үрленген шарым Жарылып қалды, пах. | Ұйқы ашар жаттығу Ояну жаттығу.<br>Қайырлы таң, көздерім! (балалар қастарын, көздер сипайды) Қайырлы таң, құлақтарым! (құлақтарын сипау) Қайырлы таң, беттеріміз! (беттерін сипау) Қайырлы таң, қолдарымыз! (қолдарын |
| Бесін ас | Дастарқандағы асқа назар аудару; үстел басында отыру әдебі мен тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке жұмыс; әдептілік ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті | **Қоршаған ортамен** | **Санамақ.** Міндеттері. | **Сөйлеуді дамытудан** | **Көркем әдебиеттен** | **Қоршаған ортамен** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **танысудан ойын-жаттығу**<br>"Асқабақ тиелген трактор".<br>Міндеттері.<br>Балаларға трактор көлігі туралы түсінік бере отырып, оның жалпы атауы көлік болатыны туралы түсініктерін кеңейту.<br>**"Көліктердің орнын тап" дидактикалық ойыны.**<br>Міндеттері.<br>Балалардың көліктердің қозғалыс ортасы жөніндегі білімдерін пысықтау.<br>Көліктерді топтастыру дағдыларын жетілдіру.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | Көркем сөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Бір дегенім - білім<br>Екі дегенім - елім.<br>Үш дегенім - үміт,<br>Төрт дегенім - түлік.<br>Бес дегенім - берік,<br>Алты дегенім - арық.<br>Жеті дегенім - желім,<br>Сегіз дегенім - сенім,<br>Тоғыз дегенім - той,<br>Он дегенім -ой,<br>Онға дейін санап қой!<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.** | **ойын-жаттығу**<br>"Жол ережелері туралы тақпақтармен танысу.<br>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: [ж], [ш] дыбыстары"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды тақпақ шумақтарындағы оқиғаларды сипаттаудағы ұйқасы мен сөздердің ырғақтылығы тәртібімен таныстыру; қатаң және ұяң дауыссыз дыбыстар туралы жалпы мағлұматтар беру.<br><br>**"Автобус" қимылды ойын.**<br>Балалар қатарға бір-бірден | **ойын-жаттығу**<br>"Көлік жүргізуші".<br>Міндеттері.<br>Балаларды көлік жүргізушінің қызметімен таныстыра отырып, көлік түрлеріне байланысты көркем сөздердің мағынасын түсіндіру; көліктердің пайдалы және зиянды жақтарын ажыратып, сөзбен сипаттап айтуды үйрету.<br>**Дидактикалық ойын. "Қандай көлік екенін тап".**<br>Міндеттері.<br>Көлік түрлерін топтастыруды және атауын атауды дағдыландыру.<br>**(сөйлеуді** | **танысудан ойын-жаттығу**<br>"Көліктер".<br>Міндеттері.<br>Балаларға көлік туралы түсінік беру; көлік түрлерін ерекшеліктеріне қарай топтастырып, атқаратын қызметіне қарай салыстыруды үйрету.<br><br>**"Алманы құрастырамын" дидактикалық ойыны.**<br>Міндеттері.<br>Балаларды жылдам ойлауға тәрбиелеу.<br>Ойынның барысы: балаларға қиылған түрлі-түсті алманың суреттері беріледі. Балалар өздері таңдаған |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | "Үй құрастыру". Мақсат-міндеттері. Балалардың құрылыс нысандарын тұрғызуға қатысатын мамандар жайлы білімдерін кеңейту және бекіту; еңбексүйгіштікке, жауапкершілікке тәрбиелеу. | тұрады. Тәрбиеші автобус жүргізушісінің рөлінде болады. Қалған балалар жолаушылар болады. Тәрбиеші дыбыс берген кезде автобус жылжи бастайды. Ең әуелі, баяу қозғалады. Содан кейін жылдам және одан да жылдамырақ жүреді. Балалар жүрісті баяулатады. Жүргізуші автобусты тоқтатады. Ойын тағы жалғасады. **(дене шынықтыру)** | **дамыту, қазақ тілі)**<br><br>**Математика негіздерінен ойын-жаттығу** "Көліктер жүретін ұзын және қысқа жолдар". Мақсат-міндеттері. Балаларға заттардың ұзындығының қасиеттері жөнінде білім беру. | бір алманы құрастырып шығады. **(танымдық дағдылар)**<br><br>**Вариативті компонент. Математика негіздері** "Аю циркте қандай өнер көрсетеді?" Мақсат-міндеттері. Балалармен 1-5-ке дейінгі сандарды қайталау; цилиндр және оның қасиеттерімен таныстыру; қоршаған ортадан цилиндр пішінді заттарды көре білуді үйрету. |
| Балалармен жеке жұмыс | Гүлім және Алихан сөздерде дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір | Айсұлтан және аяла( кеңістікті және | Алтынбек Бейбарыс Қайшыны дұрыс ұстай | Тамдыбек Нұрислам екіқарама-қарсы және бірдей | Үсентай Алина бірнеше тік және көлденең сызықтардан |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды анық айта білуін қалыптастыру. | уақытты бағдарлауды үйрету. | алмайды,және қолдануды үйрету. | заттарды ұзындығы, ені, биіктігі мен жуандығы бойынша салыстыра білуді бекіту. | заттарды салу (дуал, ағаш);<br>-шаршының ортасына, бұрыштарына қазақ ою өрнектерін жапсыру |
| Серуенге дайындық | Міндеттері:<br>- киімді дұрыс бүктеп жинауға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру;<br>- өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру;<br>- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-киім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіп сақтауға тәрбиелеу;<br>- ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу;<br>- көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.<br>**(дербес әрекет)** | | | | |
| Серуен | Бақылау:<br>Топырақты бақылауды жалғастыру.<br>Мақсат-міндеттері. Ауа райына байланысты топырақтың касиетінің әртүрлі болатынын көруді үйрету.<br>Тақпақ.<br>Ескен Елубаев | Бақылау:<br>Бірінші қатқақты бақылау.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Сыртқы белгілерге қарап, ауа райын анықтауды үйрету.<br>Тақпақ.<br>Х. Тағаров «Алтын күз».<br>Дәнге толып қызыл қырман, | Бақылау:<br>Жеңіл көлікті бақылауды жалғастыру.<br>(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Жеңіл көліктер жайлы біліп, оларды атап көрсету; жеңіл көліктердің | Бақылау:<br>Желді бақылауды жалғастыру.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға желдің соғып тұрғанын жапырақтарға, бұтақтарға, жалауларға, бұлттарға қарап байқауға болатынын көрсету; | Бақылау:<br>Ересек балаларды бақылауды жалғастыру.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Ересек балалардың (мінез-құлықтарын, ойыны), киімін бақылауға; киім түрлерін, олардың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Күзде».<br>Қайтқан құсты көрдің бе?<br>Қаптай ұшқан әуелеп?<br>Қайтқан күзім келдің бе,<br>Сыңсып бағың мәуелеп?<br><br>Қамба толды астыққа,<br>Алғыс саған, алтын күз!<br>Бір уыс дән шаштық та,<br>Арба қауын алдық біз!<br>Жеке жұмыс.<br>«Еңбекпен ел көгерер,<br>Жаңбырмен жер көгерер».<br>Еңбек: ұжымдық тапсырмаларды орындау,<br>Мақсат-міндеттері. еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>Қимылды ойындар: «Тауық | Қырман басы қызыл думан.<br>Мөлдіретіп жүзімдерін,<br>Келді алтын күзім менің.<br>Молшылық күз – береке күз,<br>Береке күз – мереке күз.<br>Жеке жұмыс.<br>Е.Өтетілеуов «Күшік».<br>Үреді үйшікте<br>Аулада күшіктер<br>Біреуі оның қап-қара,<br>Біреуі сары ала<br>Біреуі қардай ақ,<br>Біреуі сұр жолақ<br>Бәрібір, бәрінің<br>Жұмысы<br>Еңбек: қыстыгүні тотыларды қоректендіру үшін бұтақтарды жинау. Табиғат бұрышының мекендеушілеріне сүйіспеншілігін дамыту. | қосалқы бөліктері жөнінде білімдерін кеңейту.<br>Жеке жұмыс.<br>Ал керемет бұл қандай?<br>Төгіледі төбеден.<br>Көк теңізден құйғандай Көл-көсір су не деген?<br>(Жаңбыр)<br>Еңбек: ағаштардың қасына түскен бұтақтарды жинау.<br>Тапсырылған жұмысты жауапкершілікпен атқару.<br>Қимылды ойындар: "Мысық пен тышқан"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды ойын шартына сай ойнауға, рөлді | "Жел қайда соғып тұр?" логикалық жаттығуы.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың кеңістікті (жазықтықты) бағдарлай білу қабілеттерін жетілдіру; оң мен сол жақты ажыратуға машықтандыру; объектіге немесе суреттегі объектіге қарап, жел қайда соққанын үстеу сөздерді қосып айтуға баулу;<br>Жеке жұмыс.<br>Аспанға ұшар бу болып<br>Жерге қайтар су болып.<br>Еңбек.<br>«Таза алаң».<br>Мақсат-міндеттері:<br>Аула | атауларын атауға (бөрік, бөкебай, қолғап, етік, жылы шалбар және тағы басқа); киім мен ауа райы арасындағы байланыс орнатуды үйрету.<br>Қимылды ойындар: «Ақ аюлар».<br>Мақсат-міндеттері.<br>Ұжымдық тапсырмаларды орындауды үйрету, қарапайым өзара қарым-қатынас қабілеттілігін қалыптастыру.<br>.Жеке жұмыс:<br>Тақпақ. «Жел»<br>Жел улейді у-у-у.<br>Құйын келіп билейді зу-зу-зу<br>Қатты-қатты жел соқтыгу-гу-гу,<br>Жапырақтар қол соқты ду-дуду.<br>Еңбек: сырғанау |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | пен балапандар». Мақсат-міндеттері. Екі тіреуіштің аралығына байлаған арқанның астына өту дағдысын бекіту; Өз бетімен ойналатын ойындар: әртүрлі ойындарды ойнауға қызығушылықты дамыту. | Қимылды ойындар. «Балалар бақшаға шықты» Мақсат-міндеттері. Жануардың рөлін таңдауға және олардың қимыл-қозғалысын дәл келтіре білуге еліктеу. Қимылды ойындар: "Бояулар" Мақсат-міндеттері. Балаларды жүгіру бағытын өзгертіп, жылдамдықпен жүгіре білуге машықтандыру; қуғыншыға жеткізбеуге тырысуды, ептілікті, қозғалыс жылдамдығын дамыту; Өз бетімен | дұрыс атқаруға бейімдеу; зеректікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, жалтарып жүгіруге машықтандыру; шыдамдылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. «Өзіне жұп табу». Белгі бойынша ойын барысында алаңда орын ауыстыру, өз жұбын табу. Зейінді, қимыл жылдамдығын жетілдіру. Өз бетімен ойындар: «Зырылдауықтар мен ойын». Балаларды ойынға қызықтыру, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. | сыпырушыға көмектесу. Тазалыққа, кішіпейілдікке үйрету. Үлкендердің еңбегін қадірлей білуге Қимылды ойындар: "Аққу-қаздар" Мақсат-міндеттері. Белгі сөздерді мұқият тыңдап, ойынға белсенді қатысуға, ойын шартын бұзбауға, қимылдарды үйлестіріп, жылдам жүгіруге бейімдеу; дене мүшелерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Қимылды ойындар: "Кім қапшықты алыс лақтырады?" Мақсат- | жолын әзірлеу. Мақсат-міндеттері. Ұжымдық тапсырмаларды орындау. Үлкендерге қолдарынан келетін көмектерін көрсетуге тәрбиелеу. Қимылды ойындар: "Шеңберден шеңберге" Мақсат-міндеттері. Балаларды бағытты шеңберге ауыстырып, екі аяқпен секіруге дағдыландыру; күш-жігерін дамыту. Өз бетімен ойналатын ойындар: ересек балалармен бірлесіп ойнау. Мақсат- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ойындар: ойын таңдауда, ойға алғанын іске асыру үшін дербестігін дамыту, белсенді болуға тәрбиелеу. | | міндеттері. Балаларда белгі бойынша әрекет ету біліктіліктерін дамыту. Еркін ойындар: далаға шығарылған материалмен алаңда ойын ойнау | міндеттері. Жүргізуші рөлін өз мойнына ала білуді қалыптастыру; белсенділікке, дербестікке тәрбиелеу. |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Ата-аналарға балабақшаға уақытында келуді ескерту. | Ата-аналарға балалардың тазалықтарын қадағалауды ескерту. | «Айына бір рет отбасы күнін өткізу». | «Отбасы - тәрбиенің бастауы» атты тақырыпта әңгімелесу. | Жоба: «Жомарт күз» тақырыбындағы көрмені қорытындылау. Көрме нәтижелерін ата-аналармен талқылау. |

Циклограмманы тексерген әдіскер:

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** МКҚК «Астана» бөбекжай бақшасы
**Топ:** «Балдәурен» ересек
**Балалардың жасы**: 4-жасар балалар
**Жоспардың құрылу кезеңі**: 13-17.11.2023 жыл

| **Күн тәртібінің кезеңдері** | **Дүйсенбі** **13.11.2023** | **Сейсенбі** **14.11.2023** | **Сәрсенбі** **15.11.2023** | **Бейсенбі** **16.11.2023** | **Жұма** **17.10.2023** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңіл күймен, қуыршақпен қарсы алу | Балаларды көтеріңкі көңіл күймен,денсаулығын тексеріп қарсы алу | Баланы алақан соғу арқылы қарсы алу | Балақай сені бүгін көңілді күн күтіп тұр деп топқа кіргізу | Қызыл жүрекшемен қарсы алу |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу. | Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау | Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау | Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстатйыны жайлы әңгімелесу | Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау** | "Ұйымдастырылған іс-әрекетіне дайындық". Міндеттері. Кезекшінің міндеттерін өз бетінше және адал орындау, тәрбиеші | "Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау". Міндеттері. Өсімдіктерді таза ұстау әдістері туралы бұрын алған білімдерін нақтылау, | "Кітап бұрышындағы еңбек". (кітаптарды қалпына келтіру) Міндеттері. Балаларға жөндеуді қажет ететін | "Орындықтарды жуу". Міндеттері. Балаларға тәрбиешінің көмекшісіне көмектесуге, бөлмедегі орындықтарды | "Біз орындықтарды орнына орналастырамыз". Міндеттері. Еңбек дағдыларын дамытуды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **және тағы басқа әрекеттер)** | дайындаған материалдар мен оқу құралдарын үстелдерге қою, қажітіне қарай оларды сабақтан кейін орындарына жинау. | балалардың сыртқы түріне, құрылымына назар аудара отырып, өсімдіктен шаңды кетіру әдісін таңдауды үйрету. | кітаптарды таңдауды, оларды мұқият желімдеуді үйрету (желім мен қайшыны дұрыс пайдалану, майлықтарды пайдалану). Кітаптарға ұқыпты карауды, жұмыс істеуді үйрету, тәртіп сақтауға тәрбиелеу. | таза ұстауды үйрету, оларды дымқыл шүберекпен сүртіп; орындарына қоюды үйрету. Еңбек дағдыларын дамыту, жұмыс кезінде мәдени-гигиеналық талаптарды сақтау қабілетін қалыптастыру. Ересектерге көмектесуге деген ынтасын, олардың жұмысын құрметтеуге тәрбиелеу. | жалғастыру; тапсырманы жылдам және мұқият орындау. |
| | **Заттармен ойындар.** Міндеттері. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Заттармен өз бетінше ойнауды, құрдастарын | **Дидактикалық ойын.** «Зат неге ұқсайды?» Міндеттері. Балаларға бөлме ішіндегі заттардың қандай пішінге ұқсайтынын | **"Көліктерді тап" дидактикалық ойыны.** Міндеттері. Балаларды жылдам ойлануға тәрбиелеу. Ойынның | **"Қажетті киімді алыңыз".** Дидактикалық тапсырма: балаларға қысқы, күзгі және жазғы киімдерді ажыратуды үйрету. Зейін, есте сақтау және | **"Зымыранды жинайық".** Дидактикалық тапсырма: балаларды жеке бөліктерден бүкіл тақырыпты құрастыруды үйрету. Ойын ережелері: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ойынға тартуды, әр баланың бастамасы мен ұйымдастырушылық қабілеттерін дамытуды үйрету.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br><br>**Сурет салудан ойын-жаттығу** "Алманы тапқан қоян".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды күзгі алма ағашының жанындағы қоянның бейнесін салу техникасына үйрету; "Алма" қазақ ертегісінің сюжетін пысықтау; қарындашпен қағаздың бір жағына қоянның денесін трафарет арқылы құрастырып, | ажыратып айтуды үйрету.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**<br><br>**Үстел үсті ойындары «Бұл қай кезде болады?»**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың жыл мезгілдері, оларға тән белгілер туралы білімдерін бекіту; мәнерлеп сөйлеуді, зейінді, тапқырлықты, шыдамдылықты дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | барысы: балаларға қиылған әртүрлі көліктердің дайын суреттері беріледі. Педагог бір көліктің суретін көрсетеді, балалар қандай көлік екенін табады.<br>**(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | логикалық ойлауды тәрбиелеу.<br>Ойын ережелері: қуыршаққа дұрыс киім таңдаңыз.<br>Ойын әрекеті: қуыршаққа қажетті киімді табу.<br>Дидактикалық материал: бала саны бойынша қуыршақтар мен қуыршақ киімдерінің кескіндері.<br>Қысқы және жазғы пейзаж суреттері.<br>Ойын барысы.<br>Балалардың алдындағы үстелде қуыршақтар, қысқы және жазғы киімдер бейнеленген.<br>Педагог жазғы және қысқы мезгілдердің | зымыран бөлшектерін дұрыс таңдаңдар, бүктеңдер.<br>Ойын әрекеті: зымыранның жеке бөліктерінің қажетті орнын табу. Дизайнды тек сызба немесе үлгі бойынша орындау.<br>Дидактикалық материал: үлгілер, зымыранның сызбалары. Әр балаға дизайнер.<br>Ойын барысы.<br>Балалар дизайнерден зымыранды үлгі бойынша жинайды.<br>Педагог балаларға бұл үлгі, зымыранның сызбасы екенін айтады.<br>- Біз сізбен бірге |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | екінші жағына, өз қалаулары бойынша алманы не сәбізді, басқа да жеуге жарамды қоректі салуды дағдыландыру. | | | суретін кезекпен көрсетеді. Балалар қуыршақтарға сәйкес киім кию керек. **(танымдық дағдылар, сөйлеуді дамыту)** | конструктор боламыз. Дизайнерлер сызбаларын қарап, содан кейін зымыран жасайды. **(танымдық және шығармашылық, зияткерлік дағдылар)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (кішкентай доптармен)**<br>1. Бастапқы қалып: дене тік, доп оң қолдарында<br>1-2 балалар қолдарын жандарына созады, жоғары көтереді, допты сол қолдарына салады.<br>3-4 қолдарын төмен түсіріп, бастапқы қалыпқа келу (жаттығу сол қолымен орындалады), 5-6 рет қайталанады.<br>2. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, доп оң қолдарында.<br>1-2 оң аяқты көтеріп, бүгілген оң аяқтың астынан допты сол қолға салады.<br>3-4 Бастапқы қалыпқа келу (дәл осы жаттығу сол жаққа 5 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, доп оң қолдарында<br>1 отыру, қолдарын алдына созып, допты сол қолдарына салу.<br>2 Бастапқы қалыпқа келу (дәл осы жаттығу сол жаққа 5 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып: тізені бүгіп, өкшемен отыру, доп оң қолдарында.<br>1-3 допты өзінен оң жаққа түзу домалату.<br>4 допты алу, тіктелу, допты сол қолға салу (дәл осы жаттығу сол жаққа 5 рет қайталанады).<br>5. Бастапқы қалып: жерге отыру, аяқты бірге түзу қою, доп аяқ жақта, қолдарымен артқа қарай жер тіреу.<br>1-2 аяқты түзу жоғары көтеру, допты домалату және ұстап алу,<br>3-4 Бастапқы қалып: жаттығу орташа қарқынмен орындалады (жаттығу 5 рет қайталанады).<br>6. Бастапқы қалып: дене тік, допты екі қолмен төменде ұстау; допты лақтыру және ұстап алу (жаттығу 5 рет қайталанады). | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 7. Бастапқы қалып: дене тік, доп оң қолдарында. Оң және сол аяқтарымен айнала оңға, солға педагогтің 1-8 дейін санау және секіру. **(дене шынықтыру, дербес әрекет, мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Таңғы ас** | Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)**<br>Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев (орыс тілінен аударма) "Мөлдір су".<br>Мөлдір су, мөлдір су!<br>Сен менің бетім жу.<br>Отты көзім ойнасын,<br>Екі бетім жайнасын.<br>Күлкі кетпей ернімнен,<br>Тісім тастан таймасын! | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Жабайы табиғат әлемімен таныстыру. Суретке қарап әңгімелесу. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | Жабайы аңдар туралы әңгімелесу. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | Аңдардың қысқа дайындығы туралы суретке қарап әңгімелесу. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | Аңдар туралы мақал-мәтелдер жаттау. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | Жабайы табиғат туралы пысықтау. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі**<br>**бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **1. Музыка Маман жоспары бойынша**<br>Ормандағы жануарлар мен құстар қалай өмір сүреді? Олар жерде және | **1. Дене шынықтыру Маман жоспары бойынша**<br>«Түлкі мен қоян» ертегісін айтып беру. Түрлі эмоцияларды білдіру үшін | **1.Қазақ тілі**<br>Етістіктің болымсыз түрін немесе есім сөздермен қолданылатын «емес» шылауын қолдана білуге үйрету | **1. Музыка Маман жоспары бойынша**<br>**3. Дене шынықтыру Маман жоспары бойынша**<br><br>«Менің сүйікті | Орманның пайдасы. Оның беретін өнімдері туралы ақпарат беру, балалардың ойларын тыңдау.<br><br>**(сөйлеуді** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жоғарыда, жердің астында өмір сүретінін кітаптардан көрсету. Ойын шарты: бір жануарды өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілету. (мысалы: менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр). **(математика негіздері)**<br><br>Аю әнін айтқызу **(музыка)** | интонациямен дыбыстау.<br><br>**(көркем әдебиет және сөйлеуді дамыту)** Балалардың назарын күн тәртібі бейнеленген плакатқа аудару.<br><br>Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту. **(математика негіздері)** | Орманды кім мекендейді? Орманда болдың ба? Ол қандай деп ойлайсың? Қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. Фильм көрсету арқылы толық ақпарат беру.<br><br>**(сөйлеуді дамыту)**<br><br>Орманға саяхатқа барасыңдар ма? Ол үшін шынығып, тапсырмалар орындап алайық. Әр түрлі заттарды таратып беру, оларды оң қолмен солдан | жануарым» тақырыбында әңгімелесу. зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдануды дамыту **(сөйлеуді дамыту)**<br><br>Қоршаған ортаның әсемдігіне<br><br>Қызығушылықты дамыту. Орман бейнесін дәстүрден тыс әдіспен салдырту.<br><br>**(сурет салу)** | **дамыту)**<br><br>Жидектер мен саңырау құлақтарды зерттеу. Олардың дәмі пішіні түрлерін анықтауы және т.б әрекеттерді жасату<br><br>**(қоршаған ортамен танысу)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | оңға қарай орналастыруды дамыту.<br>Ойын. «қай қолымда тап»<br>**(математика негіздері)**<br>**(музыка)** | | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Бақылау**<br>**Алғашқы түскен қарды бақылау.**<br>Міндеттері. Бақылап қорытынды жасау; күшті аяздардың болмағанынан алғашқы қар ақ болады, ол тез ериді<br>**"Қандай көлік қайда жүреді?" дамытушы жаттығуы.**<br>Міндеттері. | **Бақылау**<br>**Автобустарды бақылау.**<br>Міндеттері. Қоғамдық көлік – автобус туралы білімдерін кеңейтіп, тереңдету; жеке көлік (тасымалдайтын) оларды ажырата білу. Қоғамдық көлікке өздерін ұстау ережелерімен таныстыруды | **Бақылау**<br>**Жансыз табиғаттағы құбылыстарды бақылау.**<br>Міндеттері. Кемпірқосақ туралы айту арқылы балалардың қызығушылығын дамытуды жалғастыру.<br>**Еңбек:** берілген жеке тапсырманы мұқият орындауға үйрету. Еңбекке | **Бақылау**<br>**Бұлттарды бақылау.**<br>Міндеттері. Балаларға бұлттарды бақылауға қызықтыру және аспанға қарап ауа райының қандай екенін білуді үйрету.<br>**Еңбек:** әткеншектерді қардан тазалау.<br>Балаларды күрекпен жұмыс істеуді үйрету | **Бақылау**<br>**Ересек балаларды бақылау.**<br>Міндеттері. Ересек балаларды (мінез-құлықтары, ойындары), киімін бақылауды; киім түрлерін, оларды жеке атауды (бөрік, бөкебай, қолғап, етік, жылы шалбар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балалардың көліктер туралы ұғымдарын пысықтау, қызығушылығын арттыру;<br>**Еңбек :** алаңды тастардан тазалау.<br>Міндеттері. Тазалыққа, ұқыптылыққа, бастаған істі аяғына дейін жеткізуге дағдыландыру.<br>**"Тым-тырақай" ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартына сай ойнай білуге баулу;<br>**"Сызықты баспа"** | жалғастыру<br>**Еңбек:** күркедегі жолды қардан тазалау.<br>Тапсырма орындауда мақсаттылықты, күш-жігер салуға, ептілікке тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойындар. «Бос орын».**<br>Міндеттері. Сигнал бойынша (жүргізуші ойыншыға қолмын тигізеді) ойын ережелерін сақтап (шеңберді айналып жүгіреді) босаған орынға жылдам отыруды үйрету.<br>**"Сызықты баспа" қимылды** | дұрыс көзқарастарын тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойындар. "Кемпірқосақ" қимыл-қозғалыс ойыны.** Міндеттері. Балаларды бір-бірін итермей жүгіруге тәрбиелеу; қауіпсіздікті сақтауды түсіндіру.<br>**"Ақ сандық, көк сандық"**<br>Міндеттері. Балаларды ойын шартын бұзбай ойнай білуге дағдыландыру; ойын жүргізушісін мұқият тындауды үйрету, | түсіндіру.<br>**Қимылды ойын. «Оқтау тартыс». Қазақ халқының ұлттық ойыны.**<br>Міндеттері. Балаларды шағын топтарға бірігіп, келесідей әрекет етуге үйрету.<br>**"Кім жылдам?" қимылды ойын-жаттығуы.**<br>Міндеттері. Кедергілерді жойып, жан-жаққа жүгіру біліктіліктерін бекіту.<br>**Өз бетімен ойындар:** әткеншек тебу.<br>Мақсат-міндеттері. Бірігіп жұмыс | және тағы басқа); киім және ауа райы арасындағы байланыс орнатуды үйрету.<br>**Еңбек:** сырғанау жолын әзірлеу.<br>Ұжымдық тапсырмаларды орындау. Үлкендерге қолдарынан келген көмектерін беруге тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойындар. «Ақ аюлар».**<br>Ұжымдық тапсырмаларды орындауды үйрету, өзара достық қарым-қатынас қабілеттілігін қалыптастыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Міндеттері. Балаларды бір бағытта жылжып, алдыға секіруге дағдыландыру.<br>**Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар.**<br>Міндеттері. Қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; | **жаттығуы.**<br>Міндеттері. Балаларды бір бағытта жылып, алдыға секіруге дағдыландыру.<br>**Өз бетімен ойындар. «Қардан құрылыстар жасау».**<br>Қарды жиып, күрекпен нығыздап, одан қажетті пішінді жасауды үйрету. Бірлесіп ойнауға тәрбиелеу. | күштілікке, шапшаңдыққа баулу.<br>**Өз бетімен ойналатын ойындар. «Секіргішпен ойна».**<br>Ұялшақ және сенімсіз балаларды өзгелермен бірлесіп ойнауға ыңғайлы жағдай жасау. | істеу үшін балалардың шағын топтарға бірігуін қолдау; | **Өз бетімен ойындар:** ересек балалармен бірлескен ойындар<br>Жүргізуші рөлін өзіне алуды қалыптастыру; белсенділікті, дербестікті тәрбиелеу. |
| Түскі ас | Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)**<br>"Мөлдір су".<br>Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев (орыс тілінен аударма)<br>Мөлдір су, мөлдір су!<br>Сен менің бетім жу.<br>Отты көзім ойнасын,<br>Екі бетім жайнасын.<br>Күлкі кетпей ернімнен,<br>Тісім тастан таймасын! | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Күндізгі ұйқы | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды үйренеді.<br>Балалар тыныш ұйықтауы үшін баяу музыка тыңдатады.<br>**(музыка)** | | | | |
| Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары | Ұйқы ашар жаттығу: «Созылу» - Төсекте аяқтары бірге, қолды денесінің қалпымен жоғарыға созып, арқасымен жатып керілу. «Тышқандар» - Массажды кілемшеде аяқ ұшымен және өкшемен айналу | Ұйқы ашар жаттығу: «Қайық» - Төсекте ішпен жатып , қолды иекке таяп қою, жартылай тұрып оңға- солға тербелу. Жүру түрлеру Төсектерінен тұрып, бұдыр тақтайдың үстімен, тастардың үстімен басып ұйықтайтын бөлмеден шығу. | Ұйқы ашар жаттығу: «Кемпірқосақ» - Төсекте арқамен жатып аяғымен ауада шеңбер жасау. Жүру түрлеру Төсектерінен тұрып, бұдыр тақтайдың үстімен, тастардың үстімен басып ұйықтайтын бөлмеден шығу. | Ұйқы ашар жаттығу: «Созылу» - Төсекте аяқтары бірге, қолды денесінің қалпымен жоғарыға созып, арқасымен жатып керілу. Жүру түрлеру Төсектерінен тұрып, бұдыр тақтайдың үстімен, тастардың үстімен басып ұйықтайтын бөлмеден шығу. | Ұйқы ашар жаттығу: «Созылу» - Төсекте аяқтары бірге, қолды денесінің қалпымен жоғарыға созып, арқасымен жатып керілу. Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жол бойымен жүру |
| **Бесін ас** | Балаларға ауызды жауып жеуді, асты дыбыссыз шайнауды үйретуді жалғастыру. Асты ұқыпты, таза жеу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)**<br>Дастарқанның басында,<br>Өзіңді жақсы ұста!<br>Дұрыс отыр! Асыңды іш! | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Денене көп жина күш. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Сюжеттік ойыншықтармен ойындар:** Ертегіні оқу; үстел театры және тағы басқа. Мысалы: үстел театры «Үйшік» орыс халқының ертегісін сахналау. **(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)**<br><br>**Қимылды ойын. "Аңшылар мен қояндар".** Міндеттері. Балалардың қоян болып секіріп, "аңшыдан" қорғана білуін үйрету. Ойын барысы. Алаңның бір жағына аңшы, келесі жақта қояндарға орын | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу** "Зообақ тұрғындары туралы жұмбақ жасыру жаттығулары". Міндеттері. Балаларды көркемсөздің жұмбақ формасымен таныстыру, жұмбақтың тақпақтан негізгі айырмашылығын түсіндіру; ортақ қасиеті бар заттардың жалпылауыш сөзбен аталатыны туралы түсініктерін бекіту. **"Қай жануардың құйрығы екенін таба аласың ба?"** | **Құрастырудан ойын-жаттығу** "Түлкі деген қу болар". Міндеттері. Балаларға қағазды бұру арқылы конус жасап, оригами әдісі бойынша түлкінің басын құрастыруға, желім арқылы түлкінің басы мен денесін жапсыруды үйрету. **Құрастыру** "Зәулім сарай". Міндеттері. Балаларға құрамында текше, білеу, кірпіш, призма, арка, цилиндр бар құрылыс материалдар жинағынан зәулім сарайды құрастыруды үйрету; | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу** "Қояндар отбасы қысқа дайындалады". Міндеттері. Балаларды заттардың саны кем болған топқа, бірін қосып, үстемелеу немесе артық топтан бір затты алып тастау сияқты теңдікті орнату тәсіліне үйрету.<br><br>**Қоршаған ортамен танысу** "Мыршай". Міндеттері. Балаларға түлкі туралы түсінік бере отырып, түлкінің сыртқы түрі мен тіршілігі туралы білімдерін кеңейту. | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** "Батпан құйрық". Міндеттері. Балаларды «Батпан құйрық» ертегісінің мазмұнымен таныстыру және ертегі кейіпкерлерінің сөздерін мұқият тыңдай отырып, қайталауды үйрету. **Дидактикалық ойын. "Батпан құйрық қай жануардың құйрығы?"** Міндеттері. Жануарлардың дене мүшелерін тауып, дұрыс атауды үйрету. **(қазақ тілі, сөйлеуді дамыту)** **Дидактикалық ойын. «Берілген** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | белгіленеді. Әрбір үйде 2-3 қоян болады. Белгі бойынша қояндар үйінен шығып, жайылымда екі аяқты қосып алдыға секіріп жүреді. Тәрбиеші: «Аңшы» дегенде қояндар үйлеріне жүгіреді. Аңшы бала оларға доп лақтырады. Доп тиген қояндар атылған болып саналады. Аңшы оны өзіне алып кетеді. Ойын бірнеше рет қайталанады. **(дене шынықтыру)** | **дидактикалық ойыны.** Міндеттері. Балалардың қабылдау, зейін, есте сақтау қабілеттерін дамыту, түстерді, көлемді дұрыс ажыратуға үйрету. **(сөйлеуді дамыту, математика негіздері)** | балалардың құрылыс материалдарымен жұмыс істеу іскерліктерін жетілдіру; викторина ойыны арқылы балалардың танымдық қабілеттерін дамыту. | | **дыбысқа келетін сөзді ата».** Шарты: ойынды педагог бастап, балаларға бір сөзді айтады, сол сөз қандай дыбыспен аяқталса, ойынды жалғастырушы бала сол дыбыстан басталатын жаңа сөз айтуы тиіс. Ойын осылай жалғасын табады. Мысалы: шырша - алма - апорт - трактор - .... **(сөйлеуді дамыту)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Аяла және Нұрислам ересек пен бірге ән айтуғ аынта білдіруге үйрету. | Айсұлтан және Гүлім музыкалық фразалардың жоғары және төменгі бысталуын ажыратуға | Бейбарыс 3–5сөзден тұратын тіркестерді,сөйлемдерд і айтуға,ақпараттар мен бөлісуге үйрету. | Алтынай ағаш,шөп,гүл сөздерін дұрыс қолдануға үйрету. | Аяла жеке бас гигиенасының бастапқы дағдыларын меңгерту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | үйрету. | | | |
| **Серуенге дайындық** | Мақсат-міндеттері:<br>- киімді дұрыс бүктеуді,ілуді, аяқ-киімді түзу қоюды үйрету;<br>- өз бетінше жылдам және дұрыс киінуді (шешіне) әдетке айналдыру;<br>- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, сырт киім, аяқ-қиім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіп сақтауға тәрбиелеу;<br>- ауа райына сай киінгенін қадағалау, киімді, аяқ-киімді таза ұстау;<br>- көмек көрсетуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.<br>**(дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Бақылау: Көліктерді бақылауды жалғастыру.**<br>Міндеттері. Балаларға балабақша маңайында жүрген көлік үлгілерін бақылауды, барлығына ортақ бөлшектер мен белгілерді айтқызу;.<br>**"Қандай көлік қайда жүреді?"**<br>Міндеттері. Балалардың көліктер туралы ұғымдарын | **Бақылау: Автобустарды бақылауды жалғастыру.**<br>Міндеттері. Қоғамдық көлік – автобус туралы білімдерін кеңейту және тереңдету;<br>**Жеке жұмыс**<br>Міндеті: жалпы дамыту жаттығуларына деген қызығушылығын арттыру.<br>**Еңбек:** күркедегі жолды қардан тазалау. | **Бақылау: Жеңіл көлікті бақылауды жалғастыру.**<br>Міндеттері. Жеңіл көліктер жайлы біліп, оларды атап көрсету;<br>Жұмбақтар.<br>Арқасында алып жүр, ала тайым шауып жүр. (Автобус.)<br>Табанында жолы бар, төбесінде қолы бар. (Трамвай.)<br>**Жеке жұмыс**. математика бойынша | **Бақылау: Жүк автокөлігін бақылауды жалғастыру.**<br>Міндеттері. Жүргізуші мамандығы туралы жалпы білімдерін қалыптастыру.<br>**Жеке жұмыс**<br>Дене шынықтыру бойынша жеке жұмыс. Мақсаты: қадамды алмасырып жүру<br>**Еңбек:** әткеншектерді қардан тазалау. | **Бақылау: Ересек балаларды бақылауды жалғастыру.**<br>Міндеттері. Ересек балаларды (мінез-құлықтары, ойындары), киімін бақылауды; киім түрлерін, оларды жеке атауды (бөрік, бөкебай, қолғап, етік, жылы шалбар және тағы басқа); киім және ауа райы арасындағы |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | пысықтау, қызығушылығын арттыру; **Жеке жұмыс** Құрылыс материалдарын негізгі бөлшектері, пішіні, түсі, шамасы бойынша тану **Еңбек :** аланды тастардан тазалау. Мақсат-міндеттер: тазалыққа, ұқыптылыққа, бастаған істі аяғына дейін жеткізуге дағдыландыру. **Тым-тырақай" ойыны.** Міндеттері. Балаларды ойын шартына сай ойнай білуге баулу; **"Сызықты** | Міндеттері. Тапсырма орындауда мақсаттылықты, күш-жігер салуға, ептілікке тәрбиелеу. **Қимылды ойындар. «Бос орын».** Мақсат-міндеттері. Белгі бойынша ойын ережелерін сақтап босатылған орынға тез отыруды үйрету. **"Сызықты баспа"** Міндеттері. балаларды бір бағытта жылжып секіруге дағдыландыру. **Өз бетімен ойындар. «Қардан құрылыстар жасау».** | Мақсаты: заттарды пішіні бойынша топтастыру. **Еңбек:** берілген жеке тапсырманы мұқият орындауды үйрету. Еңбекке дұрыс көзқарастары тәрбиелеу. **Қимылды ойындар. «Такси».** Міндеттері. Екі аяқты түзу ұстап, аяқтың ұшымен гимнастикалық шеңберді алып (обруч), қосақтасып жүгіру.. **"Ақ сандық, көк сандық"** Міндеттері. Балаларды ойын шартын бұзбай ойнай білуге | Мақсат-міндеттері. Балаларды күрекпен жұмыс істеуге үйрету **Қимылды ойындар. «Оқтау тартыс». Қазақ халқының ұлттық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балаларды шағын топтарда бірігіп, келісе әрекет етуге үйрету. **"Кім жылдам?"** Міндеттері. Кедергілерді жойып, жан-жаққа жүгіру біліктіліктерін бекіту. **Өз бетімен ойналатын ойындар:** әткеншек тебу. Міндеттері. | байланыс орнатуды үйрету. **Жеке жұмыс** Міндеті: жалпы дамыту жаттығуларына деген қызығушылығын арттыру. **Еңбек:** сырғанау жолын әзірлеу. Ұжымдық тапсырмаларды орындау. Үлкендерге қолдарынан келген көмектерін беруге тәрбиелеу. **Қимылды ойын. «Ақ аюлар».** Ұжымдық тапсырмаларды орындауды үйрету, өзара достық қарым-қатынас |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **баспа")** Мақсат-міндеттері. Балаларды бір бағытта жылжып секіруге дағдыландыру. **Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар.** Міндеттері. Қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; | Қарды жиып, оларды күрекпен нығыздап, қажетті пішін құрауды үйрету. Бірігіп ойнауға тәрбиелеу. | дағдыландыру; **Өз бетімен ойындар: «Секіргішпен ойна».** Ұялшақ және өзіне сенімсіз балалардың өзгелермен бірлесіп ойнауларына қолайлы жағдай жасау. | Бірігіп жұмыс істеу үшін балалардың шағын топтар құруын қолдау; біріккен қызметтегі тәртіп ережелерін орындауды үйрету. | қабілеттілігін қалыптастыру. **Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар.** Мақсат-міндеттері. Қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | «Жол жүру ережелері», «Қауіпсіздік әліппесі» тақырыптарында әңгімелесу. | "Балаңызға ертегі оқисыз ба?" тақырыбында ата-аналарға сауалнама жүргізу. | Ата-аналарға кеңес беру. "Ішек ауруларының алдын алу». | "Балабақшадағы жетістіктеріміз" тақырыбында көрме ұйымдастыру. | «Баланың үйдегі және балабақшадағы тәртібі» тақырыбында ата-аналар жиналысын өткізу. |

Циклограмманы тексерген әдіскер:

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** МКҚК «Астана» бөбекжай бақшасы
**Топ:** «Балдәурен» ересек
**Балалардың жасы**: 4-жасар балалар
**Жоспардың құрылу кезеңі**: 20-24.11.2023 жыл

| Күн тәртібінің кезеңдері | Дүйсенбі 20.11.2023 | Сейсенбі 21.11.2023 | Сәрсенбі 22.11.2023 | Бейсенбі 23.11.2023 | Жұма 24.11.2023 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Әсем әуенмен қарсы алу | Көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу | Саусақ театрының кейіпкерлері арқылы қарсы алу | Смайлик арқылы қарсы алу | Достық тілегімен қарсы алу |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Баланың үйдегі көңіл күйін сұрау | Баланың бойындағы өзерістер мен ерекшеліктер жайлы әңгіме | Баланың тәртібі мен денсаулығы жайлы әңгіме | Баланың қалай бейімделіп,не үйреніп жатқаны туралы әңгіме | Баланың тілдік дамуы жайлы әңгіме |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | "Ұйымдастырылған іс-әрекетіне дайындық".<br>Міндеттері. Кезекшінің міндеттерін өз бетінше және адал орындау, тәрбиеші дайындаған | "Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау".<br>Міндеттері. Өсімдіктерді таза ұстау әдістері туралы бұрын алған білімдерін нақтылау, балалардың | "Кітап бұрышындағы еңбек".<br>(кітаптарды қалпына келтіру)<br>Міндеттері. Балаларға жөндеуді қажет ететін | "Орындықтарды жуу".<br>Міндеттері. Балаларға тәрбиешінің көмекшісіне көмектесуге, бөлмедегі орындықтарды таза ұстауды үйрету, | "Біз орындықтарды орнына орналастырамыз".<br>Міндеттері. Еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырманы жылдам және мұқият орындау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | материалдар мен оқу құралдарын үстелдерге қою, қажітіне қарай оларды сабақтан кейін орындарына жинау. | сыртқы түріне, құрылымына назар аудара отырып, өсімдіктен шаңды кетіру әдісін таңдауды үйрету. | кітаптарды таңдауды, оларды мұқият желімдеуді үйрету (желім мен қайшыны дұрыс пайдалану, майлықтарды пайдалану). Кітаптарға ұқыпты қарауды, жұмыс істеуді үйрету, тәртіп сақтауға тәрбиелеу. | оларды дымқыл шүберекпен сүртіп; орындарына қоюды үйрету. Еңбек дағдыларын дамыту, жұмыс кезінде мәдени-гигиеналық талаптарды сақтау қабілетін қалыптастыру. Ересектерге көмектесуге деген ынтасын, олардың жұмысын құрметтеуге тәрбиелеу. | |
| | | | | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Жалпы дамыту жаттығулары (кішкентай доптармен)<br>1. Бастапқы қалып: дене тік, доп оң қолдарында<br>1-2 балалар қолдарын жандарына созады, жоғары көтереді, допты сол қолдарына салады.<br>3-4 қолдарын төмен түсіріп, бастапқы қалыпқа келу (жаттығу сол қолымен орындалады), 5-6 рет қайталанады.<br>2. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, доп оң қолдарында.<br>1-2 оң аяқты көтеріп, бүгілген оң аяқтың астынан допты сол қолға салады.<br>3-4 Бастапқы қалыпқа келу (дәл осы жаттығу сол жаққа 5 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, доп оң қолдарында<br>1 отыру, қолдарын алдына созып, допты сол қолдарына салу.<br>2 Бастапқы қалыпқа келу (дәл осы жаттығу сол жаққа 5 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып: тізені бүгіп, өкшемен отыру, доп оң қолдарында.<br>1-3 допты өзінен оң жаққа түзу домалату. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 4 допты алу, тіктелу, допты сол қолға салу (дәл осы жаттығу сол жаққа 5 рет қайталанады).<br>5. Бастапқы қалып: жерге отыру, аяқты бірге түзу қою, доп аяқ жақта, қолдарымен артқа қарай жер тіреу.<br>1-2 аяқты түзу жоғары көтеру, допты домалату және ұстап алу,<br>3-4 Бастапқы қалып: жаттығу орташа қарқынмен орындалады (жаттығу 5 рет қайталанады).<br>6. Бастапқы қалып: дене тік, допты екі қолмен төменде ұстау; допты лақтыру және ұстап алу (жаттығу 5 рет қайталанады).<br>7. Бастапқы қалып: дене тік, доп оң қолдарында. Оң және сол аяқтарымен айнала оңға, солға педагогтің 1-8 дейін санау және секіру. (дене шынықтыру, дербес әрекет, мәдени-гигиеналық дағдылар) | | | | |
| **Таңғы ас** | Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)**<br>Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев (орыс тілінен аударма) "Мөлдір су".<br>Мөлдір су, мөлдір су!<br>Сен менің бетім жу.<br>Отты көзім ойнасын,<br>Екі бетім жайнасын.<br>Күлкі кетпей ернімнен,<br>Тісім тастан таймасын! | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтауды, берілген бағытта қозғалу(алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыруды, | Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, ілмекке айналдыра білуін дамыту<br>**Құрастыру** | Қозғалыс ортасын ескере отырып, көлік құралдарын танып және атай білудағдыларын қалыптастыру **Қоршаған ортамен таныстыру** | Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту. **Математика негіздері** | Мінез-құлық мәдениеті мен сыпайы қарым-қатынас негіздерін қалыптастыруды жалғастыру; амандасу, қоштасудың қажеттігі туралы еске салу, ересектердің әңгімесіне араласпау, өз өтінішін сыпайы түрде білдіру, көрсеткенқызметі үшін алғыс айту. **Қоршаған ортамен таныстыру** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеуді дамыту (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр). **Математика негіздері** | | | | **1.Музыка Маман жоспары бойынша**<br>**3.Дене шынықтыру Маман жоспары бойынша** |
| **Білім беру ұйымының кестесі**<br>**бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **1. Музыка Маман жоспары бойынша**<br>**2. Дене шынықтыру Маман жоспары бойынша**<br>«Үш торай» мультфилімін тамашалату. Әдеби кейіпкерлердің әрекеттеріне өзінің көзқарасын білдірту **(көркем әдебиет)** | **1. Дене шынықтыру Маман жоспары бойынша**<br>Сөз және сөз ұйқастарына құрылған ойындарға қызығушылығын арттыру. «Кім жылдам» ойынын ойнату. Тәрбиеші сөз айтады. Балалар сөйлемге айналдырады. Мысалы – «Алма»-алма жедім немесе алма ол жеміс. | **Қазақ тілі**<br>Ойыншықтармен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу.<br><br>Жылдың қай мезгілі, қай айы келе жатқанын сұрау? Келесі жыл мезгілі туралы не білетіндерін айтқызу. | **1. Музыка Маман жоспары бойынша**<br>**3. Дене шынықтыру Маман жоспары бойынша**<br><br>Бүгін аптаның қай күні? Қазір тәуліктің қай бөлігі? Таңертең, күндіз, кеш, түн тәулік бөліктерін ажырату және атай білу дағдыларын қалыптастыру. Карточкалардан күн тәртібіндегі кезеңдердің суретін | Қысқы зообақ тақырыбы бойынша әңгіменің басы мен соңын құрастыруға үйрету.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br><br>Таңертең, күндіз, кеш, түн тәулік бөліктерін ажырату және атай білу дағдыларын қалыптастыруды жетілдіру **(математика негіздері)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ертегі желісі бойынша ұжымдық сурет салдырту **(сурет салу).** | **(сөйлеуді дамыту)** Қысқа дайындық. Қар тазалауға арналған күректер және т.б. Еңбек құралдарды түрлі пішіндегі және өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, үлгісі мен елестетуі бойынша көлемін сақтап мүсіндету. **(мүсіндеу)** | Суреттер арқылы қыс мезгіліне кім қалай дайындалады сұрау? Үй жануарларына қандай күтім керекті туралы ақпарат беру. Төрттүлік және оның төлдері (мінезіндегі ерекшеліктер, қозғалысы, қоректенуі, адамдарға пайдасы), оларға күтім жасаудағы ересектердің еңбегі туралы ұғымдарын кеңейту. **(қоршаған ортамен танысу)** | көрсетіп атату. **(математика негіздері)** Сазбалшықтан жасалатын ыдыстарды көрсету және жасату. **(мүсіндеу)** | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | **1.Бақылау:**<br>Алғашқы түскен қарды бақылау.<br>Міндеттері.<br>Бақылап қорытынды жасау; күшті аяздардың болмағанынан алғашқы қар ақ болады, ол тез ериді.<br>Жұмбақ.<br>Қимылды ойындар. «Сұр<br>Міндеттері.<br>Мәтінмен сәйкес қозғалысты орындай білуді бекіту.<br>"Табиғат құбылыстарын ажырату, олардың қасиеттерін ата" дидактикалық ойыны.<br>Міндеттері.<br>Қасиетіне қарай қар мен жаңбырды ажырата білу, | **1.Бақылау:**<br>Жансыз табиғаттағы құбылыстарды бақылау.<br>Міндеттері.<br>Кемпірқосақ туралы айту арқылы балалардың қызығушылығын дамытуды жалғастыру.<br>Көркемсөз.<br>М. Әлімбаев «Жаңбыр».<br>Жаңбыр жауып басылды,<br>Аспан шайдай ашылды.<br>Көкте қызыл-жасылды<br>Кемпірқосақ асылды.<br>Құлпырғаны қызық-ақ<br>Жеті түрлі бояумен.<br>Бір кесегін үзіп ап,<br>Үйіме әкеп қояр ма ем. | **1.Бақылау:**<br>Бұлттарды бақылау.<br>Міндеттері.<br>Балаларға бұлттарды бақылауға қызықтыру<br>Жұмбақ<br>Көз жасты – жылауық,<br>Келе жатыр бір алып.<br>Жабырқаса жылайды,<br>Жадыраса тарайды. (Бұлт.)<br>**2.Жеке жұмыс**.<br>Жұмбақ.<br>Қабат қабат тоны бар,<br>Шешіндірсең жылытар.<br>(пияз)<br>**3.Еңбек:**<br>балалармен бірге гүлзарда өскен гүлдерді тексеру; сынған сабақтарын бұтақтарын жинау. | **1.Бақылау:**<br>Бұлттарды бақылау.<br>Міндеттері.<br>Балаларға табиғаттағы су айналымы туралы түсінік беру;<br>Экологиялық міндет: таза ауа барлық тіршілік иелерінің өмір сүруі үшін өте маңызды.<br>Түзету міндеті: "Бұлтты тарат" сөйлеу кезінде дұрыс тыныс алуын дамыту.<br>Көркемсөз (сөйлеуді дамыту)<br>Күзгі көк бұлт мен болам,<br>Көтеріліп теңізден,<br>Аспанға биік барамын,<br>Қаласам қазір сендерге,<br>Жаңбыр болып жауамын.<br>**2.Жеке жұмыс.**<br>«Еңбекпен ел көгерер,<br>Жаңбырмен жер | **1.Бақылау:**<br>Бұлттарды бақылау.<br>Міндеттері. Балаларды аспаннан бұршақ жауауы құбылысымен таныстыруды жалғастыру.<br>Экологиялық міндет: судың әртүрлі күйлері туралы түсініктерді нақтылау.<br>Көркемсөз<br>Ақсың, сұрсың қарасың,<br>Қалқып қайда барасың?<br>Жерге нөсер төгілсін<br>Өссін гүлдер, көп егін.<br>Гүл, гүл жайнап өсер көп<br>Нөсерлетсең нөсерлет.<br>**2.Жеке жұмыс.** Тыйым сөздерді жаттату.<br>Міндеті: «Суға түкірме», «Нанды баспа», «Дастархан басында кекірме» т.б сөздердің мағынасын айтып түсіндіру.<br>3.Еңбек: гүлзарларды суару.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Ересектерге көмек |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | табиғат құбылыстары жөніндегі білімдерін бекіту.<br>**2.Жеке жұмыс.** Мақал мәтел айту. Аққуды атпа досыңды сатпа. Досы көпті жау алмайды.<br>**3.Еңбек:** «Бөлме өсімдіктерін күту».<br>Міндеттері. Тәрбиешінің басқаруымен балалар оранжереяларда, қысқы бақтарда пайдалы еңбекпен айналыса алады.<br>5.**Өз бетімен ойындар:** шашақтармен ойын.<br>Міндеттері. Таза ауада ойын ойнау. Өзіне қызық ойындарға | Экологиялық ойын. "Өсіру". Топырақта өсетін өсімдік түрін алып келу.<br>**2.Жеке жұмыс.** Алманың суретін салғызу.<br>Міндеттері: Шығармашылық қа баулу.<br>**3.Еңбек:** гүл отырғызуға ыдыс дайындау (жерді қазу, топырақты дайындау).<br>Міндеттері. Балаларды жер өңдеу жұмыстарымен таныстырып, еңбек дағдыларын жетілдіру.<br>**4.Қимылды ойындар** "Кемпірқосақ"<br>Міндеттері. Балаларды бір-бірін итермей жүгіруге тәрбиелеу; | Міндеттері. Ұқыптылыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>4.Қимылды ойындар. "Әткеншек"<br>Міндеттері. Балаларды шеңберде ойын ережесіне сай ойнауға ынталандыру;<br>**5.Еркін ойын.** "Күн мен жаңбыр".<br>Міндеттері. Балалардың шығармашылығын, кеңістікті бағдарлауын, қимыл жылдамдығын, зейінін дамыту. | көгерер».<br>**3.Еңбек:** алаңды тазарту ұжымдық еңбегі.<br>Міндеттері. Жалпы жұмысқа қатысу, жұмысты соңына дейін жеткізуге баулу.<br>**4.Қимылды ойындар.**<br>"Қу түлкі" қимыл-<br>Міндеттері. Балалардың ойын шарттарына сай ойнай білуі, “Мен - түлкі!” белгісі бойынша қолға түспей, жалтарып, жылдам жүгіре білу қабілеттерін жетілдіру;<br>**5.Қозғалыстарды дамыту жаттығулары:** жүгіріп келіп ұзындыққа секіру (кемінде 1м).<br>Міндеттері. Ұшу ауқымын дамыту.<br>Далаға шығарылатын | көрсетуге; өсімдіктерге қамқорлық жасауға үйрету.<br>**4.Қимылды ойындар.**<br>"Мысық пен тышқан"<br>Міндеттері. Балаларды ойын шартына сай ойынды әділ ойнауға, рөлді дұрыс атқаруға бейімдеу;<br>"Сызықты баспа"<br>Міндеттері. Балаларды бір бағытта жылжып, екі аяқпен, бағытты өзгертіп секіруге дағдыландыру.<br>**5.Дербес ойын әрекеті.**<br>1.Төбешіктентөбешікке секір.<br>2.Күн мен түн |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қатысуға ынталандыру. | "Көк ту" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттері. Достыққа, белсенділікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. | | материалмен ойын ойнау. | |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Түскі ас** | Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)**<br>"Мөлдір су".<br>Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев (орыс тілінен аударма)<br>Мөлдір су, мөлдір су!<br>Сен менің бетім жу.<br>Отты көзім ойнасын,<br>Екі бетім жайнасын.<br>Күлкі кетпей ернімнен,<br>Тісім тастан таймасын! | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | «Арыстан мен түлкі» ертегісін оқып беріп, барлық баланы ұйықтату. **(көркем әдебиет)** | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | **Ұйқы ашар жаттығу.** Майтабанның алдын алу. ( 2 минут) Мысық сияқты аяқтын ұшымен шеңбермен жүру, екі аяқпен | **Ұйқы ашар жаттығу**. Арқанын қалпын сақтауға арналған жаттығулар. ( 2 минут) Ашулы мысық тізеге тұрып қолымызды | **Ұйқы ашар жаттығу.** «Қайық» - Төсекте ішпен жатып , қолды иекке таяп қою,жартылай тұрып оңға- солға тербелу. | **Ұйқы ашар жаттығу.** «Мысықтар ұйқыдан оянуда» Шалқадан жатып, қолдарын жанына қояды. Бірінші оң қолдарын одан кейін сол қолдарын | **Ұйқы ашар жаттығу.** Төсекте жатып жасайтын жаттығулар ( 2-3 минут) Мысықтар оң жаққа қарап ұйықтап жатыр, ұйқы сұрап миялап жатыр көздерін жұмып мяу мяу мяу. Көзімізді |

<table>
<tr><td></td><td>секіру ,жүру орнымызға қарай жүгіру.<br>Орындықта отырып оң аяғын сол аяғына қойып табандағы нүктелерге массаж жасау, аяқтарын ауыстыры табандағы нүктелерге массаж жасау.3-4р</td><td>санымызға қою басымызды төмен қаратып арқамызды жоғары көтеру. 10 сек<br>Мейрімді мысық тізеге тұрып қолымызды санымызға қою басымызды жоғары созу, белімізді созу . 10 сек</td><td>«Тышқандар» - Массажды кілемшеде аяқ ұшымен және өкшемен айналу «Кемпірқосақ» - Төсекте арқамен жатып аяғымен ауада шеңбер жасау. «Созылу» - Төсекте аяқтары бірге, қолды денесінің қалпымен жоғарыға созып, арқасымен жатып керілу.</td><td>жоғары көтеріп созылады. Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жол бойымен жүру.<br>Білімді кеңейту және мәдени-гигеналық дағдыларды орындау.</td><td>ашып арқаға жатып тырнағымен тырналанып жатыр.<br>Төрт аяқтап тұрып мойынымызды жоғары созып мияулаймыз мяу мяу мяу. Отырып башпайларымызды уқалаймыз, аяғымызды сипаймыз.</td></tr>
<tr><td>Бесін ас</td><td colspan="5">Балаларға ауызды жауып жеуді, асты дыбыссыз шайнауды үйретуді жалғастыру. Асты ұқыпты, таза жеу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)<br>Дастарқанның басында,<br>Өзіңді жақсы ұста!<br>Дұрыс отыр! Асыңды іш!<br>Денене көп жина күш.</td></tr>
<tr><td>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау</td><td>Кітаптар қарау. Таныс ертегі қойылымын жасату.<br>(сөйлеуді дамыту)</td><td>Өзінің дене бөліктерін бағдарлау және атауды жетілдіру (бас, аяқтар, қолдар). Еңбек құралдарын оң</td><td>Топтағы көліктерді санату, салыстыру. Жиын жасату. (математика негіздері)</td><td>Жапырақтармен композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын</td><td>Балалардың қалауы бойынша дербес әрекеттер. Құрастыру және шығармашылық бағытында кітаптар қарау, әңгімелесу (сурет салу, құрастыру, мүсіндеу,</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| және тағы басқа әрекеттер) | Балалардың дербес әрекеті құрастыру және шығармашылық жұмыстарын орындату.<br>Төрт түлікке құрастыру құралдарынан қора жасату. Төр түлікті төлдерімен жапсырту, суретін салдырту, мүсінін жасату. **(құрастыру, мүсіндеу, сурет салу, жапсыру)** | қолымен солдан оңға қарай орналастыруды пысықтау **(математика негіздері)**<br>«Оп оңай! Еңбек бәрін жеңбек» тақырыбында фильм көру. Өз ойларын айтқызу. Топтағы қыс мезгіліне дайындық жұмысын жоспарлап қатыстыру. **(көркем әдебиет)**<br>Балалардың қалауы бойынша еркін тақырыпта жапсыру әрекетін жасату. **(жапсыру)** | Топтағы гүлдердің мүсінін жасау және қағаздан жасату. **(мүсіндеу, жапсыру)** | ескеруін қадағалау;<br>(**жапсыру)**<br>Таныс ертегінің кейіпкерлерінің бейнелерін сомдауға қажетті дауыс ырғағы және тілдің қарқынын қолдану дағдыларын қалыптастыру **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | **жапсыру)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Әлиасқар Айым мен Жалиева Айзере ересек пен бірге ән айтуға аынта | Наргел Инабат ағаш,шөп,гүл сөздерін дұрыс қолдануға үйрету. | Тәжіғали Дінмұхаммед 3–5сөзден тұратын тіркестерді,сөйле | Сансызбай Еркеназ музыкалық фразалардың жоғары және төменгі бысталуын | Ақыл Жантөре жеке бас гигиенасының бастапқы дағдыларын меңгерту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | білдіруге үйрету. | | мдерд і айтуға,ақпараттар мен бөлісуге үйрету. | ажыратуға үйрету. | |
| **Серуенге дайындық** | Киіну: киім кию ережесін сақтауға үйрету,серуенге арналған құралдарды дайындау,өзіне-өзі қызмет ету дағдылары | | | | |
| **Серуен** | **1.Бақылау:** Алғашқы түскен қарды бақылау. Міндеттері. Бақылап қорытынды жасау; күшті аяздардың болмағанынан алғашқы қар ақ болады, ол тез ериді.<br>2.Жеке жұмыс. Мақал мәтел айту. Аққуды атпа досыңды сатпа. Досы көпті жау алмайды. Міндеті: Достықты бағалауға үйрету.<br>Аспанға ұшар бу | 1.Бақылау: Жансыз табиғаттағы құбылыстарды бақылауды жалғастыру. Міндеттері. Кемпірқосақ туралы айту арқылы балалардың қызығушылығын дамытуды жалғастыру. Табиғат құбылыстарын болжау.<br>Ыстық жел соқса, аспаннан жаңбыр жауады. Торғайлар топтасып ұшса, күн ашық болады. | **1.Бақылау:** Бұлттарды бақылауды жалғастыру. Міндеттері. Балаларды бұлттарды байқауға баулу және ауа райын аспан күйімен анықтауға дағдыландыру.<br>Жұмбақ<br>Көз жасты – жылауық,<br>Келе жатыр бір алып.<br>Жабырқаса жылайды,<br>Жадыраса тарайды. (Бұлт)<br>**2. Жеке жұмыс.** Тәжірибе жасау: мұз бу су (заттың | 1.Бақылау: Бұлттарды бақылауды жалғастыру. "Бұлттарды бақылау. Міндеттері. Балаларға бұлттарды бақылауға қызықтыру және аспанға қарап ауа райының қандай екенін білуді үйрету.<br>2.**Жеке жұмыс.** Тәжірибе жасау: мұз бу су (заттың бір түрден басқа түрге айналуы)<br>**3.Еңбек:** алаңды тазарту. Міндеттері. Жалпы жұмысқа қатысу, | **1.Бақылау:** Бұлттарды бақылау. Міндеттері. Балаларды аспаннан бұршақ жаууы құбылысымен таныстыруды жалғастыру.<br>Көркемсөз<br>Ақсың, сұрсың қарасың,<br>Қалқып қайда барасың?<br>Жерге нөсер төгілсін<br>Өссін гүлдер, көп егін.<br>Гүл, гүл жайнап өсер көп<br>Нөсерлетсең нөсерлет.<br>**2.Жеке жұмыс.** Балаларға тақпақ үйрету<br>Міндеттері: Есте сақтау қабілеттерін қалыптастыру.<br>**3.Еңбек:** гүлзарларды суару. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | болып<br>Жерге қайтар су болып.<br>(Бұлт)<br>**3.Еңбек:**<br>«Бөлме өсімдіктерін күту».<br>Міндеттері.<br>Тәрбиешінің басқаруымен балалар оранжереяларда, қысқы бақтарда пайдалы еңбекпен айналыса алады.<br><br>**4.Қимылды ойындар**. «Сұр қоян жуынды».<br>Міндеттері.<br>Мәтінмен сәйкес қозғалысты орындай білуді бекіту. Аланда бір-біріне соқтықпай орын ауыстыру дағдыларын дамыту.<br>"Табиғат | **2.Жеке жұмыс.**<br>«Отбасы мүшелері»<br>Міндеттері.<br>Отбасы мүшелерін дұрыс атай білуге үйрету. Еңбек: гүл отырғызуға ыдыс дайындау (жерді қазу, топырақты дайындау).<br>Міндеттері.<br>Балаларды жер өңдеу жұмыстарымен таныстырып, еңбек дағдыларын жетілдіру.<br>**4.Қимылды ойындар.**<br>"Кемпірқосақ"<br>Міндеттері.<br>Балаларға бір-бірін итермей жүгіруді жетілдіру; қауіпсіздікті сақтауды түсіндіру. | бір түрден басқа түрге айналуы)<br>**3.Еңбек:**<br>балалармен бірге гүлдарда өскен гүлдерді тексеру; сынған сабақ, бұтақтарды жинау, майысқандарын көтеру.<br>Міндеттер: ұқыптылыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>4.Қимылды ойындар.<br>"Әткеншек"<br>Міндеттер: балаларды бірігіп, шеңберде ойын ережесіне сай ойнауға ынталандыру;<br>**5.Еркін ойын:**<br>"Күн мен жаңбыр".<br>(танымдық дағдылар)<br>Міндеттер: балалардың шығармашылығ | жұмысты соңына дейін жеткізуге баулу.<br>**4.Қимылды ойындар.**<br>"Қу түлкі" қимыл-<br>Міндеттері.<br>Балалардың ойын шарттарына сай ойнай білу, “Мен - түлкі!” белгісі бойынша қолға түспей, жалтарып, жылдам жүгіре білу қабілеттерін жетілдіру;<br>Қозғалыстарды дамыту жыттығулары: жүгірумен ұзындыққа секіру (кемінде 1м).<br>Мақсат-міндеттері.<br>Ұшу ауқымын дамыту.<br>**5.Дербес ойын әрекеті.**<br>1. Тығылыспақ. 2. Тартқышқа тартылу.<br>3.Допты қуалау. | Міндеттері.<br>Ересектерге көмек көрсетуге; өсімдіктерге қамқорлық жасауға үйрету.<br>**4.Қимылды ойындар.**<br>"Мысық пен тышқан"<br>Міндеттері.<br>Балаларды ойын шартына сай ойынды әділ ойнауға, рөлді дұрыс атқаруға бейімдеу;<br>"Сызықты баспа" қимыл жаттығуы.<br>Міндеттері. Балаларды бір бағытта жылжып, екі аяқпен, бағытты өзгертіп секіруге дағдыландыру.<br>**5.Дербес ойын әрекеті**.<br>Әткеншек тебу.<br>Допты қуалау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | құбылыстарын ажырату, олардың қасиеттерін ата" Міндеттері. Қасиетіне қарай қар мен жаңбырды ажырата білу, табиғат құбылыстары жөніндегі білімдерін бекіту.<br>**5.Өз бетімен ойындар:** шашақтармен ойын. Міндеттері. Таза ауада ойын ойнау. Өзіне қызық ойындарға қатысуға ынталандыру. | "Көк ту" қимыл-қозғалыс ойыны. Міндеттері. Достыққа, белсенділікке, ұйымшылдыққа баулу.<br>5.Дербес ойын әрекеті. Серуенге алып шыққан материалдармен ойындар | ын, кеңістіктегі бағдарын, жылдамдығын, зейінін дамыту. | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | «Қауіпсіздік ережесін біліп жүрейік». | Балалар отбасында өздігінен не істей алатыны туралы әңгімелесу. | Ата-аналармен жұмыс.<br>Мақсаты: балабақшада және үйде балаларды | "Ата-аналар мен балалардың бірлескен демалысын қалай түрлендіруге болады?" | "Бала тәрбиесінде ата мен әженің алатын орны". |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | сауықтыру және шынықтыру әдістеріне дұрыс көзқарасты қалыптастыру. | тақырыбында әңгімелесу. | |

Циклограмманы тексерген әдіскер:

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** МКҚК «Астана» бөбекжай бақшасы
**Топ:** «Балдәурен» ересек
**Балалардың жасы**: 4-жасар балалар
**Жоспардың құрылу кезеңі**: 27.11-01.12.2023 жыл

| **Күн тәртібінің кезеңдері** | **Дүйсенбі 27.11.2023** | **Сейсенбі 28.11.2023** | **Сәрсенбі 29.11.2023** | **Бейсенбі 30.11.2023** | **Жұма 01.12.2023** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды тәрбиешімен бірге қабылдау.Ата – анамен әңгімелесу дене қызуын өлшеп , тазалығын тексеру. | Тәрбиешімен бірге балаларды қабылдау. жағымды жағдай жасау. Дене қызуын өлшеу.тазалығын тексеру арнайы журналға тіркеу. | Баланың дене қызуын өлшеп қабылдау. Баланың балабақшаға бейімделуіне байланысты денсаулығын қадағалап отыру. | Балаларды қабылдау үстінде ата-аналармен баланың жағдай туралы әңгімелесу.дене қызуын өлшеу. Тәрбиешімен бірге ертеңгілік жаттығу жүргізу. | Таңертең балаларды қабылдап ата-анаға балабақшадан қалмауын ауырған жағдайда ескіртуі туралы айту.дене қызуын өлшеп тазалығын тексеру. |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Баламен бірге еңбектен | «Балаларды өздерінің достарымен ойын барысында тату ойнау | «Балаңыздың достары туралы білесізбе?» сауалнама жүргізу | Ата анаға кеңес Балаңызға қайырымды да үлгілі бола | «Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | керектігі жөнінде» әңгімелесу. | | біліңіз | жайлы» әңгімелесу. |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Бөлме өсімдіктерін жуу".** Міндеттері. Балаларға суару әдістері және ережелер (толтырмай, біркелкі суару) туралы түсінік беру; өсімдіктерге күтім жасауға қызығушылықтарын дамыту. Балаларды үлкендерге өз қолдарынан келетін көмек көрсетуге тарту, бөлме өсімдіктері туралы балалардың идеяларын | **"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп».** (тәрбиешінің көмекшісімен бірге) Міндеттері. Балаларға жеке киім шкафтарында тәртіп сақтауды үйрету, шкафты киім және аяқкиімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеу. Еңбекқорлыққа тәрбиелеу, тәртіп сақтауды үйрету. Ұжымда тату- | **"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз".** Міндеттері. Балалардың өз төсек-орнын ұқыпты ұстау дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу; еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту. | **"Ойыншықтардағы тәртіп".** Міндеттері. Жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбекқорлықты және тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге | **"Біз орындықтарды орнына орналастырамыз".** Міндеттері. Еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырманы жылдам, мұқият орындау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | нақтылау. | тәтті еңбектенуге үйрету. | | тәрбиелеу. | |
| | **Дидактикалық ойын "Ненің ізі?»**<br>Міндеттері. Байқампаздыққа, ұқыптылыққа үйрету.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **Үстел үсті ойыны.**<br>"Логикалық ойын".<br>Міндеттері. Ойлау қабілетін, зейінін, ынтасын дамыту.<br>**(танымдық дағдылар, сөйлеуді дамыту)** | **Дидактикалық ойын.**<br>"Менің қайда және кім болып жұмыс істейтінімді тап".<br>Міндеттері. Мамандық түрлерінің атауын еске сақтауды үйрету, ой-қиялын, ынтасын дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **«Суреттер құрастыру».**<br>Міндеттері. Балаларға ұсақ суреттерден бір мазмұнды сурет құрастыруды үйрету, әңгіме құрастыра білу, тіл байлығын, ой-өрісін дамыту, әртүрлі мазмұнды суреттер құрастыруға балалардың қызығушылығын дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **«Заттарды салыстыру».**<br>Міндеттері. Балаларды заттар мен шамаларды салыстыра білуге үйрету. Ұғымдардың мағынасын түсіндіру, оларды бір-бірінен ажыратуға баулу. Ойын-тілін танымдық әрекетін дамытып, баланы өзін қоршаған ортаға сүйіспеншілікке тәрбиелеу.<br>**(математика негіздері)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Таңертеңгі жаттығу** | Жалпы дамыту жаттығулары<br>1.Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, қол төменде.<br>1.2. Қолды алға көтеру.<br>1.3. Саусақтарын бүгу, қолдарын айналдыра қимылдау.<br>1.4. Бастапқы қалыпқа келу.<br>2. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, қол белде.<br>2.1. Кезекпен екі жаққа бұрылғанда екі қолды екі жаққа жіберу.<br>2.2. Оңға және солға иілу.<br>2.3. Қолдың ұшын аяқтың ұшына жеткізу.<br>2.4. Бастапқы қалыпқа келу.<br>3. Аяқтың ұшына көтерілу.<br>3.1. Екі аяқтың өкшесін кезек-кезек топылдату.<br>3.2. Аяқтың ұшымен топылдату.<br>3.3. Бастапқы қалыпқа келу.<br>(дене шынықтыру, дербес әрекет) | | | | |
| **Таңғы ас** | Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық пен шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Ас ішкенде сөйлемеу. Астан соң беті-қолды жуу.<br>Шолпан Оразбаева "Су".<br>Тазалықта досындай<br>Су дегенім осындай.<br>Таза жүрсек әрдайым,<br>Жақсы болар жағдайың.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркемсөз) | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке** | "Күз" мезгілінің суретіне қарап әңгімелесу. | Күз мезгілінің мнемотехникасына қарап | Күз мезгіліне байланысты тақпақтар | "Күзгі тіршілік" туралы әңгімелесу. | Күз мезгілінің ерекшеліктері туралы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **дайындық** | **(сөйлеуді дамыту)** | әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту)** | жаттау. **(сөйлеуді дамыту)** | **(сөйлеуді дамыту)** | әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі**<br>**бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **1.Музыка маман нұсқауымен**<br>**2. Дене шынықтыру Маман нұсқауымен**<br><br>«Үш торай» мультфилімін тамашалату. Әдеби кейіпкерлердің әрекеттеріне өзінің көзқарасын білдірту **(көркем** | **1.Дене шынықтыру Маман нұсқауымен**<br>Сөз және сөз ұйқастарына құрылған ойындарға қызығушылығын арттыру. «Кім жылдам» ойынын ойнату. Тәрбиеші сөз айтады. Балалар сөйлемге айналдырады. Мысалы – «Алма»-алма | **1.Қазақ тілі** Туыстық қарым-қатынасты («сіңлі»,«жеңге», «жезде»,«нағашы»,«жиен»,<br>«бөле») білдіретін сөздерді үйрету. Өзінің отбасы, отбасылық мерекелер, отбасындағы қызықты оқиғалар, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу | **1.Дене шынықтыру Маман нұсқауымен**<br>**3. Музыка маман нұсқауымен**<br><br>Бүгін аптаның қай күні? Қазір тәуліктің қай бөлігі? Таңертең, күндіз, кеш, түн тәулік бөліктерін ажырату және атай білу дағдыларын қалыптастыру. | Күзгі зообақ тақырыбы бойынша әңгіменің басы мен соңын құрастыруға үйрету.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br><br>Таңертең, күндіз, кеш, түн тәулік бөліктерін ажырату және атай білу дағдыларын қалыптастыруды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **әдебиет**)<br><br>Ертегі желісі бойынша ұжымдық сурет салдырту **(сурет салу).** | жедім немесе алма ол жеміс. **(сөйлеуді дамыту)** Ауланы тазалауға арналған күректер және т.б. Еңбек құралдарды түрлі пішіндегі және өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, үлгісі мен елестетуі бойынша көлемін сақтап мүсіндету. **(мүсіндеу)** | Өлеңді мәнерлеп оқу. "Ну орманда қар жауып".<br><br>Мнемокесте арқылы өлеңді топпен мәнерлеп қайталау.<br><br>Сөзді-ырғақты жаттығу "Ну орманда қар жауып".<br><br>Сәйкестендіруге арналған сөздік жаттығу "Жазда, қыста". **(қазақ тілі, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)**<br><br>**1.Музыка маман нұсқауымен** «Үш торай» мультфилімін тамашалату. | Карточкалардан күн тәртібіндегі кезеңдердің суретін көрсетіп атату. **(математика негіздері)**<br><br>Сазбалшықтан жасалатын ыдыстарды көрсету және жасату. **(мүсіндеу)** | жетілдіру **(математика негіздері)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Әдеби кейіпкерлердің әрекеттеріне өзінің көзқарасын білдірту **(көркем әдебиет)**<br><br>Ертегі желісі бойынша ұжымдық сурет салдырту **(сурет салу).** | | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Бақылау:** Шыршаларды бақылау. Міндеттері. Балалардың таныс ағаштарды бір немесе екі белгі бойынша табу қабілетін бекіту; **Еңбек әрекеті:** қураған жапырақтарды | **Бақылау:** Жапырақтың түсуін бақылау. Міндеттері. Қардың қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру; маусымдық құбылыс - қардың түсуі туралы білімдерін | **Бақылау:** Шыршаларды бақылау. Міндеттері. Балалардың таныс ағаштарды бір немесе екі белгі бойынша табу қабілетін бекіту; шыршаның ерекшеліктерін және оны басқа | **Бақылау:** Қар мен мұзды бақылау. Міндеттері. Судың әртүрлі күйі туралы білімдерін бекіту; жансыз табиғат туралы шынайы түсінікті қалыптастыру. Зерттеу. Үлкен | **Бақылау:** Қайың мен шетенді бақылау. Міндеттері. Ағаштардың сыртқы түріне (ұқсастықтары мен айырмашылықтары) салыстырмалы талдау жүргізуді үйрету; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жинау.<br>Міндеттері.<br>Еңбексүйгіштікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>"Ұшады құстар біздің бақта" жаттығуы.<br>Міндеттері.<br>Балаларды құстардың қимылдарына еліктеуге машықтандыру; құстар әлеміне қызығушылықты арттыру.<br>Педагог балаларға құстардың ұшып-қонып жүргені туралы бейнежазбаларды алдын ала көрсетуі мүмкін.<br>Қанаттарын жайып жан-жаққа, (аяқтың ұшына тұру, екі қолды жоғары көтеру)<br>Ұшады құстар | бекіту.<br>Зерттеу. Ақ қағазға ұшып келе жатқан қар ұлпаларын ұстау; зерттеу; қасиеттерін анықтау.<br>**Еңбек.**<br>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: ағаштардың тамырларын қармен жабу.<br>Міндеттері.<br>Бірлесіп жұмыс істеу қабілетін дамыту.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары.**<br>"Аққала ойыны".<br>Міндеттері.<br>Заттарды лақтыру дағдыларын бекіту.<br>"Допты қақпаға түсіру" қимылды | ағаштардан ажырату іскерліктерін дамыту.<br>**Еңбек.**<br>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (ұсақ қоқыстарды жинау).<br>Міндеттері.<br>Бірлесіп жұмыс істеу қабілетін қалыптастыру.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары.**"Бос орын".<br>Міндеттері.<br>Шапшаңдықты, ептілікті дамыту.<br>Аз қимылды ойын. "Суық-ыстық".<br>Міндеттері. Есту қасиеттерін, физикалық қасиеттерін дамыту. | және кішкентай қаңылтырдағы, таза және боялған судың қату уақытын салыстыру; ыдысқа тығыз немесе еркін салынған қардың еру жылдамдығын салыстыру.<br>**Еңбек.**<br>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: аланда өсетін өсімдіктерге күтім жасау.<br>Міндеттері.<br>Табиғаттағы еңбектенуді, қоршаған ортаға қызығушылықты қалыптастыру.<br>Қимыл-қозғалыс ойындары.<br>"Қарға мен торғай".<br>Міндеттері. | ағаштарға сипаттама беру, ағаштың өсуіне қажетті жағдайлар туралы түсініктерін бекіту.<br>**Еңбек.**<br>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (қоқыстарды жинау).<br>Міндеттері.<br>Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары.**<br>"Мысық пен тышқандар", "Доп" (2-3 ойнатылады).<br>"Ақ серек, көк серек" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Міндеттері.<br>Балаларға ойын шарты бойынша |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | біздің бақта. (құстың ұшқанына еліктеу, қолдарын бұлғау) Солға ұшады, ұмтылып, (бір қолды сол жақта төменнен жоғары бірқалыпты көтеру) Оңға ұшады, ұмтылып. (Екінші қолды оң жақта төменнен жоғары бірқалыпты көтеру) Біресе төмен түсіп, қонады бұтаққа, (төмен отыру) Біресе көкке самғайды, ұқсайды ұшаққа. (аяқтың ұшына тұру, екі қолды жоғары көтеру) Д. Ахметова. "Қарақұс пен балапандар" | ойын-жаттығуы. Міндеттері." Қақпаға"допті өткізе білуге, дәлдікке, шапшаңдыққа баулу. Тәрбиеші балаларды доп (немесе әртүрлі шарлармен) ойнауға шақырады, балалар жиналған жерде сызық жүргізеді. Сызықтан 1-1,5м жерде кішкентай қақпа тұрғызылады. Ойынға 5-6 бала қатысады. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері,** далаға алып шығатын материалдармен ойындар: қозғалыстарды дамыту. Міндеттері. Қар | Жүргізуші затты жасырған кезде оған қарауға тыйым салынады. Жүргізуші залдан шығып кетеді, балалар затты жасырады. Осыдан кейін жүргізуші залға кіріп, балалар жасырып қойған затты іздей бастайды. Балалар оның соңынан еріп: суық ... жылы ... ыстық ... сөздерін айтып, жасырылған затты табуға көмектеседі. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері:** "Жалаушаға тезірек жет". Міндеттері. Шеңбер бойымен сап түзей білу, төрт аяғымен | Педагогтің бұйрығын мұқият тыңдауды үйрету; зейінді дамыту. "Қара сиыр" ұлттық қимыл-қозғалыс ойын. міндеттер. Балаларға ойын ережелерін қатаң сақтауды үйрету; кеңістікті бағдарлай білуге, шапшаңдыққа, тапқырлыққа баулу, достыққа тәрбиелеу. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері**, далаға алып шығатын материалдармен ойындар: еңбектеу. | ойнауды, мұқият және белсенді болуды; батылдыққа, шапшаңдыққа, жылдам жүгіруге баулу; балалардың тіл байлығын жетілдіру, достық қарым-қатынастарын дамыту. Ойын ашық алаңда өткізіледі. Ойынға қатысушылар екі топқа бөлінеді. Аралығы 30-40 метрдей жерге бір-біріне қарама-қарсы орналасады. Қаз-қатар қол ұстасып, тізіліп тұрады. Жеребе бойынша ойынды бастаған топтың балалары әндете өлең айтады: Ақ серек, көк |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қимыл-қозғалыс ойыны. Міндеттері. Балаларды ойын шарты бойынша белгілерге сай жылдам жүгіруге дағдыландыру; шапшаңдыққа, ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. **5.Дербес іс-әрекеттер**"Кім жылдам?" ойын-жаттығуы. Міндеттері. Жүгіруді, секіруді, өрмелеуді пысықтау. | лақтыруды үйрету. | жорғалай білу жаттығулары. | | серек, Бізден сізге кім керек? Екінші топтағылар ойыншының атын атайды. Сол кезде аты аталған бала өз тобынан шығып, екпіндей жүгіріп келеді де, қарсы топтың тізбегін үзіп кетуге тырысады. Егер үзіп кетсе, бір баланы жетелеп әкетіп, өз тобына қосады. Үзе алмаса, өзі сол топта қалады. |
| Серуеннен оралу | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| Түскі ас | Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Ас ішкенде сөйлемеу. Астан соң беті-қолды жуу.<br>Шолпан Оразбаева "Су".<br>Тазалықта досындай<br>Су дегенім осындай. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Таза жүрсек әрдайым,<br>Жақсы болар жағдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)** | | | | |
| Күндізгі ұйқы | Релаксацияға арналған жаттығу: "Менің көзім".<br>Мақсат-міндеттері. Тыныш ұйқыға қолайлы жағдай жасау. | | | | |
| Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары | Ұйқы ашар жаттығу: «Созылу» - Төсекте аяқтары бірге, қолды денесінің қалпымен жоғарыға созып, арқасымен жатып керілу. Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жол бойымен жүру | Ұйқы ашар жаттығу: «Қайық» - Төсекте ішпен жатып , қолды иекке таяп қою, жартылай тұрып оңға-солға тербелу.<br>Жүру түрлеру Төсектерінен тұрып, бұдыр тақтайдың үстімен, тастардың үстімен басып ұйықтайтын бөлмеден шығу. | Ұйқы ашар жаттығу: «Кемпірқосақ» - Төсекте арқамен жатып аяғымен ауада шеңбер жасау.<br>Жүру түрлеру Төсектерінен тұрып, бұдыр тақтайдың үстімен, тастардың үстімен басып ұйықтайтын бөлмеден шығу. | Ұйқы ашар жаттығу: «Созылу» - Төсекте аяқтары бірге, қолды денесінің қалпымен жоғарыға созып, арқасымен жатып керілу.<br>Жүру түрлеру Төсектерінен тұрып, бұдыр тақтайдың үстімен, тастардың үстімен басып ұйықтайтын бөлмеден шығу | Ұйқы ашар жаттығу: «Созылу» - Төсекте аяқтары бірге, қолды денесінің қалпымен жоғарыға созып, арқасымен жатып керілу. «Тышқандар» - Массажды кілемшеде аяқ ұшымен және өкшемен айналу |
| Бесін ас | Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Ас ішкенде сөйлемеу. Астан соң беті-қолды | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жуу.<br>Шолпан Оразбаева "Су".<br>Тазалықта досындай<br>Су дегенім осындай.<br>Таза жүрсек әрдайым,<br>Жақсы болар жағдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)** | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жатығу** "Аппақ қыс". Міндеттері. Балалардың қыс туралы түсініктерін кеңейту; қыс мезгіліндегі табиғат құбылыстарын байқау дағдыларын жетілдіру.<br>«Табиғат құбылыстары» дидактикалық ойыны.<br>Міндеттері. Балалардың табиғат құбылыстары жөнінде | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу** "Сыңарлы және сыңарсыз киімдер". Міндеттері. Балаларды заттардың көлемінің қасиеттері жөніндегі білімдерін тиянақтау, "ені", "ұзындығы", "көлемі" ұғымдарын бекіту. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, құрастыру, сурет салу, мүсіндеу)<br><br>Дидактикалық ойын. «Артығын | **Сурет салудан ойын-жаттығу** "Аулаға қар жауды". Міндеттері. Балаларға бор мен қылқалам арқылы аулаға қардың жауғаны туралы суретті салуды үйрету; бормен сурет бейнелерінің, ағаш пен үйдің сұлбасын салып, қардың суреттің әр жеріне қылқаламның ұшымен жақпалау техникасын пысықтау.<br><br>"Мозаика", "Лото" үстел үсті | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** "Боран". Міндеттері. Балаларды Қ. Көпішевтің "Ақ боран" атты тақпағымен таныстырып, қыс мезгіліндегі ақ боран сипатын тануға талпындыру; тақпақ жаттауды жаттықтыру; көркемсөзге қызығушылықта рын арттыру; қыс көптеген құбылыстардан тұратын мезгіл деп тануды үйрету. (қазақ тілі, сөйлеуді | "Қыс келді" тақпағын жаттау". Міндеттері. Балалардың ұғымында"тақпа қ" түсінігін қалыптастыру, қыс туралы көркемсөз үлгісімен таныстыру; қыс мезгілі туралы ұғымдарды көркемдеуіш сөздер арқылы толықтыру. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)<br><br>Құрастырудан ойын-жаттығу "Ақтөске үйшік |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | түсініктерін нығайту. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, сурет салу)<br><br>Дидактикалық ойын. "Күзде не болады?" Міндеттері. Күз бен қыс мезгілдерінің құбылыстарын ажырату. Барысы: педагог балалардың алдына әр жыл мезгілінде болатын табиғат құбылыстары бейнеленген суреттерді таратады. Осы суреттердің ішінен бала, күз мезгіліне байланысты суретті таңдап алады және суретті бейнелеп береді. Мысалы: | тап». Әрбір балаға карточкалар ұсынады. Карточкадағы суреттерден артық суретті тауып, мағынасын түсіндіруін ұсынады. Карточкада не бейнеленгенін атап, артығын қарындашпен сызады. Мысалы, мұнда қар артық. Қар қыста ғана болады. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі) | ойындары. Міндеттері. Ақыл-ой қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. (танымдық дағдылар)<br><br>Құрастыру "Байтерек". Міндеттері. Балаларды макарон өнімдерін трафаретке қойып "Бәйтеректі" құрастыруды үйрету; дайын трафаретке макарон өнімін беттестіру әдісі бойынша іскерліктерін дамыту; сары түсті жылтырлақтарме н безендіргенде желімді пайдалану | дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)<br><br>Мүсіндеуден ойын-жаттығу "Аққала". Міндеттері. Балаларға тұзды қамырдан аққала сомдауды үйрету; бір бөлшекті екінші бөлшекке қосып тегістеу жолымен біріктіру ептілігін бекіту. Дидактикалық ойын. "Қате тап". Құрастыру. "Зәулім ғимараттар". Міндеттері. Қиял, ойлау қабілетін, зейінін дамыту. (мүсіндеу, сөйлеуді дамыту, құрастыру) | құрастырамыз". Міндеттері. Балаларды құрамында: тақтайша, үшбұрыш, білеу бар құрылыс материалдары жинағын пайдаланып, Ақтөске қыс мезгілінде тұруға арналған үйшікті құрастыруды үйрету. (құрастыру, сөйлеуді дамыту) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | күн бұлттардың артында жасырынып тұр. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сурет салу) | | техникасын жетілдіру; қолдың ұсақ моторикасын дамыту. (құрастыру, сөйлеуді дамыту, сурет салу) | | |
| Балалармен жеке жұмыс | Тамдыбек Нұрислам Аяла қағазға және құмға сурет салудың(үздіксіз айналмалысызықтар жүргізеді) Бастапқы техникасын меңгерту. | Гүлім және Бейбарыс құрылыс материалдарына және конструкторлардың ірі бөлшектерінен құрастырға алуға үйрету. | Эралы және Айсұлтан белсенді сөздікте барлық сөзтаптарын қолдануға үйрету. | Алтынбек Бжәне Алина шынықтыру шараларын өткізу кезінде жағымды көңіл-күй танытуын қалыптастыру. | Алихан және Аяла негізгі қимылдардың түрлерін игерту. |
| Серуенге дайындық | Мақсат-міндеттері:<br>- киімді дұрыс бүктеуді, ілуді, аяқ-киімді түзу қоюды әдетке айналдыру;<br>- өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру;<br>- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-киім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу;<br>- ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу;<br>- көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.<br>**(дербес әрекет)** | | | | |
| Серуен | **Бақылау:** Қарға мен сауысқанды бақылауды жалғастыру. | **Бақылау:** Қардың түсуін бақылауды жалғастыру. Міндеттері. | **Бақылау:** Шыршаларды бақылауды жалғастыру. Міндеттері. | **Бақылау:** Қар мен мұзды бақылауды жалғастыру. Міндеттер. | **Бақылау:** Қайың мен шетенді бақылауды жалғастыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Міндеттері. Қарға мен сауысқанның айырмашылықтарын айта білуге машықтандыру; **Жеке жұмыс:** Балаларға тақпақ үйрету Мақсаты: Есте сақтау қабілеттерін қалыптастыру Тербеледі ағаштар Алдымнан жел еседі Кіп-кішкентай ағаштар Үп-үлкен боп өседі. **Еңбек :** құраған жапырақтарды жинау. Міндеттері. Еңбексүйгіштікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу. **Қимылды ойындар.** "Ұшады құстар біздің бақта" жаттығуы. Мақсат- | Қардың қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру; қардың түсуі маусымдық құбылысқа жататынын түсіндіру, қыс туралы білімдерін кеңейту. **Жеке жұмыс.** Қолынакиіп қолғапты, Ауланы ағай сыпырды. Тазалап қарды мұздарды, Бәрімізге ол жол ашты. **Еңбек:** ағаштардың тамырларын қармен жабу. Міндеттері. Бірлесіп жұмыс істеу қабілетін дамыту. **Қимылды ойындар.** "Доп лақтыру | Балалардың таныс ағаштарды бір немесе екі белгі бойынша табу қабілетін бекіту; **Жеке жұмыс** Көркем сөз: Тазалашы мұз болған, Есік алды тайғанақ жата берсін. Біз оған теуіп жүрміз сырғанақ, Шыға беріп жалтақтай, Ұшып түсті қалпақтай. **Еңбек:** Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (ұсақ қоқыстарды жинау). Міндеттері. Бірлесіп жұмыс істеу қабілетін қалыптастыру. **Қимылды-ойындар."**Бос | Судың әртүрлі күйі туралы білімдерін бекіту; жансыз табиғат туралы шынайы түсінікті қалыптастыру. **Жеке жұмыс.** Тазартып бір шаңнан, Қыс өнерін бастады. Терезеге қыраудан Сурет салып тастады. **Еңбек:** Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: аланда өсетін өсімдіктерге күтім жасау. Міндеттері. Табиғаттағы еңбекке, қоршаған ортаға қызығушылықты қалыптастыру. **Қимыл-қозғалыс** | Міндеттері. Ағаштардың сыртқы түріне (ұқсастықтары мен айырмашылықтары) салыстырмалы талдау жүргізуді үйрету; **Жеке жұмыс.** Жапалақтап ала қар Жауды күнде қайталап Қырға шықты балалар Шаңғыларын арқалап **Еңбек:** Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (қоқыстарды жинау). Міндеттері. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **Қимылды ойындар.** "Мысық пен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | міндеттері. Балаларды құстардың қимылдарына еліктеуге машықтандыру; құстар әлеміне қызығушылықты арттыру. "Қарақұс пен балапандар" Міндеттері. Балаларды ойын шарты бойынша белгілерге сай жылдам жүгіруге дағдыландыру; "Кім жылдам?" Міндеттері. Жүгіруді, секіруді, өрмелеуді пысықтау. **Өз бетімен еркін ойын әрекеті**, далаға шығарылған материалмен алаңдағы ойындар. Міндеттері. Қызығушылығы | ойыны". Міндеттері. Заттарды лақтыру дағдыларын бекіту. "Допты қақпаға түсіру" Міндеттері. "Қақпаға"допты кіргізуді үйрету, дәлдікке, шапшаңдыққа баулу. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері**, далаға алып шығатын материалдармен ойындар: қозғалыстарды дамыту. Міндеттері. Қар лақтыруды үйрету. | орын". Міндеттері. Шапшаңдықты, ептілікті дамыту. Аз қимылды ойын. "Суық-ыстық". Міндеттері: есту қабілетін, физикалық қасиеттерін дамыту. Жүргізуші затты жасырған кезде қарауға тыйым салынады. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері:** "Жалаушаға тезірек жет". Міндеттері. Шеңбер бойымен сап түзей білу, төрт аяғымен жорғалай білу жаттығулары. | **ойындары.** "Қарға мен торғай". (дене шынықтыру) Міндеттері. Педагогтің бұйрығын мұқият тыңдауды үйрету; зейінді дамыту. "Қара сиыр" ұлттық қимыл-қозғалыс ойын. Міндеттері: балаларға ойын ережелерін қатаң сақтауды үйрету; кеңістікті бағдарлай білуге, шапшаңдыққа, тапқырлыққа баулу, достыққа тәрбиелеу. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері**, далаға алып шығатын материалдармен ойындар: еңбектеу. | тышқандар", "Доп" (2-3 ойнатылады). (дене шынықтыру) "Ақ серек, көк серек" Міндеттері. Балаларды ойын шарты бойынша ойнауға, мұқият және белсенді болуға; батылдыққа, жылдамдыққа, шапшаң жүгіруге баулу; балалардың тіл байлығын жетілдіру, достық қарым-қатынастарын дамыту. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері**, қозғалыстарды дамыту, қозғалыстарды дамыту. Міндеттері. Жүгіру |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету, құрдастарымен өзара әрекет ету қалыптастыру. | | | Міндеттері. Қимылдарды үйлестіруді дамыту; батылдықты, алуға тәрбиелеу. | техникасын жетілдіру, жеңіл, жігерлі қимылдарды қалыптастыру. |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | «Жаңа жылдық шырша» көрмесі. | Кеңес беру. «4-5 жастағы балаға қандай ойыншықтар пайдалы». | «Балаңыз туралы не білу керек?» тақырыбында кеңес беру. | «Тәуелсіз Қазақстан» салтанатты іс-шарасында оқитын тақпақтарын беру, ата-аналармен мерекені өткізу туралы әңгімелесу. | "Біз бір аптада не істедік" тақырыбындағы көрме. |

Циклограмманы тексерген әдіскер:

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Мектепке дейінгі ұйымы:** «Астана» бөбекжай бақшасы МКҚК

**Топ:** «Балдәурен» ересек

**Балалардың жасы:** 4-жастағы балалар

**Жоспардың құрылу кезеңі:** 04.12 -08.12.2023 жыл

| **Күн тәртібінің кезеңдері** | **Дүйсенбі 04.12.2023** | **Сейсенбі 05.12.2023** | **Сәрсенбі 06.12.2023** | **Бейсенбі 07.12.2023** | **Жұма 08.12.2023** |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | Балаларды қабылдау. Жеке бас гигиенасын қарау.Жағымды жағдай орнату. **(сөйлеуді дамыту)** | Балаларды жылы жүзбен қарсы алу, көңіл- күйлерін байқау. **(сөйлеуді дамыту)** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (**сөйлеуді дамыту)** | Балаларды қабылдау. Жеке бас гигиенасын қарау.Жағымды жағдай орнату. **(сөйлеуді дамыту)** |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдермен,кеңес, әңгімелесу.** | Ұйымдастырылған іс-әрекетке әр баланың дайындығы және оларға керекті заттар туралы ата-аналармен әңгімелесу. | Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу. | Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстайтыны жайлы әңгімелесу | Екінші артық киімдерін әкелуді тапсыру. | Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және тағы басқалар) | "Бөлме өсімдіктеріндегі топырақты қопсыту".Міндеті: балаларды жабық өсімдіктерге күтім жасауға үйрету; балаларға өсімдіктердің топырағын не үшін қопсыту керектігі туралы білім беру; қопсыту әдістері мен оған қажетті заттарды пайдалану ережелерін бекіту. Еңбек дағдыларын, ұқыптылықты дамыту. (**сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)** | "Күтушіге көмек көрсету". Міндеті: Балаларға өз төсек-орындарын ажыратуды үйрету; еңбектенуге ұмтылысты, тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімін тәрбиелеу. **(сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)** | "Кітап бұрышындағы еңбек". (кітаптарды қалпына келтіру). Міндеті: Балаларға жөндеуді қажет ететін кітаптарды таңдауды және оларды мұқият желімдеуді үйрету (желім мен қайшыны дұрыс пайдалану, майлықтарды пайдалану). Кітаптарға ұқыпты карауға, жұмыс істеуге, тәртіп сақтауға тәрбиелеу. **(сөйлеуді дамыту)** | "Біздің шкафта тәртіп бар". Міндеті: Балаларға сыртқы киімге арналған шкафта заттарды бүктеу кезінде ұқыптылыққа үйрету. **(сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)** | "Ойыншықтарды тәртіпте ұстау". Міндеті: Жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбекқорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. **(сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)** |
| **Таңертеңгілік жаттығу** | Бастапқы қалып: дене тік, аяқтың арасы сәл алшақ, қол белде.<br>1 - 4 - басты оң жаққа айналдыру, бастапқы қалыпқа келу.<br>1 - 4 - басты сол жаққа айналдыру, бастапқы қалыпқа келу. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Бастапқы қалып: дене тік, аяқтың арасы сәл алшақ, қол белде.<br>1 - 2 - денені оң жаққа бұру, бастапқы қалыпқа келу<br>3 - 4 - сол жаққа бұру, бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 3-4 рет қайталанады).<br>Бастапқы қалып: дене тік, аяқтың арасы сәл алшақ, қол белде.<br>1 - оң аяққа еңкею.<br>2 - ортаға еңкею.<br>3 - сол аяққа еңкею.4 - бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 3-4 рет қайталанады). | | | | |
| Таңғы ас | Балалардың беті-қолын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық пен шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу.<br>М. Жаманбалиев "Екі қол".<br>Қолжуғыштың қасына, (алға қарай жүреміз)<br>Келе қалды балақан.<br>Ысқылады асыға, (екі қолдың алақандарын қосып үйкейміз)<br>Алақанды алақан.<br>Қарады да сосын ол: (екі қолдың алақандарын ашу)<br>«Тап-таза» деп қуанды.<br>Қандай жақсы, екі қол, (екі қолын көрсетеді)<br>Бірін-бірі жуады. (денемізді оңға бұру, екі алақанды үйкелеу) **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)** | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу | Екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып Салыстыруды пысықтау | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу барысына қажет құралдарды,көрнекілікт ер, ортаны дайындау. | Балалармен бірге жоспарлау, ойларын білу,қызығушылық тарын а қарай әркет түрін таңдау. | Ұйымдастырылға н іс-әрекеттің өтілу барысына қажет құралдарды,көрне кілікт ер, ортаны дайындау. |
| Мектепке дейінгі | **1.Музыка** | **1.Дене** | **1.Қазақ тілі "Қыс" мезгілінің** | **1.Дене** | Шаттық шеңбері |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | Саз жетекшісінің жоспары бойынша<br>**2.Дене шынықтыру**<br>Ден тәрбие нұсқаушысының жоспары бойынша<br><br>«Ғажайып қоржын» ойынын ойнату.<br>Қоржынның ішіндегі геометриялық пішіндерді сипап сезу арқылы зерттеуіне жағдай жасау. Атауын айту дағдысын дамыту.<br>**(математика негіздері)** | **шынықтыру**<br>Ден тәрбие нұсқаушысының жоспары бойынша<br>Терезеге қарап бүгінгі ауа райын бақылау.<br>Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау.**(сөйлеуді дамыту)**<br>Балалардың қалауы бойынша | **ерекшеліктері.**<br>Міндеті:"Қыс" мезгілінің суретіне қарап әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)**<br>Қазақ тілі<br>"Қазақстан байлықтары. 5 дейін санау, кері санау".<br>Міндеті: балалардың еліміздің негізгі байлықтары туралы білімдерін кеңейту; "байлықты" дұрыс атауды қолданылу аясы туралы түсініктерін нақтылау.<br><br>Мнемокесте бойынша отбасы туралы өлеңдер жаттау.<br>Міндеті: Зейін, есте сақтау қабілетін дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br><br>«Ғажайып қоржын» | **шынықтыру**<br>Ден тәрбие нұсқаушысының жоспары бойынша<br>**3.Музыка**<br>Саз жетекшісінің жоспары бойынша<br><br>Үстел-үсті ойыны: "Керекті киімді табыңыз"<br>Міндеті: балаларға қысқы және жазғы киімдерді ажырата білуге, зейін, есте сақтау және логикалық ойлауға тәрбиелеу.<br>**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | Бақшамызға барғанда,<br>Жолыққан бар жандарға<br>Ертемен ақ пейілмен<br>Ертемен ақ пейілмен<br>"Қайырлы таң!"-деймін мен.<br>Күндіз де елді елеймін:<br>Үйге кешке келемін,<br>Не дерімді білемін<br>«Кеш жарық!»-деп кіремін.<br>Шеңбер бойына тұрып, қимылдар жасайды.<br>**(сөйлеуді дамыту** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | терезеден көрген заттарын немесе құбылыстарды суретін салу. қағаздан қиып жапсыру **(Жапсыру)** | ойынын ойнату. Қоржынның ішіндегі геометриялық пішіндерді сипап сезу арқылы зерттеуіне жағдай жасау. Атауын айту дағдысын дамыту. **(математика негіздері)** | | |
| Серуенге дайындық | Серуен кезінде ұйымдастырылған еңбек тәрбиесі арқылы еңбек-сүйгіштікке баулу<br>Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.<br>Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**<br>Серуен кезінде ұйымдастырылған еңбек тәрбиесі арқылы еңбек-сүйгіштікке баулу | | | | |
| Серуен | **1.Бақылау**<br>Күнді бақылауды жалғастыру.<br>Міндеті: Серуендеуге, күнге қызығушылықты ынталандыру. Күннің кешке төмендеу түсетінін көрсету, күннің салқындау болғанын сезінуге шақыру.<br>**2.Жеке жұмыс.**<br>Көркем сөз | **1.Бақылау**<br>Қыс мезгіліндегі бақшада болатын өзгерістермен таныстыру<br>Міндеті:зерттеу қызметіне деген қызығушылық та-рын арттыру.<br>**2.Жеке жұмыс.**<br>Көркем сөз . | 1.**Бақылау**<br>Қыстап қалатын құстар жайлы айту<br>Міндеті:Қыс мезгіліндегі құстардың мінез-құлықтарындағы өзгешеліктер туралы түсініктерін қалыптастыру; құстарға қамқор болуға тәрбиелеу.<br>**2. Жеке жұмыс**<br>Көркем сөз<br>Торғайларды қорға. Ө. Ақыпбекұлы<br>Шыр-шыр еткен | **1.Бақылау**<br>- Қардың қасиеттері туралы түсініктерін қалыптастыру;<br>Міндеті:Қардың түсуі туралы білімдерін молайту; әдемілікке деген сезімдерін тәрбиелеу.<br>**2.Жеке жұмыс**<br>Көркем сөз «Қыс» Т. Молдағалиев<br>Жауа-жауа, қар жауып көп,<br>Шұқырларға | **1.Бақылау**<br>Ағаштар туралы білімдерін молайту;<br>-ағаштардың қысқы бейнесін бақылауды жалғастыру<br>**2.Жеке жұмыс**<br>Көркем сөз «Қыс» Р.Сәбитұлы<br>Қар жамылды бақтарым<br>Қыратым да, сайым да.<br>Тағыпты қыс ақ |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Алақай, алақай!<br>Күн шықты, күн шықты,<br>Жер үстіне нұр шықты!<br>Міндеті: Ойлау қабілетін дамыту.<br>**3. Еңбек** ойын аяқталғаннан кейін барлық заттарды жинастыру.<br>Міндеті: Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.<br>**4. Қимылды ойын**<br>"Күн мен ұлпалар" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Міндеті: Балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; ептілікке, достыққа | Далада қар болрайды,<br>Ақ мамыққа орайды.<br>Мұз болады қатады,<br>Жып-жылтыр болып жатады.<br>Міндеті: Қыстың келуімен бақшалықта қандай өзгерістер пайда болатынын түсіндіру.<br>**3.Еңбек:** қардан құрлыс тұрғызу<br>Міндеті: қардан әртүрлі денелер жасауға үйрету;<br>Достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.<br>**4.Қимылды ойындар:**<br>«Қу түлкі». | торғайды<br>Қорғамасаң болмайды.<br>Кіп-кішкене торғайлар<br>Ағаштарды қорғайды.<br>Тәрбиеші балармен әңгімелесу өткізеді.<br>Біздерде жылы жаққа ұшпай қалған құстарды қалай атаймыз?(қыстап қалатын құстар)<br>**3.Еңбек**<br>Құстар қонақтайтын, жем шашатын жерді қардан тазалау.<br>еңбекке деген ықыластарын арттыру.<br>**4. Қимылды ойын**<br>«Нысанаға тигіз».<br>Міндеті**:** қашып бара жатқан заттың бағытын бақылау, қозғалыстың дұрыс орындалуын есептей білу.<br>5.**Дербес ойын**<br>«Қарғалар»<br>Міндеті: Балалардың музыкалық есту қабілетін дамыту және қаздардың тіршілігімен таныстыру. | толады.<br>Иығыңа қонады кеп,<br>Мойныңа да қонады.<br>Жауып бітер қарды тосып,<br>Үйіңе де сыймайсың,<br>Табиғаттың ақ көрпесін<br>Басуға да қимайсың<br>Міндеті:<br>Айналаға қараңдаршы, қандай әсем көрністерді тамашалату.(айнала аппақ, қар беті тап-таза т.б.)<br>**3Еңбек:**<br>Өзалаңындағы ағаш түптерін қармен көму.<br>Міндет**і**: бір мақсатта, бірлесе жұмыс істеу дағдыларын дамыту<br>**Қимылды ойын**<br>«Ыстық-суық».<br>Міндеті: тәрбиешінің белгісі бойынша әрекет | қарын,<br>Үкі етіп қайыңға.<br>Бүркеніп ақ желекті,<br>Жарқырайды маңайым.<br>Ойға шомып теректің,<br>Ақ шалыпты самайын.<br>Зерттеу жұмысы<br>Алма ағашы мен қайың ағашының қысқы тұрқын салыстыру<br>**3.Еңбек**<br>Жолды қардан тазалау.<br>Міндеті: аула қараушыға көмектесу.<br>**3. Қимылды ойын:**<br>**4.** «Кім аққалаға бұрын жетеді?»<br>Міндеті**:**: доға астынан еңбектеп өту дағдыларын жетілдіру.<br><br>**5. Дербес ойын әрекеті.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тәрбиелеу.<br>**5.Дербес ойын әрекеті.**<br>"Кеглиді қағып ал" жаттығуы.<br>Еркін ойындар | Міндеті: балаларды байқампаздық к алғырлыққа баулу, тапсырманы дұрыс орындауларын бақылау.<br>**5. Дербес ойын әрекеті.**<br>«Ұшты - ұшты»<br>Міндеті: Ненің ұшатынын, ненің ұшпайтынын, аңғарымпазды ққа тәрбиелейді. | | етуге үйрету<br>**5.Дербес ойын әрекеті.**<br>«Күн мен түн»<br>Міндеті: Балаларды ептілікке, жылдамдыққа, ажыратуға баулу. | Балаларға ойын тақырыбын өз бетінше таңдауды үйрету.<br>Еркін ойындар |
| Серуеннен оралу | Дара жұмыс этикет ережелерін сақтауын қадағалау | Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешінуге дағдыландыру шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени- | Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | Дара жұмыс этикет ережелерін сақтауын қадағалау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | | | |
| Түскі ас | Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету.<br>Алдына қойған асқа назар аудартху; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.<br>Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету.<br>Көркем сөз<br>Ас атасы нан!<br>Тістем нанның қадірін<br>Тарыққанда білерсің | | | | |
| Күндізгі ұйқы | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау. «Үйшік» ертегісін оқып беру. **(қатынас іс-әрекеті)**<br>Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету.<br>«Қолғап» ертегісін оқып беру. **(қатынас іс-әрекеті)**<br>Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту.<br>«Құйыршық» ертегісін мобилді қосымшасы (qr)арқылы тыңдату. **(қатынас іс-әрекеті)**<br>Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру\<br>«Қуу түлкі және ешкі» ертегісін оқып беру. **(қатынас іс-әрекеті)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау.<br>**(музыка)** | | | | |
| Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары | Жалпақтабандық-тың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. | Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. | Алғашқы мәдени гигиенеалық әрекеттерді жасауға қызықтыру. | Қолдарымыз қайда?<br>Шығарайық алға<br>Жеңімізді түрейік,<br>Жуынып көрейік<br>Су астына салайық<br>Уқалайық<br>сипалайық | Ұйқы ашар жаттығу:<br>Қолдың және аяқ бұлшықеттеріне арналған жаттығуларды орындау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | "Сылдыр, сылдыр, сылдыр су" ойын жаттығулары. | | Қолдарымыз тап таза | Майтабанның алдын алу, арқаның қалпын сақтауға арналған жаттығулар |
| Бесін ас | Кезекшілердің жұмысы (асхана аспаптарын, салфеткаларды салу)<br>Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою.<br>Сырттан келіп үнемі,<br>Сабынмен қол жуамыз,<br>Таза болды мұнтаздай,<br>Тағамға қол созамыз (көркем сөзін қолдану)<br>Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; этикет ережелері; Балалардыңұқыптылығын бағалау. | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Сурет салудан ойын-жаттығу "Әдемі көйлек киген Дана". Міндеті: балаларды мерекелі киімді киген Дананың бейнесін салуға үйрету; сурет салуда қарапайым дене пропорциясын, басы және ұзын етек, жеңі бар көйлекті, бетіндегі | Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Әжемнің құрақ көрпесі. Шаршы мен тіктөртбұрыш балалардың геометриялық пішіндер, тіктөртбұрыш пен шаршының қасиеттері, жөніндегі білімдерін | Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Көк тудың желбірегені". Міндеті: балаларды еліміздің тәуелсіздігі туралы өлеңмен таныстыра отырып, жатқа айтуға үйрету.Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан | Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу"Қазақстан картасы бойынша әңгімелесу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: [-с], -з] дыбыстары".Міндеті: Отанын сүю және басқа тақырыптарға қатысты [С], [З] дыбыстары бар сөздер мен фразаларды нақтылы айта білуге | Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу"Қазақстан қалалары<br>Міндеті: балаларды Қазақстанның картасымен таныстыра отырып, еліміздің қалаларын жатқа білуге үйрету.<br>Сюжетті-рөлдік ойын: "Ұшақпен саяхат" |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көздері мен ауызы сияқты ұсақ бөлшектерді салу техникасын қалыптастыру. Сюжетті-рөлдік ойын. "Сұлулық салоны". балалардың сұлулық салонында жұмыс атқаратын мамандар (шаштаразшы, мастер маникюр, педикюр шебері, бет әрлеуші) жайлы түсініктерін бекіту; жағымды қарым-қатынас орнатуға, әдептілікке, жауапкершілікке тәрбиелеу. (**қоршаған ортамен танысу)** | тиянақтау. Педагог диалог барысында ойыншылар арасындағы сөйлеу тізбегін, әдептілік ережелерінің сақталуын реттейді, бекіту сұрақтарын қояды. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | құрастыруға мүмкіндік беру. Ертегі желісіне жетпей қалған кейіпкерді мүсіндеуді басқару. **(құрастыру)** | жаттықтыру, осы дыбыстардың артикуляциясын орындата отырып, сөздер құрамында, атап айтқанда, басында құлақпен қабылдауп, атауға үйрету.(**сөйлеуді дамыту)** | Міндеті: балалардың әуе көліктері, ұшақ оның қолданысы, ұшаққа қызмет көрсету әдістері жайлы білімін кеңейту. Жер пейзаждарының сұлулығын көре білуді үйрету, ұшқыш мамандығына құрметпен карауға, батылдыққа тәрбиелеу, сөздік қорларын кеңейту: "ұшақ", "ұшқыш", "стюардесса", "ұшу"сөздерінің мағынасын түсіндіру.**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** |
| Балалармен жеке жұмыс | Алтынай және Гүлім | Аяла және | Айсұлтан және Алихан Қайшыны дұрыс ұстай | Нұрислам 5 көлемінде санай | Эралы Заттарды ішінара |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Сызықтардың,арқаның,гим-лық скамейкадан тепе-теңдікті сақтап жүре алмайды. | Бейбарыс Өз ойын жайылма сөздермен жеткізе алмайды. | алмайды,және қолдана алмайды. | алмайды,теңдік туралы ұғымдарды ажырата алмайды | өз бетінше таңдап композиция құрастырады |
| Серуенге дайындық | Міндеті:- киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру;- өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру;- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-қиім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу;- ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу;- көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| | 1.**Бақылау**<br>Қыстап қалатын құстар жайлы айту<br>Міндеті:Қыс мезгіліндегі құстардың мінез-құлықтарындағы өзгешеліктер туралы түсініктерін қалыптастыру; құстарға қамқор болуға тәрбиелеу.<br>**2.Жеке жұмыс**<br>Көркем сөз<br>Торғайларды қорға. Ө. Ақыпбекұлы<br>Шыр-шыр еткен | **1.Бақылау**<br>- Қардың қасиеттері туралы түсініктерін қалыптастыру;<br>Міндеті:Қардың түсуі туралы білімдерін молайту; әдемілікке деген сезімдерін тәрбиелеу.<br>**2.Жеке жұмыс**<br>Көркем сөз<br>«Қыс» Т. | **1. Бақылау**<br>Ағаштар туралы білімдерін молайту;<br>-ағаштардың қысқы бейнесін бақылауды жалғастыру<br>**2.Жеке жұмыс**<br>Көркем сөз<br>«Қыс» Р.Сәбитұлы<br>Қар жамылды бақтарым<br>Қыратым да, сайым да.<br>Тағыпты қыс ақ қарын,<br>Үкі етіп қайыңға.<br>Бүркеніп ақ желекті,<br>Жарқырайды маңайым.<br>Ойға шомып теректің,<br>Ақ шалыпты самайын.<br>Зерттеу жұмысы<br>Алма ағашы мен қайың | **1.Бақылау**<br>Қыс мезгіліндегі бақшада болатын өзгерістермен таныстыру<br>Міндеті:зерттеу қызметіне деген қызығушылықта-рын арттыру.<br>**2.Жеке жұмыс.**<br>Көркем сөз .<br>Далада қар болрайды,<br>Ақ мамыққа орайды.<br>Мұз болады қатады,<br>Жып-жылтыр болып жатады.<br>Міндеті: | **1.Бақылау**<br>Күнді бақылауды жалғастыру.<br>Міндеті:<br>Серуендеуге, күнге қызығушылықты ынталандыру.<br>Күннің кешке төмендеу түсетінін көрсету, күннің салқындау болғанын сезінуге шақыру.<br>**2.Жеке жұмыс.**<br>Көркем сөз<br>Алақай, алақай!<br>Күн шықты, күн шықты,<br>Жер үстіне нұр |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | торғайды<br>Қорғамасаң<br>болмайды.<br>Кіп-кішкене<br>торғайлар<br>Ағаштарды<br>қорғайды.<br>Тәрбиеші<br>балармен<br>әңгімелесу<br>өткізеді.<br>Біздерде жылы<br>жаққа ұшпай<br>қалған құстарды<br>қалай<br>атаймыз?(қыстап<br>қалатын құстар)<br>**3.Еңбек**<br>Құстар<br>қонақтайтын, жем<br>шашатын жерді<br>қардан тазалау.<br>Міндеті: еңбекке<br>деген<br>ықыластарын<br>арттыру.<br>**4. Қимылды**<br>**ойын** «Нысанаға<br>тигіз».<br>Міндеті**:** қашып<br>бара жатқан<br>заттың бағытын | Молдағалиев<br>Жауа-жауа,<br>қар жауып<br>көп,<br>Шұқырларға<br>толады.<br>Табиғаттың ақ<br>көрпесін<br>Басуға да<br>қимайсың<br>**3.Еңбек**Мінде<br>ті:<br>Айналаға<br>қарандаршы,<br>қандай әсем<br>көрністерді<br>тамашалату.(а<br>йнала аппақ,<br>қар беті тап-<br>таза т.б.)<br>**3Еңбек:**<br>Өзалаңындағы<br>ағаш түптерін<br>қармен көму.<br>Міндет**і**: бір<br>мақсатта,<br>бірлесе жұмыс<br>істеу<br>дағдыларын<br>дамыту<br>**Қимылды**<br>**ойын** | ағашының қысқы<br>тұрқын салыстыру<br>**3.Еңбек**<br>Жолды қардан тазалау.<br>Міндеті: аула<br>қараушыға көмектесу.<br>**4.Қимылды ойын:**<br>«Кім аққалаға бұрын<br>жетеді?»<br>Міндеті**:**: доға астынан<br>еңбектеп өту<br>дағдыларын жетілдіру.<br><br>**5Дербес ойын**<br>Балаларға ойын<br>тақырыбын өз бетінше<br>таңдауды үйрету.<br>Еркін ойындар | Қыстың келуімен<br>бақшалықта қандай<br>өзгерістер пайда<br>болатынын<br>түсіндіру.<br>**3.Еңбек:** қардан<br>құрлыс тұрғызу<br>Міндеті: қардан<br>әртүрлі денелер<br>жасауға үйрету;<br>Достық қарым-<br>қатынасқа<br>тәрбиелеу.<br>**4.Қимылды**<br>**ойындар:**<br>«Қу түлкі».<br>Міндеті: балаларды<br>байқампаздықк<br>алғырлыққа баулу,<br>тапсырманы дұрыс<br>орындауларын<br>бақылау.<br>**5.Дербес ойын**<br>«Ұшты - ұшты»<br>Міндеті: Ненің<br>ұшатынын, ненің<br>ұшпайтынын,<br>аңғарымпаздыққа<br>тәрбиелейді. | шықты!<br>Міндеті: Ойлау<br>қабілетін дамыту.<br>**3. Еңбек** ойын<br>аяқталғаннан кейін<br>барлық заттарды<br>жинастыру.<br>Міндеті:<br>Балаларды<br>ұқыптылыққа,<br>тазалыққа<br>тәрбиелеу.<br>**4. Қимылды ойын**<br>"Күн мен ұлпалар"<br>қимыл-қозғалыс<br>ойыны.<br>Міндеті:<br>Балаларды белгі<br>бойынша жан-<br>жаққа шашырап<br>жүгіруге және бір-<br>біріне соғылмай,<br>бір жерге жиналуға<br>дағдыландыру;<br>ептілікке,<br>достыққа<br>тәрбиелеу.<br>**5.Дербес ойын**<br>**әрекеті.**<br>"Кеглиді қағып ал"<br>жаттығуы.<br>Еркін ойындар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бақылау, қозғалыстың дұрыс орындалуын есептей білу.<br>5.**Дербес ойын** «Қарғалар»<br>Міндеті: Балалардың музыкалық есту қабілетін дамыту және қаздардың тіршілігімен таныстыру. | «Ыстық-суық».<br>Міндеті: тәрбиешінің белгісі бойынша әрекет етуге үйрету<br>**5.Дербес ойын**<br>«Күн мен түн»<br>Міндеті: Балаларды ептілікке, жылдамдыққа, ажыратуға баулу. | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | "Бала өміріндегі дәрумендердің маңызы" тақырыбында кеңес. | Ата-аналарға арналған кеңес: "Балабақшадағы сияқты күн тәртібін үй жағдайында ұйымдастыру". | Ата-аналар арналған кеңес: "Баланы дұрыс сөйлеуге қалай үйретуге болады". | Сұрақ-жауап: "Балада салауатты өмір салтын ұстануға бағытталған, отбасы дәстүрлері". | Айына бір рет "Отбасы күнін" өткізу. |

Циклограмманы тексерген әдіскер:

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Мектепке дейінгі ұйымы:** МКҚК «Астана» бөбекжай бақшасы
**Топ:** «Балдәурен» ересек топ
**Балалардың жасы:** 4-жастағы балалар
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 19.12 -22.12.2023 жыл

| **Күн тәртібінің кезеңдері** | | **Сейсенбі 19.12.2023** | **Сәрсенбі 20.12.2023ж** | **Бейсенбі 21.12.2023ж** | **Жұма 22.12.2023ж** |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)**Жүрекшемен қарсы алу | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)**Көңілді әуенмен қарсы алу | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)**Көк түсті шармен қарсы алып,аспанымыз ашық болсын деп тілек айту | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)**Достарына сәлемдесіп, қарсы алу. |
| Ата-аналармен | | Баланың | "Балаңыздың күн | Баланың қалай | Баланың тілдік |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| немесе баланың басқа заңды өкілдермен,кеңес, әңгімелесу. | | бойындағы өзерістер мен ерекшеліктер жайлы әңгіме | режимін қалай сақтаймыз" тақырыбында әңгімелесу. | бейімделіп,не үйреніп жатқаны туралы әңгіме | дамуы жайлы әңгіме |
| Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және тағы басқалар) | | Сөздік ойын:«Қыс болжамы». Әңгіме:«Мен суретшімін» (қысты қалай суреттер едім) **Сөйлеуді дамыту** | Таңертеңгілік шеңбер. "Біз ересек баламыз". Ойын: «Бұл не?» жаттығу:гигиеналық шаралар «Таза қол дар». **Қоршаған ортамен танысу** | Балалармен жыл мезгілі, туралы әңгімелесу. Дидактикалық ойын: «Жылдың қай мезгілі екенін тап». Ойын міндеті: жыл мезгілінің ерекшеліктері мен өзгерістерін айтады. **Қоршаған ортамен танысу,сөйлеуді дамыту** | «Сәлем достарым» Үстел үсті ойыны: «Құрастыру» Шағын кітапханаміндеті. Кітаптардың суреттерін қарау арқылы қандай ертегі туралы екенін айтуға үйренеді. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі)** |
| Таңертеңгілік жаттығу | **Жалпы дамыту жаттығулары (таяқшалармен)**<br>1.Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, таяқша төменде.<br>1 - таяқшаларын жоғары көтереді; 2 - бастарына қояды; 3 - таяқшаны жоғары көтереді; 4 - бастапқы қалыпқа келу.<br>(жаттығу 4 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таяқша төменде.<br>1 - таяқшаларын жоғары көтереді; 2 - қолын түзу ұстап, оң жаққа иіледі; 3 - таяқшаны жоғары көтеріп, тіктеледі; 4 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 4 рет қайталанады)4. Бастапқы қалып: арқаға жатып, қолды дене тұсында ұстау.<br>1 - тізені бүгіп, қолымен құшақтап, басын тізесіне тигізу; 2 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 3 рет қайталанады). | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Таңғы ас | Таңғы ас алдында гигиеналық шаралар жасауын қалыптастыру.<br>Дос бол сабын, сумен сен,<br>Жиі-жиі жуын сен,<br>Таңертен де кешке де,<br>Жуын күндіз-кешке де,<br>Жуын күндіз-түсте де,<br>Жуын тамақ алдында,<br>Жуын тамақ соңында,<br>Жуын ұйықтар кезінде,<br>Жуын тұрған мезгілде.<br>Ас болсын! | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | | Геометриялық пішіндерден, өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсыру дағдыларын қалыптастыру.<br>. | Қағаздың бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыруды үйрету | Элементтердің ретін, олардың арасындағы арақашықтықты сақтауды, пішінін ескере отырып, ұлттық ою-өрнекті қолданып, тұрмыстық заттарды, ыдыстарды безендіру дағдыларын дамыту | Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру. |
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | | **2.Дене шынықтыру**<br>Ден тәрбие нұсқаушысын ың<br>жоспары бойынша | **1.Қазақ тілі**<br>Қыс мезгілінің ерекшеліктері туралы әңгімелесу.**(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ** | **1.Дене шынықтыру**<br>Ден тәрбие нұсқаушысының<br>**3.Музыка**<br>Саз жетекшісінің жоспары бойынша | Шаштараз - шашымызды әсемдеп, қиятын маман иесі.<br>Құрылысшы – әсем үйлер мен балабақша т. б |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Аяқ киімді... жөндейді. (етікші)<br>Ұшақты... жүргізеді. (ұшқыш)<br>Өлеңді... жазады. (ақын)<br>Тамақты... дайындалады. (аспазшы)<br>Ауруды... емдейді.(Дәрігер)<br>- Қане балалар сендер қандай<br>- Маман иесін білесіңдер?**Сөйлеуді дамыту**<br>Суретпен жұмыс,мамандық иелерімен таныстыру<br>**Қоршаған ортамен танысу** | **тілі)**<br>Дидактикалық ойын: «Әр мамандықтардың тиісті құралын тауып белгіле?»<br>Міндеті: Балалардың мамандық иелерінің құралдарын ажырата білуін дамыту.<br><br>Ойын: «Құрастыру»<br>Суреттерді жапсыру.<br>Маман иелері бар суретті екі топқа бөліп, ойын ойнату.<br>Енді осы құрастырған суреттерді жапсырып шығайық. **Құрастыру, жапсыру** су.**Сөйлеуді дамыту** | Болды кезім мақтаған<br>Болды кезім ұқпаған<br>Болды кезім ұстаздың<br>Ойынан дәл шықпаған.<br>балалар өнерлеріңе тәнтіміз.<br><br>Тәрбиешіме сыйлық ойыны<br>Топтық жұмыс<br>Гүлді мүсіндеу,суретін саалу,жапсыру,құрастыру<br>Шығармашылық дағдылар | ғимараттарды салатын маман иесі\ал тігінші киім тігеді.**Қоршаған ортамен танысу,сөйлеуді дамыту**Алдымызда тұрған мақталы таяқшаны пайдаланып көйлекті сәндеп нүктелер түсіреміз , картоппен көйлек етегіне мөр басу арқылы таңба түсіреміз көйлегіміз сәнді әдемі көйлек болады .**Сурет салу,математика негіздері**<br>**Дене шынықтыру**<br>Маман жоспары бойынша |
| Серуенге | Серуен кезінде ұйымдастырылған еңбек тәрбиесі арқылы еңбек-сүйгіштікке баулу | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| дайындық | Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.<br>Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**<br>Серуен кезінде ұйымдастырылған еңбек тәрбиесі арқылы еңбек-сүйгіштікке баулу | | | | |
| Серуен | | **1. Бақылау**<br>Күннің ұзақтығын байқау.<br>Міндеті:желтоқсанда күн қысқа, түн ұзақ, соған назар аудару. Балалардың сөздік қорының құрамына көніл бөлу, табиғатқа қызығушылығын арттыру.<br>**2.Жеке жұмыс**<br>Мақал-мәтел.<br>Егер жұмыс болмаса, кешке дейін күн де ұзақ.<br>**3.Еңбек:** | 1.**Бақылау**<br>Қар жауғаннан кейінгі ағаштардың жайы қандай?<br>Міндеті:қар жауғаннан кейін ағаштың қалпы қандай әдемі екеніне балалардың көңілін аударту.<br>**2. Жеке жұмыс**<br>Мақал-мәтел.<br>Желтоқсанда қыс ақ мамық төсейді. Ал аяз өзен арқылы көпірлер тұрғызады.<br><br>3. **Еңбек:** бұтақтарды қардан сілкіп тазарту.<br>Міндеті:Балаларға ағаштарды ажыратуды үйрету. Олардың эстетикалық танымын байыту.<br>**4. Қимылды ойын**<br>Өз бетімен ойындар: өз | **1. Бақылау**<br>Ағаш пен бұталарды бақылау (ағаштар: қайың, шырша, алма ағашы; бұталар: жұпаргүл, шие).<br>Міндеті:Балалардың назарын ағаштардың және бұталардың сыртқы сұлулығына аудару (жапырақ жоқ).<br>**2. Жеке жұмыс**<br>Тау баурайын - жағалай,<br>Биік-биік қарағай.<br>Оқтай түзу бойлары,<br>Шымыр өскен баладай.<br>**3.Еңбек:** ағаш және бұта түптеріне қарды үю және еңбектің | **1.Бақылау**<br>.Құстарды бақылау (сары шымшық, бозторғай, сауысқан, торғай, көгершін).Міндеті: құстардың атауын есте сақтау, ұшып келетін құстарды белгілеріне сай ажырата білу<br>**2.Жеке жұмыс**<br>Шыр-шыр еткен торғайды.<br>Қорғамасаң болмайды,<br>Кіп-кішкентай торғайлар,<br>Бақшамызды қорғайды.<br>Жұмбақ.<br>Қалқып тұрып аспанда,<br>Үн шығарып сан қилы, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ауланы түскен бұтақтардан жинастыруға, тәрбиешіге көмектесуге ынталандыру, әр баланың еңбекке жүйелі қатысуын қамтамасыз ету.<br>**4.Қимылды ойын.** «Бермеймін». (дене шынықтыру) Міндеті: Қалың қар үстінде шеңбер жасау. Әркім қасында тұрған баланы белгі бойынша өзіне тартып қалады.<br>**5.Дербес ойын әрекеті:** балалардың ойын | бетінше ойнау дағдыларын дамыту.<br><br>**5.Дербес ойын әрекеті:** "Нысанаға тигіз". **(дене шынықтыру)**Міндеті: Дәлдікті дамыту, нысанаға затты дәлдеп лақтыруға үйрету. | маңыздылығын білуге үйрету.<br>**4.Қимылды ойын** «Шаңғы жарысы». Дыбыс белгісіне көңіл бөлу (шанада отырып, аяқпен итеру; үстінде отырып, қолмен итеру).<br>**5.Дербес ойын әрекеті**:Еркін ойын алдын-ала ойын тақырыбына келісіп, рөлдерді бөлу, 3-4 баладан тұратын ойын топтарында бастаушылардың қимыл-әрекеттеріне басшылық жасау. | Өнеріне басқанда, Тұла бойың балқиды. (Бозторғай)<br>**3.Еңбек**: қыстың күні құстарға далада тамақ беруге баулу. (еңбек іс-әрекеті) Берілген тапсырмаға жауапты болу: өз еңбегіне қанағаттана білу.<br>**4.Қимылды ойын** «Қарғалар». (дене шынықтыру) Ойынға деген қызығушылықтары н арттыру<br>**5.Дербес ойын әрекеті:**еркін ойындар. Балаларға өз рөлдерін және құрбыларының рөлдерінің мазмұнын есте сақтай білуге үйрету; ойын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | уақытында бір-біріне деген қарым-қатынасын түзету, қылықтарымен істерін айқындау, өз көзқарасында тұрақты болу. | | | барысында балаларды 2-3 рөлде ойнауға баулу; бағыну, басқару, теңдік қарым-қатынас ережелерін білу. |
| Серуеннен оралу | | Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешінуге дағдыландыру шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | Дара жұмыс этикет ережелерін сақтауын қадағалау. |
| Түскі ас | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.<br>Көркем сөз<br>Ас ішерде күнде біз<br>Сөйлемейміз, күлмейміз.<br>Астан басқа өзгені,<br>Елемейміз, білмейміз. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Күндізгі ұйқы | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау. «Үйшік» ертегісін оқып беру. (қатынас іс-әрекеті)<br>Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету.<br>«Үш аю » ертегісін оқып беру. (қатынас іс-әрекеті)<br>Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту.<br>«Түлкі мен тырна» ертегісін мобилді қосымшасы (qr)арқылы тыңдату. (қатынас іс-әрекеті)<br>Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру\\<br>«Ақылды егінші» ертегісін оқып беру. (қатынас іс-әрекеті) | | | | |
| Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары | | Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. "Сылдыр, сылдыр, сылдыр су" ойын жаттығулары. | Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) | Қолдарымыз қайда?<br>Шығарайық алға<br>Жеңімізді түрейік,<br>Жуынып көрейік<br>Су астына салайық<br>Уқалайық<br>сипалайық<br>Қолдарымыз тап<br>таза | Ұйқы ашар жаттығу:<br>Қолдың және аяқ бұлшықеттеріне арналған жаттығуларды орындау.<br>Майтабанның алдын алу, арқаның қалпын сақтауға арналған жаттығулар |
| Бесін ас | Кезекшілердің жұмысы (асхана аспаптарын, салфеткаларды салу)<br>Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою.Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; этикет ережелері; Балалардыңұқыптылығын бағалау.<br>Нан – тамақтың атасы<br>Ынтымақ- көптің батасы | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті | | Іш ауырса, тіс ауырса<br>Мамам дәрі береді, | «Дәрігерге баратын жолды сызып көрсет»нейрожаттығу математика негіздері | Оқу құралдарымен таныстыру,қоршаған орта<br>Қарындаштың | Балалардың қалауы бойынша шығармашылық орталығында |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | | Барлық бала, барлық ана Оны жақсы көреді.Көркем әдебиет «Мамандық құралын тап» Балалар суреттегі мамандық иесіне тиесілі құралын қарындашпен сызу арқылы табады, түстерін пішінін айтады Математика негіздері Шығармашылық жұмыс мамандық иелерінің құралдарын мүсіндеу | «Дәрігер» мазмұнды-рөлдік ойынын ойнау. Әр тапсырманы түсіндіреді, ойынның ережесін айтады Сөйлеуді дамыту Дәрігердің құралдарын мүсіндеу,жапсыру,суретін салу,құрастыру Шығармашылық дағдылар | бейнесін геометриялық пішіндерден құрастырып жасау,математика негіздері | жұмыс |
| Балалармен жеке жұмыс | | Нұрисламға қоршаған ортадағы заттарды, кеңістікті бағдарлауды | Балаусаға бірнеше тік және көлденең сызықтардан заттарды салу (дуал, ағаш); -шаршының ортасына, бұрыштарына қазақ ою | Раянаға "Көп", "біреу", "бір-бірден", "бір де біреуі жоқ" ұғымдарын ажырату дағдыларын | Абдуллаға пішінін, түсі мен көлемін, ескере отырып, заттар мен ою-өрнектерді орналастыруын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | меңгерту. | | жетілдіру. | ынталандыру. |
| Серуенге дайындық | Міндеті:- киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру;- өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру;- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-қиім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу;- ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу;- көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | | | | |
| Серуен | | **1.Бақылау**<br>Құстарды бақылау (сары шымшық, бозторғай, сауысқан, торғай, көгершін).Міндеті:құстардың атауын есте сақтау, ұшып келетін құстарды белгілеріне сай ажырата білу<br>**2.Жеке жұмыс**<br>Шыр-шыр еткен торғайды. Қорғамасаң болмайды, | **1.Бақылау**<br>Ағаш пен бұталарды бақылау (ағаштар: қайың, шырша, алма ағашы; бұталар: жұпаргүл, шие).<br>Міндеті:Балалардың назарын ағаштардың және бұталардың сыртқы сұлулығына аудару (жапырақ жоқ).<br>**3. Жеке жұмыс**<br>Тау баурайын - жағалай,<br>Биік-биік қарағай.<br>Оқтай түзу бойлары,<br>Шымыр өскен баладай.<br>**3.Еңбек:** ағаш және бұта түптеріне қарды үю және еңбектің маңыздылығын білуге үйрету.<br>**4.Қимылды ойын** | **1.Бақылау**<br>Қар жауғаннан кейінгі ағаштардың жайы қандай?<br>Міндеті:қар жауғаннан кейін ағаштың қалпы қандай әдемі екеніне балалардың көңілін аудартау.<br>**2Жеке жұмыс**<br>Мақал-мәтел.<br>Желтоқсанда қыс ақ мамық төсейді. Ал аяз өзен арқылы көпірлер тұрғызады.<br>**3Еңбек:** бұтақтарды қардан сілкіп тазарту.<br>Міндеті:Балаларға ағаштарды ажыратуды үйрету.<br>Олардың | **1.Бақылау**<br>Күннің ұзақтығын байқау.<br>Міндеті:желтоқсан да күн қысқа, түн ұзақ, соған назар аудару.<br>Балалардың сөздік қорының құрамына көніл бөлу, табиғатқа қызығушылығын арттыру.<br>**2.Жеке жұмыс**<br>Мақал-мәтел.<br>Егер жұмыс болмаса, кешке дейін күн де ұзақ.<br>**3.Еңбек:** ауланы түскен бұтақтардан жинастыруға, тәрбиешіге |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Кіп-кішкентай торғайлар,<br>Бақшамызды қорғайды.<br>Жұмбақ.<br>Қалқып тұрып аспанда,<br>Үн шығарып сан қилы,<br>Өнеріне басқанда,<br>Тұла бойың балқиды.<br>(Бозторғай)<br>**3.Еңбек**: қыстың күні құстарға далада тамақ беруге баулу.<br>(еңбек іс-әрекеті)<br>Берілген тапсырмаға жауапты болу: өз еңбегіне қанағаттана білу.<br>**4.Қимылды ойын**<br>«Қарғалар». | «Шаңғы жарысы».<br>Дыбыс белгісіне көңіл бөлу (шанада отырып, аяқпен итеру; үстінде отырып, қолмен итеру).<br>**5.Дербес ойын әрекеті**:Еркін ойын алдын-ала ойын тақырыбына келісіп, рөлдерді бөлу, 3-4 баладан тұратын ойын топтарында бастаушылардың қимыл-әрекеттеріне басшылық жасау. | эстетикалық танымын байыту.<br>**4Қимылды ойын**<br>Өз бетімен ойындар: өз бетінше ойнау дағдыларын дамыту.<br><br>**5.Дербес ойын әрекеті:** "Нысанаға тигіз". **(дене шынықтыру)**Міндеті:Дәлдікті дамыту, нысанаға затты дәлдеп лақтыруға үйрету. | көмектесуге ынталандыру, әр баланың еңбекке жүйелі қатысуын қамтамасыз ету.<br>**4.Қимылды ойын.**<br>«Бермеймін».<br>(дене шынықтыру)<br>Міндеті: Қалың қар үстінде шеңбер жасау. Әркім қасында тұрған баланы белгі бойынша өзіне тартып қалады.<br>**5.Дербес ойын әрекеті:**<br>балалардың ойын уақытында бір-біріне деген қарым-қатынасын түзету, қылықтарымен істерін айқындау, өз көзқарасында тұрақты болу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | (дене шынықтыру) Ойынға деген қызығушылықтарын арттыру **5.Дербес ойын әрекеті:**еркін ойындар. | | | |
| Балалардың үйге қайтуы | | Баланың бүгінгі тәртібі жайлы әңгімелесу | Баланың бүгінгі жетістігі жайлы әңгіме | Ауа райына байланысты баланың киімі туралы әңгіме | Алда болатын іс-шараларға қатысты әңгіме |

Циклограмманы тексерген әдіскер:

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Мектепке дейінгі ұйымы:** МКҚК «Астана» бөбекжай бақшасы
**Топ:** «Балдәурен» ересек топ
**Балалардың жасы:** 4-жастағы балалар
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 11.12 -15.12.2023 жыл

| **Күн тәртібінің кезеңдері** | **Дүйсенбі 11.12.2023** | **Сейсенбі 12.12.2023** | **Сәрсенбі 13.12.2023** | **Бейсенбі 14.12.2023** | **Жұма 15.12.2023** |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | Әсем әуенмен қарсы алу | Көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу | Саусақ театрының кейіпкерлері арқылы қарсы алу | Смайлик арқылы қарсы алу | Достық тілегімен қарсы алу |
| Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдермен,кеңес, әңгімелесу. | Баланың үйдегі көңіл күйін сұрау | Баланың бойындағы өзерістер мен ерекшеліктер жайлы әңгіме | Баланың тәртібі мен денсаулығы жайлы әңгіме | Баланың қалай бейімделіп,не үйреніп жатқаны туралы әңгіме | Баланың тілдік дамуы жайлы әңгіме |
| Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және тағы басқалар) | «Қағаз бетінде бағдарлау Мақсаты: Өзінің дене бөліктерінің орналасуына қарай бағдарлайды (Математика негіздері) | «Менің туған өлкем.» Мақсаты: ҚР-ның бас қаласы Астана туралы біледі, балалар меммлекеттік мерекелерге қатысады. (Қоршаған | Таныс ертегілердің мазмұнын айтады (Көркем әдебиет) | Ойын «Кімнің заттары?» (жақын адамдарының заттарын анықтй алады)(сөйлеуді дамыту) | Ойын: «Қазақстан қалалары»; Альбомдар,сюжет-ті картиналар қарастыру, Ірі құрылыс материалдарымен ойындар (Құрастыру) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ортамен<br>танысу) | | | |
| Таңертеңгілік жаттығу | **Жалпы дамыту жаттығулары**<br>1.Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, қолды жанына жіберу.<br>1 - қолдарымен иықтарын құшақтап, саусақтарын жұму; 2 - бастапқы қалыпқа келу.<br>(жаттығу 4 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, қол белде.<br>1 - оң аяқты ұшымен алдына қою; 2 - бастапқы қалыпқа келу. (Осы жаттығу сол жақпен қайталанады, 4 рет).<br>3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, қолды жанына жіберу.<br>1 - 2 - алға еңкейіп, саусақтарын еденге тигізу; 3 - 4 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып: арқаға жатып, қолды дене тұсында ұстау.<br>1 - тізені бүгіп, қолымен құшақтап, басын тізесіне тигізу; 2 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 3 рет қайталанады). | | | | |
| Таңғы ас | Таңғы ас алдында гигиеналық шаралар жасауын қалыптастыру.<br>Тәтті тамақ жейміз,<br>Рақмет аспаз дейміз.<br>Ас болсын! | | | | |
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | **1.Музыка**<br>Саз жетекшісінің жоспары бойынша<br><br>**2.Дене шынықтыру**<br>Ден тәрбие нұсқаушысының | **2.Дене шынықтыру**<br>Ден тәрбие нұсқаушысының<br>Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, | **Қазақ тілі**<br>Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуге баулу.<br>Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, | **1.Дене шынықтыру**<br>Ден тәрбие нұсқаушысының<br><br>**3.Музыка**<br>Саз жетекшісінің жоспары бойынша | Қыс мезгілінің ерекшеліктері туралы әңгімелесу. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Шығармашылық жұмыс<br>Бәйтеректің суретін жапсыру,бояу,құрасты<br>ру<br>**(Сурет салу,жапсыру,құрастыру)**<br>«Қаладағы көпірлер» (құрылыс материалдарынан құрастыру)<br>Міндеті: Әр түрлі түстегі пішіндегі бөлшектерден көпірлерді құрастырады.**(Құрастыру)**<br>«Әсем өрнектері» Элементтердің пішінін, ретілігін, ескере отырып, ою- өрнектерді жазықтыққа орналастырып салады.<br>**(Жапсыру)** | үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеуіне жағдай жасау<br>**(Математика негіздері)** | тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу<br>Балаларға сөйлем туралы түсінік беру. Жазуға қолдарын жаттықтыру, қаламмен жазуды үйрету. Балаларды балабақшаның тыныс-тіршілігімен таныстыру. Сурет бойынша әңгіме құрастыру арқылы сұрақтарға толық жауап беруді үйрету. Баланың зейінін арттыру, сөздік қорын, тіл байлығын дамыту; ұғымталдыққа, әдептілікке тәрбиелеу.<br><br>«Тамаша»жаттығу-ойыны.<br>Күн шуағы тамаша ма?<br>Жел тұрғаны тамаша ма?<br>Достарыңмен бірге жүрген тамаша ма?<br>Ана құшағы тамаша ма?<br>Туған үйім тамаша ма?<br>Туған өлкен тамаша | **Отан** туралы қандай мақал-мәтел білесіңдер ме?<br>1.«Отан отбасынан басталады»<br>2.«Жері байдың-елі бай»<br>3.«Отансыз адам-ормансыз бұл-бұл»<br>4.«Отан үшін отқа түс күймейсің»(Көркем әдебиет)<br>**Құрастыру**<br>«Бәйтерек»<br>Мақсаты:Қағаздан көлемді пішіндерді жасайды | **"Көліктерді топта" дидактикалық ойыны.**Міндеті: Көліктердің шығаратын дыбыстарын ажыратуды үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | ма?<br>Қазақстанда туған тамаша ма?(**Сөйлеуді дамыту** | | |
| Серуенге дайындық | Серуен кезінде ұйымдастырылған еңбек тәрбиесі арқылы еңбек-сүйгіштікке баулу<br>Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.<br>Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**<br>Серуен кезінде ұйымдастырылған еңбек тәрбиесі арқылы еңбек-сүйгіштікке баулу | | | | |
| Серуен | **1.Бақылау**<br>Аула тазалаушының еңбегін бақылау.<br>Міндеті:Сөздік қорларын байыту;<br>Үлкендер еңбегіне деген сүйіспеншілік және құмет сезіміне тәрбиелеу.<br>**2.Жеке жұмыс.**<br>Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды:.<br>Аула тазалаушы қыста балабақша ауласында не | **1.Бақылау**<br>Ағаштар туралы білімдерін бекіту;<br>Міндеті:<br>Салыстыру, сараптау, қортынды жасай білулерін дамыту.<br>**2.Жеке жұмыс.**<br>Қысында да шырайлы,<br>Жасыл шырша ұнайды.<br>Балаларға | **1.Бақылау**<br>Қарғалардың қысқы тіршілігін бақылау;<br>Міндеті:Басқа құстардан айырмашылығын табу.(сыртқы түрі, дауысы, жүрісі).<br>**2.Жеке жұмыс**<br>Көркем сөз<br>Құстар қыста тоңады Ө. Ақыпбеков<br>Міндеті:<br>Құстар қыста тоңады,<br>Жоқ киетін ішігі.<br>Желде қатты соғады,<br>Қарды көзге ұшырып..<br>**3. Еңбек**<br>Аланды қардан тазалау. | **1.Бақылау**<br>Өлі табиғат туралы білімдерін байыту;<br>Міндеті:Табиғат құбылыстарына деген қызығушылықтарын қалыптастыру.<br>**2.Жеке жұмыс.**<br>Ақыпбекұлы<br>Ұбырып-шұбырып,<br>Ұйтқиды құбылып.<br>Ұлпадай ақ қарды,<br>Ұршықтай үйіріп.<br>Ұлиды қасқырдай,<br>Ұйтқып көз аштырмай.<br>Екпіндей соғады,<br>Алдыға бастырмай. | **1.Бақылау**<br>Көпшілік көліктері туралы білімдерін тиянақтау<br>Міндеті:Жолда жүру ережелерін білу.<br>үлкендер еңбегі мен техникаға деген қызығушылыққа тәрбиелеу.<br>сендер қандай<br>**2.Жеке жұмыс**<br>көпшілікке арналған көлік түрлерін білесіңдер?<br>♦Автобустар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | істейді?<br>Жұмыс үшін ол қандай құралдарды пайдаланады?<br>**3. Еңбек**<br>Қуыршақ үшін қардан құрлыс тұрғызу.<br>Міндеті: бірлесе жұмыс істеуге үйрету;<br>еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**4. Қимылды ойын**<br>«Екі аяз»<br>Міндеті: жүгіруге жаттықтыру;<br>Ойын ережесін сақтай білулерін тиянақтау<br>**5.Дербес ойын әрекеті. «Бермеймін». (дене шынықтыру)**<br>Міндеті: Қалың қар үстінде шеңбер жасау. Әркім қасында | сұрақтар:<br>Сендер тыңдаған өлең жолдарында қандай ағаштар туралы айтылған<br>Балалар алаңдағы әр ағаштың бұтақтары, діңдері және көрністері бойынша салыстырып, айырмашылық тарын анықтап қортынды жасайды.<br>**3.Еңбек**<br>Ағаш түптеріне қар үю.<br>Міндеті:ағаш-тарға деген қамқорлық сезімге тәрбиелеу..<br>**4.Қимылды ойын**<br>«Ауладағы | Міндеті: ұжыммен бірлесе жұмыс істеуге деген ықыласын тәрбиелеу<br>**4.Қимылды ойын:** «Бәйге».<br>Міндеті: жүгіру жылдамдығын, ептілігін, қызығушылығын дамыту.<br>**5.Еркін ойын**<br>Балаларға сұрақтар:<br>* Балалар, сендер қарғаның қалай дыбыстайтынын білесіңдер ме? (қар...қар).<br>* Қарғаның түсі қандай?<br>* Оның басқа құстардан қандай айырмашылығы бар? | Тәрбиеші түсіндіреді: Күн ауаны бірдей жылытпайды, бір жерде-жылы, бір жерде-суық. Жылы ауа жоғары көтеріледі, суық ауа төмен түседі. Ауаның осындай қозғалысынан жел пайда болады.<br>**3.Еңбек**<br>Сырғанақ төбешік соғу<br>Міндеті: бір-біріне деген жағымды көзқараста болуға тәрбиелеу.<br>**4.Қимылды ойын**<br>«ең мерген кім?».<br>Міндеті: Заттарды лақтыруға жаттықтыру;<br>Көзбен мөлшерлей білулерін дамыту.<br>**5.Дербес ойын әрекеті.**<br>«Ағаш суретін сал».<br>Міндеті:қар бетіне әртүрлі ағаш | тоқтайтын жер қалай аталады? ( аялдама.)<br>♦Аялдамаға келе<br>♦Бағдаршамның қай түсінде өту керек? (жасыл)<br>**3.Еңбек:** Аула тазалаушыға көмектесу.<br>Міндеті:еңбекке деген оң көзқарастарын тәрбиелеу, тапсырманы жауапкершілікпен орындауға баулу.<br>**4.Қимылды ойын**<br>«Жүргізушілер және жаяулар».<br>— Мақсаты**:**<br>Жолда жүру ережесін сақтауға тәрбиелеу<br>**5,Жаттығу ойындары**<br>Қозғалыстарын дамыту.<br>Міндеті: 20 см биіктікке секіру дағдыларын бекіту.. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тұрған баланы белгі бойынша өзіне тартып қалады. | ағаштар». Міндеті: Ағаштардың аттарын есте сақтауларын тиянақтау; Табиғатқа қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. **5.Жаттығу ойындары** Қозғалыстарын дамыту: Аңдар биі Міндеті: әртүрлі аңдар қозғалыстары арқылы ептілікке, жылдамдыққа, тапқырлыққа баулу. | | суретін сала білулерін бекіту. | |
| Серуеннен оралу | Дара жұмыс этикет ережелерін сақтауын қадағалау | Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешінуге дағдыландыру шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, | Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық | Дара жұмыс этикет ережелерін сақтауын қадағалау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | | дағдылар, дербес әрекет) | |
| Түскі ас | Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету.<br>Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.<br>Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету.<br>Көркем сөз<br>Ас атасы нан!<br>Тістем нанның қадірін<br>Тарыққанда білерсің | | | | |
| Күндізгі ұйқы | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау. «Үйшік» ертегісін оқып беру. **(қатынас іс-әрекеті)**<br>Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету.<br>«Алдар көсе » ертегісін оқып беру. **(қатынас іс-әрекеті)**<br>Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту.<br>«Жеті лақ» ертегісін мобилді қосымшасы  (qr)арқылы тыңдату. **(қатынас іс-әрекеті)**<br>Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру\<br>«Қойшы аю және қоян» ертегісін оқып беру. **(қатынас іс-әрекеті)** | | | | |
| Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары | Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату.  Ригалық әдіс  бойынша сауықтыру. | Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын | Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын | Қолдарымыз қайда?<br>Шығарайық алға<br>Жеңімізді түрейік,<br>Жуынып көрейік<br>Су астына салайық<br>Уқалайық | Ұйқы ашар жаттығу:<br>Қолдың және аяқ бұлшықеттеріне арналған жаттығуларды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (дене жаттығулар мен белсенділігі) | орындау. "Сылдыр, сылдыр, сылдыр су" ойын жаттығулары. | тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) | сипалайық Қолдарымыз тап таза | орындау. Майтабанның алдын алу, арқаның қалпын сақтауға арналған жаттығулар |
| Бесін ас | Кезекшілердің жұмысы (асхана аспаптарын, салфеткаларды салу)<br>Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою.Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; этикет ережелері; Балалардыңұқыптылығын бағалау. | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Геометриалық пішіндерден шырша құрастыру.<br>-Балалар, мынау қандай пішіндер?<br>- геометриялық фигуралар<br>- үшбұрыш, төртбұрыш, дөңгелек.<br>- әр түрлі, үлкен, кіші, орташа<br>-түсі қандай<br>(**Математика негіздері)** | Әдемілеп біз ілген, Ойыншықтар тізілген. Қандай әсем шыршамыз. Ән шырқайық баршамыз **(Көркем әдебиет)** | Қойдың бейнесін жапсыру<br>Түйені мүсіндеу<br>Тышқанды құрастыру<br>Сиырдың суретін бояу<br>**(Шығармашылық дағдылар)** | Күлшеқыздың туфлиін безендіру **сурет салу**<br>Күлшеқызға арба құрастырып беру.**Құрастыру)** | Тіл ұстарту.<br>«Ыс - ыс - ыс, келіп жетті қыс»<br>«Ар - ар - ар, жауып жатыр ақша қар»(**көркем әдебиет)** |
| Балалармен жеке жұмыс | Ханзадаға сөздерде дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, | Аяла және Ақжайыққа кеңістікті және уақытты бағдарлауды | Нұрмансұрға<br>Қайшыны дұрыс ұстай алмайды,және қолдануды үйрету. | Әбілмансұрға екі қарама-қарсы және бірдей заттарды ұзындығы, ені, биіктігі мен | Гүлімге бірнеше тік және көлденең сызықтардан заттарды салу |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | с-з) дыбыстарды анық айта білуін қалыптастыру. | үйрету. | | жуандығы бойынша салыстыра білуді бекіту. | (дуал, ағаш); -шаршының ортасына, бұрыштарына қазақ ою өрнектерін жапсыру |
| Серуенге дайындық | Міндеті:- киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру;- өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру;- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-қиім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу;- ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу;- көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| Серуен | 1.**Бақылау**<br>Қыстап қалатын құстар жайлы айту<br>Міндеті:Қыс мезгіліндегі құстардың мінез-құлықтарындағы өзгешеліктер туралы түсініктерін қалыптастыру; құстарға қамқор болуға тәрбиелеу.<br>**2.Жеке жұмыс**<br>Көркем сөз<br>Торғайларды қорға. Ө. Ақыпбекұлы | **1.Бақылау**<br>- Қардың қасиеттері туралы түсініктерін қалыптастыру;<br>Міндеті:Қардың түсуі туралы білімдерін молайту; әдемілікке деген сезімдерін тәрбиелеу.<br>**2.Жеке жұмыс**<br>Көркем сөз | **2. Бақылау**<br>Ағаштар туралы білімдерін молайту;<br>-ағаштардың қысқы бейнесін бақылауды жалғастыру<br>**2.Жеке жұмыс**<br>Көркем сөз<br>«Қыс» Р.Сәбитұлы<br>Қар жамылды бақтарым<br>Қыратым да, сайым да.<br>Тағыпты қыс ақ қарын,<br>Үкі етіп қайыңға.<br>Бүркеніп ақ желекті,<br>Жарқырайды маңайым.<br>Ойға шомып теректің,<br>Ақ шалыпты самайын.<br>Зерттеу жұмысы | **1.Бақылау**<br>Қыс мезгіліндегі бақшада болатын өзгерістермен таныстыру<br>Міндеті:зерттеу қызметіне деген қызығушылықта-рын арттыру.<br>**2.Жеке жұмыс.**<br>Көркем сөз .<br>Далада қар болрайды,<br>Ақ мамыққа орайды.<br>Мұз болады қатады,<br>Жып-жылтыр болып жатады. | **1.Бақылау**<br>Күнді бақылауды жалғастыру.<br>Міндеті: Серуендеуге, күнге қызығушылықты ынталандыру.<br>Күннің кешке төмендеу түсетінін көрсету, күннің салқындау болғанын сезінуге шақыру.<br>**2.Жеке жұмыс.**<br>Көркем сөз<br>Алақай, алақай!<br>Күн шықты, күн шықты, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Шыр-шыр еткен торғайды<br>Қорғамасаң болмайды.<br>Кіп-кішкене торғайлар<br>Ағаштарды қорғайды.<br>Тәрбиеші балармен әңгімелесу өткізеді.<br>Біздерде жылы жаққа ұшпай қалған құстарды қалай атаймыз?(қыстап қалатын құстар)<br>**3.Еңбек**<br>Құстар қонақтайтын, жем шашатын жерді қардан тазалау. еңбекке деген ықыластарын арттыру.<br>**4. Қимылды ойын** «Нысанаға тигіз».<br>Міндеті**:** қашып бара жатқан заттың бағытын | «Қыс» Т. Молдағалиев<br>Жауа-жауа, қар жауып көп,<br>Шұқырларға толады.<br>Иығыңа қонады кеп,<br>Мойныңа да қонады.<br>Жауып бітер қарды тосып,<br>Үйіңе де сыймайсың,<br>Табиғаттың ақ көрпесін<br>Басуға да қимайсың<br>Міндеті:<br>Айналаға қараңдаршы, қандай әсем көріністерді тамашалату.( айнала аппақ, қар беті тап-таза т.б.)<br>**3Еңбек:**<br>Өзалаңындағы ағаш түптерін | Алма ағашы мен қайың ағашының қысқы тұрқын салыстыру<br>**3.Еңбек**<br>Жолды қардан тазалау.<br>Міндеті: аула қараушыға көмектесу.<br>**4.Қимылды ойын:**<br>«Кім аққалаға бұрын жетеді?»<br>Міндеті**:**: доға астынан еңбектеп өту дағдыла<br><br>5.**Дербес ойын**<br>«Қарғалар»<br>Міндеті: Балалардың музыкалық есту қабілетін дамыту және қаздардың тіршілігімен таныстыру.рын жетілдіру.<br><br>**5Дербес ойын**<br>Балаларға ойын тақырыбын өз бетінше таңдауды үйрету.<br>Еркін ойындар | Міндеті:<br>Қыстың келуімен бақшалықта қандай өзгерістер пайда болатынын түсіндіру.<br>**3.Еңбек:** қардан құрлыс тұрғызу<br>Міндеті: қардан әртүрлі денелер жасауға үйрету;<br>Достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.<br>**4.Қимылды ойындар:**<br>«Қу түлкі».<br>Міндеті: балаларды байқампаздықк алғырлыққа баулу, тапсырманы дұрыс орындауларын бақылау.<br>**5.Дербес ойын**<br>«Ұшты - ұшты»<br>Міндеті: Ненің ұшатынын, ненің ұшпайтынын, аңғарымпаздыққа тәрбиелейді. | Жер үстіне нұр шықты!<br>Міндеті: Ойлау қабілетін дамыту.<br>**3. Еңбек** ойын аяқталғаннан кейін барлық заттарды жинастыру.<br>Міндеті:<br>Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.<br>**4. Қимылды ойын**<br>"Күн мен ұлпалар" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Міндеті:<br>Балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу.<br>**5.Дербес ойын**<br>Еркін ойындар<br>«Жалауға қарай жүгір» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бақылау, қозғалыстың дұрыс орындалуын есептей білу.<br>5.**Дербес ойын**<br>«Қарғалар»<br>Міндеті: Балалардың музыкалық есту қабілетін дамыту және қаздардың тіршілігімен таныстыру. | қармен көму.<br>Міндеті: бір мақсатта, бірлесе жұмыс істеу дағдыларын дамыту<br>**Қимылды ойын**<br>«Ыстық-суық».<br>Міндеті: тәрбиешінің белгісі бойынша әрекет етуге үйрету<br>**5.Дербес ойын**<br>«Күн мен түн» | | | |
| Балалардың үйге қайтуы | Ата аналарға кеңес «Бүгін балабақшада нендей қызықтар болды» | Балалардың еркін ойындары. | Балалардың еркін ойындары.<br>Өз беттерінше ойындар ұйымдастыра білу. | Қимылды ойын «Жасырынбақ»<br>Балаларды шапшаң болуға үйретеді. | Балалардың еркін ойындары. |

Циклограмманы тексерген әдіскер: 

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Мектепке дейінгі ұйымы:** МКҚК «Астана» бөбекжай бақшасы
**Топ:** «Балдәурен» ересек
**Балалардың жасы:** 4-жастағы балалар
***Жоспардың құрылу кезеңі:*** 25.12 -29.12.2023 жыл

| **Күн тәртібінің кезеңдері** | **Дүйсенбі 25.12.2023** | **Сейсенбі 26.12.2023ж** | **Сәрсенбі 27.12.2023ж** | **Бейсенбі 28.12.2023ж** | **Жұма 29.12.2023ж** |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | Балаларды қабылдау. Жеке бас гигиенасын қарау.Жағымды жағдай орнату. Таңғы жаттығуға қатысып балалардың жағдайын бақылауда ұстау. **(сөйлеуді дамыту)** | Балаларды жылы жүзбен қарсы алу, көңіл- күйлерін байқау.Таңғы жаттығуға қатысуын қадағалау. Балақай сені бүгін көңілді күн күтіп тұр деп топқа кіргізу **(сөйлеуді дамыту)** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (**сөйлеуді дамыту)** | Балаларды қабылдау. Жеке бас гигиенасын қарау.Жағымды жағдай орнату. Таңғы жаттығуға қатысып балалардың жағдайын бақылауда ұстау. **(сөйлеуді дамыту)** |
| Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдермен,кеңес, әңгімелесу. | Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу. | Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып | Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау | Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстатйыны жайлы әңгімелесу | Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жатқанын сұрау | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және тағы басқалар) | "Ойыншықтардағы тәртіп". міндеті: жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбекқорлықты және тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. (еңбек дағдылары) | "Төсектерді төсеуге күтушіге көмек көрсету". Міндеті: балаларды өз төсек-орындарын ажыратуға үйрету; ересектерге көмек көрсетуге деген ынтаны тәрбиелеу; жұмысқа деген ұмтылысты, тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімін тәрбиелеу. (еңбек дағдылары) | "Бөлме өсімдіктерін жуу". Міндеті: балаларға суару әдістері (тегенде, жапырақтардың астында) және ережелер (толтырмай, біркелкі суару) туралы түсінік беру; өсімдіктерге күтім жасау ниетін дамыту. Балаларды көмекке тарту, жабық өсімдіктер туралы балалардың ойларын нақтылау. (еңбек дағдылары) | Қимылды ойын: «Мысық пен тышқан» Міндеті:жүру, жүгіру қимылдарын орындайды. Белгі бойынша қозғалыстар жасайды. (Тәрбиешінің көмегімен)Дене шынықтыру | "Кірлеген орамалдарды ауыстыру". Міндеті: еңбекке деген тұрақты қызығушылықтарын, тапсырманы тиянақты орындау ұмтылыстарын қолдау. Орамалдарды бөлек ұяшыққа ілуге үйрету. Еңбектенуге, ересектерге көмектесуге деген ниетке тәрбиелеу. (еңбек дағдылары) |
| Таңертеңгілік жаттығу | **Жалпы дамыту жаттығулары**<br>1.Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, қолды жанына жіберу. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 1 - қолдарымен иықтарын құшақтап, саусақтарын жұму; 2 - бастапқы қалыпқа келу.<br>(жаттығу 4 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, қол белде.<br>1 - оң аяқты ұшымен алдына қою; 2 - бастапқы қалыпқа келу. (Осы жаттығу сол жақпен қайталанады, 4 рет).<br>3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, қолды жанына жіберу.<br>1 - 2 - алға еңкейіп, саусақтарын еденге тигізу; 3 - 4 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып: арқаға жатып, қолды дене тұсында ұстау.<br>1 - тізені бүгіп, қолымен құшақтап, басын тізесіне тигізу; 2 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 3 рет қайталанады). | | | | |
| Таңғы ас | Балалардың беті-қолын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық пен шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу.<br>М. Жаманбалиев "Екі қол".<br>Қолжуғыштың қасына, (алға қарай жүреміз)<br>Келе қалды балақан.<br>Ысқылады асыға, (екі қолдың алақандарын қосып үйкейміз)<br>Алақанды алақан.<br>Қарады да сосын ол: (екі қолдың алақандарын ашу)<br>«Тап-таза» деп қуанды.<br>Қандай жақсы, екі қол, (екі қолын көрсетеді)<br>Бірін-бірі жуады. (денемізді оңға бұру, екі алақанды үйкелеу) **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)** | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | Жаңа жылдық сыйлықтар туралы әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** | Жасыл шырша туралы әңгімелесу. **(сөйлеуді д, қоршаған ортамен** | Шырша туралы әндер жаттайық. Жаңа жылдық хикаялар айту. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | "Жаңа жыл" мерекесіне арналған тақпақтар жаттау. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | Жаңа жылдық кездесу, сұхбат жүргізу. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **танысу)** | | | |
| Мектепке дейінгі ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | **1.Музыка**<br>Саз жетекшісінің жоспары бойынша<br><br>**2.Дене шынықтыру**<br>Ден тәрбие нұсқаушысының<br><br>«Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегінің кейіпкерлерінің бейнелерін сомдауға қажетті дауыс ырғағы және тілдің қарқынын қолдану дағдыларын қалыптастыру<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br><br>Ертегі желісі бойынша қалаған жануарының мүсінін жасату.<br>**(мүсіндеу)** | **1.Дене шынықтыру**<br>Ден тәрбие нұсқаушысының<br>Жаңа жыл мерекесі туралы түсініктерін суреттер арқылы қалыптастыру.<br>Топтағы мерекеге дайындықты байқату.<br>Ертеңгіліктерге жаттап жүрген әндерін тақпақтарын естеріне түсіріп айтқызу.<br>**(қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет)** | **1.Қазақ тілі**<br>"Әңгімені мәнерлеп оқу "Біз қармен қалай ойнадық". Биік - аласа. Тар - жіңішке.".<br>Міндеті: Балаларды «Біз қармен қалай ойнадық» әңгімесімен таныстыру; әңгіме жанры туралы түсінік беру; қысқы өзгерістер туралы білімдерін кеңейту, қысқы қызықтар жайлы түсініктерін қалыптастыру; «биік - аласа», «тар - кең» шамалары туралы түсініктерін бекіту<br><br>Шыршадағы ойыншықтарды санау, олардан қандай жиындар жасауға болатынын анықтау. Бірдей сандағы ойыншықтарды табу.<br>**(математика негіздері)**<br>Шырша бұтақтарынынан | **1.Дене шынықтыру**<br>Ден тәрбие нұсқаушысының<br><br>**3.Музыка**<br>Саз жетекшісінің жоспары бойынша<br><br>Жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білуді үйрету.<br>Дидактикалық ойын «Кім жылдам жұбын табады» ғажайып қалтадан ойыншықтар шығару, балалар топтан соның жұбын табады. | "Қыстың жуан және жіңішке жолақтары".<br>Мақсат-міндеттері: балалардың заттардың жуандығы туралы білімдерін кеңейту, "ең жуан", "жіңішкелеу", "ең жіңішке" сияқты шамалар ұғымдарын қам(м**атематика негіздерінен ойын-жаттығу)**<br>Ермексаздан шыршаға ойыншықтар жасату.<br>**(мүсіндеу)**<br><br>**Дене шынықтыру**<br>Маман жоспары бойынша жүргізілед |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Жыл басына таласқан хайуанаттар» мультфилімін тамашалату.<br>Әдеби кейіпкерлердің әрекеттеріне өзінің көзқарасын білдірту<br>**(көркем әдебиет)** | | композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеруін қадағалау;<br>(**жапсыру)**<br><br>«Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегінің кейіпкерлерінің бейнелерін сомдауға қажетті дауыс ырғағы және тілдің қарқынын қолдану дағдыларын қалыптастыру<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br><br>Ертегі желісі бойынша қалаған жануарының мүсінін жасату.<br>**(мүсіндеу)**<br><br>«Жыл басына таласқан хайуанаттар» мультфилімін тамашалату.<br>Әдеби кейіпкерлердің әрекеттеріне өзінің көзқарасын білдірту<br>**(көркем әдебиет)** | **(математика негіздері)** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Серуенге дайындық | Серуен кезінде ұйымдастырылған еңбек тәрбиесі арқылы еңбек-сүйгіштікке баулу<br>Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.<br>Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**<br>Серуен кезінде ұйымдастырылған еңбек тәрбиесі арқылы еңбек-сүйгіштікке баулу | | | | |
| Серуен | **1. Бақылау**<br>Қардағы іздерді бақылай білу<br>Міндеті:қарда түрлі іздердің қалатынын, соның ішінде құстардың ізі ерекше болатындығын айыра білу;<br>**2.Жеке жұмыс**<br>Көркем сөз.<br>Ойын ойнап, міне біз,<br>Қыс қызығын көреміз.<br>Шанаға да мінеміз,<br>Шаңғыны да тебеміз.<br>Жұмбақ.<br>Мен кетемін, ол қалар. (із)<br>**3.Еңбек:** орындық | 1.**Бақылау**<br>Қыстап қалатын құстар жайлы айту<br>Міндеті:Қыс мезгіліндегі құстардың мінез-құлықтарындағы өзгешеліктер туралы түсініктерін қалыптастыру; құстарға қамқор болуға тәрбиелеу.<br>**6. Жеке жұмыс**<br>Көркем сөз<br>Торғайларды қорға. Ө. Ақыпбекұлы<br>Шыр-шыр | **1. Бақылау**<br>**Қылқан жапырақты ағаштарды бақылау**<br>Міндеті: қылқан жапырақты ағаштарды еске түсіру. Шырша мен қарағай ағаштарын ажырата білу<br>2. **Жеке жұмыс**<br>Жұмбақтар.<br>Жаңа жыл күні<br>Төрінде тұрар.<br>Басқа күні<br>Өскен жерінде тұрар. (шырша)<br>**3.Еңбек:** ағаштың қасына түскен бұталарды жинау. Балаларға алаңда жүрген кезде қоқысты жинату (ағаш жанындағы бұталар), содан кейін арнайы | **1. Бақылау**<br>**Қар мен мұзды бақылауды жалғастыру.**<br>Міндеті: Судың әртүрлі күйі туралы білімдерін бекіту; жансыз табиғат туралы шынайы түсінікті қалыптастыру.<br>**3.Еңбек**<br>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: алаңда өсетін өсімдіктерге күтім жасау.<br>Табиғаттағы еңбекке, қоршаған ортаға қызығушылықты | **1. Бақылау**<br>**Қардың түсуін бақылауды жалғастыру.**<br>Міндеті:Қардың қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру; қардың түсуі<br>2**.Жеке жұмыс** Ақ қағазға ұшып келе жатқан қар ұлпаларын ұстау; зерттеу; қасиеттерін анықтау.<br>**3.Еңбек**<br>ағаштардың тамырларын қармен жабу.<br>Міндеті: Бірлесіп жұмыс істеу қабілетін дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | үстінен қарды сыпыруға, өз еңбектерін жауапкершілікпен орындай білуге үйрету.<br>**4.Қимылды ойын.** «Нысанаға тигіз». (дене шынықтыру)<br>Міндеті:Оң және сол қолмен, көздеп лақтыру кезінде қалыпты жағдайды сақтай білу. Ойын барысында балаларды шапшаңдыққа, икемділікке баулу. Қызығушылықтар ын арттыру.<br><br>**5.Дербес ойын әрекеті.** Ойын барысында балаларды ойын ережесін сақтауға, орындауға тәрбиелеу (жүргізу мәдениеті, достық, | еткен торғайды Қорғамасаң болмайды. Кіп-кішкене торғайлар Ағаштарды қорғайды. Тәрбиеші балармен әңгімелесу өткізеді. Біздерде жылы жаққа ұшпай қалған құстарды қалай атаймыз?(қыст ап қалатын құстар)<br>**3.Еңбек** Құстар қонақтайтын, жем шашатын жерді қардан тазалау. еңбекке деген ықыластарын арттыру.<br>**4. Қимылды ойын** «Нысанаға | орынға апаруға үйрету.<br>**4.Қимылды ойын.** «Қақпа».<br>Алаңда қозғалып жүру. «Бір, екі, үш - ұста» дегенде, бәрі алаңға жүгіреді.Міндеті: Бір-біріне көмек беруге тәрбиелеу.<br>**5.Дербес ойын әрекеті.** Ойынға өз беттерінше тақырып таңдап үйрену, қоршаған ортаның жақсы жақтарынан көрсетіп, алған білімдерін көрсете білу. | қалыптастыру.<br>**4.Қимыл-қозғалыс ойындары.** "Қарға мен торғай".Міндеті. Педагогтің бұйрығын мұқият тыңдауды үйрету; зейінді дамыту.<br>**5.Дербес ойын әрекеті"**Қара сиыр" ұлттық қимыл-қозғалыс<br>Міндеті: балаларға ойын ережелерін қатаң сақтауды үйрету; кеңістікті бағдарлай білуге, шапшаңдыққа, тапқырлыққа баулу, достыққа тәрбиелеу. | **4.Қимыл-қозғалыс ойындары.** "Аққала ойыны". Міндеті: Заттарды лақтыру дағдыларын бекіту.<br>**5.Дербес ойын әрекеті**Допты қақпаға түсір"у"қимылды ойын-жаттығуы. Міндеті: "Қақпаға"допты кіргізуді үйрету, дәлдікке,<br>**5.Дербес ойын әрекеті:**далаға алып шығатын материалдармен ойындар: қозғалыстарды дамыту.<br>Мақсат-міндеттері. Қар лақтыруды үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ұжымдық түсіністік болуын қадағалау). | тигіз». Міндеті**:** қашып бара жатқан заттың бағытын бақылау, қозғалыстың дұрыс орындалуын есептей білу. 5.**Дербес ойын** «Қарғалар» Міндеті: Балалардың музыкалық есту қабілетін дамыту және қаздардың тіршілігімен таныстыру. | | | |
| Серуеннен оралу | Дара жұмыс этикет ережелерін сақтауын қадағалау | Дара жұмыс этикет ережелерін сақтауын қадағалау. | Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес | Дара жұмыс этикет ережелерін сақтауын қадағалау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | әрекет) | |
| Түскі ас | **Гигиеналық дағдылар**<br>Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу.<br>Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту.<br>Асты-шашпай төкпей іш,<br>Сораптамай баппен іш.<br>Келген асты алдына<br>Тауысып іш қалдырма.<br>Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| Күндізгі ұйқы | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау. «Үйшік» ертегісін оқып беру. **(қатынас іс-әрекеті)**<br>Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету.<br>«Қасқыр мен түлкі» ертегісін оқып беру. **(қатынас іс-әрекеті)**<br>Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту.<br>«Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегісін мобилді қосымшасы (qr)арқылы тыңдату. **(қатынас іс-әрекеті)**<br>Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру\<br>«Алтын жұмыртқа» ертегісін оқып беру. **(қатынас іс-әрекеті)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау.<br>**(музыка)** | | | | |
| Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары | Төсектегі жаттығулар.<br>Ұйқыдан тұрғанда , бірден төсектен тұруға болмайды. Біртіндеп тұру қажет.<br>Балалар төсекте, | Балалар төсекте, арқаға жатып қолды екі жаққа созу, жұдырықтары н жұму, қолдарын алға созып | Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. | Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.<br>"Сылдыр, сылдыр, сылдыр су" ойын жаттығулары. | Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | арқаға жатып, қолын жанына созу, демдерін еркін шығару. | айқастыру, демалу. Балалар төсекте, арқаға жатып қолдарын бастарына қойып кезекпен сол аяқтарын, он аяқтарын көтеру, екеуін бірге ұстап, жайлап түсіру. | | | шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) |
| Бесін ас | Кезекшілердің жұмысы (асхана аспаптарын, салфеткаларды салу)<br>Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою.<br>Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; этикет ережелері; Балалардыңұқыптылығын бағалау. | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітаптар қарау. Таныс ертегі қойылымын жасату. **(сөйлеуді дамыту)**<br><br>Балаларды топты безендіруге қатыстыру үшін топты безендіруге арналған | Өзінің дене бөліктерін бағдарлау және атауды жетілдіру (бас, аяқтар, қолдар). Еңбек құралдарын оң қолымен солдан оңға қарай | Топтағы көліктерді санату, салыстыру. жиын жасату. **(математика негіздері)**<br><br>Топтағы гүлдердің мүсінін жасау және қағаздан жасату. **(мүсіндеу, жапсыру)** | Шырша бұтақтарынынан композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеруін қадағалау; (**жапсыру)** | Балалардың қалауы бойынша дербес әрекеттер. Құрастыру және шығармашылық бағытында кітаптар қарату, әңгімелесу. Шырша ойыншықтарының суретін салу, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | заттардың үлгісіне қарап орталықтарға бөлініп іс әрекеттер жасату. **(мүсіндеу, сурет салу, жапсыру)**<br><br>жаңа жыр әнін айтқызу **(музыка)** | орналастыруды пысықтау **(математика негіздері)** Жаңа жыл ертеңгілігіне дайындық, тақпақтарын, әндерін қайталау. Ертегіні рөлге бөліп сомдату. **(көркем әдебиет)** Балалардың қалауы бойынша еркін тақырыпта жапсыру әрекетін жасату. **(жапсыру)** | | «Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегінің кейіпкерлерінің бейнелерін сомдауға қажетті дауыс ырғағы және тілдің қарқынын қолдану дағдыларын қалыптастыру **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | мүсінін жасату, немесе қағаздан өздері ойыншық жасауына мумкіндік беру. **(сурет салу, құрастыру, мүсіндеу, жапсыру)** |
| Балалармен жеке жұмыс | Аяла сөздерде дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды анық айта білуін қалыптастыру. | Айсұлтан құрылыс материалының негізгі бөлшектері, олардың бөлшектері туралы білімді қалыптастыру, | Әбілмансұр бірнеше тік және көлденең сызықтардан заттарды салу (дуал, ағаш);<br>-шаршының ортасына, бұрыштарына қазақ ою өрнектерін жапсыру | Абдулла екіқарама-қарсы және бірдей заттарды ұзындығы, ені, биіктігі мен жуандығы бойынша салыстыра білуді бекіту. | Алтынай және Раяна кеңістікті және уақытты бағдарлауды үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | оларды түсі,<br>шамасы<br>бойынша<br>тануды<br>үйрету. | | | |
| Серуенге дайындық | Міндеті:- киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру;- өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру;- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-киім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу;- ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу;- көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| | 1.**Бақылау**<br>Қыстап қалатын құстар жайлы айту<br>Міндеті:Қыс мезгіліндегі құстардың мінез-құлықтарындағы өзгешеліктер туралы түсініктерін қалыптастыру;<br>құстарға қамқор болуға тәрбиелеу.<br>**7. Жеке жұмыс**<br>Көркем сөз<br>Торғайларды қорға. Ө. Ақыпбекұлы<br>Шыр-шыр еткен торғайды | **1.Бақылау**<br>- Қардың қасиеттері туралы түсініктерін қалыптастыру;<br>Міндеті:Қардың түсуі туралы білімдерін молайту;<br>әдемілікке деген сезімдерін тәрбиелеу.<br>**2.Жеке жұмыс**<br>Көркем сөз<br>«Қыс» Т. Молдағалиев | **3. Бақылау**<br>Ағаштар туралы білімдерін молайту;<br>-ағаштардың қысқы бейнесін бақылауды жалғастыру<br>**2.Жеке жұмыс**<br>Көркем сөз<br>«Қыс» Р.Сәбитұлы<br>Қар жамылды бақтарым<br>Қыратым да, сайым да.<br>Тағыпты қыс ақ қарын,<br>Үкі етіп қайыңға.<br>Бүркеніп ақ желекті,<br>Жарқырайды маңайым.<br>Ойға шомып теректің,<br>Ақ шалыпты самайын.<br>Зерттеу жұмысы<br>Алма ағашы мен қайың ағашының қысқы | **1.Бақылау**<br>Қыс мезгіліндегі бақшада болатын өзгерістермен таныстыру<br>Міндеті:зерттеу қызметіне деген қызығушылықта-рын арттыру.<br>**2.Жеке жұмыс.**<br>Көркем сөз .<br>Далада қар болрайды,<br>Ақ мамыққа орайды.<br>Мұз болады қатады,<br>Жып-жылтыр болып жатады.<br>Міндеті:<br>Қыстың келуімен | **1.Бақылау**<br>Күнді бақылауды жалғастыру.<br>Міндеті:<br>Серуендеуге, күнге қызығушылықты ынталандыру.<br>Күннің кешке төмендеу түсетінін көрсету, күннің салқындау болғанын сезінуге шақыру.<br>**2.Жеке жұмыс.**<br>Көркем сөз<br>Алақай, алақай!<br>Күн шықты, күн шықты,<br>Жер үстіне нұр шықты! |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қорғамасаң болмайды.<br>Кіп-кішкене торғайлар<br>Ағаштарды қорғайды.<br>Тәрбиеші балармен әңгімелесу өткізеді.<br>Біздерде жылы жаққа ұшпай қалған құстарды қалай атаймыз?(қыстап қалатын құстар)<br>**3.Еңбек**<br>Құстар қонақтайтын, жем шашатын жерді қардан тазалау. еңбекке деген ықыластарын арттыру.<br>**4. Қимылды ойын** «Нысанаға тигіз».<br>Міндеті**:** қашып бара жатқан заттың бағытын бақылау, қозғалыстың | Жауа-жауа, қар жауып көп,<br>Шұқырларға толады.<br>Иығыңа қонады кеп,<br>Мойныңа да қонады.<br>Жауып бітер қарды тосып,<br>Үйіңе де сыймайсың,<br>Табиғаттың ақ көрпесін<br>Басуға да қимайсың<br>Міндеті:<br>Айналаға қараңдаршы, қандай әсем көрністерді тамашалату.( айнала аппақ, қар беті тап-таза т.б.)<br>**3Еңбек:**<br>Өзалаңындағы ағаш түптерін қармен көму.<br>Міндет**і**: бір | тұрқын салыстыру<br>**3.Еңбек**<br>Жолды қардан тазалау.<br>Міндеті: аула қараушыға көмектесу.<br>**4.Қимылды ойын:**<br>«Кім аққалаға бұрын жетеді?»<br>Міндеті**:**: доға астынан еңбектеп өту дағдыларын жетілдіру.<br><br>**5Дербес ойын**<br>Балаларға ойын тақырыбын өз бетінше таңдауды үйрету.<br>Еркін ойындар | бақшалықта қандай өзгерістер пайда болатынын түсіндіру.<br>**3.Еңбек:** қардан құрлыс тұрғызу<br>Міндеті: қардан әртүрлі денелер жасауға үйрету;<br>Достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.<br>**4.Қимылды ойындар:**<br>«Қу түлкі».<br>Міндеті: балаларды байқампаздыққ алғырлыққа баулу, тапсырманы дұрыс орындауларын бақылау.<br>**5.Дербес ойын**<br>«Ұшты - ұшты»<br>Міндеті: Ненің ұшатынын, ненің ұшпайтынын, аңғарымпаздыққа тәрбиелейді. | Міндеті: Ойлау қабілетін дамыту.<br>**3. Еңбек** ойын аяқталғаннан кейін барлық заттарды жинастыру.<br>Міндеті: Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.<br>**4. Қимылды ойын**<br>"Күн мен ұлпалар" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Міндеті: Балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу.<br>**5.Дербес ойын әрекеті.**<br>"Кеглиді қағып ал" жаттығуы.<br>Еркін ойындар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дұрыс орындалуын есептей білу.<br>5.**Дербес ойын** «Қарғалар»<br>Міндеті: Балалардың музыкалық есту қабілетін дамыту және қаздардың тіршілігімен таныстыру. | мақсатта, бірлесе жұмыс істеу дағдыларын дамыту<br>**Қимылды ойын**<br>«Ыстық-суық».<br>Міндеті: тәрбиешінің белгісі бойынша әрекет етуге үйрету<br>**5.Дербес ойын**<br>«Күн мен түн»<br>Міндеті: Балаларды ептілікке, жылдамдыққа, ажыратуға баулу. | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Ата аналарға кеңес «Бүгін балабақшада нендей қызықтар болды».Өз баласын әңгімеге тартуы | Ата-аналар арналған кеңес: "Баланы дұрыс сөйлеуге қалай | Сұрақ-жауап: "Балада салауатты өмір салтын ұстануға бағытталған, отбасы дәстүрлері". | Айына бір рет "Отбасы күнін" өткізу. | Баланың бүгінгі жетістігі жайлы әңгіме |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | үйретуге болады". | | | |

Циклограмманы тексерген әдіскер: